

**“ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТАҒЫ МҰҒАЛІМ
КӨШБАСШЫЛЫҒЫ” ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН
АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН
НҰСҚАУЛЫҚ**



www.cpm.kz

Баспаға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығының
Әдістемелік кеңесі ұсынған

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

Барлық құқықтар қорғалған. Осы басылымды кез келген түрінде және кез келген құралдармен, фотокөшірмені және кез келген электронды нысанды қоса алғанда, авторлық құқық ұстаушының жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.

СОДЕРЖАНИЕ

КІРІСПЕ4

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ7

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 7

НЕЛІКТЕН БАҒДАРЛАМА ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІН ӨЗГЕРТЕ 12

АЛАДЫ ДЕП САНАЙМЫЗ? 12

СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ОЙЛАУ ЖОЛДАРЫ 15

Адамдардың қалай оқитындықтары туралы 15

білім саласындағы заманауи жетістіктер 15

Сын тұрғысынан ойлауға үйрету 30

Дарынды және талантты балаларды оқыту 38

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу 45

Қалай оқу керектігін үйрену 55

ЖҰМЫС ӘДІСТЕРІ 65

Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. 65

Қалыптастырушы бағалау 65

Диалогтік оқыту 71

Рефлексиялық оқыту 76

ЖҰМЫС ҚҰРАЛДАРЫ 78

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық 78

технологияларды пайдалану 78

Орта мерзімді жоспарлау 85

МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҚ ОЙЛАУ

ЖОЛДАРЫ 99

ЖҰМЫС ӘДІСТЕРІ 109

ЖҰМЫС ҚҰРАЛДАРЫ 117

ГЛОССАРИЙ 123

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ 128

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ 135

КІРІСПЕ

Бұл әдістемелік құрал «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) туралы ақпараттық-анықтамалық материал болып табылады. Бағдарламаның құрамына келесілер кіреді:

1. Педагогикалық шеберлік орталығының тәжірибелі және білікті тренерлерінің қолдауымен 200-сағаттық «Бетпе-бет» аудиториялық жұмыс;
2. «Бетпе-бет» оқыту кезеңінің материалдарына қосымша оқуға арналған материалдар;
3. «Бетпе-бет» кезеңінің негізінде құрылымдалып рәсімделген және толық қолдау көрсетілетін «Мектептегі тәжірибе» кезеңі;
4. синхронды және синхронды емес диалог түрінде онлайн қолдау.

Педагогикалық шеберлік орталығында әзірленген бағдарламалардың негіз қалаушы алғышарты мектеп мұғалімдері өзінің немесе жалпы мектептің оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу әдістерін біліп қоймай, сонымен қатар сол өзгерістердің себептері туралы да білу керектігі болып табылады. Бұның себебі әр сынып пен әр мектеп бірегей болып келетіндігінде, сондықтан барлық мектептерге арнап бірыңғай тәжірибелік нұсқаулық жасау мүмкін емес. Сол себепті Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген бағдарламалар нақты және күрделі жағдайларды қалай талдау қажеттігін, оқушыларды ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындау үшін мектеп тәжірибесіне қалай өзгеріс енгізіп, осы шара барысында күтілетін нәтижелерге қол жеткізілгенін қалай бағамдау қажеттігін терең түсінуді көздейді.

4

Бағдарлама бойынша біліктілікті арттырудың «Бетпе-бет» оқыту кезеңдерінде және мектептегі тәжірибе кезеңінде мұғалімдер осы «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық» әдістемелік құралына (бұдан әрі – Нұсқаулық) сүйенетін болады.

Бағдарламаны игерген мұғалімдердің негізгі функциясы біріншіден, қуатты педагогикалық құралдарды өз тәжірибесіне ықпалдастыру арқылы өзінің оқыту мен оқу тәжірибесіне жаңа тәсілдерді енгізу болып табылады. Екіншіден, мектептегі әріптестерінің кәсіби дамуына ықпал ету мақсатында коучинг өткізіп, әріптестерін тәлімгерлікке алады. Үшіншіден, әріптестерінің озық тәжірибелермен бөлісу арқылы мектебін жетілдіру мақсатында педагогикалық қоғамдастықтың жұмыс жоспарын әзірлейді. Өздеріне жүктелген міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін Бағдарламаны игерген мұғалімдерге тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлап өткізу, сонымен бірге әріптестерінің қажеттіліктеріне қарай коучинг ұйымдастырып, бір әріптесіне тәлімгер болу қажет болады. Өз мектебінің мұғалімдерін қоғамдастыққа тартып, олармен бірлесіп жұмыс істейді. Бағдарламаны игерген мұғалімдер алға ілгерілеу бар ма екендігін қадағалап отыру үшін, өзгеріс енгізу барысында туындаған кедергілерді жою мақсатында қолдау көрсетуге және бұл өзгерістердің оқыту тәжірибесіне ықпалын бағамдауға жауап береді (1-сурет).

Бағдарламаны игерген мұғалім	Түйінді функциясы
	Бағдарлама бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалім тізбектелген сабақтар топтамасында Бағдарламаның идеяларын іске асырып, өз жұмысын талдай және бағамдай отырып, кәсіби тұрғыдан рефлексия жасау арқылы өзінің оқыту және оқу тәжірибесін өзгертеді.
	Бағдарлама бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалім мектептегі әріптестерінің кәсіби шеберлігін арттырып, тәжірибесін жетілдіруге көмектесу мақсатында коучинг өткізіп, бір әріптесіне тәлімгер болады.



	Өз мектебінің мұғалімдерінен құрылған қоғамдастықтың жұмыс жоспарын іске асырады, оның жүзеге асырылу барысына мониторинг жүргізіп, мектепті жетілдіру үдерісіне қолдау көрсетеді, сонымен қатар бұл жұмыстың ықпалын, оның қаншалықты нәтижелі болғанын анықтайды.
--	---

1-сурет. Бағдарламаны игерген мұғалімнің түйінді функциялары

Оқыту мен оқудағы әдістерді не үшін өзгерту қажет?

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер (2-сурет) әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және де екіншісі – ол да маңызы жағынан біріншіден еш кем емес: «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?». Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) мазмұны осы екінші мәселені шешуге бағытталған.

ӘЛЕМ ЖЫЛДАМ ӨЗГЕРУДЕ



2-сурет. Әлем жылдам өзгеруде

Білім беру саласында оқушылар үшін білім де, дағдылар да тең дәрежеде маңызды деген ортақ ұстаным қалыптасуда. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жасаған Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасы көптеген дағдыларды қамтитын XXI ғасыр дағдыларының моделі болып табылады. Аты аталған жоба оқушылардың терең тұжырымдамалық түсінікпен астасқан негізгі сауаттылықты меңгергендігін көрсететін, кең мағынасында шешімдер мен іс-әрекеттерді таңдау қабілеттілігі сияқты түйінді құзыреттер жүйесін сипаттайды. Мұғалімдер жұмыстарына жеткілікті уақыт бөле білулері керек, оқушының білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша даралап, баланың бойында метасананы – *қалай оқу керектігін үйренуді* қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары тиіс (Schleicher, 2012) (1-сілтемені қараңыз).

- 1-сілтеме: ЭЫДҰ жүргізген инновациялық ортаның салыстырмалы талдауы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:
- Мұғалімдерге көптеген оқыту стратегиялары, түрлі педагогикалық тәсілдерді араластырып қолдану мүмкіндіктері, сондай-ақ нақты әдістер мен стратегияларды *қалай және қай жағдайда* қолдану қажеттігі туралы білім қажет болады.
- Мұғалімдер пайдаланатын стратегиялар жалпы алғанда, бүкіл сыныпты оқыту мәселелеріне, сонымен қатар жүргізілетін зерттеулердің бағытына, топтық жұмыстарға, өзіндік жұмыстарға және жеке жүргізілетін зерттеулерге қатысты болмақ. Оның үстіне білім беру стратегиялары әрбір оқушыға ұсынылатын жеке кері байланысты да естен шығармауға тиіс.
- Мұғалім жалпы білім алу үдерісі қалай жүретінін, жекелеген оқушыларды оқуға ынталандыру, олардың көңіл-күйлері, толғаныстары туралы және олардың мектептен тыс өмірі туралы барынша білуі тиіс.
- Мұғалімдер өз әріптестерімен өздері сабақ беретін пән бойынша және мазмұндас пән бойынша; бір ұйымның ішінде немесе бірқатар басқа ұйымдардың өкілдерімен; кәсіби қоғамдастық шеңберінде, тәлімгерлік жүйесін көздейтін басқа да іс-шаралар аясында ынтымақтастық орната білулері керек.
- Мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында мықты дағдыларды игеріп, оқытудың тиімді құралы ретінде оларды қалай пайдалану әдістемелерін меңгеруге тиіс, сондай-ақ, оқу үдерісін бақылауда ақпараттық-басқару жүйелерін тиімді қолдана білгені жөн.
- Мұғалімдер әріптестерімен бірлесіп оқу ортасын құру, жүргізу, басқару және жоспарлауға үлес қосу үшін өзінің мүмкіндіктерін барынша жетілдіріп отыруға тиіс.
- Соңғысы: мұғалімдер өз жұмысынан сабақ алу үшін өз тәжірибесіне қатысты рефлексия жасауға, яғни ой толғауға міндетті.

XXI ғасырда оқушыдан талап етілетін дағдылар жаңа деп айтуға болмайды. Мәселен, сын тұрғысынан ойлау мен проблемаларды іспен шешу дағдылары ерте замандағы құрал жасау, ауыл шаруашылық жетістіктері, вакцинаны ойлап табудан бастап қазіргі заманғы зерттеулерге дейінгі бүкіл адамзат тарихының өн бойында адам прогресінің сенімді серігі болды. Сол сияқты, нақтыдан бастап кешенді сараптамалық білімдерді игеру қажеттігі сияқты дағдылар да бүгін пайда болды десек, күпірлік болар: Платонның Republic (Республика) деген еңбегінде зият деңгейінің төрт түрі туралы сөз болады.

Ал осындай дағдылардың болу, болмауы ұжымдық және жеке табысқа ықпал ететіні, сол арқылы әлемдік экономиканың өзгеру қарқынына ықпал ететіндігі туралы қорытынды шын мәнінде жаңалық. Осыған байланысты мектептер сын тұрғысынан ойлауға үйретуде, әрбір оқушының жеке даралығына қатысты проблемаларды шешу үшін ынтымақтастық жүргізуде өте мұқият болғаны дұрыс. Бұндай өзгерістерді іске асыру үшін барлық мүдделі жақтар, мектеп басшылығы өздеріне міндеттеме алып, сондай-ақ анағұрлым тәжірибелі және дарынды мұғалімдердің белсенді атсалысқаны құба-құп.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

Schleicher, A. (2012), Ed., *Preparing Teachers and Developing School Leaders for the 21st Century: Lessons from around the World. [21-ғасырға арнап мұғалімдерді даярлау және мектеп көшбасшыларын дамыту: әлем елдерінің сабақтары]*. OECD Publishing.
OECD Definition and Selection of Key Competencies. [ЕБДҰ түйінді құзыреттерді анықтауы және іріктеуі]. (Paris, France: OECD, May 27, 2005).

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның мақсаты

Педагог қызметкерлердің білімі мен дағдыларының ауқымын кеңейтудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру; қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ету.

Бағдарламаның міндеттері

- Бағдарламаның теориялық негіздері бойынша тұжырымдамалық білім мен түсінік қалыптастыру.
- Бағдарламаның негізгі бағыттары мен мазмұнына сәйкес мұғалімнің тәжірибелік дағдылары мен біліктілігін жетілдіру:
- Бағдарламаның жеті модулі ықпалдастырылған тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау және жүзеге асыру;
- мектеп деңгейінде коучинг пен тәлімгерлікті іске асыру;
- педагогикалық қоғамдастық аясында әріптестеріне кәсіби қолдау көрсету;
- рефлексиялық ойлау.
- Өз мектебінде мұғалімдердің педагогикалық қоғамдастығын құру.

Бағдарлама бойынша оқудан күтілетін нәтижелер

- мұғалімде тұжырымдамалық түсінік пен тәжірибелік дағдылар негізі қалыптасады;
- Бағдарламаның жеті модулі ықпалдастырылған тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлайды және жүзеге асырады;
- коучинг және тәлімгерлік жүргізу дағдыларын игереді;
- мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы аясында жұмысты іске асырып, қолдау көрсетуге дайын болады.

Бағдарламаның теориялық негіздері

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында *сындарлы оқыту теориясына* негізделген тәсіл кең тараған (Hattie, 2009).

Осы Бағдарламаның басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Аталған теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Сындарлы теорияның тиімділігін жақтаушылардың басым бөлігі оны дайын білімді беруге негізделген оқыту тәсілдерімен салыстыра қарап, дайын білім беруге негізделген оқыту тәсілдерінің білімді меңгеру былай тұрсын, олар бойынша терең түсінік қалыптастырып, бастапқы білімді жаңа біліммен өзара байланыстыруға да мүмкіндік тудыра бермейтінін тілге тиек етеді.

Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Дәстүрлі оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде тиімді пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістете алатындай етіп орайластырылып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі.

Сындарлы оқытудың жоғарыдағыдай сипатталып, түсіндірілуі мұғалімнің ой-пайымы мен негізгі көзқарастарын, сондай-ақ сол көзқарас, пікірге қатысты бірқатар баламалы шешімдерді білуін де көздейді.

Мұғалім ұстанымы

8

Психологтар «ұстаным» ұғымын адамның іс-әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны негізгі құндылық есебінде атап көрсетеді. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануы мен сыныптағы іс-әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады (3-сурет). Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс. Бұл элементтердің барлығын жинақтасақ, жеке тұлғаның ерекше «**білім беру сызбалары**» құралады. Пажарес (1992) оқыту стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігінен гөрі, ұстанымға негізделген ой-тоқтамдарының ықпалы күштірек деп сендіреді: оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Мұғалімнің сыныптағы іс-әрекеттеріне әдістемелік құралдар мен оқулықтардан гөрі, пәннің **қалай** оқытылуы керектігі жөнінде әбден қалыптасып қалған пікірлер анағұрлым күштірек ықпал етеді.



3-сурет. Мұғалімнің ұстанымы - оның көзқарасы, қабылдаған шешімі және іс-әрекетінің негізі

Алайда, тамыры тереңге кеткен ұстанымдар мұғалімнің жаңашыл идеяларды қабылдау қабілетін шектеуі мүмкін. Егер де дайын білім беретін «дәстүрлі» стильмен оқытатын мұғалімдер сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғылары келсе, өздерінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашулары керек.

Тиімді оқыту

Оқыту барысында ауқымды міндеттер шешіліп, мұғалімнің әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтінін ескерсек, **тиімділік** деген сөздің мағыналық анықтамасы нақты емес, екіұшты болып шығады. Осы сияқты «*мұғалім жұмысының сапасы*» да – күрделі феномен, оның мазмұны мен өлшем құралдары жайында бірыңғай пікір жоқ. Мұғалім жұмысының тиімділігін анықтау өлшемі жөнінде түрлі пікірлер бой көтереді: ол мұғалімнің жетістіктері (біліктілігі т.б.), оқыту үдерісі (оқыту әдістері т.б.), оқыту нәтижесі (оқушының білім алуына ықпал ету т.б.) немесе жоғарыда аталған барлық факторлардың жиынтығы болуы мүмкін деген ойлар да орын алуда.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, «оқыту тиімділігі» ұғымына қатысты қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы.




Мұғалімнің қызметін бағалау барысында бағалаушы белгілі бір факторлар жиынтығын пайдалана отырып, «*сана*» деген ұғымды өзінше түсіндіріп беретіндігін ұғыну қажет.

Оқытудағы сындарлы тәсіл оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, тиісті сұрақ қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Аталған ойлану үдерісі оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыруға ынталы болғаны абзал.

Табысты оқыту мен табысты мұғалім

Оқытудың сындарлы теориясына негізделген Бағдарлама табысты мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Табысты оқытудың маңызды факторы мұғалімнің *оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруін* түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Сондықтан мұғалімде Шульман «үш көмекші» (Shulman, 2007) деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болып саналады (1-кесте).

1-кесте. Шульман ілімі

Мұғалімнің көмекшілері (Shulman, 2007)	Табысты мұғалімге тән белгілер
<i>Бас</i>	<i>Кәсіби түсінік</i>
 head	Оқыту мен оқу, сондай-ақ жеке тұлға ретінде оқушылар туралы тұғырлы теориялық базаға негізделген, жеткілікті білімнің болуын талап етеді. Сондай-ақ тәжірибені түсіну, дамыту/жетілдіру үшін дәлелдер/зерттеулер нәтижелерін қалай қолдану керектігін білуді көздейді.
<i>Қол</i>	<i>Оқытудың тәжірибелік дағдылары</i>
 hand	Бұл мамандық техникалық және тәжірибелік дағдыларды, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді білуді, яғни білім алу жолдарын көрсету, түзету және бағамдау сияқты түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, идеяларды түсіндіре білуді талап етеді. Сонымен қатар мұғалім ынталандыру, көтермелеу, шектеу жолдарын, жекелеген сабақтар мен тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау және оларды бағамдау әдістемелерін меңгеру қажет. Жоғарыда аталған білімдер мен дағдылар болған жағдайда, мұғалім сабақ үстінде оқушылардың оқуға ынтасын арттырып, тиісті және одан да жоғары деңгейлерге қол жеткізуге ұмтылатындай қолайлы орта қалыптастырып, оның тұрақтылығын қамтамасыз етері анық.
<i>Жүрек</i>	<i>Кәсіби-адамгершілік тұтастық</i>
 heart	Мұғалімдер ұстаз мамандығының этикалық және моральдық құндылықтарын ұстанады. Демек, олар шыншыл, батыл, төзімді, оқушыларға аяушылық, мейірім және құрмет көрсете білетін әділ адамдар. Мұғалімдер – өз мамандығын сүйетін, оқуға қатысты тұжырымды пікірлері мен ұстанымдары қалыптасқан жандар, олардың бұл бағыттағы ойлары бір жерден шығап жатады.

Сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланыста болады. Табысты мұғалім оқушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін «реттеп» отырады. Шындығында, оқытудың сапалы және табысты болуы белгілі бір деңгейде мұғалімнің қалыптасып отырған жағдайларға бейімделе алуына да тығыз байланысты.

Сапалы оқыту – мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, ол өзі белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалынған кезде жүзеге асырылады. Сапалы оқыту оқушылардың, қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады.

Сапалы және таысты оқыту жайында қорытынды қалыптастыру

Оқытудың сапасын екі тәсіл арқылы анықтауға болады.

Біріншісі, бағалау оқу қызметінің нәтижесіне байланысты болмай, мұғалім іс-әрекетінің тәжірибе талаптарына сәйкестігін, яғни – мұғалім жұмысының тиімділігін, оқушылармен өзара байланысының сипаты мен жиілігін анықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл жағдайда баға мұғалім жұмыс істейтін оқушыларға байланысты қарастырылады, оқыту үдерісіне тәуелді болмайды.

Оқыту сапасын бағалаудағы **екінші** тәсіл жай ғана кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен орындағаннан гөрі, көбірек күш-жігерді талап ететін сапалы әрі табысты оқытуға ерекше көңіл бөледі. Табысты оқыту білім беру үдерісіне тәуелді болғандықтан, оқытудың шын мәнінде жүзеге асырылуы мен күзіреттілік, шеберліктің деңгейі қаншалықты екенін де саралай білу қажет. Сонымен қатар оқушылардың жай-күйі мен әлеуметтік ортасының сипатын, мүмкіндіктерінің дәрежесі мен қолжетімділік деңгейін білу қажет. Осыған байланысты сынып туралы мәнмәтіндік мәлімет қажет болады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Бағдарлама:

- 1) оқыту мен зерттеуге ынта жігерін салып, белсенді жұмыс істейтін және оқушыларға қамқорлық көрсете отырып, ықпал ететін және бағдар беретін **мұғалімдерді**;
- 2) әрбір оқушының пәнді түсінуді қалай құрылымдау қажеттігін ойластыра білетінін сезінетін, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірибесін қалыптастыратын; сондай-ақ оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын дамыту мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігі бар **мұғалімдерді**;
- 3) оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін, өзі мен оқушыларының бұл өлшемдерге қандай дәрежеде сәйкес келетіндігін білетін, оқушылардың игерген білімі мен оқушылар мойындаған «Біз қайда бара жатырмыз?», «Қандай іс-әрекет жасау керек?», «Одан әрі не істеу керек?» деген сияқты табыс критерийлері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екенін білетін **мұғалімдерді**;
- 4) бастапқы идеядан туынды идеяларды өрістетіп байланыстыратын және сол идеяларды оқушылардың өздері құрастырып, жандандыра алатындай етіп жинақтап, толықтырып, тереңдетіп бере алатын, дайын білім мен идеяларды ұсынбай, сол білім мен идеяларды оқушылардың өздерінің құруына түрткі болатын **мұғалімдерді** даярлауға бағытталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Barber, M., & Mousahd, M. (2007). *How the best schools systems came out on top* [Ең үздік мектеп жүйелері бірінші орынға қалай шығады]. Online at <http://mckinseysociety.com/how-the-worlds-best-performing-schools-come-out-on-top/> Accessed on 19th November 2011.
- Bolam, R., McMahon, A., Stoll, L., Thomas, S., Wallace, M., Greenwood, A., Hawkey, K., Ingram, M., Atkinson, A., & Smith, M. (2005). *Creating and Sustaining Effective Professional Learning Communities* [Тиімді кәсіби оқу қоғамдастығын құру және қолдау]. The Department for Education and Skills.
- Fenstermacher, G., & Richardson, V. (2005). Making Determinations of Quality in Teaching [Оқытуда сапаны анықтаудың туындысы]. *Teachers College Record*, 107 (1), 186-213.
- Frost, D. (2011). *Supporting teacher leadership in 15 countries: the International Teacher Leadership project* [15 елдегі мұғалімнің жетекшілігінің қолдауы: Мұғалімнің жетекшілігі Халықаралық жобасы]. Phase 1, A report, Cambridge: LfL at the University of Cambridge Faculty of Education.
- Frost, D., & Durrant, J. (2003). Teacher Leadership: Rationale, Strategy and Impact [Мұғалімнің көшбасшылығы: Мақсаттылық, Стратегия және әсері]. *School Leadership & Management*, 23 (2), 173-186.
- Hattie, J. (2009). *Visible Learning* [Көзге көрінетін оқыту]. London: Routledge.
- Pajares, M. F. (1992). Teachers' beliefs and educational research: Cleaning up a messy construct [Мұғалімдердің пікірлері және білім беру зерттеулері: Ретсіз тұжырымдаманы тәртіпке келтіру]. *Review of Educational Research*, 62 (3), 307-332.
- Shulman, L. S. (2007). Good teaching [Жақсы оқыту]. Box content in S. Loeb, C. Rouse & A. Shorri (Eds.), *Introducing the Issue*, in *The Future of Children*, 17 (1), 6-7.
- Stronge, J., Ward, T., & Grant, L. (2011). What Makes Good Teachers Good? A cross-case analysis of the connection between teacher effectiveness and pupil achievement [Үздік мұғалімдердің жақсы болуы неден? Мұғалімнің тиімділігі мен оқушының жетістігі арасындағы байланыстың көлденең талдауы]. *Journal of Teacher Education*, 62, 339. doi: 10.1177/0022487111404241.

НЕЛІКТЕН БАҒДАРЛАМА ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІН ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ ДЕП САНАЙМЫЗ?

Білім беру мақсаттарына жетудегі мұғалімдердің кәсіби дамуы

Осы Бағдарламадан күтілетін нәтижелер мұғалімдерді оқушыларға *қалай оқу керектігін үйретін*, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыруға даярлау болып табылады.

Мектеп әкімшілігі мен білім беру жүйесі басқару органдарының мұғалімдерді тиісті ресурстармен қамтамасыз ету қызметінен гөрі, оқушыларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған мұғалімнің сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпал етеді (Barber and Mourshad, 2007). Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі *негізгі тұлға – мұғалім* (Strong, Ward & Grant, 2011).

Дүние жүзіндегі көптеген мұғалімдердің іс-тәжірибесінен тұрақты орын алған оқыту жұмысын ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізгі қағидаттарын қолдану орынды да нәтижелі екендігін дәлелдейтін фактілер бүгінгі таңда ғылыми-педагогикалық әдебиетте жеткілікті деңгейде кездеседі.

Табысты мұғалімдердің қасиеттері, икемдіктері және олардың жұмыс тәртібі туралы зерттеулерден білуге болады. Біз сонымен қатар бұндай қасиеттер мен жұмыс тәртібін мұғалімнің кәсіби дамуындағы қандай мүмкіндіктер дамытатындығы туралы да көп білеміз. Зерттеулерден көрініп отырғандай, кәсібилік мұғалімнің өзін **білім беру қоғамдастығының бір бөлігі** ретінде қарастыруын талап етеді (Bolam, McMahon, Stoll et al., 2005). Бұл тәсілдің аясында көшбасшы-мұғалім ұсынған зерттеулер мен инновациялар негізінде мұғалімнің тәжірибесі жетіледі (Frost and Durrant, 2003). Кәсіби біліктілік пен білім жай қабылданбайды, мұғалімдер оны өз қолымен жасайды. Адамгершілік мақсатты көздейтін мұғалімдер өздерінің әріптестері мен айналасындағыларға әсер ету үшін, көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді. Олардың көңілінде үнемі талапқа сай оқыту тұрады (Frost, 2011). Әріптестеріне ықпал ету үшін, сондай-ақ оқыту мен оқудың дамуына қолдау көрсету үшін табысты мұғалімдер коучинг пен тәлімгерлікке жүгініп, басқа мұғалімдердің идеяларын жүзеге асыруға қолдау көрсетіп, өз тәжірибелерін зерделеумен айналысады. Егер Үшінші деңгей бағдарламасы табысты мұғалімдердің қасиеттерін, икемдіктері мен жұмыс тәртібін дамытуға бағытталған болса, екінші деңгей Бағдарламасы берілген мазмұнға қосымша, өз әріптестеріне ықпал етуге қажетті тәлімгерлік дағдыларын дамытуды мақсат етеді. Бұларға қоса Бағдарлама әріптестеріне бүкіл мектеп жағдайында коучингті іске асыруды үйрететін көшбасшыларды дайындауға арналған.


Бағдарламаның осы нұсқаулығы жоғарыда көрсетілген ғылыми зерттеулер кешеніне негізделеді. Сонымен қатар мұнда ұсынылған түсініктер мен тәсілдер еңбек жолын жаңа бастап жатқан мұғалімдердің, тәжірибелі ұстаздардың, сондай-ақ тәлімгерлер мен тренерлердің көп жылғы тәжірибесіне негізделген.

Педагогиканы өзгерту

Қазіргі ақпараттық қоғамда табыспен өмір сүру үшін балалар мен жастар мән-жайды түсініп, тәуелсіздік алу мақсатында белсенді, сындарлы оқудың тиімді тәсілдеріне тартылуы қажет. Оқуды дербестендіру және даралау қажеттігі күн санап өсуде, олар оқушылардың әртүрлі топтарына инклюзивті және сезімталдықпен білім алуға мүмкіндік бере алады. Өз кезегінде, мектеп көшбасшыларына педагогикаға өзгеріс енгізу үшін жаңаша оқыту тәжірибесін жүргізуге мүмкіндік алу мақсатында педагогиканың жаңа нысандарын игеруге тура келеді.

Бағдарлама шеңберінде кәсіби өсу

Көшбасшылық қасиеттерді зерделеу мақсатында жүргізілген зерттеулер көшбасшылардың өздері атқарып отырған істерінің мақсаттарын, сондай-ақ көшбасшылықтың алып отырған орнын және жақсарту үшін нені өзгерту қажеттілігін ұғынудың маңызды екендігіне ерекше көңіл бөледі (Sinek, 2009). Синектің жұмысы іскерлерге, кәсіпкерлерге арналып жазылғанына қарамастан, ол пайдаланып отырған конустық фигураны мектептегі өзгерістерді басқаруда да қолдануға болады (4-сурет).



4-сурет. Көшбасшылықтың конустық метафорасы (Синек)

Конустың жоғары бөлігі – *НЕГЕ* – мектепте өзгеріс енгізу қажеттігін дәйектеп, оны басқару үдерісін білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, мектеп көшбасшылары өзгерістерді не үшін енгізіп отырғанын жетік біліп, оны өз командасының барлық мүшелеріне жеткізуге тиіс. *НЕГЕ-ні* білу оқыту және оқушылар туралы жан-жақты, терең білімнің болуын, сондай-ақ жоғары деңгейлі өзін-өзі тану мен мақсатты сын тұрғысынан талдауды талап етеді.

Мектеп көшбасшылары тәлімгерлік пен коучинг арқылы өз мектептеріндегі мұғалімдерге тәжірибелерін өзгертуге *ҚАЛАЙ* көмектесуге болатынын білуге тиіс. Ал *мұғалімдер* оқушылардың оқу үдерісін жақсарту үшін *НЕ* істеу керек екенін білуге тиіс. Сонымен өзгеріс енгізу үдерісін ойдағыдай жүргізе білу үшін көшбасшылар мен мұғалімдер енгізіліп жатқан өзгерістердің мақсатын анық түсінуге тиіс.

Осылайша, Бағдарламаның өзара байланысты үш бағытын атап көрсетуге болады:

- Оқыту мен оқудың күрделілігіне және оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдануға қатысты жеке түсінігін дамыту;
- Коучинг, тәлімгерлік және сыныптағы бірлескен зерттеулер арқылы нәтижелі әрі тиімді оқытуды жүзеге асыру мақсатында әріптестерге қолдау көрсету;
- Мектепті жетілдіру мақсатында кәсіби қоғамдастық аясында білім алуға бастама жасау және қолдау көрсету.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Cordingley, P., Bell, M., Rundell, B., Evans, D. (2003). The impact of collaborative CPD on classroom teaching and learning [Бірлескен тұрақты біліктілікті арттырудың сыныптағы оқыту мен оқуға ықпалы]. In *Research Evidence in Education Library*. London: EPPI-Centre, Social Science Research Unit, Institute of Education, University of London. Available at: <http://eppi.ioe.ac.uk/cms/Default.aspx?tabid=395&language=en-US>
- Darling - Hammond, L. (2006). Constructing 21st-century teacher education [XXI ғасыр мұғалімі білімінің қалыптасуы]. *Journal of Teacher Education*, Vol. 57, No. X, 1-15.
- Desimone, L., Porter, A. C., Garet, M. S., Yoon, K. S., & Birman, B. F. (2002). Effects of professional development on teachers' instruction: Results from a three-year longitudinal study [Нұсқаулық беру үдерісіндегі мұғалімнің кәсіби даму тиімділігі: үш жылдық зерттеу нәтижелері]. *Educational Evaluation and Policy Analysis*, 24 (2), 81-112.
- Frost, D., & Durrant, J. (2003). Teacher-led Development Work: guidance and support [Мұғалімнің

- жетекшілігімен жүретін даму жұмысы: жетекшілік және көмек]. London: David Fulton Publishers.
- Frost, D. (2011). *Supporting teacher leadership in 15 countries: the International Teacher Leadership project* [15 елдегі мұғалімнің жетекшілігінің қолдауы: Мұғалімнің жетекшілігі Халықаралық жобасы]. Phase 1, A report, Cambridge: LfL at the University of Cambridge Faculty of Education.
- Fullan, M. (2001). *Leading in a culture of change* [Өзгерістер мәдениетіне кіріспе]. San Francisco: Jossey-Bass.
- Goleman, D. (2002). *The New Leaders: transforming the art of leadership into the science of result* [Жаңа көшбасшылар: көшбасшылық өнерін нәтиже туралы ғылымға айналдыру]. London: Little, Brown.
- MacBeath, J. (2012). *The future of the teaching profession* [Мұғалім мамандығының болашағы]. Education International Research Institute and the Leadership for Learning Cambridge Network. Faculty of Education, University of Cambridge.
- McLaughlin, M. W., & Talbert, J. E. (2001). *Professional communities and the work of high school teaching* [Кәсіби қоғамдастықтар мен орта мектептегі білім беру]. Chicago, University of Chicago Press
- OECD Definition and Selection of Key Competencies* [ЕЫДҰ түйінді құзыреттіліктерді анықтауы және іріктеуі]. Paris, France: OECD, May 27, 2005.
- Opfer, V. A., & Pedder, D. (2010). Benefits, status and effectiveness of Continuous Professional Development for teachers in England [Англия мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуының нәтижелері, ахуалы және тиімділігі]. *Curriculum Journal*, 21 (4), 41-431.
- Schleicher, A. (Ed.) (2012). *Preparing Teachers and Developing School Leaders for the 21st Century: Lessons from around the World* [XXI ғасыр үшін мұғалімдерді даярлау және мектеп көшбасшыларын дамыту: әлем елдерінің сабақтары]. OECD Publishing. Retrieved from <http://dx.doi.org/10.1787/9789264xxxxx-en>
- Sinek, S. (2009, September). *How great leaders inspire action* [Ұлы көсемдер іс-әрекетке қалай жетелейді]. Speech at TEDx Portland.
Available at www.ted.com/talks/simon_sinek_how_great_leaders_inspire_action.html
- Stoll, L., Bolam, R., McMahon, A., Wallace, M., & Thomas, S. (2006). Professional learning communities: a review of the literature [Кәсіби оқыту қоғамдастығы: әдебиетті шолу]. *Journal of Educational Change*, 7 (4), 221-258.
- Stronge, J., Ward, T., & Grant, L. (2011). What Makes Good Teachers Good? A cross-case analysis of the connection between teacher effectiveness and pupil achievement [Что делает хорошими хороших учителей? Содержательный анализ связи между эффективностью учителя и достижением ученика]. *Journal of Teacher Education*, 62, 339. doi: 10.1177/0022487111404241
- Timperley, H., Wilson, A., Barrar, H., & Fung, I. (2007). *Teacher professional learning and development: Best Evidence Synthesis Iteration (BES)* [Мұғалімдердің кәсіби оқуы және дамуы: синтезді ықпалдастырудың үздік көрсеткіштері]. Wellington, NZ: Ministry of Education. Available at http://www.educationcounts.govt.nz/_data/assets/pdf_file/0017/16901/TPLandDBESentire.pdf

СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ОЙЛАУ ЖОЛДАРЫ

Адамдардың қалай оқитындықтары туралы білім саласындағы заманауи жетістіктер

Бұл тарауда адамдардың қалай білім алатыны жөнінде заманауи ой-пікірлер ұсынылған. Бірінші бөлімде жаңа теориялық әзірлемелер қарастырылып, екінші бөлімде зерттеу нәтижелері түрлі тәсілдер арқылы оқыту тәжірибесімен байланыстыра қарастырылған, бұл мұғалімдерге соңғы жылдардағы зерттеу нәтижелерін өз қажеттілігіне пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқу дегеніміз не?

Оқу ұғымының мазмұны қол жеткен нәтижелер немесе пайдалы тәжірибе тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Зерттеу жұмыстарына жүргізілген талдау оқу нәтижелерінің бес түрін анықтауға мүмкіндік берді:

1. *Оқу білімнің сандық ұлғаюы ретінде.* Оның нәтижесі алынған ақпарат болып табылады (негізгі міндет – «көп білу»).
2. *Оқу есте сақтау ретінде.* Нәтиже – қайта өндіруге болатын есте сақталған көлемді ақпарат.
3. *Оқу ақпарат жинақтау ретінде.* Нәтиже – есте сақталып, қажет болған жағдайда қолдануға да болатын дерек, дағды және әдістердің айтарлықтай мөлшердегі жиынтығы.
4. *Оқу мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтау ретінде.* Бұның нәтижесі – оқушының пәннің құраушы бөліктері мен шынайы өмір арасындағы өзара байланыстарды анықтай алуы.
5. *Оқу шынайылықты өзгеше түсіну және түсіндіру тәсілі ретінде.* Нәтижесі – әлемді өзгеше қырынан қарастыру арқылы танып-білу.

15

1-3-тұжырымдамалар оқушыға қатысты оқуды сыртқы фактор ретінде қарастырады. Бұл сыныпта болып жататын немесе мұғалімдердің оқушыларға қатысты жүзеге асыратын іс-әрекеті болуы мүмкін. Жоғарыда көрсетілген оқу үдерісінің бастапқы үш тұжырымдамасы бір кезеңдерде білім немесе ақпарат алу үшін «дүкенге барғанға» ұқсайтындай болып көрінеді. Тізімде көрсетілген 4 және 5-тұжырымдамалардың қол жеткізген нәтиженің бастапқы үш санатынан сапалық айырмашылығын атап көрсету маңызды. 4 және 5-тұжырымдамалар анағұрлым күрделі, жаңа түсіндірмелерге негізделген және бұл ретте оқу деген ұғымның аясы оқушының ақпаратты қабылдау мен сақтауынан әлдеқайда кең. Бұл тұжырымдамалар оқудың «ішкі» немесе жеке тұлғалық аспектісіне бағдарланған. Оқу оқушының шынайы өмірді түсінуіне көмек беретін құбылыс ретінде қарастырылады. Бұндай заманауи көзқарас Бағдарламада іске асырылатын оқытудың жаңа тәсілдерінің негізін қалайды.

Оқу – кешенді үдеріс. Бірнеше минут мына мәселелер төңірегінде ойланып көріңіз.

Өзіңіз үйренген бір нәрсе жөнінде мұқият ойланыңыз: бұл білім, білік, тәжірибелік дағды немесе қағидат болуы мүмкін.


1. Сіз бұны қалай білдіңіз (қалай үйрендіңіз)?
– Сіз не істедіңіз? Немесе: қандай жағдай орын алды?
2. Бұған тағы кімдер және қалай үлес қосты?
3. Оқу нәтижесінде қандай өзгеріс туралы білдіңіз?
– Оның Сіз үшін мәні қандай болды?
4. Сіз үшін алынған білім нәтижесі қандай болды?
5. Сіздің бұны үйренгеніңізді өзгелер неден байқайды? Олар үшін нәтиже қалай көрінбек?

Бұл жаттығу оқудың өте күрделі және әр адамда әртүрлі жүретін үдеріс екенін көрсетеді. Бұдан түйетін ой – бұл саладан бейхабар адамдарға *өзгелердің қалай білім алатынын* нақты білу ауыр екені. Алайда *оқу* үдерісі білім алушының жүріс-тұрысын, ойлау үдерісін, есте сақтау және қабылдауын бақылау барысында зерттелген. Соңғы уақыттағы зерттеулер жеке тұлғаны тұтастай қарастыра отырып, субъектілер өздерін оқушы ретінде қалай сезінетінін және оқу үдерісінде бір-бірімен өзара қандай қарым-қатынаста болатынын зерделеді.

Қорытындысында, соңғы жылдардағы зерттеулерде оқу адамның білім алудағы нақты мүмкіндіктерін пайдалану сипатын қалыптастыратын жиынтық, яғни бастан кешкен тәжірибе, әлеуметтік қарым-қатынастар, құндылықтар, амал-тәсілдер мен ұстанымдарының кешенді үйлесімі ретінде анықталған.

Адамдардың қалай оқитынын түсіну: «теориялық экспедициялар»

Оқу үдерісі туралы біздің жалпы түсінігімізге қарамастан, біз қалай білім алатынымызды толық түсінеміз деп айта алмаймыз. Бірақ психология саласындағы арнайы әдебиетте осы нысанды зерттеушілердің негізгі үш тобы анықталған: әлеуметтік психологтар, ынталандырушы, аффекттік теоретиктер және когнитивті психологтар. Осы зерттеуші топтарды бейнелеу үшін «*тауға көтерілу*» аналогиясын пайдалана отырып, бұларға жақын арада мидың оқуды қалай бақылайтынын түсіну мақсатында инвазивті емес әдістерді қолданатын нейроғылым өкілдері тобы қосылған деген болжам жасауға болады (5-сурет). Біз ғылыми қордың мұраларын қарастырып, әрбір экспедиция ұсынған, оқыту тәжірибесінде пайдалы бола алатын заманауи идеялармен танысамыз.



5-сурет. Адамдардың қалай оқитынын түсінуге бағытталған психологиялық «экспедициялардың» негізгі бағыттары



Бұл «теориялық экспедицияның» өн бойында ең ұзақ болған топ – *когнитивті теоретиктер*. Бұл теорияның өкілдері – когнитивті психологтер белгілі бір материалды қабылдауға қатысты адамдардың санасында болып жатқан үдеріс мәселелерін зерттейді. Танымдық үдерістерді (есте сақтау, қабылдау), зиятты және даму кезеңдерін анықтауға арналған қазіргі заманғы және ертеде жарияланған зерттеу әдебиеттері жеткілікті. Қазіргі заманғы неврологиялық әдістерді пайдалануға және жеке тұлғаның жалпы оқуына қатысты мәселелерге баса назар аударыла бастауына байланысты, осы теориялардың кейбіреулерінің дамып, өрістеуіне жол ашылды. Осы тарауда танымдық теориядағы өзгерістер есте сақтау және зияткерлікке қатысты соңғы зерттеулер тұрғысынан қаралған.

Пиаже теориясына жүгіну

1960 жылдары когнитивті психология әлемінде ойлауды дамыту теориясы тұрғысынан Жан Пиаженің ғылыми идеялары басымдыққа ие болды. Сол кезең үшін бақылау мен эксперимент жүргізудің тиімді әдістерін жасаған Пиаже мүлдем өзгермейтін және әмбебап кезеңдерде жүзеге асырылатын жалпы танымдық операциялардың кешенді даму көрінісін нанымды дәлелдеп шықты.

Пиаже кеңістік, уақыт және сандық аспектілерді қамтитын дамудың жалпы кезеңдерін анықтады. Алайда, қырық жылдан кейін қазіргі заман психологтары әрбір аспектіге *өзіндік* ережелер мен жүзеге асыру операциялары тән екенін анықтап, *жалпы* сатылар мен құрылымдар болатынына күмән тудырды.

Пиаже зияткерлікті барлық жеке тұлғаларда бірдей дамитын бірыңғай жалпы қабілет деп есептеген. Қырық жылдан кейін ғалымдар адамдар ерекше түрде жұмыс істейтін және өзара қарым-қатынаста бола алатын көптеген салыстырмалы түрде тәуелсіз «зияткерлік қабілеттерге» ие деген пікірге келді.

Пиажені жеке айырмашылықтар қызықтырмаған, ол *«эпистемиялық субъектіні»* зерттеген. Бұл саладағы көптеген соңғы зерттеулер жеке ерекшеліктерге шоғырланған, мұның өзінде айрықша таланттар мен кемшіліктер, қабілеттердің өзіндік құрылымына және шектеулі мүмкіндіктердің өзіне тән айырмашылықтарына аса мән берілген.

Пиаже жаңа туған нәрестелердің «ана сүтімен қоректену», айналадағыны аңдау сияқты шектеулі биологиялық қабілеттермен бірге, оқудың – *ассимиляция және бейімделу деп атаған* басты екі үдерістеріне ие екені туралы да болжаған. Қазіргі психологтар адам біраз туа біткен қасиеттерге немесе жеңіл түрде айқындалатын танымдық қабілеттерге ие және Пиаже осы туа біткен танымдық құрылымның маңыздылығын жете бағаламаған деген қорытындыға келіп отыр.

Пиаже танымдық дамуды өсіп келе жатқан баланың физикалық немесе азын-аулақ дәрежеде әлеуметтік дүниемен өз бетінше эксперимент жасауы деп қабылдап, тарихи және мәдени факторлардың маңыздылығын ескермеген. Қазіргі теорияларға сүйенсек, даму ерте кезеңдерден-ақ басталады, бұл жағдайда әлеуметтік ортаның дамуға әсері елеулі болмақ.

Сонымен бірге Пиаже біртұтас танымдық тетіктердің, моториканың көріністері ретінде тіл және басқа да графикалық, музыкалық бейнелер сияқты таңбалардың жүйесін қарастырған. Гарднердің зияттың қырлары туралы соңғы уақыттағы зерттеулері әр жүйенің өзіне тән шығу тегі болатындығын және олардың мәдени, уақыттық мәнмәтіндер жүйесінде қолданылуы елеулі ықпал ететінін болжайды.

Зияткерлік туралы қазіргі зерттеулер: зияттың қырлары

Зияткерлікті ақыл-ой қабілеттерінің тестілерімен өлшенетін құбылыс ретінде қарастыратын ғалымдар мен зерттеушілер үшін зиятқа қатысты жаңа ой-пікірлер әрдайым проблема болатыны шындық. Әртүрлі қабілеттер арасындағы өзара байланысқа негізделген зерттеу жүргізіп, ортақ зият факторының бар екендігі туралы пікірді берік ұстанатын тұрақты дәстүрлер осы күнге дейін сақталып отыр. Алайда Говард Гарднер (2006) зияткерліктің өзара байланысын тап басып көрсету мүмкін емес деп, ондай дәлелдемелердің басым бөлігін жоққа шығарады.

Гарднер субъектілер көп қырлы зиятқа ие деп есептеген. Сол арқылы ол зиятты өлшенетін және зияткерлік коэффициентіне (IQ) қосылатын бірыңғай және жалпы қабілет ретінде қарастырмай, керісінше, лингвистикалық, математикалық, музыкалық, кинестетикалық және тұлғааралық қабілеттер мен кеңістікте бейімделу қабілеті сияқты өзара әлсіз қарым-қатынаста болатын көптеген зияткерлік қырлары бар екенін мойындауымыз керек деп қорытады.

Говард Гарднердің жұмысына айтылған жалпы сын оның теорияларының басым бөлігі эмпиристік зерттеулер аясындағы кешенді және толық негіздемелерге емес, өзінің жеке интуициясы мен пайымдауларына негізделген дегенге келіп саяды. Қазіргі уақытта зияттың қырларын анықтауға және өлшеуге арнап әзірленген нақты кешенді тестілер жоқ. Оның үстіне, Гарднер ен-таңба жапсырып, жалпы қорытынды жасауға апарып соғады ма деп секемденгендіктен, тестілеу әдісіне ден қоймаған. Мидың жұмыс істеуі жөніндегі зияттың қырлары тұжырымдамасын қолдайтын зерттеулер, тұтастай алғанда, әлі де жалғасып жатыр, бірақ олар Говард Гарднер теориясының ерекшелігін қолдай бермейді.

Зиятқа қатысты соңғы зерттеулер, атап айтқанда, Роберт Стернберг ұсынған **«үштік модель»** теориясы Гарднердің зияттың стандартты теориясына сенімсіздігі туралы ойларымен ұштасып жатты. Алайда, Гарднерге қарағанда, Стернберг адам санасында өңделетін нақты материалға аса мән бермейді. Оның орнына ол зияттың компоненттік, эмпиристік және мәнмәтіндік аспектілеріне назар аударады. Стернбергтің айтуы бойынша, адами зият – бұл «жеке тұлғаның өміріне қатысты шынайы ортаны бейімдеуге, іріктеуге және құруға бағытталған ой әрекеті» (Sternberg, 2007), яғни зият жеке тұлғаның өз өміріндегі қоршаған орта өзгерістерін қалай жеңе алатынын көрсетеді.

Табиғат немесе тәрбие

18

«Табиғат тәрбиеге қарсы» деген тезис физикалық немесе мінез-құлық сипаттамаларының жеке ерекшеліктерін белгілеуде немесе анықтауда «тәрбие» деп белгіленетін жеке тәжірибеге қатысты жеке тұлғаның туа біткен қасиеттерінің, яғни «табиғаттың» маңыздылығы туралы мәселеге қатысты бой көтеріп отыр.

Тарихи тұрғыдан «тәрбие» ұғымы ата-аналардың балаларына қамқорлық көрсетуі ретінде белгіленгеніне, әрі мұнда анаға ерекше рөл берілетіне қарамастан, қазіргі заманғы *«табиғат тәрбиеге қарсы»* дауында кейбір зерттеушілер бұл терминді қоршаған орта факторы ретінде (генетикалық емес) қарастырады. Осылайша, құрсақтағы және туылғаннан кейінгі, ата-аналар, туған-туысқандар және құрбы-құрдастардың тәжірибесі, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары, нарықтық жағдай және әлеуметтік-экономикалық мәртебе сияқты себептердің дамуға ықпалын негізге ала отырып, «тәрбие» ұғымы қайта қарастырылды.

Табиғат пен тәрбие арасындағы дау – бүгінгі замандағы ең өткір ғылыми пікірталастардың бірі болып отыр. Соған қарамастан осы таласқа тартылған барлық топтар адамның жеке тұлғаның генетикалық ортасы мен оның тікелей әлеуметтік және физикалық қоршаған ортасы арасындағы өзара қарым-қатынас өнімі болып табылатындығын мойындайды. Жүргізіліп жатқан соңғы зерттеулерге сәйкес, ген адамның мінез-құлқына әсер етеді, ал адамның мінез-құлқы генге әсерін тигізетіні анықталған. Ридли (2004) ген біздің мінез-құлқымызды бақыламайды, алайда біздің тәжірибеміздің әсерінен өзгеріп отырады деп пайымдайды. Ол инстинкт білім алуға қарама-қарсы қоюға болатын құбылыс емес және де генетикалық әсерге қарағанда, қоршаған ортаның ықпалын қайтару ауыр екенін айтқан.




Өзінің *«Тәрбие болжамдары» (The Nurture Assumption)* деген кітабында Джудит Харрис әдетте «отбасылық тәрбие» деп түсінілетін «тәрбие» ұғымы бұл сөздің өз мағынасын толық бермейтіндігін айтады, себебі Америка Құрама Штаттарының тұрғындары өздерінің әлеуметтік және басқа да жағдайларына қарай оны әрқалай түсінеді. Керісінше, Харрис отбасы әсеріне қарағанда, отбасы тәрбиесіне қатысы жоқ құрбы-құрдастар тобы немесе қоршаған ортаның кездейсоқ факторларының ықпалы күштірек екенін тілге тиек етеді. Осылайша, отбасының тәрбиесі қалыс қалған кезде мектеп тәжірибесі жастардың «тәрбиесінен» елеулі орын алуы мүмкін.



Зият жалғыз да тұрақты ішкі қасиет емес, керісінше ол қоршаған орта ықпалына бейім түрлі компоненттерден тұрады деген болжам жасауға болады.

Жадыны түсінудегі соңғы жетістіктер

Нейровизуалдандырудың қазіргі заманғы әдістемелері қысқа мерзімді жадыда ақпаратты ұйымдастыру және рефлексиялық ойлаудың динамикалық үдерісінің басым бөлігі маңдай бөліктерінде өтетіндігін дәлелдейді (6-7-сурет).


fMRI функционалдык магнитрезонанстык томография	PET – позитронды-эмиссиялык томография	ERP – мидың түрткі салынған әлеуеті
		
<p>Нақты орындау кезінде тапсырманы ми қызметінің орналасуын көруге мүмкіндік береді.</p>	<p>Радиоактивті изотоптарды енгізгеннен кейін мидың әртүрлі бөліктеріндегі қан ағысы өлшенеді. Қан ағысы қарқынды болған сайын белсенділік арта береді.</p>	<p>Мидағы электр белсенділікті, сондай-ақ белгіленген стимулдарға қатысты электр реакциясының жылдамдығын және амплитудасын өлшейді.</p>

6-сурет. Нейровизуалдандыру әдістемелері

Маңдай бөліктері мидың басқа бөліктерімен жүйке талшықтары арқылы байланыстырылған, олар:

- визуалды бейнелерді қабылдау мен жадыда сақтауға жауап беретін мидың артқы бөлімінің желке тұсындағы бөлігі;
- ауызша және тұжырымдамалық білімдердің сақталуына жауап беретін самай бөліктері;
- қол және дене рецепторлары орналасқан маңдай бөлігінің артындағы мидың жоғарғы бөлігіндегі соматосенсор аймағы.

Сонымен бірге тыңдап қабылдау объектілері сақталатын маңдай бөліктерімен өзара байланысты ми қыртысының өзге де бөліктері бар.



7-сурет. Ми қыртысының негізгі бөліктері

Жүйке талшықтары маңдай бөліктерінің осы ми орталықтарының әрқайсысында естелік түрінде сақталатын ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар маңдай бөліктері ми бөлігінде сақталған ақпаратқа қолжетімділік пен оны өңдеуді бақылау қызметін жүзеге асырады. Маңдай бөліктерінің маңызды бақылау қызметтерінің бірі – ақпаратты сұрыптайтын (фокустік) зейін, яғни біз ерекше назар аудару үшін ойдағы ақпаратты шоғырландыра бастаған кезде маңдай бөліктері белсенді бола бастайды (Goswami, 2006). Мысалы, егер бізден Қазақстан картасының суретін еске түсіруді сұраса, онда біз, ең алдымен, Қазақстан географиясының жалпы образын еске аламыз, әрі бастапқыда нақты белгісіне мән бермей, құрлықтық шекаралардың негізгі сызықтарын көз алдымызға елестетер едік. Алайда, қажет болған жағдайда, әрі сондай мақсат қойылса, біз нақты белгілерді сұрыптай бастаймыз, мәселен, Каспий теңізіне немесе оңтүстіктегі тауларға назар аударамыз. Осылайша, нақты белгілер біздің географиялық танымымызға қарай әртүрлі болуы мүмкін.

Визуалды ақпаратты жалпы еске түсіруге қарағанда, нақты белгілерге саналы назар аудару қабілеті ми қыртысының көру аймақтарына бағытталған жүйке жолдары арқылы маңдай бөліктерінің белсенділігі арқылы іске асырылады.

Қысқа мерзімді жұмыс жадысы және ұзақ мерзімді жады

Соңғы кездері жүргізілген нейроғылыми зерттеулер біздің қысқа мерзімді «жұмыс» жадысымен қатар ұзақ мерзімді жады иесі екенімізді растады. «Жұмыс» жадысы ұзақ мерзімді жадыдағы ақпаратпен «жұмыс істеуге» мүмкіндік ашады. Басқаша айтқанда – ақпаратты белсенді ұйымдастыру, өзара байланыс орнату немесе оны белгілі бір мақсат үшін, айталық, есепті шығару, проблемаларды шешу, тілдесу мақсатында қолдану үшін дайындау немесе іштей ойлану арқылы ұзақ мерзімді жады мүмкіндіктерін өрістетеді. Ұзақ мерзімді жады қажет кезеңінде алып пайдалану үшін ұзақ мерзімді сақтауға жіберілген ақпарат ретінде сипатталады. Жұмыс жадысы серпінділікке бейім және ұзақ мерзімге созылмайды (бірнеше секундтан бірнеше минутқа дейін ғана). Ұзақ мерзімді жады анағұрлым тұрақты және өмір бойы сақталуы мүмкін. Мысалы, біреу Сізден дарынды оқушылар тобын оқыту үшін таптырмас үміткер бола алатын студентті ұсынуды өтінді делік. Сіз студенттеріңіз жөніндегі негізгі ақпараттар қоры сақталғанына шек келтірместен, ұзаққа сақталған жадыдағы ақпаратқа сәйкес визуалды және семантикалық (вербалды) ақпарат көздерін сұрыптай отырып, талапқа сай студенттер туралы ақпаратты жұмыс жадыңызға тасымалдап, қарастыра бастайсыз. Тікелей немесе жанама түрде Сіз дарынды оқушыларды бағалауға арналған белгілі бір өлшемдерді саралап, Сіздің ойыңызша осы талап үдесінен шығатын адамдар тізімін жасай бастайсыз. Ұзақ мерзімді жадыны бағалау, ақпаратты тасымалдау және мақсатқа жету үшін оны рефлексиялық өңдеу үдерісі жұмыс жадысында жүзеге асады.

Оқыту мен оқу үшін жадыны зерттеудің маңызы

Төменде келтірілген үзінді доктор Джон Саймонстың жақында Кембридж университеті эксперименталды психология кафедрасының жады зертханасында жүргізген зерттеулеріне негізделген.

Миды бұлшық етпен салыстыру жиі кездеседі, өйткені миды жаттықтырсаң, ол жұмыс істеуін жақсартта бастайды. Бодибилдинг спортымен айналысатындар кір тастарын көтеру арқылы бұлшық еттерін қатайтып, күшейте алады, демек, Сіз де есіңізде сақтағыңыз келетін ақпаратты үнемі қайталап (дауыстап немесе ішіңізден) жаттықсаңыз, онда өзіңіздің жадыңызды жақсартта аласыз.

Зерттеушілер көп жылдар бойы мұндай әдіспен ақпаратты қайталау оны қысқа мерзімді жадыда сақтап және ұзақ мерзімді жадыға беру үшін керек деп санаған. Бұл әдіс біздің инстинктімізбен сәйкес келеді, мысалы, біз телефон нөмірін есте сақтағымыз келсе, онда оны ой-санамызда қала ма деген ниетпен ішімізден көп рет қайталаймыз. Көптеген студенттер дайындық кезінде емтиханға қажетті дәріс конспектілері мен оқулықтарды қайталап оқу, нақты дәлелдерді жаттап алу оларды табысқа жеткізеді деп ойлайды.

Ақпаратты көп қайталасаң, жадында ұзақ сақталатындығы дәлелденген. Зерттеулердің біріне қатысушыларға сөздер тізімі беріліп, оларды белгілі бір уақыт ішінде дауыстап айту сұралады. Қатысушылардан қайталаған сөздерді еске түсіруді сұрағанда, жадыда жатталған сөздердің саны тізімнің неше рет оқылғандығына тікелей байланысты болатыны анықталды. Соған қарамастан, барлық жағдайларда дерлік жай механикалық қайталауға қарағанда, жадыда ұстауға тырысқан ақпараттың мағынасын ұғып, стратегиялық амалдарға сүйеніп есте сақтау анағұрлым тиімдірек болып шықты.

«Нақтылайтын» өңдеу

Көптеген адамдар актерлер өз рөлдерін механикалық қайталауды пайдаланып жаттайды деп есептейді, бірақ Хельга Нойс жүргізген (2006) зерттеу бұның олай емес екендігін көрсетті. Нойс актерлер өздерінің рөлдерін сценарийдің сөздеріне емес, бұл сөздердің мағынасына және кейіпкердің жағдайына мән беріп жаттайтындығын анықтады. Бұл зертханалық зерттеулердің нәтижелерімен расталды: сөздер тізбегін қайталау материалды ұзақ уақытқа есте сақтау мүмкіндігін жақсартатынына қарамастан, осы ақпаратты тиісті фактілер мен білімге байланыстырып қарастыратын «нақтылай» өңдеу («elaborative» processing) әдісі анағұрлым тиімдірек болып табылады. Зерттеулердің бірінде қатысушыларға келесі сұрақтарды пайдалана отырып, сөздерді жаттауға ұсыныс жасалған:

- а) Сөз бас әріппен жазылған ба?
- ә) Сөз қарапайым ба, әлде күрделі ме?
- б) Сөз жиһаздың бөлігіне жата ма?

Ең жоғары есте сақтау деңгейі анағұрлым тереңірек, нақты және қайта өңдеуге негізделген пысықтауды қажет ететін (б) сұрағына жауап бергенде байқалды.

Басқа бір экспериментке қатысушылар сөйлемдерді тек жаттап есте сақтаған (мысалы, «Дәрігер қорғаушыны жек көрді») немесе нақтылайтын сөйлемдерді (мысалы, «Нашар тәжірибесіне қатысты оның атына сотқа талап-арыз берілуіне байланысты дәрігер қорғаушыны жек көрді») қолдана отырып жаттаған. Нақтылау әдісі сөйлемдерді анағұрлым тез жаттауға мүмкіндік береді, танымдық қызметті қолдану бастапқы сөйлемді тереңірек кодтауға әкелетіндігін көрсетті.

Зерттеулердің бірінде емтиханға дайындалу үшін олардың қайсысы тиімді болатынын білу үшін нақтылаудың әр алуан түрлері салыстырылды. Қатысушылардың бір тобына мәтінді оқырдың алдында ойлану үшін сұрақтар түріндегі тақырып беріліп, басқа топқа мәтінді жаттап алу тапсырылды. Зерттеушілер мәтінді нақты сұрақтар арқылы қарастыру материалды есте сақтау мен оны басқаға айтып беруді жақсартатынын атап көрсетті.

Нақтылайтын өңдеу, шынында да, есте сақтаудың пәрменді әдісі болып табылатындығы соншалық, ол үшін Сіз нақтыланған ақпаратты есте сақтағыңыз келе ме, жоқ па, бәрібір сияқты. Зерттеушілер қатысушылардан екі тапсырманы орындауды: сөзде нақты бір әріп бар екендігін тексеруді немесе сөз мағынасына мән беруді өтінді: Қатысушылардың жартысы эксперимент мақсаты тапсырманы жай ғана орындау деп ойлады, ал басқа бөлігіне олардың есте сақтау қабілеттері тестіленетіндігі айтылды. Зерттеу нәтижесі адамдар мәтінді жаттағысы келе ме, жоқ па, мүлде маңызды еместігін, олардың ақпаратты қалай өңдейтіні маңызды екендігін көрсетті.

Мнемоника

Кез келген кітап дүкеніне барсаңыз, есте сақтауды жақсарту үшін мнемониканы пайдаланып өз-өзін жетілдіру жайында жазылған көптеген кітаптарды көре аласыз. Loci әдісі (орын әдісі) – есте сақтағыңыз келетін ақпаратты танымал жерлермен байланыстырып елестетуге негізделген ең белгілі мнемоникалық әдіс. Осылайша, Сіз өз үйіңіздің бөлмелерінде жүріп, әртүрлі сөздер тізімін бөлменің ерекше белгісімен байланыстырып еске сақтауға тырысыңыз. Мысалы, «алма» деген сөзді айтқанда Сіз қонақ бөлмеде диванда домалап жатқан алманы елестете аласыз. Үйіңіздің барлық бөлмелерін қайтадан «аралап шығып», сөздердің барлық тізімін есіңізге түсіре аласыз. Loci әдісін қолданушы адамдар зерттеуге берілген 50 сөздің 90 пайызынан астамын бір рет оқып шыққаннан кейін есте сақтауға болатынын көрсетті.

Америкалық жазушы және есте сақтау бойынша чемпион атанған Джошуа Фоер өзінің «Эйнштейнмен Айда серуендеу» кітабында Loci әдісінің анағұрлым айқын жолын ойын карталарын есте сақтау үшін қалай пайдаланғанын суреттейді. Мысалы, «Кіреберісте мен «шошқаны сойып» отырған құрбым Лизді көрдім...» (қарға екі, кірпіш екі, қарға үш – осы үш карта бірге түссе, «шошқа» деп аталады). Бірнеше затты белгілі бір орынмен байланыстыруға мүмкіндік беретін Фоер әдісі оған 2006 жылы өткен АҚШ чемпионатында есте сақтау бойынша рекорд орнатуға көмектесті, мұнда ол 52 картаны 1 минут 40 секундтың ішінде есте сақтады.

Loci сияқты әдістерді біз кездесулерді, туған күндерді, маңызды тапсырмаларды және соған ұқсас мәселелерді оңай есте қалдыру үшін қолданамыз. Фоер мысалында көрсетілгендей, мнемониканың маңызы өте жарқын визуалды образдарды құру болып табылады. Сіз нақтылайтын бөлшектерді анағұрлым көбірек қолданған сайын және әрекетіңіз мейлінше қисынсыз және креативті болған сайын, Сіздің табысқа жету жолындағы мүмкіндігіңіз де ұлғая түседі.

Алып шығу тәжірибесі

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, білетін ақпаратыңызды бірнеше қайтара тексеру есте сақтаудың сапасын едәуір жақсартады. Жады мәселесіндегі ұлы зерттеуші Эндель Тулвинг «алып шығу тәжірибесі» деп аталатын тәсілдің артықшылықтары туралы білгендердің алғашқыларына жатады. Бірқатар эксперименттерге қатысушылар үш жағдайда сөздер тізімін жаттады: стандартты (жаттау, тест, жаттау, тест), қайта жаттау (жаттау, жаттау, жаттау, тест) және қайта тестілеу (жаттау, тест, тест, тест). Қайта жаттау тобына қайта тестілеу тобына қарағанда сөздермен жұмыс істеуге үш есе көп уақыт берілді. Егер үйрену тек қана жаттау үдерісінде болса, онда олар сөздерді жақсы есте сақтайды деп күтіледі. Бірақ Тулвинг таңдалынған жаттау тәсіліне қарамастан, барлық топтардың нәтижелері бірдей екендігін байқады. Десек те, нақтылап оқу стратегиясы қолданылса да, қайта оқуға қарағанда қайта тестілеу жақсы нәтиже беруі мүмкін.

Күнделікті сабақтарда тестілерді пайдалану үшін ғалымдар тестілеудің маңызын атап көрсетуге ұмтылған. Америкалық психологтар Джефф Карпике және Роди Редигер шетел тілдерін оқудың ең тиімді тәсілін зерттеген. Олар оқу барысындағы қайта тестілеу бір аптадан кейін өткізілген емтиханда лексиканы 80%-ға дейін есте сақтауға және оны қайталап айтып беруге алып келгендігін, ал тілді оқу жөніндегі нұсқаулықтарда пайдаланылатын дәстүрлі

стратегиялар есте сақтаудың 30%-ға төмендеуін көрсеткендігін анықтады. Зерттеушілер қатысушылардан өздерінің жетістіктерін болжауды сұраған кезде, соңғылар бұл әдіс оларға соншалықты басымдық береді деп ойламаған.

Аталған факті студенттердің емтиханға даярланатын кезінде өзін-өзі тексеруді сирек қолданатынын көрсеткен өзге зерттеулермен сәйкес келеді. Өзін-өзі тексеру пайдаланылған жағдайда көбінесе ол материалдың ұзақ уақытқа сақталуын жетілдіру үшін емес, білім көлемін бағалау үшін қолданылады. Мүмкін, қайта тексеруге қарағанда қайта оқуға қойылатын талаптар жеңіл болуы екінші әдістің жиі таңдалуына себеп болатын шығар. Алайда, зерттеу нәтижелері білім беру барысында қайтадан «алып шығу» тәжірибесі арқылы оқыту тәрізді белсенді әдістерге негіздей оқыту толымды нәтиже беретіндігін көрсетіп отыр (Simons, 2012).

Түйіндеме. Білім берумен тығыз байланысты салаларда танымдық нейроғылым қарқынды дамуда. Алайда, қазіргі заманғы ғылым мен оны сабақта тікелей қолдану арасында іргесі ажыраған «құз-шыңырау» бар. Көптеген ғалымдар бұл аралықтағы бос кеңістікті жою әлі ерте деп дау тудыруы мүмкін. Бұған қарамастан Кембридж университетінің Госвами және Саймонс сияқты зерттеушілері «құз жиектерін жалғастыратын көпір тұрғызу» үшін әрекет етуде.

Оқудың ынталандырушы және аффекттік теориялары

Өткен ғасырдың 70–80-жылдарында оқу туралы көптеген теориялық зерттеулер гуманистік психологияға негізделген болатын, әрі адамның өсу әлеуетін «мен» тұжырымдамасына баса назар аудара отырып қарастырған. Түсінуді дамытуда жеке еркіндік, таңдау, ынта және сезімдердің мәні де зор екендігі туралы пікір осыған түрткі болған факторлардың бірі болып танылды. Ынтаның иерархиялық моделін әзірлеген танымал ғалым Авраам Маслоу болды (1968). Төменгі деңгейге ол физиологиялық қажеттіліктерді орналастырса, жоғары деңгейге – өзін-өзі көрсете, таныта білуді қойды (8-сурет).

Маслоудің қажеттіліктер иерархиясы
(5 сатылы түпнұсқалық үлгі)



8-сурет. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы

Маслоу төмен деңгейдегі қажеттіліктер қанағаттандырылған жағдайда ғана келесі деңгейге көшуге болады деп сендірген, себебі төмендегі деңгейде ынта анағұрлым күшті болады. Оның кейбір оппоненттері бұл иерархиямен келіспейді, олар адамдар кейбір баспалдақтарды орындамай-ақ, өз ойын іске асыра алады дегенді алға тартады. Соған қарамастан Маслоу деңгейлерді төмендегідей етіп орналастырып, пайдалы талдау құралын жасап шығарды:

1-деңгей: *Аштық, шөлдеу, жыныстық құмарлық, ұйқы, демалу және физикалық тәуелсіздік сияқты физиологиялық қажеттіліктер келесі деңгейге ауыспай тұрып қанағаттандырылуы керек.*

2-деңгей: *Қауіпсіздікке деген қажеттілік болашағы болжанған және бірізділікке негізделген өмір болуын көздейді. Егер де олар қанағаттандырылмаса, адамдар өз әлемін қорғап, жоғары деңгейлі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бар күшін жұмсайды. Ал қанағаттандырылса, адамдар үшінші деңгейге ауыса алады.*

3-деңгей: *Махаббатқа деген қажеттілік және біреуге қажет екеніңді сезіну адамдарды жылулық және жолдастық қарым-қатынастарға жетелейді.*

4-деңгей: *Құрмет көрсетілуін қажетсіну жігер-күшке, жетістіктер мен шеберлік, құзыреттілікке ие болу ниетіне жол ашады. Бұған сенім, тәуелсіздік, абырой және мәртебені де жатқызуға болады.*

5-деңгей: *Өзін-өзі таныта білу – дарын, қабілеті мен әлеуетін толық көрсете білу.*

Маслоу оқуды өзін-өзі көрсетудің бір жолы ретінде қарастыруға болады деп ойлайды. Өзін-өзі көрсету басты мақсат болғанымен, басқа сатылармен байланысты мақсаттар да басымдыққа ие бола алады. Бұған жұмысты аяқтағаннан алатын рахат сезімі мен импульстарды бақылауды жатқызуға болады.

Карл Роджерс «мен» тұжырымдамасын және жеке тұлғамен, оның тәжірибесімен қарым-қатынас жасау маңыздылығын дамытты, сондай-ақ білім беру қисын мен интуиция, зияткерлік пен сезімді қамтиды деген идеяны өрбітті. Оның ойынша, елеулі немесе тәжірибеге негізделген оқудың сипаттамасы төмендегідей:

- *«Оқу барысында жүретін сезіну және тану аспектілерінің екеуінде де адамның жеке өзінің араласуын көздейді.*
- *Өз бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Түрткі немесе стимул сырттан жасалған күннің өзінде де, жетістікке жету, оны түйсіну және түсіну сезімі іштен шығады.*
- *Ол ауқымды, сонымен бірге оқушының жүріс-тұрысы, қарым-қатынасы, тіпті жеке тұлғасындағы ерекшеліктерді анықтайды.*
- *Оны өз қажеттіліктеріне жауап бере ме, қалаған білімін алуға жетелей ме, өзі білмейтін салаларды анықтай ма деген сияқты аспектілерді қарастыра отырып оқушылар бағалайды. Бағалау негізі оқушының өзіндік пайымдарына негізделеді.*
- *Оның мәні – мағынасында. Мұндай оқу орын алған жағдайда оқушы үшін оқудың мағынасы жалпы тәжірибе ретінде түзіледі» (Rogers, 1983).*

Қорытынды: «Мен» тұжырымдамасы өмірдің нақты кезеңдерінде дауды шешуге және шынайы әлем жағдайында шеберлікке ұмтылатын құзыреттіліктің белсенді компоненті ретінде қабылданады. Сондай-ақ, әлеуметтік жағдайлар мен институционалдық құралдар аясында өткен және ағымдағы тәжірибесінің тұлғаға әсерінің салдарынан қалыптасқан әлеуметтік өнім ретінде қарастырылады.

Демек, «мен» тұжырымдамасы бізді алға жылжытатын және біздің мінез-құлықтарды бағыттайтын, өзін-өзі өзгертуге жетелейтін әлеуметтік стимул болып табылған әртүрлі жеке сипаттамалары бар барлық танымдық және аффекттік компоненттердің үйлесуі болып табылады (9-сурет).

**Өзіндік “Мен” тұжырымдамасы
төмендегілердің үйлесімінен тұрады**



9-сурет. «Мен» тұжырымдамасының компоненттері

Біздің өзімізді бақылап, бағалауымыз, соның нәтижесінде өзіміз жөнінде қорытынды шығаруымызға байланысты «мен» тұжырымдамасын қорғап және қолдап тұратын екі маңызды мотив бар, олар өзін-өзі сыйлау және өзін-өзі бақылау.

Өзін-өзі сыйлау «мен» тұжырымдамасының бағалау және эмоциялық параметрлеріне жатады. Ол екі компоненттен тұрады – жеке тұлғаның пікірінше оның қаншалықты қабылданғанын және бағаланғанын анықтайтын *құндылық компоненті* және жеке тұлға өзін нақты рөлде қабілетті және құзырлымын деп санайтындығын анықтайтын *тиімділік компоненті* (Bandura, 2001).

Бандура өзіндік тиімділікті қалыптастыруға ықпал ететін 4 факторды атап көрсетеді (10-сурет):

1. Тәжірибе – Қол жеткізілген нәтиже

«Игеру тәжірибесі» – жеке тұлғаның өзіндік тиімділігін анықтайтын ең маңызды фактор. Қол жеткізілген жетістік өзіндік тиімділікті арттырады, ал сәтсіздік оны төмендетеді.

«Балаларды бос мақтаумен және жалған мадақтаумен алдауға болмайды. Олар өзін сыйлаудың шынайы көріністерінің орнына, жасанды түрде көрсетілген қолдауды қабылдай беретіні – шындық. Бірақ мен адамның өзіне деген құрметінің өсуі деп атайтын құбылыс шын мәнінде орындалған жұмыс, яғни қоғам үшін маңызы бар жетістік мойындалған жағдайда ғана өз күшіне енетінін ескеру керек».

2. Модельдеу – «Жанама тәжірибе»

«Олардың қолынан келген нәрсе менің де қолымнан келеді» деу – өзін басқа біреумен салыстыру. Қандай да бір салада табысқа жеткен біреуді көрсе, адамдардың өзіндік тиімділігі арта түседі, ал керісінше басқа адамның сәтсіздігін көргенде өзіндік тиімділік деңгейі төмендейді. Егер де адам өзінің моделіне өзінің сәйкес келетіндігін көрсе, бұл үдеріс нәтижелірек болмақ. Егер де ұқсас қабілеттерге ие деп саналатын жолдасы қандай да бір жетістікке жетсе, бұл байқаушының өзіндік тиімділігін арттырады. Оның үстіне модельдеу тәжірибе сияқты әсерлі болмаса да, адам өзіне сенімсіз болған жағдайда күшті ықпал етеді.


3. Адамдардың пікірлері

Адамдар көтермелеп/құптамай пікір білдіреді. Олардың ықпалы күшті болуы мүмкін: көптеген адамдар бір кездері өздеріне айтылған сөздердің олардың өз-өзіне деген сеніміне

әсер еткенін естерінде ұзақ сақтайды. Әрине, жағымды пікірлер өзіндік тиімділігін арттырса, ал жағымсыз пікірлер оны әлсірете түспек. Демек, біреудің өзіндік тиімділігін жоғарылатудан төмендету әлдеқайда жеңіл.

4. Физиологиялық факторлар

Ерекше ауыр стресс жағдайларында адамдарда сырқаттану нышандары: қалтырау, ауырсыну, шаршау, қорқыныш, лоқсу және тағы басқа белгілер пайда болады. Адамның мұндай реакцияларды қабылдауы оның өзіндік тиімділігінің деңгейіне едәуір әсер етеді. Егер адам халық алдында сөз сөйлерде қобалжыса, осы уақытта оның өзіндік тиімділігі төмен болса, ол мұны өзінің қабілетсіздігімен байланыстырады, бұл өзіндік тиімділігін одан әрі төмендетеді. Ал өзіндік тиімділігі жоғары адам мұндай жағдайда аталған физиологиялық құбылыстарды қалыпты деп қабылдап, оның қабілеттерімен байланысы жоқ деп қорытындылайды. Осылайша, адамның өзіндік тиімділік деңгейі оның физиологиялық реакция салдарына деген сенімін өзгертеді.



10-сурет. Өзіндік тиімділік туралы ақпарат көздері

Өзін-өзі бақылау

Өзін-өзі бақылау немесе өзіндік «мен»-іне қолдау көрсетіп, нығайту үшін кері байланыс орнату басқа адамдар не дейтінін жорамалдау арқылы реттілікті орнату қажеттігінен туындайды. Дәл өзін-өзі бақылау арқылы индивидтер өздеріне қатысты шынайы түсінік негіздерін қарастырады және жүйелейді. Дегенмен, олар өзгерістер мен қиындықтарға төзімді болуы мүмкін.

Атрибуция теориясына сәйкес, индивидтердің табысқа қол жеткізуі немесе сәтсіздіктерден қашуы олардың өз жетістіктерін түсіндіруіне байланысты болады.

Гуманистік психология адамдарға және олардың өз тағдырын бақылау қабілетіне оң көзбен қарайды, жеке тұлға дамуындағы шексіз болып көрінетін мүмкіндіктер сыныптағы оқушылар туралы мұғалімдердің пікіріне әсерін тигізеді.

Оқудың әлеуметтік-мәдени теориясы

Әлеуметтік-мәдени теория жеке тұлғаның дамуына қоғамның қосатын үлесінің маңызын қарастырады. Бұл теория дамып келе жатқан адамдар мен өздері тұрып жатқан мәдениет арасындағы өзара қарым-қатынастың маңызын атап өтті. Әлеуметтік-мәдени теорияның негізінде психолог Лев Выготскийдің жұмысы жатыр, оның пікірі бойынша, ата-ана, тәрбиешілер, құрдастар және мәдениет жоғары сатылы функциялардың дамуы үшін жауапты болады.




Выготскийдің айтуына қарағанда, «Баланың мәдени дамуындағы кез келген қызмет екі түрлі келбетте сахнаға екі мәрте шығады: біріншісі – әлеуметтік, содан соң – психологиялық, әуелі *интерпсихикалық* санат ретінде адамдар арасында, содан кейін *интрапсихикалық* санат ретінде баланың жан-дүниесінде көрініс табады». Бұны осы дәрежеде ерікті зейінге, логикалық жадыға және түсініктердің қалыптасуына қолдануға болады. Әлеуметтік-мәдени теория үлкендер мен құрдастардың индивидтің оқуына ықпал етуіне ғана емес, сондай-ақ, мәдени сенімдер мен қатынастардың оқу және тәрбие үдерістеріне қалай ықпал ететініне көңіл аударады.

Жақын арадағы даму аймағы

Әлеуметтік-мәдени теориядағы маңызды ұғым – *жақын арадағы даму аймағы*. Выготскийдің айтуы бойынша, жақын арадағы даму аймағы (ЖАДА) – оқушының өз бетінше шешкен міндеттердің көмегімен анықталған өзекті даму деңгейі мен үлкендердің басшылығымен және анағұрлым қабілетті жолдастарымен бірігіп шешілген міндеттер арқылы анықталатын болжамды даму деңгейі арасындағы қашықтық. Негізінде, бұл түсінік адам өз бетінше игере немесе көрсете алмайтын, бірақ біреудің көмегімен үйренуге болатын барлық білімдер мен дағдыларды қамтиды.

Выготскийдің пікірінше, оқушылар нақты мақсаттарды көздеген, көбірек білетін жандармен әлеуметтік қарым-қатынас нәтижесінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытады. Оқушының аса епті және хабары мол адаммен интербелсенді вербалды алмасу нәтижесінде біртіндеп сыртқы, әлеуметтік-жанама диалог орнатуы, күнделікті міндеттерді шешуге қатысуы әлеуметтік тәжірибе ретінде бала бойына сіңіп, оның өз бетінше ойлануына қатысты ішкі жеке қоры ретінде қалыптасады. Басында мұғалім міндеттерді өз бетінше және сәтті орындау үшін қажетті тілдік және танымдық құралдарды береді. Тәртіп пен тілді модельдеу, оқушыны өздері қатысатын үдерістер және рәсімдермен таныстыру арқылы мұғалім оқушының біліктілігі, сенімділігі және өз бетінше әрекет ету қабілетін дамытады. Төменде 11-суретте шыңға өрмелеушінің жартасқа шығу көрінісі ұсынылған, онда күрделі қимыл жасауға ұмтылған шыңға өрмелеушінің міндетті шешуде қолдау алғаны көрсетілген. Шыңға өрмелеуші өзінің оқу қызметінде жақын арадағы даму аймағына кіруде.



11-сурет. Жақын арадағы даму аймағы

Күнделікті мектеп тәжірибесінде бұл түсінік оқушының тапсырманы біреудің көмегімен, қолдаусыз оңай орындау қабілеті мен оқушының нақты кезеңде аса епті, білетін адамның көмегі мен басшылығынсыз орындай алмайтын тапсырма арасындағы интервал деген қарапайым атауға ие бола алады. Осы мағынада ЖАДА оқушылардың оқуын және қарым-қатынасын қолдау үшін қажетті көмек деңгейін анықтауда оқу жағдайында құнды тұжырымдамалық құрылым болып табылады.

ЖАДА бала тапсырмаларды білікті және өз бетінше орындай алатын «өзі реттейтін әрекеттер» аумағына қарама-қарсы қойылады. ЖАДА-да ересек адам өзара қарым-қатынас барысында баланың тапсырманы алдыңғы білімдер және тәжірибесімен байланыстыра арқылы оны орындауға мақсатты түрде қатысуына мүмкіндік бере отырып басшылық жасайды.

«Көпіршелер» және олардың ЖАДА-ға қатынасы

«Көпіршелер» – оқушыға ЖАДА аясында қолдау көрсетіп, біреудің көмегінсіз орындай алмайтын тапсырманы орындауға мүмкіндік беру үшін мұғалімдер ұсынатын интербелсенді мүмкіндіктерді сипаттау үшін қолданылатын метафора. Метафораға сәйкес, *көпіршелер* уақытша құрал және баланың білім-дағды, білік және өз бетінше әрекет ету мүмкіндігі дамуына қарай орнатылып, нығайтылып, бөлшектеліп немесе толығымен жойылуы мүмкін. Бастапқыда Вуд, Брунер және Росс (1976) сәбилердің тілі шыға бастаған кезеңдегі ата-ананың тәрбие беруін сипаттау үшін қолданған «көпірше» атауы метафора ретінде Выготскийдің оқу әлеуметтік дағдыларға негізделген үдеріс деген ойына негізделеді және оқудың басқа жағдайларында мұғалімнің араласуы мен қолдау көрсетуін бейнелеу үшін қолданылады (Wood, 1998).

Мерсер және Фишер (1993) ЖАДА-ның тапсырманы орындау жауапкершілігін білім алушыға жүктеу қасиетін көпіршелердің басты мақсаты деп қарайды. Көпірше деп саналу үшін оқыту мен оқуда мынадай жағдайлар болу керек:

а) оқушыларға өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға мүмкіндік беру;
ә) оқушыны тапсырманы өз бетінше орындауға мүмкіндік беретін құзыреттілікке жеткізуді мақсат ету;

б) көпіршелер тәжірибесін қолдану нәтижесінде оқушылардың өзіндік құзыреттіліктің жоғары деңгейіне қол жеткізуіне жағдай тудыру (Wells, 1999).

Аталған жағдайларды анықтауда мұғалімнің оқудың тиісті тәжірибесін құру үшін оқушының білім-дағдыларын дамытуға бағытталған оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастыққа баса назар аударылады.

Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім-оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға тартылады, осылайша, негізделген дәлелдерді келтіріп, қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болады.

Тіл – тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Негізінде, білім диалог арқылы беріледі, оқушылардың сыныптағы өзара байланыс пен келісушілікті қабылдау деңгейін білдіретін қызметтің диалогпен қалайша жанасатынына байланысты болады. Мұғаліммен және басқа оқушылармен әңгімелесу – оқушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін және түсінігін дамытатын маңызды құрал.

Александрер (2008) диалогтік оқыту оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Диалогтік оқыту Бахтин (1981), Мерсер (2005), Велс (1999) және Вуд (1998) жұмыстарында бейнеленген. Александрердің пайымдауынша, диалог арқылы мұғалімдер күнделікті ойталқыларда «салауатты» келешек мүмкіндіктерін анықтап, оқушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс жасауына және түсінбеушілікті жеңе білуіне көмектесе алады. Оқушыларға сыныпта әртүрлі кеңейтілген диалогтерге қатысуға мүмкіндік берілсе, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады. Бұл мүмкіндік олардың тілді білімді құру құралы ретінде қолданудың жаңа тәсілдерін тәжірибеден өткізуге жол ашады.

Сабақ барысындағы әлеуметтік өзара әрекеттестік оқуда маңызды рөл атқарады. «Мұғалім-оқушы» және «оқушы-оқушы» жағдайындағы қарым-қатынас түсінікті дамытып, мағынаны ашудың елеулі бөлігін құрайды.



Соңғы зерттеулер оқу қай жерде өтетініне қарамастан, жалпы белгілері болатынын дәлелдеді, атап айтқанда:

- Адамдар **ассоциациялар** арқылы, мнемоника, жаттығулар, имитация, нұсқаулық беруді пайдалана отырып, білім алады, бұл түсінік пен дағдылардың кезең-кезеңмен қалыптасуына ықпал етеді. *Ассоциациялық оқыту* нақты мәліметті жаңғырту немесе есте сақтауға жол ашады.
- Адамдар **белсенді зерттеулер** – зерделеу, эксперимент, басқалардың жетекшілігімен зерттеу, тапсырмаларды орындау, ойлау арқылы түсінік пен дағдыларды құра отырып білім алады. *Сындарлы оқыту дағдылардың ықпалдасуына және тереңірек түсінуге ықпал етеді.*
- Адамдар **диалог** әдісін қолдана отырып, мәселен, талқылау, дебат, ынтымақтастық, білімді бірлесіп құру арқылы түсінік пен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. *Әлеуметтік-сындарлы оқыту да дағдылардың ықпалдасуына және тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.*

Барлық әдістер мыналарға назар аударады:

- оқушының белсенділігі;
- қызмет бағыттарын күтілетін нәтижелерге сай жүзеге асыру;
- кері байланыстың маңыздылығы;
- шоғырлану (тәжірибе) және ықпалдасу мүмкіндігі.

Сонда мектеп мұғалімі үшін бұлардың маңызы не? Оқу теориясы мұғалімдер үшін тікелей нұсқау бермегенімен, оқу мүмкіндіктерін ұлғайту үшін оқу ортасын қалай құру туралы нақты қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік ашады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Alexander, R.J., (2008). *Towards Dialogic Teaching: rethinking classroom talk*. [Диалогтік оқыту жолында: сыныпта талқылауға арналған жаңа тәсіл]. (4th edition), Dialogos.
- Bakhtin, M. M., [1930] (1981). *The Dialogic Imagination: Four Essays*. [Диалогтік қиял: төрт эссе]. Ed. Michael Holquist. Trans. Caryl Emerson and Michael Holquist.
- Bandura, Albert., (2001). «*Social cognitive theory: An agentic perspective*». [«Әлеуметтік-когнитивтік теория: келісті болашақ»]. *Annual Review of Psychology* 52 (1): 1–26, doi:10.1146/annurev.psych.52.1.1.
- Bandura, Albert., (1997). *Self-efficacy: The exercise of control*. [Өзіндік тиімділік: бақылау жүргізу]. New York: Freeman.
- Foer, J., (2011). *Moonwalking with Einstein: the art and science of remembering everything*. [Эйнштейнмен айда серуендеу: бәрін есте сақтау өнері мен ғылымы]. New York: Penguin Press.
- Gardner, H., (2006). *Multiple intelligences: New horizons*. [Зияткерлік қырлары: жаңа көкжиектер]. New York, NY: Basic Books.
- Gardner, H., (2011 edition). *Frames of Mind: The theory of multiple intelligences*. [Ойлау шектері: көптік ақыл теориясы]. New York: Basic Books.
- Goswami U., (2006). «*Neuroscience and education: from research to practice?*». [Нейроғылым және білім: зерттеуден тәжірибеге дейін]. *Nat Rev Neurosci* 7(5):406-11
- Harris, J. R., (1998). *The nurture assumption: Why children turn out the way they do*. [Тәрбие туралы ойлар: балалар неліктен бұндай болады]. Free Press.
- Mercer, N. & Fisher, E., (1993). *How do teachers help children to learn? An analysis of teachers' interventions in computer-based activities. Learning and Instruction*. [Мұғалімдер балаларға оқуға қалай көмектеседі? Мұғалімдердің компьютерлік қызметке қатысуын талдау. Оқу және тәрбие]. 2, 339–355.

- Maslow, A., (1968). *Towards a Psychology of Being*. [Дүние психологиясы жолында]. New York: Van Nostrand.
- Mercer, N., (2005). *Sociocultural discourse analysis: analysing classroom talk as a social mode of thinking*. [Әлеуметтік-мәдени сұхбат: сыныпта талқылауды талдау – ойлаудың әлеуметтік түрі]. *Journal of Applied Linguistics*, 1, 2, 137–168.
- Noice, H., (2006). *What studies of actors and acting can tell us about memory and cognitive functioning*. *Current Directions in Psychological Science*. [Актерлер мен актерлік ойын туралы қандай зерттеулер бізге жады және когнитивті функциялар туралы айта алады]. 15 (1).
- Piaget, J., (1977). *The Role of Action in the Development of Thinking*. [Ойлауды дамытудағы қызметтің рөлі]. In W.F. Overton & J.M Gallagher (Eds.), *Advances in Research and Theory*. New York: Plenum Press.
- Ridley, M., (2004). *Nature via Nurture: Genes, Experience, and What Makes Us Human*. [Табиғат немесе тәрбие: ген, тәжірибе және бізді адам ететін не]. <http://www.rationaloptimist.com/>
- Roediger, HL & Karpicke, JD., (2006). *Test-enhanced learning – Taking memory tests improves longterm retention*. *Psychology Science*. [Тестілеу арқылы оқыту – Жаттауға тестілеу өткізу ұзақ мерзімді жадыны жақсартады. Психология ғылымы]. 17 (3) 249–255.
- Rogers, C.R., (1983). *Freedom to learn for the 80s*. [80-жылдардағы оқу еркіндігі]. Columbus, OH: Charles Merrill.
- Rogers, C. and Freiberg, H. J., (1993). *Freedom to Learn*. [Оқу бостандығы]. (3rd edn.), New York: Merrill.
- Simons, J., (2011). <http://www.neuroscience.cam.ac.uk/directory/profile.php?jss30>
- Sternberg, R.J., (1985). *Beyond IQ: A Triarchic Theory of Intelligence*. [IQ сыртында: Зияткерліктің үштік теориясы]. Cambridge: Cambridge University Press.
- Sternberg, R.J., (1997). *A Triarchic View of Giftedness: Theory and Practice*. [Дарындылыққа үштік көзқарас: теория және тәжірибе]. In N. Coleangelo & G. A. Davis (Eds.), *Handbook of Gifted*. [Дарындыларға арналған оқу жөніндегі нұсқаулық] *Education* (pp. 43–53). Boston, MA: Allyn and Bacon.
- Sternberg, R. J., (2007). *Wisdom, Intelligence, and Creativity Synthesized*. [Синтезделген даналық, зият және шығармашылық]. New York: Cambridge University Press.
- Tulving, E., (1972). *Episodic and semantic memory*. [Эпизодтық және семантикалық жады]. In E. Tulving and W. Donaldson (Eds.). *Organization of Memory*. [Жадыны ұйымдастыру]. (pp. 381–402). New York: Academic Press.
- Tulving, E., (2002). *Episodic memory: From mind to brain*. [Эпизодтық жады: ойлаудан миға қарай]. *Annual Review of Psychology*, 53, 1–25.
- Vygotsky, L.S., (1978). *Mind in Society*. [Қоғамдағы сана]. (Cambridge, MA, Harvard University Press).
- Wells, G., (1999). *Dialogic Inquiries in education: Building on the legacy of Vygotsky*. [Оқытудағы диалогтік зерттеулер: Выготский мұрасына сүйеніп]. Cambridge University Press.
- Wood, D., Bruner, J.S., & Ross, G., (1976). *The role of tutoring in problem solving*. [Міндеттерді шешудегі тәлімгерлік рөлі]. *Journal of Psychology and Psychiatry*. 17.
- Wood, D., (1998). *How Children Think and Learn*. [Балалар қалай ойлайды және қалай оқиды?] 2nd edition. Oxford: Blackwell Publishers Ltd.

Сын тұрғысынан ойлауға үйрету

«Сын тұрғысынан ойлау» деген сөз тіркесінде қолданылатын «сын тұрғысынан» деген термин ойдың мәселені немесе проблеманы шешу үдерісіне шоғырлануын білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда *сын* сөзі «мақұлдамау» немесе «теріске шығару» дегенді білдірмейді. Сын тұрғысынан ойлау пайымдау, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұны ойластырылған әрі рефлексиялық тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады.




Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Мұғалімдер педагогикалық білімі бар және қосымша оқып, өз біліктілігін арттырушы субъектілер болғандықтан, оларда бұл дағдылар дамыған және іс-тәжірибеде қолданылады деп болжанады.

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Тарихи шолу

Сын тұрғысынан ойлаудың тамырын сонау соқраттық дәстүрге дейінгі 2500 жыл бұрынғы дәуірден көруге болады, сол кездің өзінде беделді негізде алынған білімді тексеру үшін жетекші сұрақтарды пайдалану қалыптасқан: олар тиімділік, нақтылық пен логикалық сабақтастықтың талаптарына жауап бере ала ма деген сауалды ортаға тастайды. Қазіргі әлемде сын тұрғысынан ойлау қазіргі заманғы жұмыс күшінің ойлау дағдыларынан күтілетін үміт пен оған қойылатын талаптарды қанағаттандыру деңгейін анықтау құралы ретінде қаралады. XX ғасырда осы проблеманы Франкфурт сыни әлеуметтік теория мектебі қарастырды.



12-сурет. Джон Дьюи

Джон Дьюи (*12-сурет*) білім беру саласында осындай зерттеуді бастаған алғашқылардың бірі болды, ол білім бағдарламасының оқушылардың ойлау дағдысын қалыптастыруға бағытталуы тек оқушылар үшін ғана емес, қоғам үшін және барлық демократиялық құрылыс үшін тиімді болатынын мойындады. Эдвард Глейзер (1941) сын тұрғысынан ойлау қабілеттілігі үш элементтен тұратындығын болжап берді:

1. Проблемалар мен мәселелерді шешу кезінде өз тәжірибесін қалыптастыруға ықпал ететін ойлау үдерісін жүзеге асыру.
2. Логикалық зерттеу мен пайымдау әдістерін білу.
3. Осы әдістерді қолданудағы тәжірибелік дағдылар.

Балалар мен ересектердің сын тұрғысынан ойлауын дамытуға, проблемаларды зерделеу және шешімдерді жекелей немесе топтарда қабылдауға бағытталған заманауи білім беру бағдарламасы аталған үш негізгі элементке сүйенеді.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларының негізгі тізбесіне қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, метатану кіреді.

Сарапшылардың пікірінше, сын тұрғысынан ойлау проблемаларымен белсенді айналысатын адамдар мен топтар:

- қадағалау жолымен алынған деректерге;
- мәнмәтінге;
- барабар шешім қабылдауға арналған тиісті критерийлерге;
- ой-пікір, пайымды қалыптастыру үшін қолданылатын әдістерге;
- алдағы проблемалар мен мәселелерді түсіну үшін қолданылатын теориялық құрылғыларға тиісті көңіл бөледі.

Сын тұрғысынан ойлау дағдысы мынадай бөлшектерден құрылады:

- проблемаларды анықтап, оларды шешудің шынайы құралдарын айқындау;
- проблемаларды шешудегі басымдықтардың, иерархияның және кезектіліктің маңызын түсіну;
- тиісті ақпаратты жинау;
- белгіленбеген жорамал мен құндылықтарды мойындау;
- тілді түсіну және нақты, анық және түйсіне қолдану;
- дәлелдер мен дәйектерді бағалау, деректерді интерпретациялау;
- тұжырымдар арасындағы логикалық байланыстардың болуын (немесе болмауын) белгілеу;
- шынайы қорытындылар мен шолу жасау;
- жасалған қорытындылар мен шолуларды сараптау;
- алынған тәжірибенің негізінде ұстаным модельдерін түзету;
- күнделікті шынайы өмір тұрғысынан нақты нәрсе (құбылыстар мен т.б.) туралы бара-бар пікір қалыптастыру.

Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау үдерісі:

- тиісті ақпарат жинауды;
- дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды;
- кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар;
- ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды.

Оқыту мен оқудағы сын тұрғысынан ойлау сияқты күрделі міндеттермен қатар, бұл үдеріс анықталмаған болжамдар мен құндылықтарды, проблемаларды мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, түрлі міндеттерді шешуде басымдықтарды белгілеудің маңызын түсінуді қамтиды.

Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырумен қатар, оқушы немесе мұғалім оларды тәжірибелік жағынан пайдалануға дайын болуы тиіс. Глейзер (1941) сын тұрғысынан ойлау «оған белгілі бір қорытындыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін дәлелдер тұрғысынан кез келген ұстанымды немесе болжанатын білім нысанын зерделеу үшін табанды күш жұмсауды» қамтиды деп пайымдайды. Сын тұрғысынан ойлау – *өз ойын бағалау ниетінің* болуы және *оны істей білу*, ол кез келген субъект үшін қалыпты болып табылатын шыншыл, ашық, дәйекті, талдау жасауға қабілетті, білімқұмар, өзі мен өзгенің пікіріне сеніммен қарайтын және шешім қабылдауда парасатты болу ниетін дамытуды көздейді. Сын тұрғысынан ойлаудың осы қағидаттарын ұстанбайтын немесе қарсы пікірді ұстанатын, яғни зияткерлік жағынан тәкаппар, теріс ойлағыш, шыдамсыз, қызба, тәртібі нашар, жалқау, әрекеттің салдары туралы ойламайтын, жаңа ақпараттарға немқұрайды қарайтын, басқаның пікіріне сенбейтін адамдар сын тұрғысынан ойлау дағдыларын пайдалану кезінде тығырыққа тірелуі мүмкін. Дұрыс қорытындының маңызын мойындай алмау өзін-өзі алдау мен жекелей де, ұжымдық та жабық ойлауға әкелуі ықтимал.

Блум таксономиясы

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады (13-сурет). Бұл жұмыстың мақсаты үш бағыт бойынша: танымдық, эмоционалдық және психомоторлық жағынан оқушыларды оқыту мақсаттарының тізімін жасау болатын. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру мақсатында педагогтерді өздерінің күші мен назарын барлық үш салаға бірдей аударуға ынталандыру.



13-сурет. Блум таксономиясы

Танымдық саладағы дағдылар белгілі бір тақырыпты білу, түсіну пен сыни ойлау тұрғысынан қаралады. Дәстүрлі білім беру негізінен осы дағдыларды, яғни төмен тәртіптегі мақсатты алға тартуға ұмтылады. Блум таксономиясы, жоғарыдағы суретте көрсетілгендей, ең төменгі үдерістерден жоғарыға қарай кезең-кезеңмен қозғалуды көздейтін алты кезеңді қамтиды.

Білу

Фактілерді, жағдайларды, негізгі тұжырымдамалар мен жауаптарды көрсету арқылы өткен материалдардың есте сақталғанын растау:

- Арнайы сипаттамаларды білу (терминология, нақты фактілер мен т.б.).
- Жалпылайтын сипаттамаларды білу: конвенциялар, үрдістер мен сабақтастық, жіктелімдер мен санаттар, критерийлер, әдістемелер және т.б.
- Тиісті саладағы әмбебап нәрселер және абстрактілерді білу – қағидаттар мен жалпылаулар, теориялар мен құрылымдар және т.б.

Сұрақ қойылу үлгісі: *Алманы пайдаланудан денсаулық үшін қандай пайда бар?*

Түсіну

Негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілер мен идеяларды түсінетіндігін көрсету:

- Аударма жасау;
- Интерпретация;
- Экстраполяция.

Сұрақ қойылу үлгісі: *Алма мен апельсинді пайдаланудың денсаулыққа пайдасын салыстырыңыз.*

Қолдану

Жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалану.

Сұрақ қойылу үлгісі: *Бәліш пісіру үшін алманың қандай түрі жарамды, неге?*

Талдау

Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтау:

- Элементтерді талдау;
- Қарым-қатынасты талдау;
- Ұйымдастыру қағидаттарын талдау.

Сұрақ қойылу үлгісі: *Алмамен тамақ дайындаудың төрт тәсілін сипаттаңыз және олардың қайсысы денсаулыққа анағұрлым пайдалы екенін түсіндіріңіз. Сіздің сөздеріңізді айғақтауға арналған сілтемелер беріңіз.*

Жинақтау

Жаңа үлгіде әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпаратты жүйелеу немесе балама шешім ұсыну:

- Ерекше байланыс орнату;
- Жоспар әзірлеу немесе ұсынылатын операциялар жиынтығы;
- Абстарктілі қатынастардың жиынтығы негізіндегі қорытындылар.

Сұрақ қойылу үлгісі: *Алма бәлішінің «пайдасыз» рецептісіне өзіңіздің қалауыңызша басқа заттарды қосып, бір «пайдалы» рецепт жасаңыз. Өзіңіз таңдап алған заттардың алғашқысынан пайдалырақ екенін дәлелдеңіз.*

Бағалау

Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау, бірқатар критерийлердің негізінде идеяларды негіздеу және жұмыс сапасын бағалау:

- Ішкі дәлелдемелер тұрғысынан жасалған қорытынды;
- Сыртқы критерийлер тұрғысынан жасалған қорытынды.

Сұрақ қойылу үлгісі: *Мектептен кейін балаларға алма бәлішін берген пайдалы деп санайсыз ба? Неге – ия немесе неге – жоқ?*

Сын тұрғысынан ойлау, ақыр соңында, ойлау үдерісінің анағұрлым жоғары деңгейімен байланыстырылатынына қарамастан, Блум таксономиясына сәйкес, аталған барлық деңгейлер сын тұрғысынан ойлау үшін қажет деп қаралады. Білімді сын тұрғысынан қолдану, талдау, жинақтау және/немесе бағалау алдында оны жинап, ұғынып алу керек.

Мұғалімдер үшін сын тұрғысынан ойлаудың маңызы

Сын тұрғысынан ойлауды, әдетте, білім берудің кейінгі кезеңдерімен – орта мектептің жоғары сыныптары мен жоғары оқу орындарында оқушылармен байланыстырады. Алайда сын тұрғысынан ойлаудың негіздерін кішкентай балалармен жұмыс барысында, қажетті дағдыларды дамыту мақсатында білім берудің ерте кезеңінен дамытуға болады. Бұл жолдағы **ең оңтайлы тәсіл** – балаларды өз тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру. Бізде балалардың қызығушылығын оятып, олардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін қолдануға болатын, әлемнің түрлі бөліктеріндегі және тарихтың түрлі кезеңдеріндегі тұрмыс салты туралы мысалдар жеткілікті.

Сын тұрғысынан ойлау мәнмәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады. Сондықтан оқушыларға бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасау керек. Мәселен, тарих немесе географияны оқытуда оқушыларды:

- суреттер, фотосуреттер, естелік жазбалары сияқты дәлелдерді жинақтау және топтастыруға;

- негізгі дереккөздерді бағалауға және оларға тиісті сұрақ қоюға;
- қорытындылар мен бастапқы тұжырымдар жасай отырып, негізгі дереккөздерді салыстыру және талқылауға;
- анағұрлым кең тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауға тартуға болады.

Жұмысты талдаудың соңғы кезеңдерінде оқушыларға мұғалімдермен пікірталасқа қатыса отырып, өздерінің бастапқы қорытындыларын талдау және қайта қарау арқылы өзінің оқу үдерісін, соның ішінде бағалау, түсіндіру және метатану үдерістерін барынша түсінуге көмек көрсеткен дұрыс.

Төменде баланың басқалардың көмегіне жүгіне отырып жасайтын қадамдары мен сыныпта жұмыс істеу кезінде қолданатын дағдылары берілген:

1. Көру арқылы немесе ауызша дәлелдерден алынған ақпаратпен *танысыңыздар*. Бұл тапсырма негізгі дереккөздерден оқу арқылы алынған ақпаратқа да, шолулар мен сауалнамадан жинақталған деректерге де, оқулық, энциклопедия немесе web-сайт сияқты қосалқы дереккөздерден жиналған ақпаратқа да қолданылуы мүмкін.
2. Дәлелдерді зерттеу құрылымын немесе дәлелге негіз етіп алынған, кешірек жасалған іс-әрекеттерді айқындайтын негізгі тармақтарды, болжамдарды немесе гипотезаларды *түсініңіз*.
3. Бұл негізгі құрамдас бөлшектердің, көру арқылы және ауызша алынған дәлелдердің қалай біріктірілгенін және бір-бірімен өзара байланысатынын *талдаңыз*.
4. Жекелеген суреттердің немесе түрлі жеке пікірлер мен естеліктердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын *салыстырыңыз және зерттеңіз*.
5. Дәлелдер мен бірқатар тұжырым құру үшін түрлі ақпарат көздерін біріктіре отырып, *жинақтаңыз*. Сіздің ойыңызды қалыптастыратын және қолдайтын түрлі ақпарат көздері арасында байланыс *орнатыңыз*.
6. Сіздің зерттеуіңізбен байланысты дәлелдердің заңдылығы мен беріктігін және дәлелдер Сіздің болжамдарыңыз бен ойларыңызды қаншалықты қолдайтынын немесе қайшылық тудыратынын *бағалаңыз*.
7. Зерттеудің негізіне алынған сұрақтардың жауаптарын түсіндіру нәтижесінде алынған біліміңізді *қолданыңыз*.
8. Жасалған қорытындыларды негіздеп, өзектілігі мен маңыздылығын *дәлелдеңіз*.

Диалог арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту

Сыныптағы қарым-қатынасты зерттеуді көздеген еңбектер белгілі бір өзара әрекеттестік үлгілері – зерттеушілік әңгіме, дәйек пен диалог – мұғалімдер мен оқушыларды мағына мен білімді игерудегі бірлескен іс-әрекетке тартуымен қатар, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттерін өрістетіп, зияткерлік қырларының дамуына ықпалын тигізетінін көрсетті. **Александрдің** (2001, 2008) **Диалогтік оқыту теориясына** сәйкес, сыныптың қолданбалы зерттеуін зерделер болсақ, ол диалектикалық және диалогтік педагогика тұрғысынан оқушылардың ой-пікірлері назарға болмашы ғана алынатын сыныптағы қарым-қатынастың дәстүрлі моделіне күмәнмен қарайды. Көзбен көру және ауызша ақпарат көздерімен тікелей қарым-қатынас жасау балаларға дәйектеу дағдыларын шынықтыруға және жеке тәсілдермен білім алуға мүмкіндік бере отырып, формалды түрде оқуды азайтады. Олар кітап арқылы оқыту сияқты дәстүрлі тәсілдерге наразылық білдіреді, сондықтан мұғалімдер білім мен зерттеу үдерістерін **басқармай, бағыттап отыру** үшін өздерінің рөлдерін қайта қарауы керек.

Балаларды диалог пен дәйектеуге, пікірталасқа тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Осылайша балаларды XXI ғасырда және кейінгі ғасырларда өмір сүруге қажетті дағдылармен және қасиеттермен қаруландыру – мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Балалар күннен күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым

кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сын тұрғысынан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамыту керек (Wolfe and Alexander, 2008).

Біз баламалы мүмкіндіктер заңдылығына және адамдардың тәжірибесіне сүйене отырып, қазіргі білім жиынтықтары мен ойлау нормаларын үйрету арасындағы шиеленіскен қатынастарды реттеу тәсілдерін қарастыруымыз керек.

Қолдануға болатын әдістер ретінде «Зерттеушілік әңгіме» немесе «дәйектеу» және «диалогтік оқыту» мен «қолдау» көрсетілген. Александер тәжірибеде зерттелген **білімді игерудің бес үлгісін** анықтады:

- **механикалық есте сақтау** (үнемі қайталап отыру арқылы фактілерді, ойларды және күнделікті іс-әрекеттерді жаттау);
- **декламация** (тестілеу үшін дайындалған сұрақтарды пайдалану; бұрын өткендерді еске түсіруге ынталандыру; оқушыларға жауап туралы ойлауға түрткі болу үшін ишара жасау арқылы білім мен түсінігін толықтыру);
- **нұсқаулық/баяндау** (оқушыға не істеу керектігін түсіндіру немесе ақпаратты жеткізу, фактілерді, қағидаттар мен рәсімдерді түсіндіру);
- **талқылау** (ақпаратты тарату және мәселелерді шешу мақсатында ой бөлісу);
- **диалог** (қателік пен тәуекелдерді азайтып, таңдауды қысқартуға, түсініктер мен қағидаттарды «жеткізуді» тездетуге ықпал ететін құрылымдалған, кумулятивтік әңгіме мен пікірталас арқылы өзара түсіністікке қол жеткізу) (Alexander, 2001, 2008).

Әңгіменің сапасы мен мазмұны балалардың оқуы үшін аса маңызды

36

Пікірталас пен диалог өзінің танымдық әлеуетімен ерекшеленеді. Диалог барысында балаларға баламалы мүмкіндіктер беріліп, басқа адамның көзқарасын өзінің тұжырымдамалық түсінігін тереңдетіп, дамуын ынталандыратын әдістермен қарастыру ұсынылады. Бұл – мұғалімдердің көпшілігінің түсінігі бойынша, диалог пен ауызекі немесе «интерактивті» оқытудың арасындағы айырмашылықты логикалық және ұтымды дәлел ретінде қолданатын «диалектика» элементі (Wolfe and Alexander, 2008).

Дәлелдемеге идея мен мүмкіндіктерді алға жылжыту және келісу деген анықтама берілген. Оқушылар өздерінің құрдастарымен, сарапшылармен диалог жүргізу барысында тәжірибе жинақтап және ой әрекетінің жоғары деңгейіне көтерілуге талпына отырып, баламалы мүмкіндіктер туралы сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жүргізуге қабілетті бола түседі. Түсінуді басты назарға ала отырып ынтымақтастықпен оқу немесе мәселені шешу үдерісі оқушылардың тиімді дәлелдерді жүйелеу қабілеттерін жоғарылатады.

Сұрақ туындаған жағдайда, мұғалімдердің ақпарат көзі болуы міндетті емес, оқушылар мен мұғалімдер бірлесіп интернет көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізе алады, мұғалімдер оқушыларға табылған ақпараттардан қажеттілерін таңдап, баға беріп, іздеудің тәсілдері туралы сын тұрғысынан ойлауға көмектесе алады. Диалогтік педагогика – балалар мен мұғалімдердің жаңалық ашу мен оқуда өзара қарым-қатынас орнатуы.

Мерсер сыныпта талқылау кезінде өз сөзін **дәйектеудің үш түрін** анықтады, олар:

- **әңгіме-дебат**, оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды;
- **кумулятивтік әңгіме**, мұнда оқушылар бір-бірінің үлесін сынамайды және сындарлылыққа негізделеді;
- **зерттеушілік әңгіме**, ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сын тұрғысынан ойлау арқылы жалғасады (Mercer, 2000).

Мұғалім диалог жүргізудің ережелері туралы келісімді нақтылап, сыныпта диалогтің үлгісін құруы керек, оқушылар бір-бірімен жаңа және ең тиімді тәсілді іздестіре және мағына құрудың бірлескен тәсілдерімен әрекет ете отырып жұмыс істеуі керек. Ол үшін оқушылардың

ерекшелігі мен қызығушылығын түсініп, олардың қарым-қатынастары мен эмоцияларына көңіл аудару қажет.

Оқушылардың істегендері мен айтқандарын тыңдап, талдай отырып, оларға жауап берген кезде мұғалімдер оқушыларға білім алуда тиімді қолдау көрсету мүмкіндігіне ие болады. «Оқыту бағалау ретінде» деген ұғым мен қалыптастырушы бағалау қағидаты білім алып қана қоймай, білімді түзетін әдістерге қатысу арқылы оқу дегенді білдіреді.

Бұл идеялар оқушыларды оқыту мен оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қарастыратын сындарлылық құрылымына сай. Адамдардың қай тұрғыдан алғанда да бір-біріне икемделуі құрмет пен сенімге негізделген. Диалогтік оқыту **ұжымдық** (мұғалім мен бала бірігіп тапсырманы орындайды) және **өзара білім алмасуға жағдай туғызатын** (мұғалімдер мен балалар бір-бірін тыңдап, идеялармен бөліседі және балама көзқарастарды қарастырады) және **қолдаушы** (балалар қате жауап бергені үшін қорықпай, өз идеяларын еркін жеткізіп, бір-біріне өзара түсіністікке жетулеріне көмектеседі) болып табылады.

Мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауы

Қазақстандағы кәсіби дамудың жаңа бағдарламасына сай сын тұрғысынан ойлайтын мұғалімдер балалардың сын тұрғысынан ойлауына қатысты жоғарыда айтылған құрылым мен үдерістерге сүйенуі мүмкін. Бірақ, ең алдымен, біз рефлексиялық оқыту ұғымын саралап, білім беру бағдарламасындағы сын тұрғысынан ойлауға деген қажеттілікті ескеруіміз керек.

Сын тұрғысынан ойлау әдісі негізделген дәлелдер мен мәнмәтіндерді, тұжырымдар мен әдістер және критерийлерді қолдана білетін, нысаналы, өзін реттей алатын ой үдерісі ретінде бейнеленіп отыр. Балалардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға байланысты, атап айтқанда: тыңдау мен зерттеу арқылы оқу, мәнмәтінге көңіл бөліп, шешім қабылдау үшін тиісті өлшемдерді қолдана білу сияқты дағдылармен қоса, мұғалімдер:

- білім беру бағдарламасы мен оқыту үдерісін түсіну үшін қажетті теориялық базаны;
- қорытынды мен тұжырымдарды қалыптастырудың тиісті әдістері мен технологияларын дамыту керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Alexander, R. J. (2001). *Culture and Pedagogy: International comparisons in primary education* [Мәдениет және педагогика: бастауыш білім берудегі халықаралық салыстыру]. Oxford: Blackwell Publishers.
- Alexander, R. J. (2008). *Towards Dialogic Teaching. Rethinking classroom talk (4th ed.)* [Диалогтік оқыту. Сыныптағы әңгімені қайта қарау (4-басылым)]. York: Dialogos.
- Glaser, E. M. (1941). *An Experiment in the Development of Critical Thinking* [Сын тұрғысынан ойлауды дамыту эксперименті]. New York: Bureau of Publications, Teachers College, Columbia University.
- Wolfe, S., & Alexander, R. J. (2008). *Argumentation and dialogic teaching: alternative pedagogies for a changing world* [Дәлелдеме және диалогтік оқыту: өзгермелі әлемдегі баламалы педагогика]. Available at http://www.beyondcurrenthorizons.org.uk/wpcontent/uploads/ch3_final_wolfealexander_argumentationalternativepedagogies_20081218.pdf Accessed February 19, 2012.

Дарынды және талантты балаларды оқыту

Кіріспе

Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл - ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе. Әртүрлі теориялар мен стратегиялар балаларды оқытудың мазмұнын анықтау үшін тиісті бағдарлама шеңберінде қолданылады. Тәжірибеге жасалған талдау оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда мектеп бүкіл оқушылар үшін мектеп стандартын күрделендіре отырып, бастауыш буын деңгейінде «жалпымектептік саясатты» және орта буын деңгейінде «кеңейтілген» мектеп тәсілін құрған жағдайда анағұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатынын көрсетті.

Тарихи шолу

Соңғы отыз жылда «дарынды» және «талантты» деген ұғымдар басқаша түсініліп жүр. Бұл өзгерістерге 1972 жылы Құрама Штаттардың Білім басқармаларына ұсынылған Marland есебі түрткі болды. Аталған есеп АҚШ-тағы дарынды және талантты балалармен жұмыс істеу жеткілікті қамтамасыз етілмегендігін көрсетті. Есепті қорытындылай келе, АҚШ-тағы дарынды және талантты балалар «жоғала бастағаны», сондықтан олар қалыпты жұмыс істеу мүмкіндігінен мәңгіге айрылу қаупі бар екені белгілі болған, бұл осы проблеманы басқа проблемамен – мүмкіндігі шектеулі балалардың ауыр ахуалымен теңестіретін. Кейінгі зерттеулер көрсеткендей, дарынды және талантты балалар басынан кешетін көптеген эмоциялық және әлеуметтік қиындықтарды жоюға болады, ол үшін олардың деңгейі мен оқу қарқынына бейімделген әрі келісілген оқу ортасы болу қажет (Neihart et al., 2002).

38

Дарынды және талантты оқушылар ерекше қажеттіліктері бар балалар ретінде зерттелуі тиіс екендігін мойындаумен қатар, «дарынды» және «талантты» деген санаттарды анықтауда жалғыз аспектіліктен көп аспектілікке қарай ойысу орын алды. Дарындылар мен таланттылардың жалғыз аспектілік анықтамасы бір ғана критерийге негізделеді – зият деңгейі және оның IQ балдары негізінде анықталуы. Әдетте, мұндай тәсіл оқушылардың жалпы санынан дарындылық пен таланттың аздаған пайызына дейін (шамамен 1-ден 3 пайызға дейін) анықтауға мүмкіндік бере алмайды. Ал көп аспектілі анықтамалар көптеген критерийлерге негізделеді және кешенді тәсіл қолданады, бұл ерекше қабілетті оқушылардың жалпы санынан анағұрлым жоғары пайызды (мәселен, 10-нан 15 пайызға дейін) анықтай алады. Заманауи анықтамалар оқушылардың кез келген пайызын дарынды немесе талантты деп бөлуден қашқақтайды, өйткені осы түсініктерге байланысты өлшемдерді түсінуде әр мектептің ұстанымы әртүрлі болып отыр.

Ренцулли (1978) дарындылықты адами қасиеттердің үш негізгі тобының өзара әрекеттестігі негізінде нақты анықтады:

- қабілеттері ортадан жоғары;
- тапсырмаға жоғары деңгейде беріліп орындау;
- жоғары деңгейлі шығармашылық.

Ренцулли мен Райс (1985) дарынды және талантты балалар күрделі қабілеттердің иелері, әрі олар адам қызметінің кез келген құнды саласында өз қабілеттерін көрсетуге бейім деген пікір білдіреді. Олар осы санаттағы оқушылар әдетте кәдімгі мектепте ұсыныла бермейтін көптеген білім беру мүмкіндіктері мен қызметтерін қажет етеді деп санайды.

Дарындылық пен талант түсінігін жалғыз аспектіліктен көп аспектілік тұрғыдан түсінуге көшу зияттың өзі не екенін түсінуде өзгеріс қажет екендігін меңзейді. Бұл енді біртұтас нәрсе ретінде емес, зияттың қырлары жағдайында қаралады. Зияттың қырлары идеяларын жақтаушылардың арасында зияттың сегіз түрін анықтаған Гарднерді (2006) атап өткен жөн:

- Логикалық-математикалық;
- Лингвистикалық;
- Кинестетикалық;
- Кеңістіктік;
- Музыкалық;
- Тұлғааралық;
- Тереңдетілген;
- Табиғи.

Аталған зият түрлерін зият саласы емес, ерекше қабілет саласы ретінде қарастыруға болады. Гарднер зиятты қабілеттер, таланттар немесе ақыл қабілеттерінің жиынтығы ретінде анықтайды, бұл адамдарға проблемаларды немесе міндеттерді оның шешімі бір немесе бірнеше мәдени мәнмәтіндерге пайдалы болатындай етіп шешуге мүмкіндік береді. Дарындылар мен таланттылардың көп аспектілі анықтамасы оқушыларды жоғарыда аталған зият түрлерінің кез келгеніне сәйкес дарынды және талантты деп есептеуге мүмкіндік береді.

Заманауи түсінік

Дарынды және талантты оқушылар біртекті топ емес, олардың әрқайсысы ерекше қасиетке ие екенін есте ұстау керек. Дегенмен топ жағдайында дарынды және талантты оқушылар санатын қарастыру кезінде олардың бірқатар ортақ сипаттамаларын көруге болады. Кейбір оқушылар бірқатар салада ерекше қасиеттерінің бар екендігін көрсете білсе, ал дәл осы кезде басқалары – өзін тек бір ғана салада көрсете алады. Дарынды оқушылардың көпшілігінде осындай мінез неғұрлым көрініп тұрады әрі қарқынды болуы мүмкін. Дарынды және талантты оқушыларды әрқашанда мінез-құлқы бойынша бірден табу мүмкін емес, өйткені кейде олардың айрықша қабілеттілігі айқын болмайды. Кейбір оқушылардың дарындылығы объективті себептердің әсерінен көрінбеуі де мүмкін, болмаса оларда әлі өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік болмаған шығар. Ал қалғандары әртүрлі себеппен үлгере алмайтындардың санатына жатқызылып, немесе өз дарындылығын әдейі жасырып жүруі де мүмкін. Енді кейбір дарынды және талантты оқушылар оқуда қиындық көруі мүмкін, бұл олардың шынайы қабілеттерінің көрінуіне кедергі болады.

Дарынды және талантты оқушылар кең өрісті қабілетке ие: олардың кейбірі, мәселен, ғылым мен техника саласындағы ерекше қабілетін көрсете алса, кейбіреулері өнерде немесе поэзияда, қоғамдық көшбасшылықта көрінер. Қазіргі уақытта дарынды және талантты оқушыларды олардың тек жоғары зиятының болуымен ғана анықтамайды. Дарындылық пен таланттың тұжырымдамасына қатысты қағидаттар жүйесіне кең ауқымды жалпы зияткерлік, академиялық қабілеттерді, шығармашылық, көшбасшылық қабілеттерді, жеке мүмкіншіліктері мен өнердегі визуалдық және орындаушылық қабілеттерді жатқызуға болады. Сонымен қатар олар бір салада дарынды болса, басқа салада қиындық көруі мүмкін; олар дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса, келесі кезеңдерде қабілеттерін танытпауы мүмкін. Бұл дарындылық пен қабілеттіліктерді мұғалімдер, ата-аналар, топтың басқа мүшелері немесе балалардың өздері айқындай алады. Балалардың қабілеттіліктерін, біліктілігін, әлеуетті мүмкіндіктерін көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет және де бұл олардың ерте жасында олар үшін өте қиынға соғуы мүмкін.

Макэлпайн мен Рид (1996) дарынды және талантты оқушылардың мінез-құлықтарының пайдалы тізімін жасап ұсынды. Шындығында, бірде бір дарынды оқушы келтірілген сипаттамалардың барлығына ие бола бермейді: олар барлығына да ие болуы мүмкін немесе бір санаттағы барлық сипаттамаларға сәйкес болып, бірақ басқасында «ақсауы» мүмкін.

Дарынды және талантты оқушылардың қалай оқитынының сипаттамасы:

- Логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамыған.
- Зандылық пен өзара байланысты тез анықтайды.

- Ақпараттарды шұғыл өңдейді.
- Проблемаларды нақты және дұрыс шешуге ұмтылады.
- Түйінді қағидаттарды жеңіл игереді.
- Зияткерлік тапсырмаларды ұнатады.
- Оқудың жекелеген кезеңдерін аттап өтеді.
- Проблемаларды қайта қарауға ұмтылады, идеялар ұсынып, болжам жасайды.
- Проблемаларды анықтайды және шешеді.
- Барлығына талдау жасайды.
- Идеяларды тұжырымдап, дәлелдермен айғақтайды.
- Кең ауқымды білімді пайдалана алады.
- Пікірлер айтуда тәуелсіз және «неге», «қалай» деген сұрақ қойып, жаңалық ашуға ұмтылады.

Креативті ойлаудың сипаттамасы:

- Ерекше идеяларды табады.
- Зияткерлік пайымдауы мен қиялы дамыған.
- Ерекше мәтіндер құрайды, жаңалық ойлап шығарады.
- Өзілшіл.
- Ерекше түсінік қалыптастырады.
- Эстетикалық қасиеттерді түсінетінін көрсете біледі.
- Болашақты ойлағанды жақсы көреді.
- Басқа біреу сияқты болуға қорықпайды.
- Көптеген идеяларды ойлап шығарады.
- Жаңа идеяларға сынақ жүргізуге және қателесуге тәуекел етуге дайын.
- Ерекше нәрселерді іздейді.

Ынталандыру сипаттамасы:

- Жеке жетістіктердің жоғары стандарттарына ұмтылады.
- Дербес.
- Мақсатқа ұмтылады және өзіне мақсат қояды.
- Міндеттерді шешуде дәйекті.
- Табанды және іспен бар ынтасымен шұғылданады.
- Өзін-өзі сынауға және бағалауға бейім.
- Сенімді.
- Өз бетінше жұмыс істегенді жақсы көреді.

Қоғамдық көшбасшылық сипаттамасы:

- Қоғамдық жағдайларда бастаманы өзіне алады.
- Құрбы-құрдастары құрметтейді.
- Басқалармен жылдам тіл табысады.
- Қоғамдық жағдайларда көшбасшылық орната алады.
- Мақсатқа жету үшін топты жігерлендіру қабілетін көрсетеді.
- Топты идеялар мен әдістерді қабылдауға иландырады.
- Өзіне сенімді.
- Жаңа жағдайларға тез төселеді.
- Спорттық іс-шараларда белсенді көшбасшылықты іздейді.
- Әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан.
- Өзіне жауапкершілік алуға дайын.
- Іс-қимыл жоспарын әзірлеу үшін топ мүшелерінің идеясын қорытады.

Табандылық сипаттамасы:

- Өктем өтініштерге сенбей қарайды.
- Өткінші шешімдерге күмән келтіреді.
- Мұғалімдер мен ересектерді түсініктеме беруге жетелейді.
- «Ересектер» проблемаларына қызығушылық танытады.
- Игерілген дағдыларды қолдана бергенді жақтырмайды.
- Күнделікті жаттанды тапсырмалардан тез шаршайды.
- Жоғары сынып оқушыларымен, ересектермен тіл табысады; олардың ортасында жиі болуға тырысады.
- Тиянақты, қойған сұрақтары нақты.

Бұл бөлімде «дарынды» және «талантты» деген ұғымдар «дарынды және талантты» деп біріктірілді. Дегенмен кейбір зерттеушілер олардың әртүрлі екендігін алға тартып, оларды саралау қажет деп санайды. Санаттарды саралаған жағдайда дарындылықты зияттың немесе қабілеттің жоғары деңгейімен, ал талант – музыка, өнер, түрлі қолөнер, би немесе спорт және т.б. салалардағы жоғарғы деңгеймен байланыстырылады. Кейбір зерттеушілер бұл екі ұғымды жеке қарастыру маңызды деп санаған, өйткені дарындылық қанша дегенмен, олардың пікірінше, қабілеттілікке (зияткерлікке, шығармашылыққа, әлеуметтік, аффекттік және т.б.) жатады, ал талант түрлі саладағы айтулы жетістіктер (ғылыми, техникалық, көркем, жеке тұлғалық, спорттық және т.с.с.) болып саналады. Талантты кейде кемеліне жету және ұлы жетістіктермен байланыстырады, бірақ кейде ол құзыретті субъектілердің аз ғана бөлігіне тиесілі болып қалады.

Қорытынды

- Қазіргі уақытта дарынды және таланттыларды жалғыз аспектілік аясында (мысалы, жоғары IQ) қарастырудан бас тартып, көп аспектілік пайдасына қарай ауысу үрдісі қалыптасуда, ол баланың көптеген ерекше қабілеттерін қарастыруды көздейді.
- Баланың бойында белгілі бір қабілеттер мен қасиеттердің бар екенін көрсететін мәдени құндылықтар дарындылық пен таланттың кез келген тұжырымдамасының маңызды бөлшегі болып табылады.
- Рәсімдерді анықтау кезінде және бағдарламаның мазмұны мультимәдени перспективаларды тең дәрежеде ескеруге тиіс.
- Әлеуметтік, эмоционалдық және ынталандыру факторлары дарындылық пен таланттың маңызды аспектілері деп қарастырылады.
- Оқуға қызығушылық және тілдік дағды сияқты мінез-құлық сипаттамалары, сондай-ақ абстрактілі ойлау дағдылары, білімнің жоғары деңгейі, білімге құштарлық пен ынта дарынды және талантты оқушыларды табуда өте пайдалы болмақ.
- Әлеуетті анықтау және оның тиімділігін көрсету анағұрлым маңызды.
- Қабілеттілік әлеуетін іске асыруда оқушыларға құзырлы көмек көрсету үшін мұғалімдерге бай әрі көп аспектілі тәжірибе қажет.

Мұғалімдер үшін маңызы

Мұғалімдер дарынды және талантты балаларды қалай анықтайды?

Оқушылардың оқу үлгерімі артқан сайын, олардың академиялық жетістіктері ресми тіркеліп, баланың таланттарын көрсететін портфолиоға қосылуы мүмкін. Оқыту және оқу тәжірибесінде белгілі бір жастағы балалардан көріне бермейтін ойлаудың барынша толыққан түрі кездеседі, немесе күнделікті оқу жағдайында қолданылмайтын, әдетте оқудан тыс кездері көрініс табатын, назар аударуды талап ететін оқушының зияткерлік дарыны, жоғары әлеуметтік дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері кездеседі. Оқушының дарындылық және таланттылық ауқымын анықтауға көмектесу үшін баланың мінез-құлқының сипаттамалары

енгізілген бақылау үлгілері жасалды, мысалы: «өте әсершіл, өз пікірін білдіреді» немесе «өзіндік әзілі бар».

Орта мектептің оқушысы бір нақты пән бойынша айрықша дарындылық көрсетіп, басқа пәндер бойынша көзге түспеуі мүмкін. Арнайы пәндер бойынша қабілеттері мықты болу мүмкін. Британияның география қауымдастығы «күрделі үдерістерді түсіну, физикалық және адамдық ортаның арасындағы өзара байланыс» сияқты мамандандырылған ерекше пәндік салаларды да, сондай-ақ сенімді қарым-қатынасқа түсу, шығармашылық және ойлаудағы бірегейлік, басқа адамдармен қарым-қатынас орната білу сияқты қасиеттерді қамтитын бақылау парағын құрастырды.

Фриман (1998) төменде көрсетілген, ғылыми негізделген критерийлерді дарынды және талантты балаларды анықтауда оңтайлы қолдануға болады деп санайды:

- олардың есте сақтау қабілеттері өте жоғары; олар ақпаратты біліп қана қоймай, оны пайдалана алады;
- олар оқу үдерісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы біліп, өздерінің оқуын реттей алады;
- олар жоспарлауға көп уақыт жұмсауы мүмкін, бірақ жоспарды тез жүзеге асырады;
- олар ақпаратты толықтырып, олардың қайшылықтарын анықтап, мәніне тезірек жетеді;
- олар оқуда және проблемаларды шешуде балама шешімдерді көріп, қабылдай алады;
- басқаларға қарағанда олардың тәртібі жақсы;
- қызығушылығын арттыру үшін олар күрделі ойындар мен тапсырмаларға ұмтылады;
- ерте жасынан бастап ерекше қабілеттерін ұзақ уақытқа шоғырландыра алады;
- олар ерте жасынан сөйлей, оқи және жаза бастайды (Freeman, 1998).

Мұғалімдер өз сыныптарындағы дарынды және талантты балаларды анықтай алмауы мүмкін болғандықтан, оларға жоғарыда аталған белгілерді анықтау үшін оқу барысында оқушыларды мұқият бақылау қажет болады.

Мұғалімдерге осындай оқушыларды анықтауға қалай көмектесуге болады?

Америка Құрама Штаттарының Білім беру саласындағы зерттеу және жетілдіру кеңсесі (1993) мектептерге дарынды және талантты оқушыларды анықтауға көмектесетін бес тапсырма ұсынған:

- талантты оқушылардың әртүрлі қабілеттерінің өрісін белгілеу;
- мәдени және басқа наным-сенімдеріне қарамастан барлық оқушыларға бірдей мүмкіндік ұсыну;
- оқушылардың тек көрсетіп жүрген ғана емес, сонымен бірге көрсетуі мүмкін әлеуетті жетістіктерін анықтау;
- ерекше қабілетті оқушыларды анықтау үшін бағалаудың түрлі жүйелерін пайдалану;
- уәждеуді оқушылардың жетістігі үшін ерекше маңызы бар қозғаушы күш деп бағалау.

Дарынды және талантты балаларға құрдастарының тапсырмаларынан өзгеше, анағұрлым «күрделі», «ынталандыратын» тапсырмалар қажет деген пікір қалыптасқан. Эйр (2001) Выготский мен Катцтың еңбектерінен дәйексөз келтіре отырып, теория мен зерттеулерді табиғатты зерттейтін «міндеттер» ретінде қарастырады. Міндет қоя отырып жұмыс істеу оқушыларды жайлылық аймағынан аздап шығатын деңгейде жұмыс істеуге міндеттейді. Ол, Выготский бойынша, тым күрделі жұмыс балаларға орындалмайтын, ынтасын жоятын жұмыс болып көрінетіндігін дәлелдейтін «Жақын арадағы даму аймағы» теориясы негізінде балалардың өзекті қабілеттерінің деңгейлерін бағалаудың тиімді екендігін баса айтады. Эйр теорияның осы бөлігін пайдалана отырып, дарынды балаларға арналған оқу жоспарына өзгеріс енгізу жөніндегі ұсынысында ол жоспарда жоғары деңгейлі ойлау, біліктілігін дамыту және проблемаларды шешу дағдылары қамтылуы керектігін айтады.

Талантты және дарынды оқушылардың әлеуетін дамыту

Оқушылардың әлеуетін дамыту мақсатында терең зерттеулер жүргізу үшін олар жобаларға тартылып немесе зияткерлік тапсырмалар берілуі керек. Бұл ретте мәселен, Ұлыбританияда жасалған тәжірибені алуға болады. Онда 11 жастағы әртүрлі мектеп балалары археология бойынша тапсырмадан тұратын күрделендірілген жобаға шақырылды, ол «Солтүстік Сомерсеттегі Хилл Форттағы темір ғасыры» тақырыбында дарынды және талантты балалармен жұмыс» мақаласында сипатталған (Dauban and Crossland, 2009). Балаларға құрбыларымен қарым-қатынас жасап, құрбылары қойып отырған мейлінше кеңейтілген тапсырмаларды шешуге мүмкіндік берілді, соның көмегімен олар өздерінің білім деңгейін белгілі бір дәрежеде көтере алар еді. Олар кәсіби археологпен жұмыс істеп, оларға қиял, шығармашылық, проблемаларды шешу, дедукция, дедуктивті және логикалық ойлау, сонымен қатар әлеуметтік, вербалды және таныстырылымдық дағды сияқты жоғары зияткерлік қабілеттердің толық тізімін дамыту қажет болды.

Орта мектепте өткізілген тағы бір жағдаяттық зерттеуге 11–18 жас аралығындағы 430 оқушы қатысты. Олар жергілікті университеттерде, жергілікті ғылыми орталықтарда болды және университеттің оқу курстарына қатысты, сонымен бірге оларға тұруға орынжай беріліп, болашақта ұлттық ғылыми жарыстарға, мектептегі ғылыми дәрістер мен ғылыми үйірмелерге қатысуға мүмкіндік жасалды. Сауалнама мен сұхбат түрінде өткізілген жауап алу нәтижелері оқушылардың күрделендірілген тапсырмаға қатысуды, белсенді оқу үшін жасалған мүмкіндіктерді, нағыз ғалымдармен кездесіп, олармен жұмыс істеуді ұнатқанын көрсетті.

Экстернат

Дарынды және талантты оқушылармен тиімді жұмыс істеудің тағы бір оңтайлы нысаны экстернат болып табылады. Бұл оқушыларға оқу жоспарын тез әрі шұғыл игеруге мүмкіндік береді. Осы орайда Ұлыбританиядағы экстернат бір жыл бұрын ағылшын тілі мен математика бойынша емтихан тапсыру үшін бір мектептің дарынды және талантты оқушыларын тартты. Бұл мектептегі дарынды және талантты оқушыларды ынталандыру мен дамытудың тиімді тәсілі болды. Оқушылар мен мұғалімдердің пікірі білім беру бағдарламаларын бағалау үшін жазылып алынды. Әдеттегідей дарынды және талантты оқушылар күрделі тапсырмаға құлшына кірісіп, оларды мақсатқа сай және тез арада орындап шықты, бірақ ағылшын тілі мұғалімінде олардың жекелеген мәгіндермен жұмыс істеуі жеткілікті екендігіне күмән туды.

Сын тұрғысынан ойлау туралы тарауда жазылғандай, Блум таксономиясы дарынды және талантты оқушыларды оқыту тәсілін анықтау үшін модельдер ұсынады. Бұл арада тағы бір айтарлығы, барлық оқушылар Блум таксономиясы деңгейі аясында ойлануға қабілетті деген пікір болуына қарамастан, жекелеген мұғалімдер дарынды және талантты оқушыларға көп уақыт бөлініп, оларға баса назар аударылу қажеттігін, әсіресе таксономияның жоғарғы жағындағы позициялар - *бағалау, жинақтау және талдау* үдерістерін белсенді қолдану қажет екендігін алға тартады.

Ренцулли мен Райс (1985) дарынды және талантты оқушылардың білімін жетілдіру бойынша қызметтің өзара байланысты үш кезеңдерінің негізінде модель жасап шығарды:

- Бірінші кезең – жалпы зерттеу жаттығулар (жетілдіру, байыту).
- Екінші кезең – топтық оқу жаттығулары (үдеріс).
- Үшінші кезең – нақты проблемаларды жеке және шағын топтарда зерттеу (нәтиже).

Білімді жетілдірудің *бірінші кезеңі* оқушыларға әртүрлі тақырыптағы көптеген тапсырмалар мен жаттығулар түрлерін ұсынады. Бірінші кезең баспа материалдарын, БАҚ, саяхат, болмаса баяндамашыларды шақыру және т.б. қамтитын кез келген сабақ түрінде өткізілуі мүмкін. Осы кезең балаларды стандартты оқу бағдарламаларынан тыс, оқушылар үшін тартымды және қызықты салаларда дамытуға ықпал етеді.

Білімді жетілдірудің *екінші кезеңі* оқушыларда зерттеу жүргізуге және бірқатар эмоциялық

әрі зияткерлік үдерістерді жүзеге асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру мақсатында әзірленген. Ренцulli мен Райстің пікірі бойынша, олар шығармашылық ойлаудың, проблемаларды шешу қабілетінің, сын тұрғысынан ойлаудың болуын, шешім қабылдауға және аффекттік үдерістерге дайын болуды, зерттеушілік дағдының, қарым-қатынас жасау дағдысының, қалай оқу керектігін үйрену дағдысының болуын көздейді.

Жекелеген міндеттерді тек шағын топтар ғана шеше алады, осыған байланысты барлық оқушыларды қатыстыру мақсатында топтастыру кезінде икемді болған дұрыс. Топтық жұмыстар сыныптау мақсатында жиі қолданылады. Мәселен, математика сабағындағы топтық жұмыстар қолданылған жекелеген жобаларда толық топтарға қарағанда, шағын топтағы оқушылардың анағұрлым тиімді жұмыс істегені анықталды. Себебі, тығыз ынтымақтастық пен сындарлы әңгімелесу жағдайында математика есептерін шешуде өздерін сенімді ұстады.

Кейде дарынды және талантты оқушылар жағымсыз тәртіп көрсетуі мүмкін, бұл олардың ерекше қабілеттеріне тікелей байланысты, мәселен:

- тәжірибеде қолданылатын, есте қалған кең ауқымды білімі талқылау кезінде басымдық көрсетуі мүмкін;
- зияткерлік ойнақылық, пайымдау мен қиялын көрсететін балалар үнемі тапсырмаға қызығушылық танытпауы, болмаса оны орындауға ниетінің жоқтығын білдіруі мүмкін;
- проблемаларды нақты шешуге және есепті дұрыс шығаруға ұмтылатын балалар басқа оқушылар мен оқытушыларды жиі түзете беруі мүмкін;
- нәзік әзілі басқа біреулерге жақпай, оның салдарынан түсініспеушілік орын алуы мүмкін;
- биік жетістіктерге ұмтылатын балалар өздерін сәтсіздіктен қорғау мақсатында тәуекелге баруға итермелейтін міндеттерді шешуден қашқақтауы мүмкін;
- өз бетімен жұмыс істегісі келетіндер басқалармен бірлесе жұмыс істеуге қызу қарсылық көрсетуі мүмкін.

Мұғалімдердің дарынды балалардың мінез-құлқын ұғыну сипаты олардың осы проблемаларды түсіну және оқушылар үшін қам жеу дәрежесін көрсетеді. Мәселен, кейбір мұғалімдер дарынды балалардың әдеттен тыс идеялар ұсынуға бейімділіктерін ынталандырады, ал кейбіреулері – мұндай мінезді тәртіпбұзушылық деп санайды. Кейбір мұғалімдер дарынды балалардың кездейсоқ шешімдерге күмәнмен қарау бейімділігін қош көреді, ал кейбіреулері – мұны сыйламаушылық деп біледі. Кей кездері қолайсыз мінез-құлық көңіл қалғандықтың нышаны болуы ықтимал. Әдетте ақпаратты тез игеріп алатын оқушылар негізгі қағидаттарды жеңіл аңғарады, олар зияткерлік тапсырмаларды жақсы көреді және де жекелеген оқу кезеңін айналып өтеді, сондықтан егер оқу бағдарламасының белгілі бір тапсырмаларын сыныптағы басқа оқушылармен бірдей жылдамдықта орындау қажет болған жағдайда, олардың іштері пысады, сосын олар тықырши бастайды. Мұндай оқушылар «сыныптың күлдіргішіне» айналып, сабақтың өту тәртібін бұзады немесе өзінің бойындағы оқуға деген ықыласын басады. Сондықтан мұндай оқушыларды проблемалық субъектілер ретінде қарамай, мұғалім оқушылардың дарындылығы мен таланты тұрғысынан осындай жағымсыз тәртіптің шығу себебін анықтап, оларға сәйкес келетін жағдайларды қамтамасыз етуге ұмтылуы маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Dauban, J., & Crossland, J. (2009). Working with Gifted and Talented Children at an Iron Age Hill Fort in North Somerset [Солтүстік Сомерсеттегі Хилл Форттағы Темір ғасыры. Талантты да дарынды балалармен жұмыс істеу]. *Primary History*, 51. Spring, 2009. Historical Association, UK.
- Eyre, D., & Lowe, H. (2002). *Curriculum Provision for the Gifted and Talented in the Secondary School* [Орта мектептегі дарынды және талантты оқушыларды оқыту]. David Fulton.



- Eyre, D., & McClure, L. (2001). *Curriculum Provision for the Gifted and Talented in the Primary School* [Бастауыш мектепте дарынды және талантты оқушыларға арналған оқу жоспарын құру]. David Fulton.
- Freeman, J. (1998). *Educating the Very Able* [Ерекше қабілеттілерді оқыту]. London: The Stationery Office.
- Gardner, H. (2006). *Multiple intelligences: New horizons* [Көптік зият: жаңа көкжиектер]. New York, NY: Basic Books.
- McAlpine, D., & Reid, N. (1996). *Teachers observation scale for identifying children with special abilities* [Оқушылардың арнайы қабілеттерін анықтауға арналған мұғалімдердің бақылау шәкілі]. Wellington: New Zealand Council for Educational Research.
- Neihart, M., Reis, S. M., Robinson, N. M., & Moon, S. M. (2002). *The social and emotional development of gifted children: What do we know?* [Дарынды және таланты балаларды әлеуметтік және эмоциялық дамыту: Біз не білеміз?]. National Association of Gifted Children. Prufrock Press.
- Renzulli, J. S. (1978). What Makes Giftedness? Re-examining a Definition [Дарындылықты не тудырады? Анықтамасын қайта қарай]. *Phi Delta Kappan*, 60, 180–181.
- Renzulli, J. S., & Reis, S. M. (1985). *The Schoolwide Enrichment Model: A Comprehensive Plan for Educational Excellence* [Мектепте білімді жетілдіру моделі: Озық тәжірибеге арналған жалпы білім беретін жоспар]. Mansfield Center, CT: Creative Learning Press.
- Seal, C. (2006). *How can we encourage pupil dialogue in collaborative group work?* [Оқушыларды біріккен топтық жұмыста диалогке қалай итермелеу керек?]. National Teacher Research Panel Conference summary.
- US Office of Educational Research and Improvement. (1993). *National Excellence and Developing Talent* [Ұлтты жетілдіру және таланттарды дамыту].

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу

Кіріспе

Танымдық даму – баланың оқу және проблемаларды шешу қабілеті. Дәлірек айтқанда, танымдық даму оқуға деген қабілеттілік, сондай-ақ зейін, сөз сөйлеу дағдылары, ойлау, негіздеу және шығармашылық зияткерлік сияқты қабілеттерді дамытуға және тұрақтандыруға қатысты. Аталған зияткерлік қабілеттер ойлау үдерістерінің сипаты және жасына қарай олардың өзгеру ықтималдығы туралы маңызды ақпараты бар танымдық даму теориясы шеңберінде сипатталады.

Бұл тарауда көптеген ойлау қабілеттері қаралатын болғандықтан, бұл бөлімнің құрылымы алдыңғы бөлімдердің құрылымына қарағанда ерекшеленетін болады. Бұл тарауда әрбір ойлау қабілеті бойынша тарихи шолу мен заманауи түсінік бірге қарастырылады.

Жас ерекшеліктері тұрғысынан оқу үдерісінің тарихына шолу және заманауи түсінік Оқудағы бихевиористикалық тәсіл

Психологиядағы бихевиористикалық бағыт ортамен өзара байланыстағы мінез-құлықты зерделеу үшін эксперименттік рәсімдерді пайдалануды қарастырады.

Бихевиоризмнің негізін салушы болып саналатын Джон. Б. Уотсон психология саласы зерттейтін ішкі тәжірибені бақылауға болмайтындықтан, тиісті түрде зерттеу мүмкін емес деп есептеген. Оның орнына ол зертханалық эксперименттерге сүйенген. Нәтижесінде «түрткі – реакция» моделі әзірленді, онда орта оған орай тұлға әрекет ететін түрткілерді өндіруші ретінде қарастырылады. Эдвард. Л. Торндайк сияқты зерттеуші осы идеяны негізге ала отырып, Т-Р (түрткі-реакция) оқу теориясын әзірледі. Олар мінез-құлық нәтижесінде реакция күшейетінін немесе әлсірейтінін атап өткен. Скиннер осы көзқарасты бұдан әрі дамытты және ол қазір «оперантты шарттылық» ретінде белгілі: адамдардың лайықты іс-әрекеттерін ынталандыру мақсатында оларды көтермелеу, ал тоқтатылуы қажет мінез-құлықты елемей немесе ол үшін жаза қолдану.

Оқудағы танымдық тәсіл

Бихевиористер ортаны зерттеген болса, Гештальт теориясының ізбасарлары тұлғаның ақыл-ой үдерістеріне сүйенген. Осылайша, білім алу әрекеті немесе үдерісі ретінде сана оларды едәуір қызықтарған.

Жан Пиаже, Мария Монтессори және Лев Выготский сияқты теоретиктер оқу және даму мазмұнының ұқсастығын анықтай отырып, танымдық тәсілді дамытуда одан әрі ілгерілеген. Ғалымдар кіші жастағы балалар дәл өзін қоршаған ортамен және адамдармен әрекеттесу кезінде оқу және даму жүзеге асады деп сендірген. Зерттеуші Жан Пиаже ортаның әсерін мойындап, ішкі танымдық құрылымдағы өзгерістерді зерттеді. Ол психикалық дамудың төрт сатысын (сенсорлы-моторлық, оперативтінің алдындағы, оперативті және оперативтіден кейінгі) айқындады. Джером Брунер жаңалық ашу арқылы оқудың маңызын атап көрсетіп, ақыл-ой үдерісінің оқытумен өзара байланысу мүмкіндіктерін зерттеген.

Оқудағы гуманистік тәсіл

Бұл тәсілде адамның өсуіне ерекше назар аударылған. Бұл тәсілдің негізін қалаушылар – Маслоу мен Роджерс. 1970 және 1980 жылдары жазылған ересектерге білім беру жөніндегі көптеген теориялық еңбектер гуманистік психологияға негізделген. Бұл тәсілде адамның өсудегі әлеуетіне ерекше назар аударылады. Өзіне деген қарым-қатынас – «гуманистік психологияның негізгі белгісі» (Tennant, 1977). Бұл әдіс адамдарға оқу объектілері ретінде қарауға қарсы шығып, сол арқылы бостандық, таңдау, уәж және сезімдерді қамтитын эмоционалдық және субъективті әлем бар екенін растады. Бұл ретте ең белгілі мысал – Абрахам Маслоудың қажеттіліктер пирамидасы болуы мүмкін. Оның ең төменгі деңгейінде физиологиялық қажеттіліктер, ең жоғарысында өзін іс жүзінде таныту орналасқан. Зерттеушінің тұжырымына сәйкес, жоғарырақ деңгейге өту тек төмен орналасқан қажеттіліктер орындалған жағдайда ғана мүмкін болады.

Оқудағы гуманистік тәсілді анағұрлым толығырақ зерттеген Карл Роджерс сияқты. Оның зерттеуі логикалық және интуитивті, зият пен сезім үйлесім тапқан, барлық тәжірибесімен, білімімен қоса алғанда жеке тұлғаны толық қамтиды. «Осындай тәсілмен оқығанда, біз бүтінбіз, біз ерекке және әйелге тән қабілеттерімізді толық жүзеге асырамыз» (Rogers, 1983).

Оқудағы әлеуметтік-жағдаяттық тәсіл

Оқушылар әлемді түсіну үшін құрылымдар мен модельдерді игеріп қана қоймай, өз құрылымы бар ортаға қатысады. Оқу сан алуан тәжірибелік қоғамдастықтарға қатысуды көздейді.

Психологияда адамдар бақылау арқылы қалай оқитынын бірінші зерттеген бихевиористер болды. Кейінірек зерттеуші Альберт Бандура өзара әрекеттестікті және танымдық үдерісті зерттеді. Субъектілерге басқалардың мінез-құлқының салдарын көруге, әртүрлі мінез-құлықтың салдары туралы белгілі түсінік алуға мүмкіндік беретін тәсілдің бірі – бақылау. Егер адамдар не істеу керек екендігін білу үшін тек өзінің іс-қимылдарының әсеріне ғана сүйенсе, оқу ерекше жалықтыратын, тіпті қауіпті болар еді. Көбінесе адамның мінез-құлқы бақылау, модельдер құру арқылы зерделенеді: басқаларды бақылай отырып, жаңа мінез-құлық қалай қалыптасатынын түсінуге болады және кейін бұл кодталған ақпарат іс-әрекет жасауға басшылық етеді (Bandura, 1977). Мінез-құлыққа назар аудару, оны ықтимал модель немесе парадигма ретінде есте сақтап, түрлі жағдайларда оның қалай көрініс беруі мүмкін екенін болжау (репетиция) – бақылауға негізделген оқудың негізгі аспектілері.

Зейін оқушылардың жас ерекшеліктері тұрғысынан

Хаген мен Хейл (1973) 5–6 жасар балаларды бірнеше ашықхаттағы суреттерді есте сақтауды сұрау арқылы селективті зейіннің дамуын көрсетті. Әр ашықхатқа екі сурет салынған, бірақ есте сақтау үшін оның біреуі ғана маңызды болды. Мұндай жағдайларда 5–6 жасар



балаларға қарағанда, 14–15 жастағылар аса маңызды суреттерді көбірек еске сақтаған. Бірақ, кіші жастағы балалар есте сақта деп сұрамаған суреттерді көбірек есте сақтапты. Осылайша, есте сақтаған ақпараттың жалпы көлемі екі топтағы балалар үшін бірдей болды, бірақ ересек балалар зейіндерін тиімдірек шоғырландыра алған. Бұл зерттеу біздің селективті зейінімізге еске сақтаудың белсенді сипаты айтарлықтай әсер ететіндігін анықтады.

Жады оқушылардың жас ерекшеліктері тұрғысынан

Қысқа мерзімді жады (жұмыс жадысы)

Аткинсон мен Шифрин (1968) қысқа мерзімді есте сақтау адамның жадында негізгі орын алатынын анықтады. Баддели мен Хитчтің (1974) кейінгі жұмыстарында ол *Жұмыс жадысы* деп аталды. Бұл термин статикалық сақтау емес, динамикалық үдерістер жиынтығын әлдеқайда нақты сипаттайтындықтан, қазір кеңінен қолданылуда. Біз жұмыс жадысы арқылы санамызға ақпарат енгіземіз, сондықтан біз онымен жұмыс істей аламыз. Жұмыс жадысының өзіндік ерекшеліктерінің балалар жадысының даму жолдарын анықтайтын көптеген танымдық міндеттерді орындау қабілеті үшін маңызы зор.

Ұзақ мерзімді жады

Аткинсон мен Шифриннің ұзақ мерзімді есте сақтау туралы бастапқы тұжырымдамасы пысықталып, кейінгі зерттеулерде дамытылды. Жалпы қабылданған қолданыстағы модельді Тулвинг (1895) ұсынды, ол ұзақ мерзімді жады үш айқын компоненттен: *рәсімдік, эпизодтық және семантикалық жадыдан* тұрады деп есептеген. Ұзақ мерзімді жадының осы үш түрі қайта жаңғыртудың түрлі тәсілдеріне байланысты және де әртүрлі білімді сақтайды.

Рәсімдік жады

Рәсімдік жады – әрекеттерді қалай орындау керек екендігі туралы, мысалы, қасықпен тамақ ішу, түйме тағу, секіру, велосипедпен жүру, қарындашпен жазу, доп лақтыру сияқты іс-қимылдар арқылы дамитын біздің білімімізді сақтайтын «қойма». Бұл іс-әрекеттерді қалай іске асыру керектігі туралы білім терең сақталады және оны саналы түрде тілмен жеткізу қиын.

Эпизодтық жады

Эпизодтық жады дегеніміз біздің тәжірибеміздің толық тізімі алғашқы болып сақталатын жүйе. Көзбен шолу аса маңызды болғанына қарамастан, эпизодтық жадыға басқа ақпараттар – сезім мүшелерінен келетін ақпараттар да кіреді. Бірақ, эпизодтық жады аясында бекітілген және «таңбалық» естеліктер шектеулі болуына қарамастан, ол адамның ұзақ мерзімді жадысының маңызды аспектісі болып табылады.

Семантикалық жады

Семантикалық жады – ұзақ мерзімді жадының ең соңғы және теңмәнді емес аспектісі, себебі біздің дамуымызда және сөйлеуімізде аса жиі көрінетін біздің символдар жасау қабілетімізге байланысты. Бұл біздің естеліктеріміздің бір бөлігі, онда біз эпизодтарды немесе оқиғаларды, біздің белгілі бір тәжірибемізден шығаратын ойларымызды, идеяларымызды, жалпы қағидаларды, қағидаттарды, тұжырымдамаларды есте сақтаймыз.

Сөйлеу оқушылардың жас ерекшеліктері тұрғысынан

Бихевиористикалық көзқарастарға сәйкес, балалардың тілді үйренуі – күрделі үдеріс, ол арқылы бала үйренетін әрбір сөз және сөздің әр фрагменті бастапқыда елестету түрінде көрсетіліп, реттілік ретінде есте сақталады. Бұл үдерісті құптайтындығын ересек жымию арқылы көрсете алады. Бірақ, балалардың сөзді түсінуді және пайдалануды үйрену жылдамдығы – бұл түсінікке сәйкес келмейді, кез келген жағдайда олар әдетте сөздің мүлдем жаңа фрагменттерінің тұрақты ағынын дыбыстайды. Ағылшын тілінде балалар айтатын осы жаңа сөздер мен фразалардың көбі, олар өздері үшін шығарған модельдер мен қағидаларды дұрыс қолданбау болып табылады. Мысалы, бастауыш мектеп жасындағы балалар кеше біз дүкенге *goed* (бардық) және онда бірдене *buyed* (сатып алдық) дейді. Ересектердің осылай айтқанын

балалар естіген жоқ және етістікке «ed» жалғауын қосу арқылы өткен шақты жасауды оларға ешкім үйреткен жоқ. Бұл өздерінің ағылшын тілінде сөйлеу тәжірибесінен шығарған моделі.

Төрт жасар балалар көп сұрақ қояды және «қайда?», «не?», «кім?», «неге?», «қашан?» (осындай тәртіппен жатталған) сияқты көптеген сұрақтарды пайдаланады. Олар бес сөзден тұратын сөйлемді пайдалана алады және олардың 1500 сөзден тұратын сөздік қоры бар. Бес жасар балалар бағыныңқы бөліктері бар алты сөзден сөйлем құрай алады және 2000 сөз пайдаланады. Бірінші сынып оқушылары 6000 сөзге дейін пайдаланады, ал ересектер 25 000 сөз пайдаланады және 50 000 сөз біледі.

Оқу мен жазуды үйрену балалар үшін белгілі бір қиындықтар туғызады. Кейбір тілдерде, мысалы, итальян, түрік тілі сияқты тілдерде бұл өте оңай, сөздер қалай айтылса, солай жазылады және де қалай жазылса, солай айтылады. Швед немесе француз тілдері сияқты тілдерде – модельдерге сәйкестік көп болғандықтан оңай. Кейбір тілдерде әліпби мүлдем қолданылмайды, мысалы, қытай тілінде символдардың ұзын тізімін еске сақтау үшін жылдар қажет. Жапон тілінде, мысалы, балаларға жаттап алу қажет 4 жүйе бар, кәрістерде символ мен дыбыс арасындағы анық өзара байланыс бар өз әліпбилері бар.

Метасана оқушылардың жас ерекшеліктері тұрғысынан

Метасана деген терминді «тұлғаның өзін-өзі тануы және өз танымдық үдерістері мен стратегиясын қарастыру» сипаттамасы ретінде Флейвелл енгізді (Flavell, 1979). Метасана жай ойлап әрі біліп қана қоймай, адамдардың қалай ойлайтынын, не білетінін қарастыра отырып, өзіндік рефлексия жасау мүмкіндіктерін зерделеу қабілетіне жатады.

Психолог Уильям Джеймс (1890) интроспективті бақылаудың маңыздылығын атап өткен, ал Выготский (1962) саналы рефлексиялық бақылау және білімді кемелдендіре игеру мектепте оқытудың аса маңызды факторлары болып табылатынын түсінгендердің алғашқысы болды. Зерттеуші білімді дамытудың екі факторы барын айтады: біріншісі – білімді автоматты түрде, ұғынбай алу, одан кейін екіншісі – алынған білімді саналы түрде ұғынып бақылаудың біртіндеп өсуі келеді, шын мәнінде, бұл жайлар қызметтің танымдық және метатанымдық аспектілерінің арасындағы айырмашылыққа қызмет етеді. Флейвелл және басқалар (1995) егер оқу үдерісін ұғыну деңгейіне ауыстыра алатын болса, онда біз балаларға өзіндік ойлау үдерісін жақсы түсінуге, өзінің оқуын бақылауы мен ұйымдастыруын игеруге көмек бере алар едік деген пікірді ұсынды. Бірақ тиімді оқу қолданылып жүрген білім қорына ақпаратты кіріктіру үшін, жай ғана онымен амал-әрекет жасау емес, ол ассимиляцияланған ақпаратқа, жаңа ақпарат пен бұған дейін белгілі болған ақпарат арасындағы өзара байланысты түсінуге, осындай түсінуді ынталандыратын үдерістерді ұғынуға және қаншалықты жаңа әрі қашан зерделенгенін білуге назар аудартады.

Сонымен қатар Флейвелл мен оның әріптестері (1995) метасана қабілеті жасқа байланысты өзгереді және жасы үлкенірек балалар метатанымдық ақпаратты көптеген мөлшерде игергендіктен олардың үлгерімі жоғарырақ деп тұжырымдаған. Бірақ, мұндай стратегияларды пайдалана алмау жасына емес, тәжірибесіне де байланысты деуге болады. Сондай-ақ үдеріске педагогтің араласуы бастауыш мектеп жасындағы балаларға да жемісті оқу стратегиясы болатын метасана компоненттерінің кейбіреуін дамытуға көмектеседі.

Әдетте, оқуда қиындықтары бар оқушылар өздерінде бар білімі мен біліктерін қолданбайды, мүмкін олар стратегияларды білмейтін немесе жоспарлай алмайтын шығар, ал міндеттерді шешпек болғанда, өздерінің алға ілгерілеуін қадағалай алмайды. Жүргізілген зерттеулер мұндай оқушылардың әдетте сабақты түсіндіруге ғана емес, сондай-ақ өзін-өзі реттеу мен оқуын бақылауын жақсарту үшін метатанымдық көмекке мұқтаж екенін көрсетеді. Өте қабілетті және дарынды балалардың ерекшеліктерінің бірі – қабілеті шамалы құрдастарымен салыстырғанда олардың метатанымдық сауаты жоғары болуы (Sternberg, 1983). Олар өздерінің не білетінін және білмейтінін, нені біле алатынын және біле алмайтынын анық түсінеді. Мұндай балалар қажетті білімді алуға өздеріне ненің көмектесетінін біледі. Оның үстіне, олардың креативтілігі

ойлау жылдамдығына байланысты емес. Шын мәнінде, қолда бар дәлелдемелер IQ жоғары балалар, шығармашылық есептерді IQ төменірек оқушылардан жылдам шығармайды, алайда баяуырақ ойласа да тереңірек түсінетінін көрсетеді деп болжауға мүмкіндік береді (Davison, Deuser & Sternberg, 1996).

Пайым оқушылардың жас ерекшеліктері тұрғысынан

Бұл бөлімде біз пайымдаудың үш түрін: ұқсастық бойынша пайымдау, моральдік пайымдау және зерде теориясын қарастырамыз.

Ұқсастық бойынша пайымдау

Ұқсастық бойынша ойлау қабілеті – адамның санасы және білім алуы үшін аса маңызды. Ұқсастық бойынша пайымдау – проблемалармен табысты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жоғары деңгейлі дағды, білімді жаңа жағдайларға орайластыру және әртүрлі мәнмәтіннен алынған түрлі ақпаратты пайдалану арқылы оқу қабілеті (Chen et al., 1997; Gentner & Holyoak, 1997; Goswami & Brown, 1990; Richland et al., 2006).

Мұның алдында қарастырылған зерттеушілер балалар ұқсастық бойынша пайым жасай алмайды деп есептеген. Мысалы, Пиаже формалды оперативтік кезеңіне дейін ұқсастықтың классикалық проблемасын шешуге қажетті байланысты орнату үшін балалардың танымдық қабілеттері жоқ деп есептеген (Inhelder & Piaget, 1958). Пиаже балаларға А:В::С:? суретті тапсырма ұсынып, суретті жиынтықтан D-ны табуды сұрады. Ол балалардың проблеманы шешу үшін негізінен, төмен деңгейдегі өзара байланысқа сүйенгенін, мәселен, С-мен байланысты немесе С-ға ұқсас суреттерді таңдағанын анықтады (Piaget et al., 1977). Пиаже А – В және С – D арасындағы деңгейі жоғары өзара байланысты анықтауға қабілеттердің болмауының негізінде балалардың формалды оперативтік сатысына (шамамен 11 жас) жеткенге дейін ұқсастық бойынша пайымдауға қабілетті болмайды деген тұжырым жасады. Бірақ, алдыңғы зерттеулер балалардың ұқсастық бойынша пайымдау қабілетіне күмән туғызса да, соңғы зерттеулер бұл пікірді теріске шығарды (бастауыш мектеп жасындағы балалар ұқсастық бойынша тиімді пайым жасай алатынын көрсетті). Егер үш жастағы балаларға проблеманы шешуге қажетті байланыс таныс болса, онда олар А:В::С:D классикалық ұқсастықты дұрыс орналастыра алады (Goswami & Brown, 1989). Чен және оның әріптестері (1977) 13 айлық нәресте қолы жете қоймайтын ойыншықты алу үшін оған бұның модельденген стратегиясы көрсетілген жағдайда, ол бұл білімін қолдана алатынын көрсетіп берді. Бұл ретте аталған стратегия ұқсастық бойынша пайымдау өмірдің бірінші жылында қол жеткізілетін маңызды жетістіктердің бірі бола алатынын меңзейді.

Моральдік пайымдау

Өнегелі даму – психология мен педагогикадағы негізгі тақырыптардың бірі. Пиаже өнегелі дамудың екі кезеңдік үдерісін сипаттады, ал Кохлберг өнегелі даму теориясында әртүрлі үш деңгейдегі алты кезеңді бөліп көрсетті. Кохлберг өнегелі даму – бұл өмір бойы жүретін тұрақты үдеріс деп болжап, Пиаженің теориясын дамытты. Кохлберг өз теориясын бастауыш мектеп жасындағы балалар топтарымен жүргізген зерттеулер мен сұхбаттарына негіздеді. Бұл зерттеуге қатысушыларға моральдік дилеммалар беріліп, әр сценарий бойынша олардың ойларына негіз болған пайымдауларды анықтау ұсынылды. Бұдан әрі Кохлберг балаларға ұсынған «Ганс дилеммасы» деп аталған мысал келтірілген...

«Ганстың дәрі ұрлауы»

Еуропада бір әйел рақтың ерекше түрімен сырқаттанып, өлім аузында жатады. Дәрігерлердің пікірінше ол әйелге көмектесе алатын бір дәрі бар екен. Бұл – радиийдің бір түрі, оны осы қалада тұратын фармацевт жуырда ойлап тауыпты. Мұндай дәріні шығару өте қымбат жұмыс, ал фармацевт оны сатуға он есе қымбат баға қойған. Радиий үшін ол 200 доллар төлеп, дәрінің кішкентай мөлшерін 2000 долларға бағалады. Сырқат әйелдің күйеуі Ганс таныстарының барлығынан қарыз сұраса да, соманың жарты құнын, яғни 1000 доллар ғана жинайды. Ол фармацевтке әйелінің өлім аузында жатқанын айтып, дәріні арзанырақ сатуды немесе кейінірек төлеуге рұқсат етуді сұрайды, бірақ фармацевт: «жоқ, мен бұл дәріні таптым және мен осы дәрімен ақша табамын» – деп жауап береді. Осы сөзге қатты ашынған Ганс дәріханаға баса-көктеп кірді де әйелі үшін сол дәріні ұрлап әкетті. Ганс дәл осылай істеуге тиіс пе еді?» (Kohlberg, 1963).

Кохлбергті қызықтырғаны – Ганс дұрыс істеді ме деген сұраққа беретін жауаптары емес еді, ғалымды қатысушылар өз шешімін негіздеген пайымдары қызықтырды. Жауаптар өнегелі даму теориясын негіздеу сатылары бойынша жіктелді. Бұл модель әрқайсысы екі кезеңнен тұратын үш деңгейге бөлінді.

I деңгей. Нормативтікке дейінгі моральдік пайымдау

1-кезең. Тілалғыштық және жазалау.

Өнегелі дамудың ең ерте кезеңі, бастауыш мектеп жасындағы балалар арасында кең тараған. Бұл кезеңде балалар ережелерді абсолютті және мызғымас деп санайды. Ережеге бағыну маңызды, себебі бұл жазаға ұрынбау дегенді білдіреді.

2-кезең. Тұлғалық ерекшелену және өзара әрекеттесу.

Өнегелілік дамудың бұл кезеңінде балалар дара көзқарастарды ескереді, қылықтар туралы жеке қажеттіліктерге қаншалықты сәйкес келетініне қарай ой білдіреді. Ганс дилеммасында, балалар Ганс қажеттіліктеріне қызмет ететін іс-әрекет ең дұрысы дегенді ұстанды. Өнегелі дамудың бұл сатысында өзара түсіністік болуы үшін ол жеке мүддеге сәйкес келуге тиіс.

II деңгей. Дәстүрлі моральдік пайымдау

3-кезең. Тұлғааралық қатынастар.

Әдетте «жақсы ұл – жақсы қыз» деп қарастырылады. Бұл сатыда даму әлеуметтік тұрғыдан күтілетін нәтиже мен рөлдерге қол жеткізуге шоғырланады. Конформизмге және «жақсы» болып саналатынның барлығына; таңдаудың өзара қарым-қатынастарына әсері туралы ойларға назар аударылады.

4-кезең. Әлеуметтік тәртіпті қолдау.

Өнегелі дамудың бұл сатысында адамдар пайымдау жасағанда қоғамды тұтас қарастырады. Ережелерді орындау және борыш пен өкілеттілікті атқару арқылы заң мен тәртіпті қолдауға ерекше назар аударылады.

III деңгей. Нормативтіктен кейінгі моральдік пайымдау

5-кезең. Әлеуметтік шарт және жеке құқықтар.

Бұл кезеңде адамдар түрлі құндылықтарды, басқа адамдардың пікірі мен көзқарастарын ескере бастайды. Заңның қағидалары қоғамды қолдау үшін аса маңызды десек те, қоғам мүшелері мұндай стандарттармен келісуге тиіс.

6-кезең. Әмбебап қағидаттар.

Кохлберг бойынша моральдік пайымдаудың соңғы деңгейі әмбебап этикалық қағидаттарға және абстрактілі пайымдауға негізделеді. Бұл кезеңде адамдар, егер олар қағидалармен және заңдармен келіспесе де, әділдіктің үйреншікті болған қағидаттарына сүйенеді.

Зерде теориясы оқушылардың жас ерекшеліктері тұрғысынан

«Зерде теориясы» (ЗТ) – бұл басқаларды арнайы делдал ретінде түсінудің, яғни олардың зердесін ұстаным, тілек сияқты арнайы күйлердің теориялық тұжырымдамасы тұрғысынан интерпретациялаудың ерекше танымдық қабілеті. Зерде теориясы деп іс-әрекеттерге әкелетін ақыл-ой күйінің кең спектрін (ұстаным, тілек, ниет, елестету, эмоциялар және т.б.) түсінеміз. Қысқаша айтқанда, зерде теориясы – өз санаңның және басқа адамдар санасының мазмұнына ой жүгірте білу деген сөз.

«Жалған ұстаным»

ЗТ тұжырымдамасы даму психологиясынан шығады. Балалар ниетті және басқа да маңызды сана операцияларын (көз тігу бағыты, назар аудару, талаптану) түсіну қабілеттерін ерте көрсетеді. Соған қарамастан, 80-жылдардың басында Г.Виммер мен Дж.Пернер 3–4 жасқа жеткенге дейін ЗТ толыққанды дамымайтынын көрсетті. Ғалымдар 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың жалған көзқарасты басқа біреуге таңуын қадағалау және тексеру үшін бірнеше эксперимент жүргізді. Эксперименттердің бірінде балалар кейіпкер Максидің шоколадын жәшікке тастап кеткен кезде оның анасы шоколадтың кішкене бөлігін ас дайындауға алады да, тәттіні басқа жерге қойып кеткені туралы сценаны бақылайды. Макси қайтып келгенде эксперимент жасаушы: «Макси шоколадты қай жерден іздейді?» деген сұрақ қояды. 1983 жылғы алғашқы нәтижелер, 5 жастан үлкен балаларда Максиге жалған түсінік беру проблемалары кездеспейтінін, бұл жасы кішірек балаларда кездесетінін көрсетеді (олар Макси шоколадты анасы қойған жерден іздейді деп ойлайды). Жалған ұстанымның алдына қойылған міндет – балалар дамуындағы кезеңдер арасындағы нақты бөлінуді айқындау, атап айтар болсақ, ол ақыл мен ақиқатты «айқын» көрсету кезеңі және ақыл мен ақиқатты «айқын емес» көрсету кезеңі. Бұл олардың шынымен болған жайт пен адамдар көзқарасына негізделген пікірді оңай айыра алатынын білдіреді.

Жалған ұстанымды пайдалана отырып жүргізілген бақылау нәтижелері баланың санасында үш жаста күрт өзгерістер болатынын көрсетті. Бұл көптеген психологтар мен философтарға (Leslie, 1987; Fodor, 1992) шамамен үш жасқа қарай күшейе түсетін туа біткен модуль ретінде, ЗТ үшін жауапты танымдық құрылымды толығырақ сипаттауға мүмкіндік берді. Басқа психикалық ақаулар болса, бұл танымдық құрылым нашарлайды немесе онымен қатар жүре беруі мүмкін. Мұндай көзқарас аутизм сияқты елеулі психиатриялық патологиялардың эксперименттік зерттеулерінің нәтижелері бойынша алынған дәлелдерге сәйкес келеді (Baron-Cohen, 1995; Frith et al., 1994). Аутизммен ауыратын балалар зияткерлік және сөйлеу қабілеттерін тестілеуге арналған басқа танымдық тапсырмаларға қарағанда, жалған ұстаным міндеттерін орындау кезінде төмен көрсеткіш байқатады.

Шығармашылық оқушылардың жас ерекшеліктері тұрғысынан

Шығармашылық үдеріске, өнімге немесе жеке тұлғаға қатысты қарастырылады (Baron, 2002) және ол арқылы бірегей, жоғары сапалы және дана нәтижелер шығатын тұлғааралық әрі тұлғаішілік үдеріс деп сипатталады. Бастауыш мектеп жасындағы балалармен жұмыс істеу барысында шығармашылық әлеуетінің негізі ретінде қаралатын өзіндік идеяларды дамытуға немесе өндіруге, яғни үдеріске көңіл аудару қажет. Мұндай үдерісті түсіну үшін конвергентті және дивергентті ойлау арасындағы Гилфордтың (1956) айырмашылықты шектеу түсініктерімен танысқан пайдалы. Конвергентті ойлауға байланысты проблемалардың көбіне бір дұрыс шешімі болады, ал дивергентті ойлауға қатысты проблемалар проблеманы шешетін субъектілерден көптеген шешімдерді қабылдауды талап етеді, ол шешімдердің кейбіреулері жаңа, жоғары сапалы, креативті болуы мүмкін.

Балалардың креативтілігін дұрыс түсіну үшін, шығармашылық, зияткерлік қабілеттер мен дарын арасындағы айырмашылықты түсіну қажет. «Дарынды» деген термин әдетте жоғары зияткерлік қабілеттермен пара-пар тәрізді. Бірақ Валлах (1970) зияткерлік қабілет пен

шығармашылық бір-біріне тәуелсіз және шығармашылығы жоғары балада жоғары зияткерлік қабілеттер болуы да, болмауы да мүмкін деп есептеген. Балалар креативтілігінің көптеген өлшемдері мағынаны жылдам ұғуға шоғырланған. Мағынаны жылдам түсінуге арналған есептер балалардан миға шабуылдағыдай белгілі бір түрткі ойларға сәйкес көбірек жауап ойлап табуды талап етеді. Негізінен, мазмұнын жылдам түсіну шығармашылық үдерістің аса маңызды сипаттамасы деп саналады. Балалардың жауаптары қарапайым, дағдылы сипатта, сондай-ақ бірегей, қайталанбас мазмұнда болуы мүмкін, бұл ретте соңғысының шығармашылық әлеуеті бар деп саналады. Осылайша, біз балалардан «олардың ойынша «қызыл» болатын барлық заттар» туралы айтуды сұрадық, балалар тек вагон, алма, күртелерді ғана емес, сонымен қатар қызылша ауруын және суық қолдарды да санағанын көрдік.

Мұғалімдер үшін маңызы

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу туралы ең маңызды ақпарат оқудың танымдық теориясына байланысты шығар. Маргарет Дональдсон сияқты көптеген психологтар мен педагогтер Пиаженің дамыту мен оқудағы «кезеңдік тәсіліне» күмән тудырды, өйткені 1950-ші жылдары Пиаже идеясы әлі кеңінен таралмаған болатын. Неврология саласындағы соңғы зерттеулер көрсеткендей, балалар да ересектердікі сияқты неврологиялық құрылымдарға ие болатыны дәлелденген (Goswami and Bryant, 2010). Госвами мен Брайант ересектер мен балалардың ойлауы арасындағы айырмашылықтар олардағы нейрофизиологиялық өзгерістер тұрғысынан емес, олардың тәжірибелеріндегі алшақтықта екенін түсіндіруге болады деп есептейді. Осы арқылы проблеманы шешу үшін әзірше оқушылар оқуға «дайын» болғанша күте тұру керек деген қалыптасқан пікірге деген сенімді шайқалтты.

52

Заманауи ойлау біз оқушылардың оқу тәжірибесін болжаулы даму кезеңдері аясында шектемеуіміз керек деп санайды. Оның орнына біз барлық жастағы оқушыларды бай эксперименталдық және әлеуметтік ортамен қамтамасыз етуге тиістіміз. Оқушылар мұғалімдермен және басқа оқушылармен өзара әрекеттестікте жиі болатын орта олардың ЖАДА-сына сәйкес оқуды қолдауға мүмкіндік береді. Оқудың танымдық теориясы балаларды оқу үдерісінің белсенді қатысушылары деп санайды, сонымен қатар оқу мен дамытуға арналған іс-шаралардың негізгі бөлігіне кішкентай балалар бастама жасауға тиісті деген пікірді ұстанады. Осы теорияны ұстанатын мектептер тиісті орта құра отырып, ерте жасқа арналған оқу бағдарламаларын дайындайды. Мұғалімдер мен ересектер балалармен еркін сөйлеседі, ал оқу бағдарламасына балалар тәжірибесін енгізу арқылы сабақтардың маңызы артқан.

Выготский танымдық қабілетті дамытудағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің маңызын бәрінен бірінші етіп қояды. Зерттеуші Хоу мен Мерсер (2010) бірлескен іс-шаралар ақыл-ой дамуы мен оқуды, сондай-ақ қарым-қатынас жасау дағдыларын арттыратынын көрсетті. Пиаженің танымдық өзгерістер балалар ересектердің емес, өздерінің құрбы-құдастарының идеяларымен және көзқарастарымен қарсы келіп қалған жағдайда орын алады деген болжамынан бұл құбылыстың бірнеше түсініктемесін көруге болады. Аралас жастағы топтар оқушыларға анағұрлым жақсы дамыған және нашарлау дамыған құрдастарымен өзара әрекет жасау үшін кең мүмкіндік береді, бұл олардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Хоу мен Мерсер сыныптағы қарым-қатынас сипаты мен онда болып жатқан әлеуметтік үдерістер жетістіктерге себепші болады деп есептейді: бұл ретте мұғалім сыныптағы жалғыз білім көзі емес, көмектесуші адам ретінде барлық оқушылардың дамуын қолдайды деп көзделеді.

АҚШ-та жүргізілген шағын жинақталған мектеп сыныптарында оқытуды зерделеген зерттеулер мұғалімдерге жас ерекшеліктеріне қарай оқыту мен оқу проблемаларын шешудің жекелеген тәсілдерін ұсынады. Авторлардың пікірі бойынша, бұл мұғалім үшін оқушылар жеке тұлға болып табылатын сыныптарда және мұғалімнің кәсіби ойы оқу бағдарламасына емес, оқушыларды оқыту үдерісіне бағытталған сыныптарда табысты шешімін табуға тиіс. Бұл жағдайда мұғалім әрбір оқушы үздіксіз, өмір бойы білім алады деп санайды және бұл



кезде бар уақытын белгілі жастағы балалар үшін қандай бағдарламаның қолайлы екендігіне жұмсамай, оларға білім алу барысында қолдау көрсетуге тырысады. Аралас жастағы оқуды зерттеу әртүрлі жастағы оқушылардың сұраныстарын қанағаттандыруда үдерістік тәсілдің қолайлы екендігін көрсетеді. Бұл мұғалімдердің әрбір оқушы өзінің даму деңгейіне сәйкес қатыса алатын, барлық балаларды қамтитын ашық тапсырма, тәжірибе мен жоба өткізуін талап етеді. Әртүрлі жастағы табысты сыныптарда мұғалім оқытуды үйлестірушінің рөлін атқарады және «білім беруші» субъекті ретінде әрекет етпейді, қайта оқу үдерісін бағыттайды, толықтырады және қолдайды. Әрбір оқушының білім алуына көмек көрсету үшін олар оқушылардың жеке сұраныстарын, дамуы мен мүдделерін білуге тиіс. Яғни оқу үшін бағалау әртүрлі жастағыларды табысты оқытудың маңызды құралы болып табылады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқуға арналған зерттеулердің негізгі ерекшеліктері олардың оқу сабақтарын балалар үшін қызықты, тартымды және маңызды етуге бағытталуы болып табылады. Мұғалім оқушылардың не білетінін және қандай жаңа ақпарат қосу керектігін анықтаған жағдайда кіші жастағы балалардың назарын аударуға болатынын атап өткен жөн. Метасананы оқыту жолдарының бірі – өз ойын анық баяндауға үйрету, оны сабақты жоспарлау кезінде және сыныптағы пікірталастар кезінде ескеру болып табылады. Міндет – лексиканы қалыптастыру, біз «Бүгін біз... туралы ойлаймыз», «Бұл сабақ... туралы», «Не туралы ойладық?» деген сауалдарды ойбағдар ретінде ұсына отырып, біздің сабақ беруіміздің сипатын аша түсіп, балаларымыздың өзіндік ойлауы мен түсінігінің кемелденуіне көмектесуге тырысамыз. Пайдаланылған терминдерді түсіндірумен бірге балаларға сол терминдерге өз сөздерімен анықтама беру міндетін де жүктеу керек.

Бастауыш мектеп жасындағы балалар үшін идеяларды тудыру барысында креативтілікке үнемі көңіл бөлінеді. Ересектердің көптеген идеяларды бағалай алмауының өзі балаларға көп идея өндіріп, өзін-өзі бағалаудың келесі кезеңіне ауысуына сеп болады. Идеяларды өндіру сапасы мәселесінің маңыздылығы балаларда өзін-өзі бағалау қабілеті дамыған сайын өрістей береді. Бұл жаста өзін-өзі бағалауға ерекше назар аудару қажет, сол үшін балалар өздерінің болжамдарын өндіру мен зерделеу, сондай-ақ осындай бағалау негізінде өз идеяларын қайта қарау мүмкіндіктерін зерттейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Atkinson, R. C., & Shiffrin, R. M. (1968). Human memory: A proposed system and its control processes [Адам жадысы: ұсынылатын жүйе және оны бақылау үдерісі]. In K. W. Spence & J. T. Spence (Eds.), *The Psychology of Learning and Motivation: Advances in Research and Theory* (Vol. 2, pp.89-195). New York: Academic Press.
- Baddeley, A. D., & Hitch, G. (1974). Working memory [Жұмыс жадысы]. In G. H. Bower (Ed.), *The Psychology of Learning and Motivation: Advances in Research and Theory* (Vol. 8, pp. 47–89). New York: Academic Press.
- Bandura, A. (1977). *Social Learning Theory* [Әлеуметтік оқыту теориясы]. New York: General Learning Press.
- Baron-Cohen, S. (1995). *Mindblindness: An Essay on Autism and Theory of Mind* [Сезім соқырлығы: Аутизмді зерттеу және сана теориясы]. Boston: MIT Press/Bradford Books.
- Barron, B. (2002). Creative work in relational context and its developmental significance [Релятивистік мәнмәтіндегі шығармашылық жұмыс және даму үшін оның маңыздылығы]. *Human Development*, 45, 367–371.
- Chen, Z., Sanchez, R., & Campbell, T. (1997). From beyond to within their grasp: Analogical problem solving in 10- and 13-month-olds [Түсінуден тыс және оның ішінде: 10 және 13 ай жасындағы ұқсастық бойынша проблемаларды шешу]. *Developmental Psychology*, 33, 790–801.
- Davidson, J. E., Deuser R., & Sternberg, R. J. (1996). In J. Metcalfe & A. P. Shimamura, *Metacognition: Knowing about Knowing* [Метасана: білім туралы білім]. Cambridge. Mass: MIT Press.

- Flavell, J. H. (1976). Metacognitive aspects of problem solving [Проблеманы шешудің метатанымдық аспектілері]. In L. B. Resnick (Ed.), *The Nature of Intelligence* (pp.231–236). Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Flavell, J. H. (1979). Metacognition and cognitive monitoring: A new area of cognitive-developmental inquiry [Метасана және танымдық мониторинг: танымдық зерттеулер мен даму зерттеулеріне арналған жаңа сала]. *American Psychologist*, 34, 906–911.
- Flavell, J. H., Green, F. L., & Flavell, E. R. (1995). Young children’s knowledge about thinking. Monographs of the Society for Research in Child Development [Ерте жастағы балалардың ойлау туралы білімдері. Бала дамуы саласындағы зерттеу қоғамының монографиясы]. *Monographs of the Society for Research in Child Development*, 60 (1), Serial No. 243.
- Fodor, J. (1992). A theory of the child’s theory of mind [Сананың балалық моделінің теориясы]. *Cognition*, 44, 283–296.
- Frith, U., Happe, F., & Siddons, F. (1994). Autism and theory of mind in everyday life [Аутизм және күнделікті өмірдегі сана моделі]. *Social Development*, 3, 108–124.
- Gentner, D., & Holyoak, K. J. (1997). Reasoning and learning by analogy: Introduction [Ұқастық бойынша пайымдау және оқыту: Кіріспе]. *American Psychologist*, 52, 32–34.
- Goswami, U., & Brown, A. L. (1989). Melting chocolate and melting snowmen: Analogical reasoning and causal relations [Шоколад пен аққаланың еруі: ұқастық бойынша пайымдау және себеп-салдар байланысы]. *Cognition*, 35, 69–95.
- Goswami, U., & Brown, A. L. (1990). Higher-order structure and relational reasoning: Contrasting analogical and thematic relations [Жоғары тәртіптегі құрылым және релятивтік пайымдау: ұқастық бойынша пайымдаудың тақырыптық байланыстан айырмашылығы]. *Cognition*, 36, 207–226.
- Guilford, J. P. (1956). The structure of intellect [Зият құрылымы]. *Psychological Bulletin*, 53, 267–293.
- Hagen, J. W., & Hale, G. A. (1973). *The development of attention in children* [Балаларда зейінді дамыту]. Paper presented at the Minnesota Symposia on Child Psychology. University of Minnesota, Minneapolis, October, 1972.
- Howe, C., & Mercer, N. (2010). Research survey for The Cambridge Primary Review [Кембридждік бастапқы шолуға арналған сауалнама-зерттеу]. In R. Alexander (Ed.), *Children, their World, their Education*. London: Routledge.
- Inhelder, B., & Piaget, J. (1958). *The Growth of Logical Thinking from Childhood to Adolescence* [Логикалық ойлаудың өсуі: сәбилік кезден жасөспірімдік жасқа дейін]. New York, NY: Basic Books.
- James, W. (1890). *The Principles of Psychology*. Classics in the History of Psychology [Психология қағидаттары. Психология тарихындағы классика].
- Kohlberg, L. (1963). *Heinz Steals the Drug* [Ганстың дәрі ұрлауы]. Retrieved on 5/28/2009 from <http://www1.appstate.edu/~kms/classes/psy2664/Heinz.htm>.
- Kohlberg, L. (1981). *Essays on Moral Development* [Өнегелілік дамудағы зерттеу]. Vol. I: The Philosophy of Moral Development. San Francisco, CA: Harper & Row.
- Leslie, A. M. (1987). Pretence and representation: the origins of “theory of mind” [Жасандылық және модельдеу: «сана моделінің» көздері]. *Psychological Review*, 94, 412–426.
- Piaget, J. (1977). The Role of Action in the Development of Thinking [Ойлауды дамытудағы қызметтің рөлі]. In W. F. Overton & J. M. Gallagher (Eds.), *Advances in Research and Theory*. New York: Plenum Press.
- Richland, L. E., Morrison, R. G., & Holyoak, K. J. (2006). Children’s development of analogical reasoning: insights from scene analogy problems [Балаларда ұқастық бойынша пайымдауды дамыту: ұқастық бойынша ойлау проблемасын түсіну]. *Journal of Experimental Child Psychology*, 94, 249–271.
- Rogers, C. R. (1983). *Freedom to Learn for the 80s* [80-жылғыларға арналған ойлау бостандығы].



- Columbus, OH: Merrill.
- Sternberg, R. J. (1983). Criteria for intellectual skills training [Зияткерлік қабілеттерді дамыту өлшемдері]. *Educational Researcher*, 12, 6–12.
- Tennant, M. (1997). *Psychology and Adult Learning* [Психология және ересектерді оқыту]. London: Routledge.
- Tulving, E. (1985). How many memory systems are there? [Неше жады жүйесі бар?]. *American Psychologist*, 40, 385–398.
- Vygotsky, L. (1962). *Thought and Language* [Ойлау және сөйлеу]. Cambridge, MA: MIT Press.
- Wallach, M. A. (1970). Creativity [Креативтілік]. In P. H. Mussen (Ed.), *Carmichael's Manual of Child Psychology* (Vol. 1). New York: Wiley.
- Wimmer, H., & Perner, J. (1983). Beliefs about beliefs: representation and constraining function of wrong beliefs in young children's understanding of deception [Сенім туралы көзқарас: кіші жастағы балалардың қате көзқарасын түсіндіруде жалған көзқарасты ұстау қызметі]. *Cognition*, 13, 41–68.

Қалай оқу керектігін үйрену

Кіріспе

«Қалай оқу керектігін үйрену» тарауы «өзін-өзі реттеу» үдерісіне жатады. Бұл үдерісте оқушылар **метатану** үдерісі арқылы түсіну, бақылау және оқу тәжірибесіне қадағалау жүргізу қабілеттерін дамытады. «Метатану» термині оқушылардың саналы білім алуы мен ойлауын дамытуға ықпал ететін бірқатар үдерістерге қатысты қолданылады (Flavell, 1976). Метатануға танымдық үдерістерді білу, түсіну және реттеу немесе танымдық үдерістерді қарастыру үшін танымдық үдерістерді қолдану, соның ішінде қатесін танып-білу және ойлауды бақылау деген анықтама беруге болады.

Тарихи шолу

Флейвелл (1976) өткізген алғашқы кең көлемді метатану зерттеуінде ерте жастағы балаларға еске сақтауға арналған тапсырмалар берілді. Бестен жеті жасқа дейінгі оқушыларға зерттеуші белгілі ретпен бірқатар заттарды көрсетті. Он бес секундтан кейін балалардан осы реттілікті бұзбай еске түсіру сұралды. Ересектеу балалар бір нәрсені есте сақтау қажет болса, ол үшін күш салу керек екендігін түсінді. Олар қайталау тәсілін пайдаланып, кезектілік ретін еске сақтады. Ал неғұрлым кішірек балалар бұл тәсілді пайдаланбағандықтан, еске сақтай алмады. Қайталау қажеттігі туралы кеңес алғаннан кейін ғана олар тапсырманы дұрыс орындап шықты. Кеңес берілмеген жағдайда оқушылар білім алу уақытын өнімсіз (тиімсіз) пайдаланды. Флейвелл мұндай қабілеті жетіп тұрса да, «тәсілдерді пайдаланбауды» «өнімділік тапшылығы» деп сипаттайды (Whitebread, 2000).

Өз жұмысының нәтижесінде Флейвелл (1976) метатануды өлшеудің үш құрылымын (өлшемдерін) сипаттай отырып, балалар метатануының мониторингі мен талдауының негізін анықтады:

- білім алушы тұлға ретінде өзі туралы білімі;
- мақсаттар мен тапсырмаларды білу, түсіну және бағалау;
- тапсырманы орындауға қажетті стратегияларды білу және оларды бақылау.

Бірінші өлшем **жеке білімге** қатысты; өзін оқушы ретінде тани отырып, бала, мысалы, өзінің мықты және әлсіз жақтарын сезінеді, оқу үдерісінде не ұнайтынын, не ұнамайтынын түсінеді және жеке мақсаттарды белгілеу қабілеті туындайды. Флейвелл оқушылардың өзінің оқуын саналы түрде сезінуі дамыған сайын (бұл да сол жұмыста) балалардың басқа оқушылардың да өз оқуына қатысты таңдауы, күшті және әлсіз жақтары бар екендігі туралы метатанымдық түсінігінің де кеңейетіндігін анықтады.

Флейвелдің **екінші** өлшемі **тапсырмаға бағытталған**, ол оқушының өз мақсаты мен тапсырмаларын білу, түсіну және бағалауды қамтиды. Метатанудың бұл аспектісі оқушының тапсырманы қалай талдайтынын және бағалайтынын немесе күрделілік деңгейін қалай салыстыратынын көрсетеді.

Сондай-ақ, **үшінші** метатанымдық құрылымды Флейвелл тапсырманы орындауға қажетті білім мен тәсілдерді бақылау деп анықтайды. Оқушылардың орындауы қажет тапсырманы анықтауы және бір немесе бірнеше тәсілдердің көмегімен тапсырманы орындау жоспарын құруы стратегиялық бақылау көрсеткіші болып табылады. Түрлі тәсілдердің салыстырмалы түрдегі тиімділігі бағаланып, оқушылар өз әрекеттерін түсіндіреді. Оқушылардың таңдауы мүмкін тәсілдерінің біреуі – басқалардың білім аясы кеңірек болуы мүмкін деген жеке көзқарасына байланысты олардан көмек сұрау.

Табыс, ұмтылыс және тиімді тәсілдерді қолдану арасындағы негізгі байланысты қалыптастыратын болғандықтан, метатану ұғымын бір оқушының «қалай оқу керектігін үйренуі» деп қарастыруға болады. Метатанымдық қабілеттердің дамуы мен тиімді ойлау мен оқудың арасында байланыс бар.

Шанк пен Циммерман (1994) балалардың өз оқуын бақылауға алу мен оны жүргізу барысында оларға дербестік беруге баса назар аударады. **Өз бетінше жұмыс істеу және даму ниетін** авторлар **метатанудың маңызды аспектісі** ретінде таниды. Оқу үдерісінің табысты болуы ынталандыру, әлеуметтік және эмоционалдық себептер арасындағы күрделі әрекеттестік пен метатанымдық білімге байланысты.

Ерте жастағы оқушыларда метатанымдық қабілеттердің бар екендігі жуық арада ғана белгілі болды. Флейвелл ерте жастағы оқушылардың метатану мүмкіндігі шектеулі екендігін айтады, олар әр уақытта өз жадыларын басқаруға, проблемаларды шешуге және шешім қабылдауға қабілетті емес. Алайда, жадының аспектілерін зерттеу бойынша жүргізілген бұдан кейінгі жұмыстар 3–4 жастағы балалардың өздері көп суреттерге қарағанда, саны азырақ суреттерді есте сақтау жеңілірек екендігін сезіне алатындығын анықтады (Flavell et al, 1995). Бронсон мектеп жасына дейінгі балалар мен балабақшадағы балалардың танымдық дамуын зерттей отырып, олардың көпшілігі ерікті түрде іштей өзін-өзі реттеуге қабілетті деген шешімге келді. Зерттеуші олар да «қалай оқу керектігін үйренеді» деген болжам жасаған. Осыған қарамастан, олар шешімді қалай қабылдағандарын немесе қандай тәсілді қолданғанын үнемі түсіндіріп бере алмайды, бұл жастағы балалар танымдық әрекет кезінде «өздік басқару» қызметін пайдаланады. Өсе келе, олар өз деңгейлеріне сәйкес келетін тапсырманың түрін таңдауға, оларды тиімді пайдалануға, өздерінің әрекетін түзетуге немесе қажет болған жағдайда көмек сұрауға, сондай-ақ іс-әрекет аяқталғанша немесе мақсатқа жеткенше «үдерісті» тоқтатпауға қабілетті бола бастайды (Bronson, 2000).

Қазіргі заманғы бірқатар зерттеулерде 3 жастағы оқушыларға мүмкіндік жасалған жағдайда, олар өзінің оқуына асқан жауапкершілікпен қарауға қабілетті екендігі анықталды (Whitebread, 2000). Олар балғын жас ерекшелігіне қарамастан, өздерінің оқуына саналы түрде қарайды, тапсырмаларды шешу үшін өзіндік әдіс-тәсілдерді қолданады, сондай-ақ өздерін оқушы ретінде сезіне бастайды. **Өзін-өзі реттеу мен метатанудың мұндай дағдыларын дамыту бұл балалардың саналы оқушы болып шығуының кілті** екендігі анықталды. Бұл зерттеу аталған қабілеттерді дамыту 3-5 жас аралығында болатындығын, сондай-ақ мұғалімдердің осы кезеңде жоғары сапалы педагогтік тәсілдерді қолданып, қомақты үлес қоса алатындығын көрсетті.

Заманауи түсінік

Зерттеу көрсетіп отырғандай, оқу – бұл жекеленген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені. Төменде оқушының оқуына қажетті және де оларды дамыту үшін мұғалімнің көмегі қажет болатын құзыреттер:

- оқудың қалай жүретінін түсіну, оқудың қолайлы стильдерін назарға алу және өмір бойы өз бетінше оқудың қажеттілігін мойындау және оның әдістерін таңдау;
- ойлануға жүйелі түрде үйрену;
- өзінің шығармашылық таланттарын және оларды барынша жақсы пайдалану жолдарын зерттеу және анықтау;
- оқу үдерісі үшін және өзін-өзі тану әдісі ретінде оқуды жақсы көру;
- тілді, есептеуді жақсы игеру және кеңістіктік ойлау қабілетінің болуы;
- сандық технологиялар саласындағы жоғары құзыреттілік.

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзыреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Оқу үдерісіне толыққанды қатысу үшін оқушылар қалай оқу керектігін білулері керек. «Қалай оқу керектігін үйренудің» қозғаушы күші «метатану» болып табылады. Басқаша айтқанда, оқу бар, бірақ сонымен бірге оқуды үйрену де бар. Адамдар ойлауға қабілетті және ойлау туралы ойлануға да қабілетті. Тап осы сияқты **танымдық қабілет** бар да, сол сияқты **танымды тану** да бар. «Метатануды» индивид қалай ойлайтынын, оқытынын қадағалау, бағалау, бақылау қабілеті ретінде сипаттайды. Бейресми түрде, қалай оқу керектігін үйренуді өз бетімен білім алуын ойлау және мұндай ойлаудың нәтижелерін кейінгі оқу үдерісінде саналы қолдану деуге болады. Бұл үдерісте мұғалім оқушыға:

- оқу міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- жеке зияткерлік үдерістерін және олардың қалай ықпал ететінін білуге;
- тапсырмаларды орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;
- нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдауға көмектеседі.

Осы төрт тармақты іске асыру үшін оқушылардан қалай оқу керектігін үйрену талап етіледі. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады.

Негізгі алғышарт мұғалімдердің қолданған әдіс-тәсілдерінің оқушылардың метатанымдық немесе өздігінен реттелетін оқуын дамытуға ықпал ететіндігі болып табылады. Оқудың әлеуметтік-мәдени теориясын дамыту барысында Выготский оқушының өз бетімен қол жеткізе алмайтын оқу деңгейін ересек немесе «маңызды» (ықпалды) адамның көмегімен қамтамасыз етудегі рөлі туралы жазады; мұндай оқудың әлеуеттік көлемі «**Жақын арадағы даму аймағы**» – ЖАДА ретінде анықталды (Vygotsky, 1978). Қолдау көрсететін ересек адам «рефлексиялаушы агент» ретінде жұмыс істей отырып, оқушының әрекетіне жауап береді және оның оқуының дамуын қамтамасыз етеді. Оқудың дамуы барысында жетекшінің қолдау көрсетуінің түрі мен деңгейі өзгеріп отырады, сонымен бірге түрткі болу, бағытталушылық, дамудың тұжырымдамалық негіздерінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында түрленеді. Бұл үдерісті Жером Брунер «көпіршелер тұрғызу» деп тауып айтқан. «Көпіршелер тұрғызу» ұғымының метафоралық түрде қолданылуы астарында жетекшінің оқушыларды біртіндеп тапсырманы аяқтауға «итермелеуінде» көрініс беретін, үнемі ұлғайып артып отыратын қолдауы деген түсінік жатыр. Жетекшінің оқушы жетістігіне деген реакциясы да қолдау ретінде қарастырылады. Оқудың дамуы барысында оқушыға жол көрсету біртіндеп азайтылуы қажет, себебі оқу үдерісін дамыту арқылы оның мәні де айқындала бастайды: оқу тәуелсіз сипат алып, өздігінен реттелетін болады.

Өздігінен реттелетін оқудың үш элементі аса маңызды болып табылады (Perry et al, 2002):

- тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы;
- оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы,
- проблеманы шешу мен мақсатқа жетуге арналған әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы.

Таңдалып алынған тапсырмалар өзін-өзі реттеу тәсілдерін жүзеге асыруға ықпал етуі қажет. Өздігінен реттелу тапсырмаға қызығушылықтың неғұрлым жоғары деңгейіне өтуге ықпал етеді; Перри бастаған зерттеушілер тобы Британ Колумбиясы балабақшасындағы (3 жастағы) балаларға бақылау жүргізудің нәтижесінде бұл іске үлкен үлес қосты. Олар өз бақылауларын мұғалімдерден сұрау алу арқылы толықтыра отырып, балалардың жоспарлау, бақылау, проблемаларды шешу және өзінің оқуын бағалауға белсенді араласу үлгісін жасады. Балаларға таңдау берілді, бұл олардың өз таңдауларын тапсырманың күрделілігімен, өз жұмысын және басқа балалардың жұмысын бағалау жолымен байланысты түсіндіруге мүмкіндік берді. Бақылау жұмыстары балалардың оқу және жазу жұмыстарына қатысты өткізіліп, оқу бағдарламасының өн бойында қолдануға болатын және метатану үдерісі кезінде сөйлеуді дамытуға үлес қосатын тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді анықтауға көмектесті.

Оқушылардың тәжірибесін пайдалану

Оқу үдерісінің «саналы» болу қажеттілігі туралы тұжырымдар балалардың жеке тәжірибесінің мәдениеті мен құндылығы оқудың тиімділігін елеулі түрде арттыратын маңызды жағдай деп қабылданатындығына негізделген. Мұндай негіздеме «жағдаяттық танымға» арқау болып табылады (Lave, 1988; Lave and Wenger, 1991), оған сәйкес белгілі бір жағдаяттар пайымдар мен стратегиялардың тиісті түрлерін құрылымдап, белгілейді. Ньонс және басқалардың (1993) жұмыстарында Бразилиядағы көше балаларының күнделікті нарықтағы сауда жағдаяттарында есептерді ойша жақсы шығарғанымен, мектептегі математика пәнінен қарапайым жазбаша тапсырмаларды орындау барысында қиындықтарға кездескені анық көрсетілген.

Оқушылардың пікірін назарға алу

Жуық арада Ұлыбританияда жүргізілген зерттеулерде оқушылардың оқыту мен оқу туралы пікірлеріне ерекше назар аударылды. Мектептерде «**Оқушы үніне**» көңіл бөлуге баса назар аударылып келеді. Джин Раддок «Оқушы үнінің» белгілі жақтаушысы ретінде «Оқушылармен пікірлесудің мақсаты – оқушының көзқарасы тұрғысынан оқудың не екенін түсіну, жекелеген оқушылар мен топтар үшін оқуды қалай жақсарту» екендігін жазады (Rudduck et al, 2004).

«Қалай оқу керектігін үйрену» бойынша жүргізілген ауқымды зерттеу барысында Кембридж университетінің зерттеушілері «**Оқушы үні**» жобасы бойынша жұмысқа тартылды. Ол жобаның **мақсаттары**:

- оқушының оқыту мен оқу туралы пікірін ескеру;
- оқушыдан кеңес алудың әдіс-тәсілдері бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық әзірлеу;
- мектептерде ашық және қауіпсіз диалог құрудың проблемалары мен мүмкіндіктерін анықтау болатын.

Осы жоба бойынша оқушылармен мектеп өміріне байланысты көптеген мәселелер, соның ішінде **мадақтау мен жазалау жүйесін өзгерту** сияқты тақырыптар бойынша сұхбат жүргізілді. Сонымен қатар олардан ата-аналарға арналған іс-шараларды өткізу сияқты жылдық жоспарлаумен байланысты проблемаларға, оқушылардың оқуына көмектесетін немесе кедергі жасайтын жағдайларды анықтауға қатысты сұрақтар қойылды. Зерттеулер оқушылардың көпшілігінің сыныпты «**мұғалімнің аймағы**» ретінде қабылдап, оқыту мен оқу



туралы сақтықпен сөйлейтіндігін көрсетті. Бастауыш сынып оқушылары мұғалімнің әрекетіне түсінік беру «**олардың жұмысы емес**» деп санады. Алайда, оқушылар зерттеушілерге өзекті педагогикалық проблемалар мен бос сөзділікті жіктей қарастыра отырып, нені өзгерткілері келетіні туралы өз пікірлерін жеткізді.

Оқушылармен пікірлесу – басшылықтың дәстүрлі қарым-қатынасынан өзгеше және оқушылар мен мұғалімдер арасында ыңғайсыз жағдай тудыруы мүмкін күрделі үдеріс. Оқушылармен әңгімелесу барысында ешқандай алалауға жол берілмеу маңызды, әсіресе, «үндемейтін» және «жеке-дара» оқушылардың барлығының да пікірлері ескерілуге тиіс. Сондай-ақ, оқушылардың пікірлесуде шынайы болуы, оқыту мен оқуға байланысты оқушыларға қызықты және маңызды сұрақтар қамтылуы аса маңызды.

«**Оқушы үні**» жобасы аяқталған соң, жобаға қатысқан мұғалімдер арасында сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесінде оқушылармен пікірлесу:

- оқушылардың өзін-өзі құрметтеуін;
- мектеп пен оқуға қатысты жағымды көзқарас туындауын;
- мұғалімдерге деген эмоционалдық жағымды қатынас туындауын дамытуға ықпал ететіндігі расталды.

Жобаға қатысқан мұғалімдер оқушылардың жауапкершілігі мен сындарлылығына таң қалса, оқушылар өз кезегінде пікірлесудің артықшылығын мойындады. Нәтижесінде олар:

- өзгелердің өздерін құрметтейтіндігін, оларды тыңдап, пікірлерімен санасатындығын сезінді;
- мәселені шешуде олардың пікірлері есепке алынатындығына көздерін жеткізді;
- өзіндік білім алуын бақылау деңгейін анықтады;
- бірлесіп талқылауға болатын сұрақтар ауқымын анықтады;
- оқуды қалай жақсартуға болатыны туралы сенімді нығайтты;
- мектеп пен оқуға деген жағымды қарым-қатынас қалыптастырды.

Оқушылармен білім беру мәселелері бойынша пікірлесу олардың өзін-өзі реттеуін дамытуына ықпал етеді. Мектеп пен сынып жұмысына қатысы бар тақырыпта оқушылармен ашық пікірлесудің жағымды әсері ретінде оқушылардың өз оқуын бақылай алатындығына, ол туралы пікір айтуға, өз оқуын жетілдіруге ықпал ете алатындығына сенімді болуын жатқызуға болады.

Мұғалімдер үшін маңызы

Әңгімеге арқау болған бөлімнің негізгі идеясы *ақпарат беріледі* дегенге саяды, бірақ ол білім мен түсінікті оқушы қалыптастырады, ал мұғалім – бұл үдерісте көмек көрсететін жан.

Сыныптағы оқу үдерісінің тиімділігін айқындайтын негізгі факторлар мыналар: мұғалімнің (1) балалардың қалай оқитынын түсінуі; (2) нені оқыту керектігін түсінуі; (3) тізбектелген сабақтар топтамасын қалай құрылымдау туралы ұғым қалыптасуы; (4) сонымен қатар оқу нәтижелілігін бағалау мүмкіндігін игеруі (*14-сурет*).



14-сурет. Балаларға қалай оқу керектігін үйренуге көмектесу

Келесі бөлімдер сыныптың ішінде не болып жатқанына арналады, бұл орайда сыныптар бүкіл білім беру жүйесінің жекелеген бөлшектері болып табылатынын ұмытпаған жөн және бұл байланыс оқу материалын әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс. Нәтижесінде оқушылар өздерінің отбасы тарапынан қолдау тауып, мектептің ішінде және одан тыс жерлерде олардың оқу әлеуеті артады.

Балалардың қалай білім алатынын ескеру

Нәтижелі білім алу үдерісі мұғалімдердің оқушы өздігінен меңгеріп, таныта білген білім-дағдылары мен амал, көзқарастарын зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында ғана жүзеге асады. Оқыту үдерісінің басында мұғалімдер оқушылар не біледі, оларда қандай қате ой-түйгендері бар және бұны қалай түзеткен дұрыс екенін білу үшін арнайы құралдарды пайдаланады. Бұған дейін бөлім оқу үдерісінің басында оқушылардың қарастырылатын тақырып туралы шамалы білімі болғанын және осы бастапқы білім жаңа материалды игеру үшін бастау болып табылатынын көрсетті. Егер мұғалім мен оқушының білім игеруді бастау нүктесі өзара үйлеспейтін болса, онда оқуда табысқа жету күмәнді болады. Егер білім игеруді бастау нүктесі қолайсыз таңдалынып алынса, онда тіпті ең жақсы оқушылардың өздеріне де алған білімдерін есте сақтау қиындық тудырып, тестіден немесе емтиханнан өткеннен кейін мүлдем ұмытып қалады.

Осыған орай, әр сабақта оқушыларға оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысу керек: олар өзінің болжамдары мен сұрақтарын тұжырымдайды, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеялармен эксперимент жасайды және қателер – оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіне отырып, тәуекелге барады (15-сурет).




Дереккөз: Ұлттық оқу зертханалары, Бефель, Мэн штаты, АҚШ

15-сурет. Оқу пирамидасы



Мұғалім оқушылардың зер салып тыңдауын сақтап қалу мақсатында сыныпта орындалатын жұмыс барынша күрделі және әртүрлі болуын қадағалайды, бұл ретте оқушылардың бойында бұл тапсырмаларды орындау үшін қажетті дағдыларды қалыптастырып, білім береді. Мұғалім оқушыларда Чиксентмихай (2008) «өзіндік мақсат» деп атайтын (*16-сурет*) және Райан мен Деки (2009) «*iшкі уәж*» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауға тырысуға тиіс. Басқаша айтқанда, оқушылар өзін-өзі ынталандыра алады және осыған орай, оларда ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады. Бұны жазалауға ұшырамау немесе емтиханнан құламау түрткі болып табылатын *сыртқы уәжден ажырата* білген жөн.



Дереккөз: Flow: The Psychology of Optimal Experience, Михай Чиксентмихай (74 бет)

16-сурет. Оқушыларда «өзіндік мақсатты» қалыптастыруға арналған жағдайлар

Осы мақсатта мұғалімдер оқушыларға өз мақсаттарын қоюды үйретеді, нәтижесінде оқушылар жоспарлау мен белгілі бір нәтижеге жету үдерісінен рахат алады. Сабақтар оқушылардың мәселенің бүге-шүгесіне дейін назар аудару қабілеті дамтындай және тізбектелген сабақтар топтамасының материалын жүйелі түрде игере отырып, ұзақ уақыт назарда ұстайтындай етіп құрылады. Мұғалімдер оқушыларды жұмысқа ынталандырады және сыныпта болатын жағдайлардың бәріне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Түйіндеме: оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Басқаша айтсақ, *оқушыға бағдарланған оқыту ортасында* мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады.

Бірінші мәселе: Жаңа тақырыпты оқыту адамның нені білетіні және түсінетінімен байланысты болады.

Екінші мәселе: Оқыту оқушының бастапқы білімі мен дағдыларын назарға алып, оларды өрістетуді мақсат еткенде мәнді болады.

Үшінші мәселе: Осы байланыстарды дамытып, нығайту үшін проблемаларды шешу үдерісін толыққанды қатыстыру қажет.

Төртінші мәселе: Оқушыларға болжам жасауға, өз ойын құруға, оны қорғауға және сынақтан өткізуге уақыт беріңіз.

Бесінші мәселе: Оқушылардың бір-бірін оқытуына мүмкіндік беріңіз.

Оқу мазмұны мен тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлаудың үйлесімділігі

Мұғалімнің оқушының оқу үлгерімін ғана емес, түсініп оқуын ескеретін оқу үдерісі материалды терең игеруге ықпал етеді. Тестілеу барысында оң нәтижеге жету үшін материалды меңгеруді ғана көздейтін «тактикалық оқу» – қалай оқу керектігін үйренудің салыстырмалы түрде алғанда «мұзтаудың су бетіндегі бөлігіндей» ғана мәнге ие (17-сурет).



17-сурет. Оқу тактикасы және нәтижелерді бағалау

Өз пәнін білетін мұғалімдер пәнді оқушылардың өз түсінігі мен пікірі қалыптасатындай етіп бере алады. Олар пәннің логикасы мен оқушыларға тиімді қарқынмен мағынаны ұғындыру әдістемесін түсінеді. Осылайша, оқушылар өз дағдыларын қолдануды үйренеді, сондай-ақ пәннің құрылымы мен мазмұнына тереңдейді. Олар пәннің негізін құрайтын қағидаттар мен басты идеяны түсінеді. Бұл үшін оқыту тәсілдерін қолдану қажет, осының арқасында оқушылар оқу жоспарына енген пәндерінің «өзіндік ландшафттарын» зерттеуге қабілетті болады. Бұл қоршаған ортаға бейімделуге ұқсайды: Сіз аумақты зерделеп, қандай ресурстардың қолжетімді екенін және бұл ресурстарды өз қызметіңізде өнімді пайдалану жолдарын білетін боласыз.

Білімге бағдарланған оқу ортасында мұғалімдер үстірт оқуға емес, терең білім алуға ынталандырады. Мұндай оқу барысында оқушылар ойлауға түрткі болатын түсініктемелер жасап, жетекші сұрақтар қояды, сондай-ақ өз идеялары мен жолдастарының идеяларын талдай отырып, проблемаларды шешу жолдарын баяндайды. Оқушылар тәуекелге барудан қорықпайды, керісінше, олар үшін «тұйыққа тірелу» – жаңаны білу жолындағы кезекті қадам.

Алтыншы мәселе: Белгілі бір уақыт ішінде жұмыс істеуге арналған материалдың көлемі шектеулі болуы керек.

Жетінші мәселе: Мұғалімдер оқушылардың өз идеялары туралы рефлексия жасап, оларды ойластыруды ынталандыру арқылы алған білімдерін қорытындылап талдауға көмектесуге тиіс.

Мұғалімдер оқуды бағалаумен (жиынтық бағалау) қатар, оқу үшін бағалауды (қалыптастырушы бағалауды) пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады. Оқу үшін бағалау – оқушылар белгілі бір уақыттың ішінде өз білімдерінің деңгейін өздері бағалайтын, кейін мұғалімдермен бірге өзін-өзі жетілдіру жолындағы келесі қадамдарын айқындайтын үдеріс. Ашық сауалдар, бір-біріне өзінің оқу мақсаттары туралы айтып беру сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне қатты әсер етеді. Егер бұл тиімді іске асырылса, оқушыларда рефлексия жасауға жеткілікті уақыт қалады. Оқушылар жұппен де, жеке де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған қалай жеткенін түсінуге мүмкіндік алады. Олар өзін және бір-бірін бағалайды, бұл тақырыпты тереңірек түсінуге ықпал етеді. Оқушылар өзінің оқу үлгерімінің деңгейін біледі және алға қойған мақсаттарына қарай жылжиды.



Оқушылар оқшауланып оқымайды. Бүгінгі таңда «білім алушылар қоғамдастығы» деген ұғым өзекті болып отыр, онда оқушылар да, мұғалімдер де өздерін **білім алушылар** деп есептейді. Оқушылардың арасында бірлескен жұмыс, бір-бірін қолдау, топтық рух мадақталады. Олар топпен жұмыс істеп, онда тыңдау, дене қимылдары, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылады. Бұл философия одан ары оқуда нық тұру үшін қажетті өзін-өзі құрметтеумен және өзін-өзі басқаруды дамытумен сипатталады; нәтижесінде тәуелсіз және ойшыл, өмір бойы оқуға қабілетті тұлға қалыптасады.

Сегізінші мәселе: қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан бағалау ізгі болуы керек.

Метатану және қалай оқу керектігін үйрену

Оқу үшін бағалауды пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың алға қойған мақсатына жету үшін таңдаған стратегияларының табыстылығын ескере отырып, кері байланыс ұсыну арқылы оларға өз білімін қадағалауға және бағалауға көмектеседі. Оқушылар мұндай білім мен дағдыларды меңгергенде, олар үшін бұл әдеттегі философияға айналып, олардың оқу үлгерімі жоғарылайды. Егер мұғалімдер оқу үдерісін оқушылар бағдарламаның мазмұнын игеріп қана қоймай, оқуға деген өз қабілетін дамыта алатындай етіп құра алса, бұл тиімдірек оқуға мүмкіндік береді. Педагогикалық стратегия ретінде оқу үшін бағалау арқылы метатануды дамытуға болатындығы ғылыми дәлелденген және ол мектептер, жоғары оқу орындары, сонымен қатар ғылым салаларындағы көптеген жүйелерде қолданылады. Сондықтан тестілеу нәтижелерінде болсын, қалай оқу керектігін үйренуде болсын алға қойылған мақсаттарға жетудегі табыстылықты осы метатанудың ықпалы деп түсіндіруге болады.

Оқу қағидаттарын түсінуде оқушыларға көмектесу үшін мұғалімдердің айналысатынының айтарлықтай бөлігі метатану әлеуетін, атап айтқанда, олардың қалай ойлайтынын әрі оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту қабілетін дамытудан тұрады. Бұл оқуды даралаудың (жекешелендірудің) ең басты идеясы болып табылады. Бір жағынан бұны метатанудың дараланған оқудың оқу үшін бағалау сияқты компоненттерін кеңінен қолданатындығымен түсіндіруге болады. Метатану дағдыларының өрістеуі білім алушыларға ондай қабілеттері айқындалмаған оқушылармен салыстырғанда жаңа тақырыптарды, пәндерді және пән салаларын жылдамырақ оқуға және мұғалім тарапынан қосымша назар аударуды талап етпеуге жол ашатын ерекше мүмкіндіктер береді. Басқаша айтқанда, метатанымдық қабілеттер оқушыларға білім алуында тәуелсіздік береді. Соның салдары ретінде, олар әдетте:

- материалды «есте сақтау» және «түсіну» ұғымдарының әртүрлі әдістері бар екенін мойындап, мағынасын ажырата алуға үйренеді (мен мұны есте сақтай аламын ба? маған мұны есте сақтау қажет пе? бұл тақырыпты мен шынымен игердім бе?);
- материалды сараптап, оны күрделілік деңгейі мен назар аудару талаптарының дәрежесі бойынша бөлуге қабілетті (мына фрагмент қарапайым, ал келесіге назар аудару керек);
- материалды игеру деңгейін анықтай отырып, өз өздерін тексеруге және тестілеуге қабілетті (мен мұны дұрыс түсіндім бе?);
- қай кезде мұғалімнің араласуы қажет екенін біледі (мен тығырыққа тірелдім және менің стратегияларым нәтижесіз болып шықты, сондықтан маған көмек қажет).

Соңғы тармақ ерекше маңызды. Әдетте топта мұғалімнен үнемі көмек сұрайтын бірнеше оқушы болады. Кейбір өтініштер бос сөз, әрі ол оқушының мұғалімге аса тәуелді екендігін көрсетеді: метатануды игермеген оқушылар қиындық кездескен кезде үнемі басқа адамнан көмек сұрайды. Метатану әдістерін игерген оқушылар оқыту мен оқудың үздіксіз үдерісінің жалпы мүддесінде мұғалімдермен тең әрекеттеседі және ақыр соңында мұғалімнің функциясын өздері атқарады. Егер оқушылар өзінің оқу үдерісін бақылауды үйреніп, шын қажет болғанда ғана көмек сұраған жағдайда, мұғалімдерде оқу үдерісін өнімді қылу мақсатында оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге жұмсауға болатын уақыты көбейеді.

Білім алуда тәуелсіздікті қамтамасыз ету оқуды даралаудың шешуші критерийі болып табылады. Кейбір оқу модельдерінде мұғалім оқу үдерісінде өте басым позицияда болады. Мұғалім оқу мақсаттары мен оларды іске асырудың нақты тәсілдерін тандайды; тапсырманы орындау барысында оқушыны бағыттап отырады; тапсырманың орындалу мерзімі мен жұмыстың ұзақтығын басқарады, күтілетін нәтижелерді анықтап, оқушылардың оқу үдерісін бағыттап, кері байланыс ұсынады. Осындай типті жүйеде оқушы мұғалімге тәуелді болады. Керісінше болған жағдайда, оқушы жұмыстың жеке құндылығын айқындап, оқудың мақсаты мен мазмұнын белгілейді, жұмыстың мерзімі мен орындалу ұзақтығын, сондай-ақ нәтижесі қандай бола керектігін анықтайды. Мұндай жүйеде оқушы үшінші тұлғалардың басқаруынан тәуелсіз болады. Екі тәсілдің де артықшылықтары бар және оларды белгілі бір жағдайларға қолдануға болады. Бірақ оқушылар есейіп, білімнің күрделенуіне және кәсіби қызметке тартылуына байланысты тәуелсіздікке қажеттіліктері артады.

Қарқынды дамып жатқан өмір жағдайында үздіксіз білім алу қажеттігі бізден тәуелсіз оқи білу қабілетін талап етеді. Сондықтан жаңа кезеңдерден өтуіне қарай басқа адамдарға тәуелділігін қысқарта алған оқушылар ең нәтижелі оқушы болады. Тәуелсіз оқушылар тәсілдер, құндылықтар, дағдылар және білім кешенімен қаруланады, және де бір нәрсені үйрену қажет болған кез келген жағдайда оны іске қоса алады. Есейген сайын оқушы тәуелсіздікті көбірек қажетсінеді; оқытудың әрбір кезеңін оқушы тәуелді жағдайда бастайды, содан соң (қолайлы жағдайда) мұғалімнің қолдауымен және мадақтауымен дербестік пен тәуелсіздіктің жоғары деңгейіне көтеріледі. Өзін-өзі басқарудағы метатанымдық қабілеттер тәжірибеге қарай және уақыт өте жақсарады деп ойлағанымыз дұрыс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

64

- Bronson, M. (2000). *Self-regulation in early childhood: Nature and Nurture* [Ерте жастағы өзін-өзі басқару: табиғат және тәрбие]. New York London: Guilford Press.
- Bruner, J. (1996). *The Culture of Education* [Білім беру мәдениеті]. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Chaiklin, S. (1999). Developmental teaching in upper-secondary school [Орта мектептің жоғары сыныптарындағы дамытуға оқыту]. In M. Hedegaard & J. Lompscher (Eds.), *Learning Activity and Development*. Oxford: Aarhus University Press.
- Csikszentmihalyi, M. (2008). *Flow* [Ағым]. Harper Perennial.
- Flavell, J. H. (1976). Metacognitive aspects of problem solving [Проблеманы шешудің метатанымдық аспектілері]. In L. B. Resnick (Ed.), *The Nature of Intelligence*. Hillsdale, NJ, Erlbaum.
- Flavell, J. H., Green, F. L., & Flavell, E. R. (1995). Young children's knowledge about thinking [Кішкентай балалардың ойлау туралы білімі]. *Monographs of the Society for Research in Child Development*, 60 (1), Serial No 243.
- Forrest-Pressley, D. L., MacKinnon, G. E., & Waller, T. G. (Eds.). (1985). *Metacognition, Cognition & Human Performance* [Метатанымдылық, адамның танымы мен жетістіктері]. New York: Academic Press.
- Lave, J. (1988). *Cognition in Practice* [Тәжірибе арқылы тану]. Cambridge University Press.
- Lave, J., & Wenger, E. (1991). *Situated learning: Legitimate peripheral participation* [Жағдаяттық оқыту: Занды перифериялық қатысу]. New York, Cambridge University Press.
- Leontiev, A. N. (1981). The problem of activity in psychology [Психологиядағы белсенділік проблемасы]. In J. Wertsch (Ed.), *The concept of activity in Soviet psychology*. Armonk, NY: Sharpe
- Matlin, M. (1998). *Cognition* (4th edition) [Таным]. Orlando: Harcourt Brace.
- Nunes, T., Schliemann, A. D., & Carragher, D. W. (1993). *Street Mathematics and School Mathematics* [Көше математикасы мен мектеп математикасы]. Cambridge: Cambridge University Press.



- Perry, N. E., VandeKamp, K. J. O., Mercer, L. K., & Nordby, C. J. (2002). Investigating Teacher-Student Interactions that Foster Self-Regulated Learning [Өздігінен басқарылатын оқытудың дамуына ықпал ететін мұғалім-оқушы өзара іс-қимылдарын зерттеу]. *Educational Psychologist*, 37 (1), 5–15.
- Ryan, R. M., & Deci, E. L. (2009). Promoting self-determined school engagement: Motivation, learning, and well-being [Өзін-өзі анықтайтын мектептегі қызығушылықты арттыру: ынталандыру, оқу және ахуал]. In K. R. Wentzel & A. Wigfield (Eds.), *Handbook on motivation at school* (pp. 171–196). New York: Routledge.
- Ruddock, J., & Flutter, J. Consulting Young People in Schools [Мектептерде жастарға кеңес беру] Available from: www.consultingpupils.co.uk [accessed April 2005].
- Schunk, D., & Zimmerman, B. (Eds.). (1994). *Self-regulation of learning and performance: Issues and educational applications* [Оқуды және үлгерімін өздігінен реттеу; мәселелер және білім беруде қолдану]. Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Tharp, R. G., & Gallimore, R. (1988). *Rousing minds to life* [Сананы ояту]. Cambridge University Press.
- Vygotsky, L. S. (1978). *Mind in Society* [Қоғамдағы сана]. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Whitebread, D. (2000). Organising activities to help children remember and understand [Өзара түсінісу мен түсінісуде балаларға көмек көрсетуге арналған қызметті ұйымдастыру]. In D. Whitebread (Ed.), *The Psychology of Teaching and Learning in the Primary School*. London: Routledge.

ЖҰМЫС ӘДІСТЕРІ

Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. Қалыптастырушы бағалау

65

Кіріспе

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады.

Александр, 2001

Бағалау – оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым бағалаудың екі аспектісін көздейді: оқуды бағалау (*жиынтық бағалау*) және оқу үшін бағалау (*қалыптастырушы бағалау*). Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағаланған. Сондықтан да осы модуль оқу үшін бағалау, сондай-ақ оқуды критериялды бағалауды зерделеуге бағытталған.

Модуль мұғалімдерге:

- бағалаудың түрлі нысандарын түсінуге;
- бағалау түрлерінің барабар мақсаттарын анықтауға және негіздеуге;
- бағалаудың формалды және формалды емес жүйелерін анықтауға/бағалауға;
- әркімнің оқу сапасын жақсарту алатынын/ алмайтынын түсіндіруге көмектеседі.

Тарихи шолу

Балалар білім беру ұйымдарында оқып жатқан барлық қоғамда оқушылардың мектепте оқытылатын идеяларды игеру деңгейін анықтау үшін және/немесе оқушылар тобы үшін барынша оңтайлы болып табылатын оқудың немесе жұмыстың кезеңдерін анықтау үшін белгілі бір бағалау нысандары қолданылады. Осындай бағалау адамдардың тиісті кезеңдегі білімі мен түсінігін бағалау үшін оқу бағдарламасының белгілі бір кезеңдерінде жүзеге асырылады. Бұндай бағалауды «жиынтық» бағалау деп атауға болады, өйткені ол оқушының алдын ала әзірленген критерийлерге (критериалды бағалау) сәйкес анықталған, болмаса қалған оқушылардың білімімен салыстыру нәтижесінде анықталған (нормативке негізделген бағалау) білімін жиынтықтайды. 1990 жылдан бастап Ұлыбритания мектептерінде бағалаудың екінші түрі кеңінен таныла бастады, бұл «қалыптастырушы бағалау» немесе «оқу үшін бағалау» (бұдан әрі - ОҰБ) ретінде белгілі болды. Бұл бағалау оқуды жақсарту үшін мұғалімдерді, оқушыларды және басқаларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін оқуды *ағымдық бағалау* дегенді білдіреді.

Білім беру саласындағы мұғалімдер мен саясаткерлер ортасында зерттеу нәтижелерін таныту мақсатында 1989 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Ұлыбритания ғалымдарынан тұратын Бағалауды Реформалау Тобы (Assessment Reform Group) 1999 жылы «Оқу үшін бағалау» деген кітапша жариялады. Осы уақыттан бастап ОҰБ тұжырымдамасы кеңінен таныла бастады. Осы кітапшаның негізгі мәтіні Бағалауды Реформалау Тобы ұйымдастырған Пол Блэк пен Дилан Уильямның (1998a, 1998b) зерттеулеріне шолу ретінде ұсынылған. Шолу 1987-1997 жж. аралығында білім берудің көптеген аспектілері бойынша және пәндік салалар бойынша өткізілген әлемдік зерттеулерді қарастырды. Блэк пен Уильям 250 зерттеуге талдау жасап, оның 50 зерттеуіне айрықша назар аударған, себебі бұл зерттеулерден ОҰБ тәжірибесін пайдалануға негізделген «араласудан» кейін үлгерімнің жақсарғандығының дәлелдерін көруге болады. Бұл жетістіктер жаңағы айтылған «араласуға» дейін және одан кейін жиынтық тестілермен өлшеніп, әсер коэффициенті 0,4-тен 0,7-ге дейін жеткен. Бұл орайда 0,4-ке тең әсер мөлшері орташа оқушының 2-ші кезеңнің белгіленген деңгейінің ортасына дейін жылжуына ықпал еткен; ал 0,7 әсер мөлшері оқушылардың белгіленген деңгейдің төрттен үштен жылуын қамтамасыз еткен. Сонымен қатар, зерттеулерде оқу үлгерімі төмен оқушылардың көрсеткіші айтылғаннан да жоғары болған, бұл көптеген мұғалімдер мен саясаткерлердің ОҰБ тәсілінің өзектілігі мен маңыздылығы туралы пікірлерін өзгертіп, бұл әдіске қызығушылық білдіруіне түрткі болды.

Заманауи түсінік

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгіленген, бірақ, берілген екі терминнің мәні нақты анықталмаған. Қазіргі білім беру жүйесіне бағалаудың екі нысаны да қажет. Айталық, **оқуды** бағалау жіктеу және есеп беру үшін өткізілетін болса, **оқу үшін бағалау** оқушылардың білім алуына көмектесетін оқыту үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Егер бағалау мақсаты баға қою, сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша бұл бағалау **жиынтық бағалау** болып табылады және кейде оны **оқуды бағалау** деп атайды. Жиынтық бағалау оқушының, мұғалімнің немесе мектептің мәртебесіне немесе болашағына ықпал етуі мүмкін болатын (яғни, анықтайтын мәнге ие) шешім қабылдау үшін қолданылған жағдайда өлшемдердің сенімділігін қамтамасыз ету керек, бұл ақпараттың мазмұны мен оны қалыптастыру шартын бақылауды белгілейтін арнайы тестілерді қолдану кезінде мүмкін болады. Оқуды жақсарту мүмкіндіктерін, сондай-ақ осы мүмкіндіктерді іске асыру әдістері мен түрлерін анықтауға бағытталған бағалау **қалыптастырушы** немесе **оқу үшін бағалау** болып табылады.

Бағалаудың мәні

«Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер мен емтихандардан бастап, мұғалімдер сыныптарда күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. Бұған қарамастан, бағалау түрлі нысанда болуы мүмкін: бір тестілер қолдағы қарындаш пен қағаздың көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді. Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды:

- **қадағалау;**
- алынған мәліметтердің **интерпретациясы;**
- бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған **қорытынды.**

Қадағалау

Қадағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, яғни, балалардың өзара әңгімесін тыңдап, тапсырманы орындап отырған оқушыларды **қадағалау** немесе олардың орындаған сынып және үй жұмыстарын тексеру бірталай ақпарат беруі мүмкін, бірақ кей жағдайларда қажетті ақпаратты алудың ерекше ойластырылған тәсілін қолдану керек болуы мүмкін. Жазбаша тапсырма немесе тест жоғарыда айтылған мақсаттарды іске асыра алады, бірақ кей жағдайларда дұрыс тандалған ауызша сұрақтың өзі де тиімді болып шығуы мүмкін. Оқушының сұрақтарға берген жауаптары бақылануы керек. Басқа сөзбен айтқанда, бағалайтын тұлға алынған мәліметтердің мәнін анықтай білуі қажет.

Интерпретация

Интерпретация қызығушылық тудыратын мәселелерге, мәселен, ерекше дағдылар, көзқарастар немесе оқыту түрлеріне қатысты жүргізіледі. Мұндай өлшемдерді көбінесе **критерий** деп атап, оларды оқу мақсаттарына немесе міндеттеріне жатқызады. Әдетте, бағалау бөлігі ретіндегі қадағалау алдын ала қалыптастырылған өлшемдер бойынша жүргізіледі, бірақ кейде мұғалімдер жоспарланбаған өзара әрекеттесушілікті немесе нәтижелерді бақылайды және өткенді шолу өлшемдерін қолданады. Интерпретацияның көмегімен мінез-құлықты сипаттауға немесе түсіндіруге талпынуға болар; немесе мінез-құлыққа қарап логикалық қорытынды жасауға болады, мысалы, бала айтқан нәрсе оның миында болып жатқан құбылыстың нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты интерпретацияны кейде **логикалық қорытынды** деп атайды.

Қорытынды

Мәліметтерді интерпретациялау негізінде қорытынды жасалады, ол бағалауды көздейді. Бұл кезеңде бағалау үдерісі түрлі мақсаттарға және алынған ақпарат қолданылатын міндеттерге байланысты әртүрлі нысанда жүруі мүмкін.

Оқуды бағалау

Оқу үшін бағалауға қарағанда, *оқуды бағалаудың мақсаты*, керісінше, оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Негізінен, ол тікелей келешек оқытуға үлес қосуға бағытталмаған, оның үстіне ұлттық бірыңғай тестілеу сияқты маңызды мәні бар тестілеу оқу үдерісіне кері әсерін тигізуі мүмкін (Assessment Reform Group, 2002b). Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормалармен немесе бірдей жастағы оқушылар тобының қол жеткізген деңгейімен ара-қатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе әдетте балл немесе деңгей түрінде келтірілген межелікке *«сәйкес/сәйкес емес»* деген нысанда жасалады.

Оқу үшін бағалау

Оқу үшін бағалау кезінде қолданылатын қадағалау, интерпретация және өлшемдер оқуды бағалау кезінде қолданылатын өлшемдерге ұқсас болуы мүмкін, бірақ олардан туатын қорытынды мен шешім басқа сипатта болады. Негізінен, ОҮБ балалар оқу үдерісінің қандай кезеңінде екені, әсіресе олардың мықты және әлсіз жақтарының сипаты мен себептері қандай екендігі туралы алынған мәліметтерге басты назар аудартады. Осылайша, ОҮБ қорытындысы бұдан әрі дамыту үшін олардың не істеуі мүмкін екендігіне негізделген.

Бағалауды Реформалау Тобы (2002a) оқу үшін бағалауға мынадай анықтама береді:

Оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

Берілген анықтаманың маңызды элементтерінің бірі *оқушылардың деректерді қолдануына* екпін жасауы болып табылады. Бұл жерде мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы қажет, әрі мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, бұл үдеріске оқушылар да белсенді қатысуы керек.

Талпынғандар ғана білім ала алады. Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет, сондықтан оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеу қажет. Бұл олардан түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді. Аталған тұжырым оқыту мен оқу тәжірибесі үшін өте маңызды да, өзекті.

Жиынтық мәліметтерді білім беру құралы ретінде пайдалану

Оқушылар тобынан жүйелі түрде жиналатын балдар мен деңгейлер әдетте «**мәліметтер**» деп аталады. Жинақталған жиынтық мәліметтер мұғалімдердің жұмыс үлгісін сәйкестендіруіне және күтілетін деңгейден жоғары немесе төмен дәрежеде жұмыс істейтін топтарға ерекше назар аударуына ықпал етеді. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама (PISA) және ЭЫДҰ сияқты халықаралық зерттеулер қатысушы-елдерден оқушылар міндетті оқыту курсы аяқтаған соң игерген, қоғам өміріне толыққанды қатысу үшін қажетті білім мен икемділік қандай дәрежеде екендігі туралы «мәліметтерді» жинақтауға бағытталған. Дегенмен, мұндай «мәліметтердің» жинақтау әдістемесін біліп, келтірілген қорытындыларға қайтадан талдау жүргізу қажет.

Сонымен қатар мектептер алдағы нәтижелерге қалай қол жеткізілгенін біліп, одан кейінгі іс-әрекеттерін жоспарлау үшін де «мәлімет» жинайды. Осылайша, жеке оқушы деңгейінде жиынтық бағалау жетістіктер деңгейін және оқушының әрі қарай дамуы үшін мақсат ретінде берілетін кейінгі деңгейлерді анықтау үшін қолданылады. Бірақ, бұдан кейінгі кезеңдерде оқушыларды қолдауды қамтамасыз ету басты міндет болатын болса, онда балл мен деңгейлерді анықтау үшін ұсынылатын негіздемелер мен өлшемдер міндетті түрде аса мұқият зерделенуге тиіс. Орындалған тапсырманың негізгі аспектілеріне қатысты сапалы ақпарат оқушылармен кері байланыс үшін қолданылу мүмкін екендігін ұмытпау керек. Мысалы, егер балаға оның белгілі деңгейге жеткендігін айтса, бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл үшін баламен бірлесіп ненің нәтижесінде мұндай баға алғандығын және бағалау өлшемдерін түсіндіріп, талдау жасаса, бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда (сандық түрдегі) жиынтық бағалау басты мәселе емес, сондықтан мұғалім оларға негіз болған мәліметтерге (қадағалау және интерпретация) қайтып оралады. Одан кейін мұғалім бұл мәліметтер оқушының оқу деңгейін қалай анықтайтындығы туралы, оған қандай деңгейге жету керек және мұны қалай жасау керек екендігі туралы *қалыптастырушы* қорытынды (ауызша түрде) ұсынады.

Бағалау сипатын өзгерту арқылы **оқуды бағалау оқу үшін бағалауға** ауыстырылуы мүмкін. Алайда бұл тікелей оқуға үлес қосатын мәліметтерді алу үшін жоспарланбағандықтан, оқу үшін бағалауды ескере отырып жоспарланған бағалаумен салыстырғанда, бұл бағалау қолданылған мақсат үшін онша сәйкес келмеуі мүмкін. Мұғалім жүргізетін жиынтық бағалауға қарағанда сыртқы тестілер одан да бетер проблемалы болып табылады, себебі мұғалімдерде бұл балдар мен деңгейлерге негіз болған мәліметтерді алуға үнемі мүмкіндік бола бермейді, оның үстіне мұғалім **жиі кездесетін қателер талдауын** қолдана алады.

Мұғалімдер үшін маңызы

Әрбір мұғалім бағалау әдістемесін білуге тиісті, яғни бұл ретте: дәрісханада тек емтихан өткізуді ғана емес, сонымен бірге емтихан неге және кім үшін өткізілетінін білуге тиісті. Бағалаудың негізгі мақсаттарының тізбесі төменде қысқаша айтылған.

1. Оқудағы қиындықтарды анықтау. Орта мектептерде мысалы, сауаттылық және арифметика саласындағы проблемаларды анықтау үшін тестілер өткізілуі мүмкін; одан кейін өзіндік түзету және тестілеу жұмыстарын қайталап өткізуге болады.

2. Жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналарға ұсынылған). Мұндай кері байланыс бейресми түрде ауызша бағалаудан бастап ресми жазбаша тестілерге дейін түрленуі мүмкін, бірақ негізгі мақсат оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму, мысалы, білім, түсіну және дағды туралы хабар беру болып табылады.

3. Уәж. Кері байланыс көбінесе уәж түрінде көрінеді. Ынталандыру ретінде тестінің немесе емтиханның өткізілуі әдетте кейбір оқушылар мен мұғалімдерді ойларын жинақтап, әрекет етуге итермелейді. Мұндай сыртқы ынталандыру оқуға шабыттанып кірісуге түрткі болуы мүмкін, бірақ мұқият бақылау жүргізілмесе, мәжбүрлеу құралына айналуы да ықтимал.

4. Болжау және сұрыптау. Оқушының білімі және дағдыларын бағалау арқылы мұғалімдер олардың болашақтағы мінез-құлқы мен дамуын болжайды. Мемлекеттік емтихандық жүйенің нәтижелері, көбінесе сұрыптау мақсатында, атап айтқанда бұдан арғы (жоғары) оқу немесе жұмысқа орналасу туралы шешім қабылдау үшін қолданылады. Мектеп шеңберінде әдетте оқушыларды топтар мен сыныптарға бөлуге арналған бағалаудың белгілі бір нысаны болады.

5. Стандарттарды бақылау және орындау. Бағалау нәтижесінде біліктілік дәрежесін, ал мемлекеттік емтихан нәтижелері бойынша – жоғары білім алу мүмкін болады, мысалы, «біліктілігі» бар тұлғаларда олардың тиісті стандарттарға сәйкес екендігіне негізделген кепілдіктер болуы қажет. PISA (Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама) сияқты халықаралық тест бойынша алынған мәліметтер талдауы халықаралық стандарттарға сәйкестікті анықтауға бағытталған, одан басқа стандарттың микро және макро деңгейдегі стандарттарына сәйкестікті бақылау үшін ұлттық және жергілікті тестілер қолданылады.

6. Оқыту бағдарламасының мазмұнын және оқыту стилін бақылау. Көптеген мұғалімдер үшін бұл бақылау бағалаудың негізгі мақсатына тікелей қатысы жоқ екінші кезекті болып табылады. Алайда, техникалық тәсілдер мен бағалау және емтиханның жиілігі білім беру бағдарламасының мазмұны мен оның қалай оқытылатындығына едәуір ықпал ететіні еш күмән туғызбайды.

Оқу үшін бағалаудың маңызы

Кез келген мұғалім «*Оқу үшін бағалау*» неліктен оқыту мен оқуды жетілдіру проблемаларын шешудің маңызды мәселесіне айналып отыр деген сұрақ қоюы мүмкін, онысы орынды да. Өздерінің бұрынғы тәжірибесі бойынша көптеген мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары бағалауды оқыту және оқудан кейін болатын нәрсе ретінде қарастырады. Бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болуы мүмкін деген ойды қабылдау үшін біздің түсінігімізді едәуір өзгерту қажет болады, ал Оқу үшін бағалау ұғымы дегеніміз де осы болып табылады.

Оқу үшін бағалау негізінде жататын негізгі қағидаттар:

- Оны әзірлеудегі және тәжірибеде қолданудағы бірінші басымдық бағалауды оқушылардың оқуына ықпал ету мақсатына бағындыру болып табылады.
- Бағалау ақпарат беру арқылы оқуға көмектесе алады, ол ақпаратты мұғалімдер мен оқушылар өзін-өзі және өзара бағалауға арналған кері байланыс ретінде пайдаланады.

«Қара жәшік» ішіндегі жұмыс



18-сурет. Оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту

Блэк пен Уильямның бастапқы зерттеулерінде сыныптың «қара жәшік» сияқты техникалық метафорасы қолданылған және сол арқылы оқу үшін бағалауды қолдану «қара жәшік ішіндегі жұмыс» ретінде белгілі болды (18-сурет). Блэк пен Уильямның Ұлыбританиядағы Бағалауды Реформалау Тобымен бірлесіп жүргізген зерттеулері бағалаудың көмегімен оқуды жақсарту бір қарағанда қарапайым болып көрінетін, бірақ оқытуға енгізілуі тиіс бес түйінді факторға байланысты екенін көрсетті:

- Оқушыларға тиімді кері байланыс ұсыну.
- Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы, бұл өз кезегінде оқушыларды өзін-өзі бағалауға қатыстырады.
- Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды түрлендіру.
- Бағалаудың оқушылардың оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына терең ықпал ететіндігін мойындау, себебі бұлардың екеуі де оқуға түбегейлі түрде ықпал етеді.
- Оқушылардың өз оқуын қалай жетілдіру керектігін түсіну үшін өздерін өздері бағалай алуын қамтамасыз ету және өзара бағалау арқылы бірге оқитын оқушылармен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Alexander, R. (2001). *Culture and pedagogy* [Мәдениет пен педагогика]. Wiley-Blackwell.
- Assessment Reform Group. (2002a). *Assessment for Learning: 10 Principles* [Оқу үшін бағалау: 10 ұстаным]. University of Cambridge Faculty of Education.
- Assessment Reform Group. (2002b). *Testing, Motivation and Learning* [Тестілеу, қызықтыру және оқыту]. University of Cambridge Faculty of Education.
- Black, P., & Wiliam, D. (1989a). *Assessment and Classroom Learning* [Бағалау және сыныпты оқыту]. *Assessment in Education: Principles, Policy and Practice*, 5 (1), 5-75.

- Black, P., & Wiliam, D. (1998b). *Inside the black box: raising standards through classroom assessment* [Қара жәшіктің іші: сыныпты бағалау арқылы стандарттарды арттыру]. King's College London, School of Education. Now available from NFER/Nelson.
- James, M. (2002). *Assessment for Learning: what is it and what does research say about it?* [Оқу үшін бағалау: бұл не және зерттеулер бұл туралы не айтады]. Learning how to learn project, Faculty of Education, University of Cambridge.

Диалогтік оқыту

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Аталған авторлардың зерттеулерінде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер ететіндігі айтылған. «Мұғалім-оқушы», сондай-ақ «оқушы-оқушы» арасында шығармашылықпен өтетін, өз пікірін негізді, тұжырымды түрде білдіруге жетелейтін әңгімені ынталандырып, қуаттайтын оқыту әдістерін «диалогтік оқыту» деп атауға болады.

Тарихи шолу

1934 жылдың өзінде-ақ Выготский өзінің «Ой мен тіл» атты еңбегінде оқу үшін әңгімелесудің маңызды екендігін тілге тиек еткен. Выготский кіші жастағы балаларды танымдық даму әрекеттері әлеуметтік қарым-қатынас үдерісінде, яғни, анағұрлым қабілетті оқушылармен араласу және мәдениет, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау арқылы оқушыларды ересектерше ойлау әдісіне үйрету кезінде қалыптасатын субъекті ретінде суреттейді. Сонымен қатар Выготский оқушылар өздерінің «**Жақын арадағы даму аймағында**» (ЖАДА) жұмыс істесе, танымдық дамудың жақсаратындығын атап көрсеткен. ЖАДА оқушы дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Бұл тапсырмаларды орындауда, оқушыларға жаңаны үйренуде тірек болатын ересектердің көмегі немесе қолдауы керек. Бұл қолдау қарым-қатынасты қамтиды және де Выготский бұл жағдайда оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді.

Выготскийдің оқу моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Оқушылардың көбірек білетін басқа адамдармен, әрине, бұл рөлдерде сыныптастары мен мұғалімдері болуы мүмкін, диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оқу жеңіл болмақ. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болмағанымен, ЖАДА аясында қарастырылғандықтан оқу табысты болмақ.

Выготскийдің оқуда сөз, сөйлеу негізгі рөл атқаратындығы туралы пікірі тәжірибеге негізделген (эмпирикалық) зерттеулермен дәлелденген. Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады. Барнс оқудың мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербалды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында да жүзеге асатынын көрсетті. Кейінірек Мерсер және Ходжкинсон (2008) зерттеулері Барнстың ертеректегі жұмысына негізделе құрылып, оқу барысындағы диалог атқаратын негізгі рөлге назар аударуды мақсат етеді.

Заманауи түсінік

Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер жеткілікті. Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- оқушылардың басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі;

- оқушыларға өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Көп жағдайда сыныптағы талқылау мұғалімнің басқаруымен тақырып төңірегінде, оқушының дұрыстап және орнымен нені, қашан және қалай айту қажеттігі сипатында болады. Көптеген сыныптарда оқушылардың әңгімеге қатысуға құқықтары шамалы. Мәселен, мұғалімге: «Бұл көзқарас қызықты екен» деп айтады-ау деп оқушылардан күтуге болмас. Зерттеу көрсетіп отырғандай, мұғалім сұхбатты бақылап, маңызды сұрақ қойып, оқушылардың жауаптарын қайталап және мадақтап отыратын сыныптағы қалыпты әңгіме стилі оқушылардың ойлау деңгейлерін де, сөйлеу дағдыларын да дамыта алмайды.

Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын дәлелдеп шыққан. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім-оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға тартылады, осылайша, негізделген дәлелдер ұсынып, қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болады.

Тіл – тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Негізінде, білім алу диалог арқылы беріледі де, оқушылардың сабақта түрлі жұмыстарды орындау кезінде өзара байланыс пен келісушілікті қабылдау деңгейін білдіретін қызметтің диалогпен қалайша жанасатынына байланысты болады. Мұғаліммен және басқа оқушылармен әңгімелесу – оқушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін және түсінігін дамытатын маңызды құрал.

Александр (2008) диалог түрінде оқыту оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Александрдің пайымдауынша, диалог арқылы мұғалімдер күнделікті ойталқыларда «саламатты» келешек мүмкіндіктерін анықтап, оқушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс істеуіне және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектесе алады. Оқушыларға сыныпта әртүрлі тәсілдер арқылы жүргізілген және кеңейтілген диалогтерге қатысуға мүмкіндік берілгенде, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады. Бұл мүмкіндіктер олардың тілді білімді құру құралы ретінде қолданудың жаңа тәсілдерін тәжірибеден өткізуге жол ашады.

Александр (2004) оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс деп тұжырымдайды. Диалог барысында оқушылар (сонымен қатар олардың мұғалімдері де) келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Бірлесіп ойлау оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады.

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады. Ғалым әңгіменің үш түрін ажыратып, сипаттама берген:

- Әңгіме-дебат;
- Кумулятивтік әңгіме;
- Зерттеушілік әңгіме.

<p>Әңгіме-дебат барысында:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады; 2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады; 3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады; 4) Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған. 	<p>Қумулятивтік әңгіме барысында байқалатын жайлар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе береді; 2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдайды; 3) идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.
<p>Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады; 2) әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағаланады; 3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды; 4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»; 5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу). 	

Көптеген талқылаулар, әдетте, әртүрлі әңгіме түрлерінен құралады. Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жету аясындағы табысты талқылауларда **әңгіменің зерттеушілік түрі** басымдыққа ие болады.

Зерттеушілік әңгіме

Зерттеу жұмыстарын талдау барысында оқушылардың білім алуы, тыңдауы және сөйлеуі арасында байланыс бар екені анықталды. Барнс (1976) пен Мерсердің (2000) айтуынша, зерттеушілік әңгіме – мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істейді. Оларда ортақ проблема болады, бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырады; идеялармен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді; ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады. Басқаша айтқанда, оқушылар бірге ойланады. Оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда, өз ойларын дауыстап айтады; болжамдар ұсынып, талқылайды. Талқылау кезінде олар «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолданып, өз идеясын дәлелдеу үшін «сондықтан» деген сөзді пайдаланып, топ тарапынан қолдау қажет болғанда «Солай емес пе?» деген сұраққа сүйенеді.

Осындай сценарий бойынша оқушылар бір-бірін тыңдап, өз жауаптарын талдайды. Бұлай жұмыс істеген оқушылардың дәлелдері пікір алмасудың нәтижесі болып шығады. Алайда, бұл әңгіме олар үшін қалыптағы дүние емес, сол себепті де мұғалімдер бірігіп істеген жұмыстың құндылығын түсінулеріне көмектесу керек.

Мұғалімдер үшін маңызы

Балалар зерттеушілік әңгіме жүргізе алатын ортада оқу жетіле бермек. Оқушылар бұндай ортада жұмыс істегенде әңгімелеріне қарай олардың ой-пайымдары да айқындала түседі, әрі мұғалімдері мен құрдастарының көмегімен олар одан әрі дамытылуы мүмкін. Соған қарамастан, бұндай әңгіме жүргізу дағдылары оқушыларға жайдан жай келе салмайды, балалар бірлескен әңгіменің мәнін ұғынып, қабылдауы үшін мұғалімдерге оларды бағыттап отыру керек болады.

Сұрақ қою

Сыныпта сұрақ қою негізінен **«бастама-жауап-кейінгі әрекет» (БЖӘ)** үлгісінде болатыны анықталды. Мысалға:

Бастама (мұғалім): Адам денесінде неше сүйек бар?

Жауап (оқушы): Екі жүз алты.

Кейінгі әрекет (мұғалім): Дұрыс.

Бұл модель әңгімеге сыныпта бастама жасайтын және де оны бақылап отыратын адам мұғалім болатын жағдайларды көрсетеді (Mercer, 1995). Бұндай сыныптарда оқушылардың білім алуына ықпал ететін диалогтік сұхбат құруға мүмкіндік болмайды.

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсартып және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер сұрақтардың екі түрін: **төмен дәрежелі** және **жоғары дәрежелі** сұрақтарды кең қолданады деген пікір бар. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атайды. Бұл – жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап «дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп бағаланатын сұрақтар. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Тиімді педагогика аясында бұл сұрақтардың екі түрі де қолданылады, тек қойылатын сұрақтың түрі оның мақсатына қарай өзгеріп тұрады. Оның үстіне, сұрақтарды оқушылардың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес құру қажет. Түрлі мүмкіндіктерге және түрлі оқушыларға қарай сұрақтарды саралауға болады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың **түрткі болу, сынақтан өткізу және басқаға бағыттау** сияқты әртүрлі тәсілдерін пайдалануға болады.

Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу.

Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сондай-ақ «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар тапсырманы орындау барысында оқушыға бағдар беріп отырады.

Басқаға бағыттау: сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау, мысалы, «Көмектесе алатындар бар ма?»

Оқуды дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- оқушыларға өз білімін басқа адамдарға сөзбен жеткізуге көмектеседі;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлауына ықпал етеді;
- оқушыларға сын тұрғысынан ойлауға көмектеседі;
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
- әңгіме және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
- оқытуды қиындатып, кедергі келтіретін қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды.

Оқушыларды тыңдау және оларға жауап беру

Мұғалімдер *бастапқыда қоятын сұрақтар* ғана емес, оқушылардың *жауаптарымен мұқият танысқаннан* кейін туындайтын сұрақтардың да маңызы зор. Диалогтік әңгімеде де мұғалім сұрақтары мен оларға берілген жауаптар, сонымен қатар, оқушылардың да сұрақтары маңызды. Мұғалім оқушылардың жауабын олардың білімдерінің деңгейін тексеру үшін ғана емес, сондай-ақ оларға өз ойларын анық білдіруге, дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік беру үшін де пайдаланады. Рэгг және Браун (2001) оқушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет етудің бірнеше түрлерін ұсынады. Мұғалімдер:

- жауапты елемей, назарын басқа оқушыға, тақырыпқа немесе сұраққа аудара алады;
- жауапты мойындап, оны әңгімені жалғастыруға негіз ете алады;

- мағынаны күшейту үшін немесе оны басқалардың да естуі үшін жауапты сөзбе-сөз қайталай алады;
- белгілі бір элементті атап көрсету үшін жауаптың бір бөлігін қайталай алады;
- нақты кезеңдегі немесе алдағы әңгіме желісіне қосу мақсатында жауапты басқа сөздермен қайталап айта алады;
- жауапты мақтай алады (осы немесе одан кейінгі әңгімеде қолдана отырып, тікелей немесе жанама түрде);
- жауапты түзете алады;
- оқушыларды бұдан әрі де ақпарат немесе түсініктеме іздеуге ынталандыра алады;
- оқушыларға маңызды мәселелерге назар аударуға көмектесе алады.

Бар назарын оқушыларды алдын ала белгілі жауапты табуға жетелеуге аударған мұғалімдер, әдетте, олардың ақпаратты игеру үдерісін бақылаудан шығарып алады. Оқушыларға жауап беруге уақыт беру керек және де мүмкін болса, бұдан кейінгі сұрақтар мен жауаптарды олардың сөздеріне орайластырып құрған дұрыс. *Сұрақ қойылғаннан кейінгі* кідіріспен қатар, көптеген зерттеулерде мұғалім *оқушының жауабын алғаннан кейін* де кідіріс жасау қажет екені атап көрсетілген. Харгривс және Гэлтон (2002) жалпы алғанда, мұғалім сұрақ қойғаннан кейін оны қайталап немесе сол сұрақты өзге оқушыға басқаша қоймас бұрын шамамен екі секундтай кідіретіндігін анықтаған.

Харгривс және Гэлтон мұғалімнің шұғыл және инстинктілік реакциясы жауапты бағалауға, қайталауға немесе басқа сөздермен қайталап айтуға ұмтылысы болуы тиіс дейді. Күту уақытын үштен жеті секундқа дейін созса, бұл төменде көрсетілгендер сияқты басқа да параметрлердің өзгеретіндігіне әкеледі:

1. Оқушылардың жауаптарының ұзақтығы.
2. Ерікті жауаптардың саны.
3. Оқушылар сұрақтарының жиілігі.
4. Қабілеттері төменірек оқушылар жауаптарының саны.
5. «Оқушы-оқушы» әдісі бойынша өзара іс-қимыл.
6. Пікірталас тудыратын жауаптардың жиілігі.

Ойлануға берілетін уақыттың ұлғаюы (әсіресе күрделі жауаптар үшін) оқушыларға өз жауаптарын түзетуге, нақтылауға және дұрыстауға мүмкіндік береді. Оның үстіне, мақсатқа қатысты жылдамдық туралы ұмытпау керек – жабық сұрақтар тобы орынды болуы мүмкін, бірақ кей жағдайларда сұрақтарға оқушылардың барынша ойластырылған және терең жауап бергендері керек.

Қорыта айтарымыз, оқушылардың білетіндігін және білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынастық, тілдік дағдылар және түсіністікпен қарау талап етіледі. Мұғалімдер қолданысындағы оқушылар қысқа жауап беретін сұрақтармен салыстырғанда, диалогтік сұхбаттасу мұғалімдер де, оқушылар да білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Alexander, R. J. (2001). *Culture and Pedagogy: international comparisons in primary education* [Мәдениет және Педагогика: бастауыш білім берудегі халықаралық салыстыру]. Oxford: Blackwell Publishers.
- Alexander, R. (2004). *Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk* [Диалогтік оқыту жолында: сыныптағы әңгімелерді қайта түсіну]. Cambridge: Dialogos UK.
- Barnes, D. (1971). Language and Learning in the Classroom [Сыныптағы тіл және оқыту]. *Journal of Curriculum Studies*, 3 (1), 27–38.

- Barnes, D. (1976). *From communication to curriculum* [Сұхбаттасудан оқыту бағдарламасына дейін]. Harmondsworth: Penguin.
- Galton, M., & Hargreaves, L. (2002). *Transfer from the Primary School: 20 Years On* [Бастауыш мектептен көшу: 20 жылдан кейін]. London: Routledge.
- Mercer, N. (1995). *The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners* [Жетекшілікпен білім алу: мұғалімдер мен оқушылар арасындағы әңгімелер]. Clevedon: Multilingual Matters.
- Mercer, N., & Hodgkinson, S. (2008). *Exploring talk in school: inspired by the work of Douglas Barnes* [Мектептегі зерттеушілік әңгіме: Дуглас Барнастың жұмысымен рухтану]. London: Sage
- Mercer, N., & Littleton, K. (2007). *Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach* [Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл]. NY: Routledge.
- Stubbs, M. (1983). *Language, school and classrooms* (2nd ed.) [Тіл, мектеп пен сыныптар]. London: Methuen.
- Wragg, E., & Brown, G. (2001). *Questioning in the Primary School* [Бастауыш мектептің мәселелері]. Routledge Falmer.

Рефлексиялық оқыту

Мұғалімдердің көпшілігі, өздерінің білімдері мен кәсіби дайындықтарына сәйкес, өздерінің жұмыстары туралы толғаныста болатыны шындық, дегенмен бұл жердегі мақсат – үдерісті жарқын бейнелі, жүйелі және басқа адаммен ортақ ету. «Рефлексиялаушы практик» деген ұғым философ, психолог және оқу реформаторы Джон Дьюи мен философ, индустриялық және технологиялық зерттеуші Дональд Шонның жұмыстарынан шығып отыр. Дьюидің «**Біз қалай ойлаймыз?**» (1910) деген кітабы рефлексиялық ойды шешуге жататын мәселелерді зияткерлендіру тұрғысынан қарастыра отырып, идеялар мен болжамдарды дамытып, практикалық жағдаяттардың зерттеулеріне бастама жасап және іске асыра отырып оқытуға ерекше ықпал етті.

Үдерістің бұл мағынасы Шонның соңғы еңбектерінде рефлексиялық тәжірибені педагогтердің проблеманы анықтау және жұмыс барысында эксперимент жүргізе отырып шешу әдісі ретінде қарастыратынына байланысты. Шонның «Рефлексиялаушы практик: кәсіпқойлар іс-әрекетте қалайша ойланады» (1983) деген кітабының ықпалы күшті болды. Ғалымның «техникалық ұтымдылық» ұғымын кәсіби білім негізі деп тануды жоққа шығара отырып, кәсіпқойлардың не істейтіндігін түсіну негізіне «рефлексия» түсінігін қоюы бұл іске қосқан зор үлесі болып табылады. Техникалық ұтымдылық кәсібилікпен салыстырғанда негізгі парадигма бола алмады. Оның «іс-әрекеттегі толғаныс» деген ұғымы кейде «іс барысындағы толғаныс» ретінде де сипатталады. Бұл біздің тәжірибемізге көзқарасты, біз пайдаланатын эмоциялар мен теорияларды ескеруді қамтиды, соның салдарынан өзгеріп жатқан жағдайға сай әрекет етуге көмектесетін жаңа сезімдер туындайды. Бұл үдерістен кейін «іс-әрекеттен кейінгі толғаныс» жүреді.

Бұл үдеріс кейінірек, біз жазбаны аяқтап, оны әріптесімізбен немесе тәлімгермен талқылай бастағанда жүзеге асырылады. «Іс-әрекеттен кейінгі толғаныс» топта не болып жатқанын, өзіміздің белгілі бір жағдайда неге дәл осындай іс-әрекет жасағанымызды зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар біз өзіміздің іс-әрекетіміз бен тәжірибемізге қатысты бірқатар ойлар мен мәселелерді анықтаймыз.

Төмендегі **дағдылардың** кейбіреуі **рефлексиялық оқыту тұрғысынан** қолданылады:

- проблемаларды мойындап, оларды шешудің тиімді құралдарын іздеу;
- басымдықты белгілеудің маңыздылығын және міндеттерді шешуде олардың басым мәнін түсіну;
- тиісті ақпаратты жинақтау мен сұрыптау;
- нақты және түсінікті сипаттама беру;

- айқындалмаған жорамал мен құндылықтарды мойындау;
- шешім қабылдап, дәлелдемелерді бағалау үшін нәтижелерді өз бетінше түсіндіру;
- шынайы қорытындылар мен жалпылаулар жасау;
- қол жеткізілген тұжырымдар мен жалпылауларды қуаттау;
- алынған тәжірибенің негізінде ұстаным модельдерін түзету.

Баланың не үйренгені туралы сын тұрғысынан ойлау

Рефлексиялық оқытуға балалардың үйренгендері жайында сын тұрғысынан ойлау кіреді. Бұл олар көрсеткен сын тұрғысынан ойлау жолдары мен дағдыларын зерттеуді, жазып алуды және бағалауды талап етеді. Бұл қабілеттер мен дағдылар оқу үдерісіндегі белгілі бір дәлелдерді талқылап, қарастыруды қажет ететін тапсырмаларды орындау барысында көрініс береді. Бұл арқылы олар, мәселен, саяхатшылар мен көлік туралы біледі, өйткені бұл адамдардың өмір жолын тілге тиек ете отырып, қажеттіліктерді танып-білуге құрылған немесе тарихтағы өзгерістер мен үздіксіз ізденістер туралы біліп, адамның әлеуметтік-экономикалық өміріне әсер ететін қоршаған орта мен технологияның арасындағы қарым-қатынастармен танысу мүмкіндіктеріне ие болады.

Сонымен қатар гуманитарлық ғылым мен социологияның кез келген аспектісін, мысалы, балалық шақ пен отбасы, тамақ, аспаздық ілімі мен тағамдар, киім мен дүкенге бару, бос уақыт пен спорт, музыка мен ойын-сауық сияқтылар мәселелерді талқылауға болады.

Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктері:

Ұтымдылық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақтар қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу (бірақ төменде айтылатын өзін-өзі тануға қатысты эмоция да болуы ықтимал).

Сыңаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу.

Пайым: дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау.

Тәртіп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, барлық көзқарастарға көңіл бөлу).

Өзіндік сана-сезім: өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну.

Жалпы сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар **белсенді** болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге **сенбейді**, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке **ашық болады**.

Төменде берілген құрылымды өзіңіздің оқытуыңыз бен баланың оқуы жайында сын тұрғысынан ойланып-толғануда да қолдануға болады:

1. Балаларды оқыту үдерісін бақылау нәтижесінде алынған дәлелдемелермен танысыңыз.
2. Тапсырмалар мазмұнын құрайтын оқу мақсатын түсініңіз.
3. Оқу мақсаттары мен ол мақсаттарға жету үшін оқушылар атқаратын жұмыстардың әдістері мен олардың жетістіктері арасындағы қарым-қатынастарға талдау жасаңыз.
4. Жеке оқушылардың көрсеткен түрлі деңгейдегі түсініктері мен дағдыларын салыстырыңыз.
5. Барлық сынып көлемінде көрсетілген іс-әрекеттің нәтижесі туралы ойлану үшін өз зерттеулеріңіз бен осы ақпарат көздерін біріктіріп, жинақтаңыз.
6. Балаларға білім беруге қатысты қызметтің шартты түрдегі табысы немесе күйреуі туралы қорытынды жасап, бағалаңыз.
7. Бұл сыни бағалаудан алған түсініктеріңізді келесі тапсырмалар мен жобаларды жоспарлауда пайдаланыңыз.

8. Дәлел келтіріп, тұжырымдамалар мен қорытынды шығару үшін сын тұрғысынан ойлаудың пайдаланылуын негіздеңіз, сондай-ақ мұны қоғамдық ғылымдарды оқыту мен оқуда қалай қолдануға болатынын анықтаңыз.

ЖҰМЫС ҚҰРАЛДАРЫ

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі - АКТ) дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Мысал үшін Ұлыбританияда мұғалім мамандығын таңдап алған бүгінгі жастардың, өздерінің болашақ оқушылары сияқты, жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, себебі олар өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологияның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сандық технологиялармен үнемі өзара әрекеттесетін ұрпақ өкіліне жатады. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдану қажет. Осы тарауда ұсынылған ақпарат мұғалімдерге оқыту барысында ғылыми жетістіктерді пайдалану, оқыту мен оқуды жетілдіру мақсатында жаңа сандық технологияларды қолдану бойынша көмек көрсетуге арналған.

Тарихи шолу

Бекта (2003) сыныпта АКТ-ны жоғары деңгейде пайдалануға байланысты оқудың бірталай жақсарғандығын байқаған. Соған қарамастан, зерттеу нәтижелері жалпы әсердің әртүрлі екендігін, әрі АКТ қандай жағдайда неғұрлым нақты ілгерілеуге әкелетіні түсініксіз екенін көрсетіп отыр. Оқуды қолдайтын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірқатар сипаттамалары анықталды (Kennewell and et al., 2008), алайда сонымен бірге АКТ көп жағдайларда оқуға кедергі келтіретіні анықталды (Birnbaum, 1990). АКТ оқушыларды танымдық және метатанымдық тапсырмаларды орындауға қатыстыруға ынталандыра алатындығының дәлелдері жеткілікті (Cox, 1997). Дегенмен бұл ынталандыру барлық пәндер бойынша үлгерімді жақсартуға әкелмеуі де мүмкін. Кокс пен Уэбб (2004) атап өткендей, АКТ ықпалы мұғалімнің пәндік білімінің деңгейіне, педагогикалық ұстанымдарына, оқытудағы тәсілдеріне, сондай-ақ олардың өзіне сенімді болуы және ол құралдарды пайдалану құзырлылығына байланысты. АКТ бүкіл әлемде көптеген мұғалімдердің күнделікті жұмысына еніп кетті, әсіресе проекторы мен интерактивті тақталары бар техникалық жасақталуы мықты мектептердің өзі неге тұрады (Kennewell and Beauchamp, 2007). Алайда техникалық құралдардың болу фактісі оқыту мен оқудың техникалық емес құралдарының көмегімен жетістікке жетуге болатын аспектілер бойынша оқуды жақсартуға және үлгерімді арттыруға кепілдік бере алмайды (Beauchamp, 2006). Сондықтан АКТ-ны пайдаланғаннан нәтиже болуы үшін мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды есепке ала отырып, өздерінің педагогикалық білімдерін дамытуға тиісті (Mishra and Koehler, 2006) және мұғалімдердің осы технологияны пайдаланудағы құзыреттілігі мен сенімділік деңгейімен үйлесуі керек (Kennewell and Beauchamp, 2007).


Мишра мен Келер (2006) егер де жаңа технологиялар оқыту мен оқуды жетілдіру үдерісін түрлендіретін болса, онда сабақтарды жоспарлау үдерісінде пәндік білім мен оқыту технологиялары сабақтасып жатуы керек дейді. Бұдан басқа Мишра мен Келер мұғалім білімнің барлық үш саласын байланыстыруға қабілетті, олар шеберліктің жеткілікті жоғары дәрежесіне ие және кәсіби тәжірибелері мол деп бағалайды. Бұдан әрі зерттеушілер осындай мұғалімдер зертханада жұмыс істейтін практик ғалымдармен, бағдарламашылар, технологиялық сарапшылармен немесе жаңа технологияларды қолдану саласындағы білімі кемшін түсіп жататын тәжірибелі мұғалімдермен салыстырғанда, оқыту мен оқуда АКТ-ны қолдануда асқан ептілік танытады деп қорытады.

Заманауи түсінік

Білім салалары

Рефлексиялаушы кәсіпқойды даярлау жеке тұлғалық, жалпы мәдени білімділікті, кәсіби-педагогикалық, тәжірибелік шеберлікті, сыныпта іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу тәжірибесін және әлеуметтік, мінез-құлықтық ғылымдар саласындағы зерттеулерді білуді қажет етеді. Осы Екінші деңгей бағдарламасы оқу мен оқыту туралы ғылыми-теориялық білімдерінің тәжірибелік сабақтар нәтижесінде алынған тәжірибелік білімдерден айырмашылығына ерекше көңіл аударады. Бұл ретте мұғалім даярлығының сапасы теориялық және тәжірибелік білімдердің бірлігін қажет ететіні ерекше атап көрсетілген (19-сурет).


Тұжырымдамалық модель: Мұғалімдерді оқыту



19-сурет. Мұғалімдерді даярлаудың тұжырымдамалық құрылымы

Білікті мұғалім үшін жоғарыда аталған білім түрлері: теориялық және тәжірибелік білімдер өзара тығыз байланыста болуы тән. АКТ-ны енгізген кезде теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастығы оларды ойланып қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқыту және оқу үдерістерін жақсартуға жағдай жасайтын болады. Сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерді қолданған кезде, анықтаушы фактор оқыту үдерісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады (20-сурет).

Келесі тарауда аталған салалардың әрқайсысына түсініктеме беріліп, олардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасатын білім түрі анықталады.



20-сурет. Білім салалары (<http://tpack.org/>)

Пәндік білім (ПБ)

Пәндік білім дегеніміз – оқытылатын пән бойынша өзекті білімдер. Айталық, химия пәнінің білікті мұғалімі қазіргі заманғы ғылыми идеялар мен тұжырымдамаларды жеткілікті түрде біліп, химия туралы практикалық түсінігі болады. Мысал үшін, Ұлыбританияда аталған сапалық белгілер бакалавриат дәрежесінде, сонымен қатар химия саласында дипломнан кейінгі білім беру деңгейіндегі оқу барысында жетілдіріледі. Орта мектептегі 11 жастан 18 жасқа дейінгі оқушыларға арналған химия пәні бойынша білім беру бағдарламасының мазмұны оқушылардың нақты жас ерекшеліктеріне сәйкес түсінікте ұсынылып, ұғындырылады. Химия пәні мұғаліміне оқытылатын пәнді жақсы білу, химияда қолданылатын түйінді ұғымдарды, теориялар мен шараларды түсіну қажет. Оның үстіне жаратылыстану ғылымдарының мұғалімдері зерттеу жүргізудің ерекшелігін, теориясы мен әдістемесін түсінуі керек. Алайда пән мазмұнын жан-жақты білу мұғалімнің біліктілігіне және оқушылардың оқу нәтижелілігіне кепілдік бермейді. Осылайша, жаратылыстану ғылымдары мұғалімінің біліктілігі педагогикалық білімдерді дамыту қажеттігін көрсетеді.

Педагогикалық білім (ПедБ)

Педагогикалық білім – білім берудің жалпы негіздерін, оқыту мақсаты мен міндеттерін білуге негізделетін оқыту мен оқу үдерістері, тәжірибесі мен әдістері туралы терең білімділік. Кез келген мұғалім үшін осы білімдер кешені қажетті болып табылады және оқушыны оқыту үдерісіне, сыныпты басқаруға, сабақты жоспарлау және өткізуге, оқушыларға баға қоюға қатысты мәселелерді қамтиды. Сонымен қатар ПедБ құрамына сабақта қолданылатын тәсілдер мен әдістерді білу, мақсатты аудитория сипаты, оқушылардың оқу материалын меңгеріп алуын бағалау стратегиясы кіреді. Білікті мұғалім оқушылардың білімді меңгеруінің және дағдыларды қалыптастыруының үдерістерін түсінуге көмектесетін терең педагогикалық білімге ие, олардың ақыл-ой қасиеттерін, оқуға деген эмоциялық жағымды қатынасын дамытады. Шын мәнісінде, педагогикалық білім оқытудың танымдық, әлеуметтік және дамытушы теорияларын, оларды сыныптағы оқушыларға қатысты қолдану әдістерін түсінуде біліктілікті қажет етеді. 21-суретте педагогикалық білімдерге негізделетін тиімді оқыту мен оқудың **тоғыз түйінді ұстанымы** сипатталған.



21-сурет. Оқу мен оқытудың түйінді тоғыз қағидаты

Жаратылыстану ғылымдарын оқыту төменгі сынып оқушыларының ғылыми идеяларды қалыптастыруының ерекше тәсілін қажет ететіндігін айта кету керек, бұл білімдердің педагогикалық аспектісі болып табылады.

Пән бойынша педагогикалық білім (ПБПБ)

Пән бойынша педагогикалық білім мазмұнды педагогикалық ықпалы бар нысандарға айналдыру мүмкіндігін беретін құрамдас бөліктердің: оқу мазмұны мен педагогикалық білімдердің біртұтастығы болып табылады (Shulman, 1986). Жаратылыстану ғылымдарын оқыту тұрғысынан алғанда аталған біртұтастық оқытылатын ғылыми тұжырымдамаларды білікті түсіну оқушылардың оларды түсінуі мен түсінуіне көмектесу қабілетімен ажырамас байланыста болуын көздейді. Осылайша, жаратылыстану ғылымдарының білікті мұғалімі абстрактілі ғылыми идеялар мен үдерістерді оқушылардың белгілі бір тобына бұларды өз бетімен зерттеу үдерісін қамтамасыз ете отырып ұсынатындай етіп, құрамдас бөліктерге бөле алуы тиіс.

ПБПБ оқушыларға ғылыми идеяларды ұсынудың тиімді, оңтайлы нысандарын, аса тиімді болып табылатын аналогия, суреттеу, мысал ұсыну, түсіндіру және көрсету әдістерін қамтиды. Шын мәнінде, ПБПБ оқушыларға ғылымды түсінікті жолмен көрсетудің әрі ұсынудың тәсілі болып табылады. Сонымен қатар пән бойынша педагогикалық білім мұғалімге оқушылардың жекелеген тақырыптарды оңай не қиын меңгеруінің себептерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл себептер кей жағдайларда оқушылардың ғылыми тұжырымдамаларды түсінбеуімен, ал кейде әртүрлі жастағы және білім деңгейі әртүрлі оқушылардың мектепке өз наным-сенімдерімен немесе теріс ұғымдарымен келетіндігімен түсіндіріледі.

Технологиялық білім (ТБ)

Технологиялық білім – оқытудың видео, веб-материалдарға қол жеткізу және басқа да сандық бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану сияқты қосалқы құралдары туралы білім. Бұл білім технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті хабардарлықты да, оларды басқару үшін қажетті дағдыларды меңгеруді де меңзейді. Сандық технологияларға қатысты алғанда осы білімдер операциялық жүйелер және компьютерлік аппараттық құралдарды

білуді, сондай-ақ мәтіндерді теру мен түзетуге, электронды кестелер құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдардың стандартты жиынтығын, браузерлер мен электронды поштаны пайдалана алу қабілеті болып табылады. Оның үстіне, ТБ құрамына перифериялық құрылғыларды орнату және алып тастауды, бағдарламалық жабдықтау жүйелерін, құжаттарды құру және мұрағаттауды т.б. білу кіреді.

Пән бойынша технологиялық білім (ПТБ)

Пән бойынша технологиялық білім – технологиялық білім (ТБ) мен пәндік білімнің (ПБ) өзара әрекеттесуінің тәсілін білу. АКТ қолдану заттар туралы толық түсініктің қалыптасуына ықпал етпегеннің өзінде, қазіргі заманғы инновациялық технологиялар заттар туралы жаңа, алуан түрлі түсінік қалыптастыруды және осы түсініктерді басқарудағы ауқымды икемділікті қамтамасыз ете алады. Мұғалім өзі сабақ беретін пәнді ғана емес, оқыту технологияларын қолдану арқылы осы пәнді жетілдіру тәсілдерін де білуі керек.

Мысалы, жаратылыстану ғылымдары саласында желі арқылы қолжетімді көптеген модельдер бар. **Модельдер** жаратылыстану жүйелерінің немесе адам жүйелерінің әрекет етуі туралы мәлімет алу үшін оларды ғылыми модельдеу үшін жиі қолданылады. Модельдеу баламалы шарттардың және іс-әрекет жоспарларының болжамды шынайы әсерлерін көрсету үшін қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ модельдеу нақты жүйе, оған қол жеткізу мүмкін болмауына байланысты қолданыла алмаған жағдайда немесе оның қолданылуы қауіпті болса не рұқсат етілмесе, жүйе енді жасалып жатқанда немесе мүлде жоқ болғанда қолданылады.

Технологиялық, педагогикалық және пәндік білім (ТППБ)

82

Үш білім саласының қиылысу ортасында технологиялық, педагогикалық және пәндік білім (ТППБ) орналасқан. Осы тәсілді алғаш рет 2006 жылы Мишра және Кёлер қарастырды, олардың айтуынша, егер жаңа технология оқуды жақсарту жағына өзгертуге қабілетті болуға тиіс болса, онда *жоспарлау үдерісі пән бойынша арнайы білімнің оқушылардың осы білімді қалай игеретінін түсінумен бірге жүруін көздеуі керек*. Оның үстіне, Мишра мен Кёлердің пайымдауынша, барлық үш білім саласын өзара байланыстыра алған мұғалім жоғары деңгейдегі кәсіпқой болып табылады. Сонымен қатар зерттеушілердің айтуынша, осындай мұғалімдердің зертханада жұмыс істейтін ғалымдармен, бағдарламашылар сияқты технологиялық сарапшылармен немесе жаңа технологияларды пайдалану жөнінде білімдері жеткіліксіз тәжірибелі мұғалімдермен салыстырғанда кәсіби білімі анағұрлым ауқымды болады.

Қорыта келгенде, жекелеген пәндерді оқытуға білім технологияларын ықпалдастыру мұғалімнің қарқынды дамуына, оқудың барлық үш аспектісін өзара байланыста белсенді қолдануына дайын болуын қажет ететіндігін және бұл оқыту мен оқу үдерістерін білікті түсіну көрсеткіші болып табылатындығын баса айту керек.

Мұғалім үшін маңызы

Оқушылардың күнделікті өмірде АКТ-ны қолдану мүмкіндіктері негізінен тиісті саладағы тиімді оқыту мен оқуға байланысты. Егер оқушылар АКТ-ны тиісті дәрежеде меңгермей, оның мүмкіндіктерін игермеген болса, олардың басқа пәндерде АКТ-ны пайдалануы тиімсіз болуы да мүмкін. Бұл АКТ саласында және пәндік білім бойынша «кенжелеп» қалуға ықпал етуі мүмкін. Мәселен, оқушылар бағдарламалық жасақтаманы қалай пайдалану керектігін білмесе және тапсырманың мәнін қалай беруге болатынын түсінбесе, оларға белгілі бір тақырып бойынша таныстырылым дайында деп тапсырма беруден ештеңе өнбейді. Жаңа пәндік білімдерді алумен бірге, АКТ-ның жаңа салаларын қатар игеруге ұмтылатын оқушылар екі салада да, яғни АКТ-ны қолдану мен білімді игеруде де бірдей мықты бола алмайды.

Сондықтан төменде оқытудың бес аспектісіне ықпал етуге арналған оқу құралы ретінде АКТ-ны қалай пайдалануға болатындығының үлгілері ұсынылған:

Көрсетілім

АКТ-ны не үшін пайдалануға болады?

- оқушылардың түрлі амал-тәсілдерді көрсетуі (мысалы, нақты ғылымда заттарды қалай өлшеуге болады және т.б.);
- идеяларды салыстыру (мәселен, өнер мен музыка саласында және т.б.);
- зерделеу және талқылау мақсатында басқа оқушылармен жұмыстарын алмастыру (мәселен, көркем жазу және тарихта т.б.);
- оқушылардың жұмысы мен түсініктемелерін салыстыру (мәселен, бейнеклиптер).

Модельдеу

АКТ-ны не үшін пайдалануға болады?

- оқушыларға өмірдегі нақты проблемалар немесе оқиғалардың модельдерін ұсыну (мысалы, ғылымдағы сызба немесе географиядағы табиғи өзгерістердің көрінісі және т.б.);
- оқушыларға мәтінді талдаудың және жазбаша нысанды пайдаланудың әдістерін көрсету (мәселен, көркем жазуда немесе тарихта т.б.);
- тұжырымдаманы көрсететін бейнелерді беру (мысалы, түрлі эмоциялар мен сезімдерді модельдеу үшін дыбыс пен бейнені пайдалану, математикалық модельдер ретінде кестені пайдалану – «егер... болса, не болады?»).

Бағалау мен талдау

АКТ-ны не үшін пайдалануға болады?

- оқушылардың түрлі нысандағы ақпараттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету (мәселен, DVD-дискілер, аудиокассеталар, белгілер, символдар, басқа тілдер);
- оқуда жаңалық жасауға ықпал ету (мәселен, веб-сайттан кез келген пән бойынша ақпарат іздеу);
- оқушыларға мәтіндердің түрлерін көрсету (мәселен, көркем жазу бойынша ғылыми-танымал мәтіндер, эмоция мен сезімін білдіру үшін авторлардың сөздерді пайдалануын талдау және т.б.);
- балама таныстырылымдар мен суреттер ұсыну (мәселен, жиналған деректер үшін неғұрлым жақсы келетін кесте туралы шешім қабылдау, әртүрлі суретшілердің жұмыстарын салыстыру, сызба немесе тізбек жасау, мәселен, музыкадағы дыбыс немесе математикадағы сандар және т.б.).

Ұсыну, қайталай ұсыну және қарым-қатынас

АКТ-ны не үшін пайдалануға болады?

- балалардың идеялары, жұмыстарымен алмасуы (мәселен, олардың дизайн мен технология саласында әзірлеген жобалары);
- ақпарат алмасу (мысалы, PowerPoint таныстырылымы; мүгедек балаларға арналған байланыс құралдары);
- балалар жұмысының сапасын жетілдіру және арттыру (мәселен, көркем жазу бойынша мәтінді редакциялау және т.б.);
- пікірлер мен ақпаратты қорыту, жалпылау (мәселен, балалар электронды пошта арқылы басқа балаларға географиядан жергілікті экологиялық мәселе туралы хат жаза алады, математикадан есеп шығарудың кезеңдерін қадамдап жазу).

Тестілеу және растау

АКТ-ны не үшін пайдалануға болады?

- «Егер ... болса?» сұрағын қою және болжамдарды тексеру, растау немесе теріске шығару үшін мәліметтерді жинау (мәселен, бір факторды өзгертудің әсерін салыстыру үшін ғылыми деректерді тіркеуге арналған құрал-жабдықтарды пайдалану және т.б.);


- дереккорды зерделеу (мәселен, бірқатар АКТ-ресурстарын пайдалана отырып, географиядағы өзгерістердің қоршаған ортаға әсерін зерделеу, суреттердің көмегімен өзгерістердің әсерін қадағалау);
- интерактивті оқу бағдарламасын пайдалану (мәселен, кейіннен тексеруге болатын жалпы қорытынды шығаруға көмектесетін математика саласындағы сандар тізбегін, нысандар мен модельдер жасау және т.б.).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Beauchamp, G. (2006). New technologies and 'new teaching', a process of evaluation [Жаңа технологиялар, "жаңаша оқыту", эволюция үдерісі]. In R. Webb (Ed.), *Changing teaching and learning in the primary school*. Buckingham: Open University Press
- Becta. (2003). *Primary School: ICT and Standards. An analysis of National data from Ofsted and QCA* [Бастауыш мектеп: АКТ мен стандарттар. Ofsted және QCA ұлттық мәліметтерін талдау]. Coventry: Becta
- Birnbaum, I. (1990). The assessment of ICT capability [АКТ мүмкіндіктерінің бағасы]. *Journal of Computer Assisted Learning*, 6, 88-99
- Cox, S., & Graham, C. R. (2009). Diagramming TPCK in Practice: Using an elaborated model of the TPCK framework to analyse and depict teacher knowledge [Практикадағы ТПМБ диаграммасы: мұғалімнің білімін талдау және бейнелеу үшін ТПМБ моделін пайдалану және әзірлеу]. *TechTrends*, 53 (5), 60-69.
- Cox, M. J. (1997). *The effects of information technology on students' motivation* [Оқушыларды ынталандырудағы ақпараттық технологияның әсері]. Coventry Council for Education Technology.
- Cox, M. J., & Webb, M. (Eds.). (2004). *A review of the research literature relating to ICT and attainment* [АКТ-мен байланысты ғылыми әдебиеттер мен жетістіктерге шолу]. Coventry, Becta/London: DfES.
- Kennewell, S., & Beauchamp, G. (2007). The features of interactive whiteboards and their influence on learning [Интерактивті тақталардың ерекшелігі және оның оқу үдерісіндегі әсері]. *Learning, Media and Technology*, 32 (3), 227-241.
- Kennewell, S., Tanner, H., Jones, S., & Beauchamp, G. (2008). Analysing the use of interactive technology to implement interactive teaching [Интерактивті оқуды іске асыру үшін интерактивті технологияларды пайдалануды талдау]. *Journal of Computer Assisted Learning*, 24 (1), 61-73
- Koehler, M. J., Mishra, P., & Yahya, K. (2007). Tracing the development of teacher knowledge in a design seminar: Integrating content, pedagogy and technology [Семинарда мұғалімдердің білімін дамытуды қадағалау: мазмұнды, педагогика мен технологияны ықпалдастыру]. *Computers & Education*, 49 (3), 740-762.
- Mishra, P., & Koehler, M. J. (2006). Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge [Технологиялық және педагогикалық мазмұндық білім: мұғалім біліміне арналған негіздер]. *Teachers College Record*, 108 (6), 1017-1054.
- Shulman, L. S. (1986). Those who understand: Knowledge growth in teaching [Кім қалай түсінеді: оқу үдерісіндегі білімнің өсуі]. *Educational Researcher*, 15 (2), 4-14.
- Teaching and Learning Research Programme (TLRP)* [Зерттеу бағдарламасындағы оқыту мен оқу (ЗБОУ)] Accessed November 2011 <http://www.tlrp.org/findings/Schools%20Findings/Schools%20Findings.html>

Орта мерзімді жоспарлау

Бағдарламаның негізгі мақсаты мектеп мұғалімдерінің өздерінің балаларды белгілі бір тәсілдермен оқытатынын біліп қана қоймай, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді өз тәжірибесіне қалай ықпалдастыратынын түсінуі болып табылады. Тізбектелген сабақтар топтамасы жеті модульді ықпалдастыру тәсілдері мен өзгеріс енгізу үдерісі туралы тәжірибеге негізделген деректер алуға және өзгеріс енгізу барысында белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрылымды көздейді.



22-сурет. Ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлау арасындағы өзара байланыс

Оқу бағдарламасын әдетте білім саласындағы саясатты қалыптастыратын адамдар мен мектеп әкімшілігі жоспарлайды (22-сурет). Бір топ адам оқу бағдарламасын сыныпта сабақ беру тәжірибесін Бағдарламаның барлық жеті модулі ықпалдастырылған тізбектелген сабақтар топтамасына айналдырса, сол *орта мерзімді жоспарлау* болады. Өз кезегінде әрбір жеке мұғалім орта мерзімді жоспарды әрбір жеке сынып үшін сабақтарды егжей-тегжейлі жоспарлау үшін пайдаланады.

Орта мерзімді жоспарлау немесе *тізбектелген сабақтар топтамасын* жоспарлаудың мақсаты:

- жұмыс кезеңдерінің дәйекті, тізбектеліп ұйымдастырылуы;
- сыныпта оқыту тәжірибесіне жеті модульді ықпалдастыру;
- әрбір сабақ үшін оқыту және оқу мақсаттарын белгілеу;
- оқыту және оқу нәтижелерін өлшеу әдістемесін анықтау;
- осы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жоспарланған оқыту мен оқу міндеттерін көрсету;
- оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеудің болуын қамтамасыз ету;
- барлық оқушыларды қамту үшін асқан ептілікпен және ұқыптылықпен жоспарлау.

Оқу мақсаты мен оның нәтижелері

Мұғалім оқушыларға арнап жоспарлайтын іс-шаралар оқу мақсаты болып табылады. Осыған байланысты, оқыту және оқу мақсаттарын қалыптастыру шаралары төмендегілерді білуге бағытталған:

Сіздің ойыңызша, оқушылар нені білуге тиіс?

Оқушылар қандай түйінді идеяларды түсінулері керек?

Оқушылар қандай мәселелерді зерттеп, талдаулары керек?

Оқу нәтижелері мұғалім сабақта қойған мақсаттарына қол жеткізе алды ма, жоқ па екенін білуге мүмкіндік береді.

Оқу нәтижелері:

оқушыға бағытталуы керек;
белгілі бір дағдыны сипаттайтын етістік болуы керек;
оқушының оқу үлгеріміне сәйкес болуы қажет.

МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ОЙЛАУ ЖОЛДАРЫ

Топтағы бірлескен және ұжымдық жұмыс

Бірлескен оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал *бірлескен жұмыс* соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Бірлескен оқу сыныпта пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Адамдар топтарға бірлескен барлық жағдайларда топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен іске қосқан үлесі құрметтеліп, ескерілетін, адамдармен жұмыс істеудің басқа тәсілі орын алады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін билік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Бірлескен оқудың негізгі аспектісі топ мүшелерінің ұжымдасу арқылы бітімге, келісімге қол жеткізуіне негізделген.

Бірлескен оқудың мәні

Бірлескен оқу – бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді. Бірлескен оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі және осы әңгімелесу арқылы білім алады.

Педагогикада бірлескен оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, ал ұжымдық оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1. Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.
2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталауды емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.
3. Қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады.
4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.

Бірлескен оқу ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша бірлескен оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және талқылауға белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

Жалпы алғанда, топтардағы бірлескен жұмыс төмендегі мақсаттарда жүзеге асырылады:

Әлеуметтік	Танымдық	Эмоционалдық
<ul style="list-style-type: none"> •Тәжірибемен және идеялармен алмасу; •Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу; •Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу 	<ul style="list-style-type: none"> •Жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсыну және пікір алмасу; •Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту 	<ul style="list-style-type: none"> •Топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену; •Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету

23-сурет. Топтағы бірлескен жұмысты жүзеге асыру мақсаты

ЖҰМЫС ӘДІСТЕРІ

Коучинг және тәлімгерлік

Білімінің дәрежесіне, кәсібилік деңгейіне қарамастан кім болмасын өзінің үздік нәтижесін өз бетімен үнемі ұстап тұра алмайды, осы ретте Бағдарлама мұғалімдерге әріптестерімен бірге жаңа тәсілдерді пәнге енгізу үшін коучинг пен тәлімгерлік арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік беретін дағдыларды ұсынады. Тәлімгер ретінде тренерді қалыптастыру үдерісі білім беру тәжірибесін жақсарту мақсатында ынтымақтастықтағы мектеп ортасында жүзеге асырылатын болады.

«Тәлімгерлік» пен «коучинг» ұғымдары ұқсас қызмет түрлерін сипаттау үшін әдетте синоним ретінде қолданылады, осыған байланысты осы санаттардың мағыналары араласып кетуі ықтимал. Олардың әрқайсысына тән айырмашылықтар:

Коучинг - (ағылш. *coaching*) сөзбе-сөз аудармасы – *тәлім ету, дайындау, жаттықтыру*. Бұл – әріптестердің (коуч пен әріптесі) құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі. Оның барысында қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялармен алмасу, коуч тарапынан рефлексиялық диалогқа тарту негізінде екінші мұғалім өз жұмысының жекелеген салаларын жетілдіру, оларды тереңірек дамытып, анағұрлым жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске асыру жөнінде шешім қабылдау мақсатында кәсіби білімін, игерген дағдылары мен тәжірибесін жетілдіреді.

Тәлімгерлік - (*mentoring*) ұзақ уақытқа созылатын, тәлімгер (тәжірибелі, озық педагог) мен тәліп (тәжірибесі аз педагог) арасында сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас құру үдерісі. Ол тәліптің педагог ретінде қалыптасуы мақсатында өзінің білімін, ойлауын, тәжірибелік іс-амалдарының тиімділігін жетілдіруде айтарлықтай қарқын алуына көмектеседі. Тәлімгерлік ету барысында тәлімгер өзінің білімімен, тәжірибесімен бөліседі, ал тәліп еңбек жолында айтулы жетістіктерге жету мақсатында өзінің кәсіби дағдыларын дамытып, проблемаларды шешу жолдарын іздейді.

Заманауи түсінік

Мұғалімге өз жұмысында жетістікке жетуіне мүмкіндік беретін іс-әрекетті талдау және ол туралы ойлануға арналған құралдарды ұсыну мүмкіндігі коучинг пен тәлімгерліктің барлық түрлерін біріктіруші фактор болып табылады.

Тәлімгерліктегі басты ұстаным қызмет емес, қарым-қатынас болып табылады, оның барысында тәлімгер объективті тыңдаушы және бағыттаушы болады. Тәлімгер тәлімгерлік үдерісіне өзінің тәжірибесін үлес етіп қоса отырып, бірқатар міндеттерді орындайды:

- тәліптерге мүмкіндіктер мен проблемаларды қарауға жағдай жасайды;
- стратегиялық деңгейде өзінің ноу-хауымен алмасады;
- тәліпке шынайы мақсат қоюға және оған жету жолдарын жоспарлауға көмектеседі.

Тәлімгерлік пен коучинг бойынша модельдердің көпшілігі ұқсас алғышарттарға негізделген, атап айтқанда тәлім алушы тұлға тиімділікпен және шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілетті, ал тәлімгердің немесе коучтің түйінді рөлі – тәліптерге өз мүмкіндіктерін пайдалануға көмектесу деген ұстанымға негізделген (4-кесте).

4-кесте. Коучинг пен тәлімгерлік үдерістерін салыстырмалы талдау

Тәлімгерлік	Коучинг
<ul style="list-style-type: none"> • ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін жүйелі қарым-қатынас; • тәліп үшін қажеттігіне қарай кездесу ұйымдастыру арқылы бейресми сипатта өтуі мүмкін; • кеңестер, ұсынымдар мен қолдау ұзақ уақыт және көп аспектілік негізде көрсетіледі; • тәлімгер, әдетте, - тәжірибесі көбірек білікті мұғалім, негізінен – білім беру ұйымындағы ең үлкені, ол білімін, тәжірибесін беріп, тәліпке бұған дейін қолжетімсіз болып келген мүмкіндіктерге «есік аша» алады; • тәліптің қызметкер ретінде және тұлға ретінде өсуіне басты назар аударылады; • кеңес алу мақсатын тәлімгер тарапынан келісу және бағыттау арқылы тәлім алушы адам белгілейді; • тәлімгерлік тәліптердің кәсіби дамуына бағытталған. 	<ul style="list-style-type: none"> • қарым-қатынас ұзақтығы алдын ала белгіленеді; • әдетте, құрылымдық сипатта болады; кездесулер алдын ала жоспарланады; • кездесулер қысқа мерзімді (кейде уақыты шектеулі) және дамудың нақты бағыттарына/ мәселелеріне бағытталған; • коучте біршама практикалық тәжірибесінің болуы міндетті емес; • коучинг білім алушыларда нақты дағдыны қалыптастыруға бағытталған; • басты назарда, әдетте, кәсіби/өндірістік проблемаларды шешу; • кеңес беру мақсаты нақты, қысқа мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған; • коучинг дамудың белгілі бір бағыттарын қарауға, нақты мәселелерді шешуге бағытталған.

Тәлімгерлік үдерісі

Тәлімгерліктің өзіне тән негізгі сипаттамасы екі адам арасында оқу қарым-қатынасын құруға негізделген және түйінді дағдыларды: белсенді тыңдай білу, тәжірибені дамыту үшін бірқатар күрделі сұрақтар қоя білу дағдыларын дамытуға бағытталған. Тәлімгер тәліпке күрделі тапсырмалар беріп, қолдау көрсетуге; соның ішінде қажетті түйінді қасиеттерді: сенімділік, ортақтастық, шынайылық, адалдық танытуға дайын болады (Garret-Harris & Garvey, 2005).

Тәлімгерлік аяқталған соң тәлімгер мен тәліптің арасында орнаған қарым-қатынас біліктілігі төмендеу мұғалімнің өзіне-өзі көмектесуіне мүмкіндік алып, проблемалардың шешуін өзінше табуға көмектеседі, себебі тәлімгерлік түзету қағидатына емес, даму қағидатына негізделген (Oxley, 2003).

Коучинг үдерісі

Коучтер – тәжірибелі мұғалімдерге ойлау және шығармашылық үдерістерінің көмегімен мектепте жақсы тәлімгер болуға көмектесу үшін өздеріне куратор рөлін қабылдаған адамдар. Соның нәтижесінде оның әріптестері өзінің кәсіби әлеуетін арттыруға арналған идеялармен және тәсілдермен қамтамасыз етіледі. Коучтер мұғалімдерге өздерінің оқыту тәжірибесін жақсартуға көмектеседі.

Мұғалім өз мектебіндегі әріптестеріне қажетті дағдылар мен болашаққа деген көзқарастарын дамытуға көмектесу үшін оларды бағыттап және белсенді ынталандырып отыруға мүмкіндік алу мақсатында коуч мұғалімге көмек көрсетеді. Бұл ретте мұғалімдерге мақсат етілген нәтижеге қол жеткізу үшін тәжірибесі аздау әріптестерімен жүргізілетін жұмысты болжау және жүргізу мақсатында, ол жұмысқа арқау болатын тақырыпты алдын-ала анықтай алу қабілетін дамытуға көмектесуге басты назар аударылмақ.



24-сурет. Тәлімгерлік жүйесі

Коуч пен тәлімгер болып табылатын мұғалімдер үшін маңызы

Бағдарлама тәжірибелі мұғалімдерді өз мектептерінде табысты коуч пен тәлімгер болуға үйретуге бағытталған. Бағдарлама бойынша курсты аяқтаған мұғалімдер оқу қоғамдастығын құрып, жаңа идеяларды іске асыру үшін өз мектебінде тәжірибеге өзгеріс енгізуді және әріптестерімен жүргізілетін жұмысты ойластырып, оны жоспарлауды бастайды.

Коучинг пен тәлімгерліктің тиімділігін қамтамасыз ету үдерісі үш негізгі мәселені қамтиды:

1. **Мәнмәтін.** Бірден пайдалануға мүмкіндік болу үшін коучинг тәжірибесі мәнмәтінде болуы керек.

2. **Өзектілік.** Ақпарат пен ұсынымдар мұғалім үшін де және олар өткізетін оқу сабақтары үшін барынша өзекті болуы керек.

3. **Жүйелі тәлімгерлік.** Тәлімгер күнде қолдау көрсетіп отыруы керек: мұғалімдерге жақында алған дағдыларын бейімдеуде қолдау көрсетіп, олардың табысқа ұмтылуын қамтамасыз етуі қажет.

Мектептегі коучинг пен тәлімгерлік негізгі жеті ұстанымға негізделеді:

1. Коучинг пен тәлімгерлік мұғалімдердің дамуы мен жетілуіне көмек көрсетудің айтарлықтай тиімді тәсілі болып табылады.

2. Коучинг пен тәлімгерлік ойдағыдай іске асырылған жағдайда оқыту мен оқудың сапасы артады.

3. Кәсібилігін жетілдіру мақсатында коуч пен тәлімгерге тренинг қажет.

4. Коучті жаттықтырып жетілдіру – тренерлердің басты міндеті.

5. Оқыту мен оқу тәжірибесіндегі болмашы қадамдар мен өзгерістер сыныптағы жағдайды айтарлықтай өзгерте алады.

6. Оқыту мен оқу тәжірибесі үшін ұсынылатын жекелеген тәсілдер мен әдістер, бір қарағанда, болмашы болып көрінуі мүмкін, бірақ жүйе ішінде жағымды өзгерістерге ықпал ететін қуатты қозғаушы күш бола алады.

7. Коучингіні іске асырудың бір ғана дұрыс жолы жоқ.

Инновациялық ойлау жүйесін қалыптастыру

Табысты тәлімгер тәлімге ол үшін нақты проблеманы белгілеуге көмектеседі және оның жеке тәсіліне, нақты мәнмәтінге, жұмыс тәсілінің ыңғайына сәйкес келетін іс-әрекеттің оңтайлы бағытын таңдауға септігін тигізеді.

Тәжірибелі көмекшінің моделі (Egan, 1998) 1975 жылдан бері үнемі дамып келеді. Шынтуайтқа келгенде, ол – көмек көрсетуге арналған үш сатылы құрылым. Бұл құрылымның бірінші кезеңі үдерістің басында тәлімгердің іс-әрекетін және оның тәжірибені өзгерту үшін не істегісі келетінін анықтауға бағытталған; екінші кезең – тиісті тиімді шешім таңдауды; үшінші кезең – өзгерістерді енгізуді мақсат етеді (25-сурет).



25-сурет. Иган бойынша тәжірибелі көмекшінің моделі

Бұл модельдің сызба түрінде ұсынылғанына қарамастан, тәліптің нақты қажеттіліктеріне қарай, сондай-ақ оның тыңдай білу және туындаған мәселелерді шеше білу қабілетінің, күрделі міндеттерді атқаруға көмектесетін дағдыларының қаншалықты дамығандығына байланысты оны өз ыңғайыңызға лайықтап өзгертуге болады.

90

Коучинг жүргізу кезінде қолданылатын дағдылар
Коучинг кезінде пайдаланылатын негізгі дағдылар:

Тыңдалым

Тыңдалым – бұл ақыл-ой үдерісі, яғни естігенінді түсіне білу.

5-кесте. Тыңдалым түрлері

Тыңдалым деңгейі	Не болып жатыр	Коучингіде пайдалану	Адам оның сөздері қалай қабылданатынын сезінеді
Үстірт тыңдалым – күнделікті әңгімелесу кезіндегі тыңдалым	Адам тыңдап отырған сияқты, бірақ басқа нәрсені ойлап отырады.	Коучингіге пайда әкелмейді	Әдетте адамдар оларды зейін қоймай тыңдап отырғанын түсінеді.
Әңгіме барысындағы тыңдалым	Бірден бірнеше үдеріс болады – тыңдалым, айтылым, ойлану, әңгіменің жалғасын жоспарлау.	Коучингіге пайда әкелмейді	Әдетте адамдар оларды зейін қоймай тыңдап отырғанын түсінеді.
Белсенді немесе мұқият тыңдалым	Тыңдаушы сөз сөйлеушінің айтқанына мұқият құлақ салады, әңгіме айтушыға назар аударып, фактілерді жазып алады.	Бұл тыңдалым үлгісі коучингіде пайдаланылады	Сені зейін қойып тыңдап отырғанын сезінгенде көңілің көтеріледі.



Терең тыңдалым	Тыңдаушы өзіне қарағанда сөз сөйлеушіге көбірек құлақ салады. Тыңдаушының миы «тыныш» және оның ниеті – «түсіністік табу». Бұл сәтте барлық сезімдер әрекетте болады.	Бұл коучингідегі тыңдалымның мінсіз қалпы.	Мұғалім өзін түсініп отырғанын сезеді және коучпен бұдан да терең байланысты орнатуға ұмтылуы мүмкін.
-----------------------	---	--	---

Сұрақтар

Сұрақтар – бұл коучингідегі қарым-қатынастың негізгі нысаны.

6-кесте. Сұрақтардың түрлері

Сұрақ үлгілері	Мысалдар	Функция/Мақсат
Ашық сұрақтар – Коучингідегі сұрақтардың негізгі түрлері	Не, Қашан, Кім, Қанша, Қалай дегеннен басталатын сұрақтар. (<i>Неге</i> деген сұрақты байыппен пайдалану керек, өйткені білім алушылар оны сын деп қабылдауы мүмкін; <i>қалай</i> деген сұрақты да байқап қою керек, өйткені ол сараптамалық ойлауға әкелуі мүмкін).	Ашық сұрақтар сипаттамалық жауапты талап етеді. Олар коучтер үшін де, әріптестер үшін де ақпаратты ашады және оларды жауапкершілік сезімге ынталандырады. Мұғалім тиісті фактілерді нақты қабылдап, ақпаратпен қабілеттің сәйкестігін анықтайды. Сұрақ қою үдерісінде сондай-ақ креативтік ойлар мен идеяларды туғызу қабілеті дамиды.
Жабық сұрақтар – коучингіде сирек қолданылады	Менікі дұрыс па?	Сұрақтың бұл түрі «ИӘ» немесе «ЖОҚ» деген жауап қажет болған жағдайда пайдаланылады.
Түсіндірме сұрақтар	Егер сіз белгілі бір әрекетті орындасаңыз, қандай жетістікке жетесіз?	Бұл сұрақтарды коучтер де, сол сияқты мұғалімдер де кейбір сәттерді нақтылау үшін пайдаланады.
Жетекші сұрақтар	Өмірдегі сенің мақсатың қандай?	Жетекші сұрақтар рефлексияны талап етеді және мұғалімге өз құндылықтарын, эмоциясын, мінез-құлқын және проблемаларға/жағдайға реакциясын зерделеуге мүмкіндік береді (үй тапсырмасымен жұмыс істегенде пайдалы).
Өткір (кекесінді) сұрақтар	Егер салдары үшін жауап беру қажет болмаса, не істер едіңіз?	Өткір сұрақтар коучтер әр нәрсеге сене бермейтін мұғаліммен жұмыс істегенде пайдалы. Сұрақтың бұл түрі ұстанымның шектелуін болдырмауға бағытталған, яғни мұғалімге өз шектеуінен тыс жатқан мәселелерді көруге мүмкіндік береді.
Шектеулі ұстанымға күмән келтіретін сұрақтар	Коучингіге қатысатын мұғалім «Мен қолға алған жоба «құлап» жатады» дейді. Коуч «Кім?» деген сұрақпен жауап береді.	Күрделі сұрақтар мұғалім туралы хабардарлықты арттыруға бағытталып, оны одан әрі ілгерілетуге көмектеседі.
Кесімді немесе күшті әсер етуші сұрақтар	Сізге не бөгет болып тұр?	Кесімді сұрақтар әдетте қысқа болады, ол мұғалімге түсіну мен ұғыну үдерісінде әжептәуір секіріс жасауға көмектесу үшін беріледі.

Коучингідегі қарым-қатынастың басқа дағдылары

Сұрақтарға қосымша ретінде кестеде коучингідегі пайдалы қарым-қатынастың басқа нысандары келтірілген.

7-кесте. Басқа да дағдылар

Қарым-қатынас дағдылары	Сипаттамасы	Қолданылуы
Қайталау/көрсету	Мұғалім жиі айтатын сөздер сол қалпында жиі қайталанады	Эмоциялық күңгірттік туындаған жағдайда осы тәсілді қолданған пайдалы.
Қысқаша қорыту	Мұғалім айтқан сөздің «мағынасын ашу»	Коуч мұғалімді толық түсінгенін тексеру үшін пайдалы, сондай-ақ басқалар оны түсінгеніне мұғалімнің сенімін арттырады.
Қайта тұжырымдау	Коуч өзінің сөзін пайдалана отырып, мұғалімнің не айтқанын тұжырымдайды. Бұл белгіленген нәтижелер тұрғысынан алғанда, олардың арасындағы қарым-қатынас түсінікті және айқын екеніне кепілдік береді.	Бұл мұғалімге едәуір қашықтықта қалу арқылы проблемалардан алшақтауға, соның нәтижесінде жаңа көзқарастар мен идеялардың тууын қамтамасыз етуге көмектеседі.
Топтау	Диалог кезіндегі тақырыптар/элементтер арасындағы байланысты анықтау.	Бұл мұғалімге өзі бұрын білмеген модель немесе байланыс туралы хабардарлығын арттыруға көмектеседі.
Ұсыныс жасау	Коуч мұғалімнің құндылықты арттыратын қандай да бір пікір қосатынына сенеді, коуч ұсыныс жасайды, бірақ мұғалім оны қабылдауға міндетті емес.	Бұл тәсіл мұғалім шатасқанда (тұйыққа тірелгенде) пайдалы болуы мүмкін. Ойлана отырып, мұғалім коучтің ұсынысы пайдалы болуы мүмкін екендігін түсінеді.

Практик-маманның зерттеуі

Практик-маманның *іс-әрекеттегі зерттеуі* этнографиялық зерттеулер және жағдаяттық талдау (кейс) сияқты зерттеу тәсілдерінің көбінде қолданылатын тұжырымдамалық және лингвистикалық тұрғыдан ауқымы кең термин болып табылады. Анағұрлым терең әдебиет көздерде практик-маман қолданатын, әрқайсысы өзінің түрлі акценттерімен және мақсаттарымен, тарихи және гносеологиялық дәстүрлерімен ерекшеленетін зерттеу тәсілдері туралы айтылған. Алайда барлық дәстүрлер үшін ортақ болып табылатын бірқатар ерекшеліктер де бар. Айталық, практик-маманның зерттеулерінің барлық түрлері зерттеу жүргізу үшін ол адамның өзі сол қызметте жұмыс істеу керектігін білдіреді, сондай-ақ өз тәжіибесі арқылы білім алып, біліктілігін толықтырып отыруын көздейді. Мәселен, мұғалім немесе машықтанушы дәрігер өзіне зерттеушінің рөлін алғанда ол практик-зерттеушіге айналады. Сонымен қатар ерекше күн тәртібімен жұмыс істейтін осындай практик-зерттеушілердің терең білімі және мәселені шешуде өзіндік көзқарасы болатындығы да маңызды фактор болып табылады, олар мәселеге бей-жай қарай алмайды. Маманның осы ішкі білімі, түйсігі оның зерттелетін мәселенің қарқыны мен басқа жағдайлармен өзара байланысын жақсы түсінетіндігін көрсетеді.

Оқушының жоғары нәтижеге қол жеткізуіне ықпал етуге бағытталған мұғалімнің зерттеу жүргізу және білім түзу сызбасы



26-сурет. Кәсіби білім алуға қатысты Тимперлей моделі

Практик-маманның зерттеуі білім мен тәжірибе арасындағы күрделі әрі әрқилы өзара қарым-қатынас туралы аргументке және тәжірибені жетілдіру үшін қажетті білім осы күнделікті тәжірибелік жұмысты анықтайтын түрлі факторлардың мәнмәтіні мен өзара қарым-қатынасының әсеріне байланысты деген заңдылыққа негізделеді (26-сурет).

Бастау және ұйымдастыру тұрғысынан алғанда практик-маманның іс-әрекеттегі зерттеуінің бірнеше түрлері бар, алайда бұл жолы мектеп базасындағы зерттеу мәнмәтініне және атап айтқанда, мұғалімнің *іс-әрекеттегі зерттеуіне* ерекше назар аударылатын болады. Бұл жағдайда *іс-әрекеттегі зерттеу* практик-мамандар мен университеттегі әріптестер арасындағы ынтымақтастық ретінде айқындалады. Бұл орайда білім беру үдерісіне қатысатын адамдарды, мысалы ата-аналар және мектеп қауымдастығының басқа да мүшелерін тартуға болады.

Білім беру дегеніміз не?

Білім беру қоғамдық үдеріс болып табылады, ол арқылы жаңа буын тілді, салт жораларды, функцияларды, өзара қарым-қатынастарды және осы қоғамның мүшесі болу үшін олар білуге тиіс белгілі бір орныққан тәжірибені танып, біледі.

Осы анықтамадан шығатыны, егер біз білім беруді жастарды қоғам мүшесіне қабылдау деп түсінсек, онда бұл рөлді қоғамдық оқу тәжірибесі атқаруға тиіс. Бірақ мұндай қоғамдық рөлді атқаратындар, сонымен бірге тікелей қоғамда және одан кеңірек әлемдік мәнмәтінде болатын өзгерістерге орай әрекет етуге дайын болуға тиіс деген ұйғарымға қарсы шығуға болады. Демек, білім беру үдерісінің өзара үйлеспейтін екі функциясы бар. Біріншісі – қоғамдық өмірдің қазіргі кезде бар үлгілерін жаңғырту, екіншісі – болашақ буынды жылдам өзгеріп жатқан қоғамдық өмірге қатысуға қабілетті болуға дайындау барысында тәжірибенің өзгеруіне кедергі жасауы ықтимал білім беру жүйелерінің консервативті үрдісін жеңе білу. Дәл осы шиеленістің салдарынан білім беру жөніндегі дебаттар саяси реңк алады. Шын мәнінде, білім туралы дауға тартылған барлық ықпалды қарсылас топтар ұстанатын, кейде тіпті қарама-қайшы сенімдер мен құндылықтар болып табылатын көзқарастар жақсы қоғам мен құзырлы оқудың мәнін ашып көрсетуге тікелей қатысты болып отыр.

Сонымен, қазіргі кезде қоғам үшін ерекше маңызы бар білім өткен кезеңде дүниеге келген саясаттың өнімі болып табылады да, уақыт өте келе оның даму үдерісі барысында білім мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас өзгеріп, түрленіп, трансформацияға ұшыраған.

Педагогикалық қызмет праксис ретінде

Егер біз білім бағалаушы пікірлерден ерікті емес және шындығында білім берудің мақсаттары мен үдерісі қатаң түрде дауға түседі деген тоқтамды қабылдайтын болсақ, бұдан шығатыны, педагогикалық қызмет те бейтарап бола алмайды. Карр және Кэмис педагогикалық қызметті нақтырақ айтқанда, Аристотель философиясынан шығатын *praxis* терминімен анықталатын адамдық тәжірибенің нысаны деп түсіндіреді. Нақтырақ айтатын болсақ, *праксис* «этикалық ақпаратқа негізделген қоғамдық тәжірибелер, осы тәжірибелердің өн бойынан және тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы жекелеген тұлға және мінсіз қоғам үшін *игілік ұғымы* өзінің тәжірибелік бейне-сипатын табады» деп анықталады (Carroll and Kemmis, 2009). Осылайша, білімді адам ретінде әрекет ету – бұл имандылық және қоғамдық рөл нормалары негізіне сай жұмыс бағыттарын орындау немесе мұғалімге қатысты – мінсіз қоғам және табысты оқыту туралы түсіндіруді қажет етпейтін тұжырымға сәйкес әрекет ету. *Тәжірибелік даналық* ретінде белгілі болған, моральдық аспектілерді жетік меңгерген мұғалімдер іске асыратын осындай қоғамдық тәжірибе *фронезис (phronesis)* терминімен белгіленеді. Бұл *тәжірибелік даналықты* теорияда жаттап алып, кейіннен тәжірибелік мәнмәтінде қолдану мүмкін емес, себебі бұндай мәнмәтін тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлерге, педагогикалық ойға және қызметке толы. Сондықтан *тәжірибелік даналық* бағалау позициясын қабылдауына қарай біржақты болатыны сөзсіз. Карр «тәжірибелік даналыққа тек тәжірибеде жүрген, өз тәжірибесіне негізделген, асқан шеберлік стандарттарына қол жеткізуге талпына отырып, жекелеген жағдайларда игіліктің тиісті қалпын бере алатын дана және орынды ойлар білдіру қабілетін дамытатын адамдар ғана ие бола алады» деп атап өтті (Carroll, 2006).

Осылайша, педагогикалық қызмет – бұл праксис нысаны, яғни білім беру саласындағы практик-маман үнсіз қабылдайтын, мінсіз қоғамның бейнесін іске асыруға бағытталған саяси әрекет.

Мұғалім білім алып, оқыту мен оқу тәжірибесін дамытуға арналған құралдар



27-сурет. Сабақты зерттеу, іс-әрекеттегі зерттеу мен кейс стадиді қамтитын мұғалімнің зерттеуі (Keith Taber, University of Cambridge)

Бұл тарауды білім беру порталында (www.cpm.kz) орналастырылған «Іс-әрекеттегі зерттеу» және «Сабақты зерттеу» туралы нұсқаулықтармен бірге оқуды ұсынамыз.

Іс-әрекеттегі зерттеу

Мектеп базасында жүзеге асырылатын *іс-әрекеттегі зерттеу* үдерісі арқылы практик-мамандар мектеп проблемаларын қарастырып, оларға жан-жақты жауап беру мүмкіндігіне ие болады. Бұл – «мектептегі шара» немесе «мектеп туралы ақпарат» қана емес, ол, ең алдымен, «мектеп үшін» жүргізілетін зерттеу шарасы. Осыған қарап, мұғалімнің міндеті өзінің жеке тәжірибесін түсіну және жетілдірумен қатар, өзіндік рефлексиялық зерттеу үдерісіне қызығушылықпен тартылуы, ұмтылуы деп айта аламыз. *Іс-әрекеттегі зерттеуге* қатысушылар оқу бағдарламасын өзгертуге, мектепте қолданылатын тәжірибеге қатысты дау айтуға және проблема қою, деректер жинау, талдау және әрекет ету жөніндегі үздіксіз үдерістермен айналысуға бағытталады, сол арқылы әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізу жұмыстарына ден қояды.

Кэмис бұл идеяны ары қарай дамыта отырып, оны жетілдіре түседі:

«*Іс-әрекеттегі зерттеу* адамдардың тәжірибесін, тәжірибе туралы түсінігін және тәжірибе жүргізілетін жағдайды түсінуін өзгертеді. Ол жаңа үлгілерді – жаңа өмірлік бағыттарды қалыптастыра отырып, «сөйлеу», «тәжірибе» санаттарының мазмұнын өзгертеді. Бұл тәжірибе – басқа тәжірибелерді өзгертетін мета тәжірибе. Метатәжірибе өз кезегінде басқа тәжірибелер қалыптастыратын дәйектерді, әрекеттер мен байланыстарды өзгертеді» (Kemmis, 2007). Басқаша айтқанда, тәжірибені өзгерту – бұл істеп жатқан ісімізді өзгерту, түсінікті өзгерту – бұл біз қалай ойлайтынымызды өзгерту, жағдайды өзгерту - бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді.

Кәсіби оқу мәселелері

Кәсіби оқыту негізінен мұғалім жұмыс істейтін мәнмәтінде қалыптасады: сыныптағы жағдайға мемлекет мәдениеті елеулі ықпал етеді, ал ол, өз кезегінде, мектеп орналасқан қоғам мәдениетімен анықталады. Сондықтан мұғалімнің нақты сыныптағы жұмысын шынайы бағалау үшін олар жұмыс істейтін мәдени мәнмәтінмен қатар, уақыттың белгілі бір саяси мәнмәтінің де ескеру маңызды.

Мұғалімдердің практикасы тұрғысынан алынған олардың күнделікті тәжірибесі олардың түсінігін қалыптастырады, ал олардың түсінігі тәжірибелерін қалыптастырады, сондықтан егер тәжірибе туралы оқыту дамуда көрінеді десек, бұл тамырын терең тартқан идеяларды естен шығаруға болмайды.

Мұғалімдер мектеп зерттеуімен айналысу арқылы өз сыныптары туралы білім түзеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, *іс-әрекеттегі зерттеу* үдерісін оқу үдерісіне ықпалдастыру оның жетілуіне ықпал етіп, мұғалімнің оқуын дамытып, оқушының оқу тәжірибесін жақсартады (28-сурет).

ІС ӨРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУДІҢ АЙНАЛЫМЫ

МЕНЕҢ ЗЕРТТЕУІМНІҢ СҰРАҒА СЫНЫПТАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРДІ БАҚЫЛАП ОТЫРУЫМ ҚАЖЕТ БОЛҒАНДЫҚТАН ӨГЕРІП ТҰРАДЫ

Не болып жатқанын бақылау үшін екі сабақ барысында сұрақтар мен жауаптарды таспаға жаза, өзімнің алған өсерімді күнделікке жазу

Кейбір сұрақтар жақсы диалог жасауға ынталандыра алмады. Өріптесіңізден жақсы тапсырмалар құруға көмектесуін сұраңыз. Пікірталастың тууында ықпал етпеген тапсырмалардың сипатын анықтау

Топтық талқылауды таспаға жазып алу. Оқушылардың мінез-құлықтарына тигізген өсерін күнделікте белгілеу



Менің оқушыларым жаратылыстану зерттеу жүргізу емес, фактілерді жаттау деп түсінеді. Мен оқушыларымды зерттеу жүргізуге қалай ынталандыра аламын? Мүмкін жауап алу тәсілін өзгерту арқалы шығар?

Жауап алу стратегиясын өзгерту, ол төмендегідей кезеңдерді қамтиды

- ашық сұрақтарды пайдалану
- сапалық деңгейі өзгеше
- сұрақтарға көшу

Оқушыларға өз пікірлерін оларды не қызықтыратынын айтуға ынталандыратын сұрақтардың негізінде идеяларды талқылау үшін оқушыларды тапқа бөлу

Кем дегенде екі сабақ арнап топтық жұмысты жоспарлау және жүзеге асырып көру

28-сурет. Іс-әрекеттегі зерттеу айналымы

Сабақты зерттеу тәсілі

Сабақты зерттеу тәсілі сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып табылады, бұл 1870-ші жылдары Жапонияда тәжірибені жақсарту мен жетілдіру мақсатында пайда болған. Сабақты зерттеу тәсілі Макота Йошида Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда жаңа тәсілдің таныстырылымын жасағаннан кейін, Жапониядан тыс жерлерде 2007 жылдан бастап танымал бола бастады. Аталған елдердің зерттеушілері жапондық ғалымдардың халықаралық зерттеу аясында көрсетілген академиялық жоғары жетістіктеріне ықылас танытты. Йошида бұл жетістік Сабақты зерттеу тәсілінің жапон мектептерінде кеңінен қолданылуынан болып отыр дегенді алға тартады. Сондықтан қазіргі кезде Шығыс Азияның бірқатар елдерінде Сабақты зерттеу мұғалімдердің педагогикалық білімдері мен тәжірибесін дамытуға арналған тиімді құрал ретінде белсенді енгізіліп жатыр. Рефлексиялау тәжірибесі Сабақты зерттеу нысандарының бірі болып табылады деп айтуға болады. Соған қарамастан, Сабақты зерттеу тәсілін енгізу жөніндегі қызметті кәсіби деп атау үшін белгілі қағидаттар мен тәжірибелік амал-шаралар сақталуы керек. Нақты айтқанда, Сабақты зерттеу мұғалімдерді оқыту және олардың тәжірибесін дамытудағы бірлескен тәсіл болып табылады және де *іс-әрекеттегі зерттеу* сияқты бірқатар циклдерді қамтиды. Сабақты зерттеу тәсілінде ең бастысы «зерттеу сабағы» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болып табылады. Бұл үдеріс барысында ынтымақтастықтағы мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. Сабақты зерттеу тәсілінің түйінді сипаты креативтілік және ғылыми дәлдік болып табылады. Креативтілік оқытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мақсатында бірлесе жұмыс істейтін мұғалімдер бастамасымен жасалады, ал ғылыми дәлдік жаңа тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер жинауды көздейді.

Атап айтқанда, Сабақты зерттеу тәсілі тәжірибені жақсартудың демократиялық жолы болып табылады. Зерттеу жүргізетін топ әдетте кемінде үш мұғалімнен тұрады, бұл тәжірибесі мен білімдері бір-біріне жайлы әсер ететін фактор болып есептеледі. Топ мұғалімдері көп жағдайда бір мектепте жұмыс істейді, бірақ тәжірибені жақсарту мақсатында бірлесе жұмыс істеу үшін басқа мектептердің мұғалімдері де тартылуы мүмкін. Кейде топты кәсіби ұйымдастыру үшін белгілі бір тәсілдерді немесе оқу бағдарламаларының аспектілерін пайдалану саласында мол



жұмыс тәжірибесі бар, тиісті дайындықтан өткен мұғалімдер арнайы шақырылуы мүмкін. Зерттеу барысында барлық топ мүшелері толық көлемде және бірдей дәрежеде үдеріске тартылады. Тек бір мұғалім ғана сабақ беретіндігіне қарамастан, зерттеу үшін бүкіл топ өзіне жауапкершілік алады және оқыту мен сабаққа берілген кез келген баға жеке мұғалімге емес, тұтастай барлық топтың жұмысына қатысты беріледі. Сабақты зерттеу тәсілінің тағы бір демократиялық ерекшелігі мынада, мұғалім зерттеу барысында жинақтаған білімімен педагог қауыммен кеңінен бөлісе алады. Жапонияда мұғалімдердің тәжірибесін қолдауға және зерттеулердің жеке топтамаларын дайындауға көмегін тигізу үшін Сабақты зерттеу нәтижелері жүйелі түрде жарияланып тұрады. Сабақты зерттеу топтары сондай-ақ әріптестеріне арнап оқытудың жаңа тәсілдерін немесе оқу бағдарламаларының аспектілерін модельдейді, бұнымен қоса жүргізілген зерттеулер туралы көпшілік талқысын ұйымдастырады. Жапонияда Сабақты зерттеу тәсілі бүкіл мектептің қызметін үйлесімді етуге ықпал ету жолындағы құндылықтар жүйесі, сапалық көрсеткіштер және оқушылардың жеке қасиеттері тұрғысынан бағаланады.

Сабақты зерттеу тәсілін іске асыру барысы

Сабақты зерттеу тәсілі бастапқы кезеңде оны бірлесіп егжей-тегжейлі жоспарлауды көздейді. Содан соң топтың бір мүшесі зерттеу сабағын өткізеді, ал қалған мүшелері - қадағалайды. Зерттеу сабағы аяқталғаннан кейін бүкіл топ мүшелері бірден оқушылардың оқу үдерісіне қатысты барлық нәтижелерін жүйелейді және талдайды, содан кейін Сабақты зерттеудің анағұрлым тиімді болуын қамтамасыз ету үшін оқу үдерісінде алынған нәтижелерді есепке ала отырып, жұмысты бірлесе қайта жоспарлайды.

Сабақты зерттеу үдерісінде бірталай уақыт бойы қалыптасқан және орныққан мынадай бірқатар қадамдар бар:

- Сабақты зерттеу тобы өзара келісе отырып, оның жұмысының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайды, үдеріс барысында барлық мүшелер бір-бірімен сыйластық қарым-қатынаста болады.
- Топ зерттеудің түйінді идеяларын келісіп алады, ол әдетте сұрақ түрінде келіп, *нені, кімді* оқытуды анықтайды, мәселен, «Өздерінің оқуын жақсарту үшін X-ті Y-тің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға қалай үйрете аламыз?» деген сияқты.
- Топ мүшелері түйінді идеяларды зерттеуге қатысты жауап іздеу үшін әдебиеттерді зерделеп, жоспарлау кезінде оларды қолдану үшін нәтижелерін қорытады.
- Топ қандай сынып және қандай үш «бақылаудағы оқушы» назарға алынатынын, сондай-ақ қандай сыныптар оқу үлгерімі жоғары, орта және төмен сыныптар болып саналатынын шешеді.
- Топ зерттеу сабағын жоспарлайды, жоспарда «бақылаудағы оқушылардың» сабақта өтілетін материалды игеруіне ерекше мән беріледі.
- Бір мұғалім зерттеу сабағын жүргізеді, осы уақытта басқалары – «зерттелетін үш оқушыны» басты назарға алып, сабақты қадағалайды және қажет деген жерлерін белгілеп, түртіп алып отырады.
- Мұғалімдер осы зерттеу сабағы туралы олардың пікірін түсіну үшін бірнеше оқушымен сұхбат жүргізеді.
- Топ зерттеу сабағы аяқталысымен бірден талқылау жүргізеді. Талқылау белгіленген құрылым бойынша жүреді:

Оқушыларды оқыту мақсаты	Қалыптастырушы деректер жинау
Кітапты топтық талқылау кезінде дәлелдеме ретінде жауап түріндегі мәтінді пайдалану.	Тәлімгер топтағы оқушылардың жауаптарын тыңдайды және олардың оқуға реакциясын жазып алып отырады. Тәлімгер мұғалім пайдаланатын оқыту стратегияларын және оқушылардың бұл стратегияларға реакцияларын жазып алып отырады.

2-қадам. Сабақ үстінде

Сыныпқа белгіленген уақытта келіңіз. Сабақ кезінде оқушылардың оқытуға реакциясын және мұғалім оқыту үдерісінде қандай әдістерді пайдаланатынын бақылаңыз және жазып алып отырыңыз.

Мысалы, сізге сабақтың кіріспе бөлігінде мұғалім оқушыларға жауап беру кезінде оқығысы келетін мәтіннің маңызды бөліктерін белгілеу үшін жабыстырғышты қалай пайдалануға болатынын көрсететінін жазып алуға болады. Сіз топтық талқылау кезінде сыныпты аралап жүрген уақытта оқушылардың кітаптарды парақтай отырып, өздері белгілеген абзацтарын табу үшін жабыстырғышты қалай пайдаланғанын, кейіннен өзінің тұжырымдарын бекіту үшін ол үзіндіні топқа дауыстап оқитындығын байқайсыз. Бір оқушы өзі оқып жатқан романының басты кейіпкері ашыла бастағандығын айтады, өз тұжырымын дәлелдеу үшін кітаптан таңдап алған үзінділерін оқып береді. Басқа оқушы бас кейіпкер туралы айтылған осы тұжырыммен келіспегенде, топ оның идеясын мәтінмен дәлелдеуін сұрайды. Ол өзінің белгілерінің біреуін ашып, үзіндіні оқиды.

Сіз естігендеріңізді жазып аласыз. Бұл ақпарат «Бақылаудан кейін» кезеңінде кездесу барысында пайдаланылады. Сіз бұл мұғалімнің оқытуы туралы пікіріңізді осы тұрғыдан жаза аласыз.

3-қадам. Бақылаудан кейін

Сабақтан соң Сіз сабақ барысында жиналған деректерді пайдалана отырып, кері байланыс орнатасыз. Мәселен, 9-кестені қарап, мұғалім өзінің мақсатына жеткен-жетпегендігін шешіңіздер.

9-кесте. Бақылаушының жазбалары

Оқу стратегиялары	Оқушылардың реакциялары	Кері байланыс/Сұрақтар
Мұғалім мәтіннің маңызды бөлімдерін белгілеп отыру үшін жабыстырғыштарды пайдалану әдісін көрсетеді. Мұғалім мәтіндік дәлелдемелердің маңыздылығы туралы әңгімелейді.	Мәтінді талқылау үдерісінде 12 оқушы жабыстырғышты пайдаланады. Оқушылар тыңдайды және тақтада жазылғандарды жазып отырады.	Оқушылар мәтіннің қандай бөлімдерін белгілеп алады? Кейбір оқушылар бұл әдісті неге пайдаланбайды? Мәтіндік дәлелдемелердің неліктен маңызды екендігі жөнінде оқушылардың пікірлерін біліңіз.

Оқушылардың жұмысын бақылау кезінде Сіз мәтіндік дәлелдемелерді пайдаланса да, кейбір оқушылар мәтіннің өз тұжырымдарының дұрыстығын жеткілікті түрде дәлелдемейтін жолдарын келтіретінін аңғарасыз. 10-кестеде кезекті әңгімені жеңілдету үшін пайдалануға болатын үлгі көрсетілген. Сол жақтағы бөлімде сіз сабақтың мақсатына қатысты тармақтарды жазып шығасыз.

Оң жақтағы бөлімде тәлімгермен талқылайтын келесі қадамдарды сипаттайсыз. Бұл нысан сізге оқушылар жұмыстарын қарау арқылы алға ілгерілеудің қалай жүргенін қадағалауға мүмкіндік береді.

10-кесте. Кері байланыс ұсыну және кейінгі әрекеттер жоспары

Қадағалаушының ескертпелері	Келесі қадамдар
Оқушылар талқылау кезінде жабыстырғыштарды пайдаланды. Кейбір оқушылар өз тұжырымдарын дәлелдемейтін үзінділерді оқыды.	Шағын сабақ: жақсы мәтіндік дәлелдемелер қандай болуы керек? Дәлелдемелер деңгейінің жүйесін жасау. Жабыстырғыштарды пайдалану арқылы мәтінмен жұмыс істеу стратегиясын пайдалануды жалғастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Egan, G. (1998). *The Skilled Helper. A Problem Management Approach to Helping* (6th ed.) [Білікті көмекші. Көмек көрсету үшін проблемаларды басқару тәсілі (6-басылымы)]. Brooks Cole.
- Garrett-Harris, R., & Garvey, R. (2005). *Towards a Framework for Mentoring in the NHS* [NHS тәлімгерлік жүйесін құру]. Evaluation Report on Behalf of NHS. Sheffield Hallam University.
- Oxley, J., Fleming, B., Golding, L., et al. (2003). *Mentoring for Doctors: Enhancing the Benefit* [Дәрігерлер үшін тәлімгерлік: пайданың артуы]. A Working Paper on behalf of the Doctors' Forum (<http://www.academicmedicine.ac.uk/uploads/Mentor1.pdf>).
- Rodgers, J. (2004). *Coaching Skills: A Handbook* [Коучинг дағдылары: нұсқаулық]. Open University Press.

МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҚ ОЙЛАУ ЖОЛДАРЫ

Мақалалардың толық нұсқасын www.cpm.kz сайтынан алуға болады

Кәсіби қоғамдастық дегеніміз не және оның маңызы

*Колин Коннор,
Ұлттық мектеп көшбасшылығы колледжі*

99

Заманауи қоғамның тіршілігінде қоғамдастықтың маңызы күннен күнге артып отыр. Қазіргі заманғы ұйымдар кәсіби қоғамдастықтың білім және инновациялар алмасу үдерісінде маңызды екендігін атап көрсетуде. Білім беру саласы ұйымдастырушылық оқшаулау дамуға кедергі келтіретінін мойындап отыр. Сондықтан мектептер арасындағы ынтымақтастық, мектептерде оқитын оқушылардың ғана емес, барлық балалардың мүддесі үшін мектептердің «Білім алушылар қоғамдастығына» бірігуі уақыт өткен сайын маңыз алууда.

Ұлттық мектеп көшбасшылығы колледжі (Англия) үшін 2004 жылы жасалған құжатта «білім алушылар қоғамдастығына» мынадай анықтама берілген: «Оқушылар жоғары нәтижелерге жету үшін бір мектептің шегінде, болмаса мектептер арасында оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған көптеген іс-қимылдарды жоспарлау, жүзеге асыру және мониторингін жүргізу мақсатында бірігетін мектептер тобы немесе әріптестер».

Үздіксіз оқытуды дамытуда «қоғамдастық» ұғымы аса маңызды болып отырғаны байқалады. XIX ғасырдың соңындағы XX ғасырдың басындағы білім беру саласы оқыту линиялық, бірізді, жалпылама, механикалық үдеріс болып табылады деген идеяға негізделген. Бұл қандай оқыту тәсілдері қолданылатынына ықпал етті. Нәтижесінде білім беру мекемелері иерархиялық, ұйымдық құрылымдарға айналды. Оқыту құрылымдар мен бөлімшелер аясында ұйымдастырылды. Білім басқарылатын бөліктер мен тәртіптерге бөлінді. Бағалау санмен өлшенетін болды.

Оқытудың әдіс-тәсілдері құны тұрарлық жалғыз білім деп есептелетін фактілер мен ақпаратты қабылдауға ықпал етті. Чапман және Аспиннің (2004) пайымдауынша:

«Олардың ертеде оқушылар қажеттіліктерін қанағаттандырғанына қарамастан, адамның ойлау қабілетіне қатысты осындай болжамдар, оқытудағы бұндай тәсілдер мен білім беруді ұйымдастырудың осындай модельдері экономикалық және әлеуметтік ортаның өзгеріп отырған жағдайларына, танымдық саланың ахуалына және XXI ғасырдың зияткерлік талаптарына дайындалып жатқан оқушылар үшін жеткіліксіз деп саналады.

Бүгінгі күні оқыту сипатына жаңаша қарап, оқушылар өздерінің тану ерекшеліктеріне

неғұрлым сәйкес келеді деп есептейтін тиімді оқыту стильдерінің жаңа тұжырымдамалары оқытудың іргетасын қалауға тиіс деген пікір кеңінен таралған. Осы қағидаттарға негізделген оқыту тәсілдері бүгінгі күнгі танымдық және метатанымдық ғылымға сәйкес әзірленген оқыту үдерісінің және білім мен түсінік алудың қазіргі негіздемелерінің нәтижелері мен рөлін неғұрлым нақты көрсетеді».

Білім алушылар қоғамдастықтары біздің санамызда өзгеріс енгізуді үйрету үдерісін бейнелейтін маңызды стратегия деп саналады.

Сондай-ақ кәсіби қоғамдастықтардың маңыздылығын қолдайтын экономикалық айғақтар да бар. ЭЫДҰ-ның «Тұрақты икемділік» («Sustainable flexibility») атты зерттеуінде (1997: 34) ақпарат пен білімге негізделген, технологиялар мен өнім нарығының тез ауысуымен сипатталатын ХХІ ғасырдың жаңа экономикалық жағдайында жұмыс сипаты да өзгеретіні айтылған. Бұл өз кезегінде қызметкерден күтілетін тиімділікке әсер етеді. Осы өзгерістер икемділіктің дамуымен және кәсіби қоғамдастықтардың пайда болуымен ілесіп жүреді. Олар жаңа міндеттерді орындап, функцияларын ауыстыру үшін аса жедел оқуға дайын жоғары білікті қызметкерлер мен озық компаниялар арасында өзара іс-қимылмен сипатталады. Аталған озық компаниялар жалпы оқыту, көптеген функциялары бар жұмыс орындарының санын ұлғайту, департаменттер мен ұйымдар арасында оқыту жүйесін орнату және қызметкерлерге шешім қабылдауға мүмкіндік беру арқылы икемділіктің дамуына ықпал етеді.

Англия тәжірибесі

Англияның білім беру және дағдылар департаменті (DfES) мектептерде барынша жоғары стандарттарға қол жеткізу тәсілі ретінде білім алушылар қоғамдастықтарын дамытуды қолдайды (2004). Білім алушылар қоғамдастықтарына тартылған мектептердің жақын арадағы тәжірибесінің негізінде жасалған DfES есептері (2004 және 2006) бірлесіп жұмыс істейтін мектептер мұғалімдердің кәсіптік деңгейін едәуір көтере алатындығын және балаларды барынша табысты оқытуға ықпал ететінін дәлелдеді. Осылайша білім беру стандарттары жаңа деңгейге көтеріледі. Осы есептерде айтылғандай, білім алушылар қоғамдастықтарына біріктірілген мектептерде ынтымақтастық:

- мұғалімдердің құзыретін арттырып, оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтетіндігі;
- оқыту тәжірибесімен алмасудың тікелей тетігін қамтамасыз ететіндігі;
- жеке алынған бір мектеп ұсына алмайтын көптеген мүмкіндіктер ұсынып, олардың икемділігін қамтамасыз ететіндігі;
- шығармашылық әлеуетті, тәуекел ету қабілетін және оқыту мен оқу сапасын жақсарту мақсатында пайдаланылатын инновациялық әдістерді дамытатындығы;
- оқушылардың аса жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуіне әкелетіндігі байқалды.

DfES-тің 2004 жылғы есебінде мынадай қорытынды жасалған:

«Білім беру реформасын жүзеге асырудың келесі кезеңінде жүйеге жоғары стандарттарды және теңдікті енгізудің жаңа әдістері қажет болады, ол жекелеген оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келіп, мектептерге мектеп деңгейінде шешімдерді дербес қабылдауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер мен мектептерге ынтымақтастық жасау қажет және осы үшін кәсіби қоғамдастықтар күшті ұйымдастырушылық нысан болып табылады. Оқытуға бағытталған мектепаралық кәсіби қоғамдастықтар білімге негізделген және оқыту тәжірибесіне енгізілген нақты өзгерістердің негізі болып табылады».

Әлемдік тәжірибе

Сонымен қатар кәсіби қоғамдастықтарды дамыту халықаралық қолдауға ие болып отыр. Мысалы, Либерман (2005) «реформаторлар мектепте оқыту мен оқуды өзгерту және жетілдіруге қажетті деп есептейтін көптеген басты идеяларды әзірлеуге қатысып, жәрдемдесуіне және қолдауына байланысты кәсіби қоғамдастық бүгінгі күні өте танымал болып отыр» деп тұжырымдайды.

Баллантин және басқалар (2006) *кәсіби қоғамдастықта жұмыс істеу:*

- мұғалімдерді білім алуға және оны біріктіруге арналған мүмкіндіктермен;
- ынтымақтастықтың көптеген құрылымдарының болуын;
- икемділік пен еркіндікті;
- көптеген жағдайларда бір шешімге келмейтін проблемаларды талқылауды;
- мұғалімдерде берілген шешімдерді қабылдап қоймай, міндеттерді шешуге мәжбүрлейтін идеялардың болуын;
- мектептерге немесе университеттерге тіркелген, бірақ тәуелсіз ұйымдық құрылыммен;
- бір мектептен және бір өңірден тыс жұмыс істеу мүмкіндігін;
- қолайлы ортада тәуекелге баруға ықпал ететін реформаның жүргізілуін;
- мұғалімдердің білімі, сондай-ақ зерттеулер нәтижесінде алынған білім құнды болып саналатын пікірлестер қауымдастығын *қамтамасыз етеді деп болжайды.*

Саясат тарапынан қолдау

Кәсіби қоғамдастықтарды құру саяси деңгейде қолдау тауып отыр. Чапман мен Аспиннің (2004) пікірінше: «Кәсіби қоғамдастықтар саясатты іске асыру үдерісіне қолдау көрсетеді. Егер біз білім берудегі стандарттарды көтеруді жоспарлап отырсақ, онда бізге саясатты тігінен де, көрденеңінен де байланыстыруымыз қажет болады. Қоғамдастық құру осы байланысты орнату тәсілінің бірі болып табылады. Қоғамдастық ішінде білім беру саласындағы және қоғамдағы әртүрлі бірқатар мүдделі адамдардың өзара іс-қимылдарына, олардың әрекеттеріне және мінез-құлқына реформа енгізетін мәдени және тұғырлы өзгерістер қолдау табады».

Фулан (2004) кәсіби қоғамдастықтар біздің мектептердегі жекелеген оқушылардың қажеттіліктеріне жауап беруге мүмкіндік береді деп толықтырады. Осы кәсіби қоғамдастықтар көшбасшылықтың бірлескен шараларын жүргізіп, оның жаңа нысандарын зерттеуге ықпал етеді. Олар бізге әріптестерімізбен тәжірибе алмасудың жаңа тәсілін, оқытудың тиімді әрі инновациялық тәжірибесін ұсынады. Кәсіби қоғамдастық аясында білікті мамандар тобы жақсы идеяларға қол жеткізіп, олардың өңіріндегі барлық балалар үшін өздеріне ұжымдық жауапкершілік алуға мүмкіндігі кеңеймек.

Кәсіби қоғамдастықты дамыту

Білім алушылар қоғамдастықтары арқылы мектептер арасында ынтымақтастық орнату ұлттық және халықаралық деңгейде қолдау тауып отырғаны белгілі. Бірақ Лейтвуд және Левин (2004) білім алушылар қоғамдастықтары өздерінің жұмысы тиімді әрі сенімді екендігіне жұртшылықтың көзін жеткізу үшін өздерінің нәтижелеріне ерекше көңіл бөлу керек екендігін еске салады.

Табысты кәсіби қоғамдастықты дамыту жігерлі әрі табанды жұмысты талап етеді. Кәсіби қоғамдастыққа тартылған адамдар бастапқы кезеңде кәсіби қоғамдастықта жұмыс істеу қызықты болғанымен, қиын екендігін ашық айтады. Құрылу кезінде құрылым құру, қарым-қатынастар орнату, жалпы мақсаттарды айқындап, құндылықтарды біріктіру сияқты бірқатар әрекеттерді орындау қажет болады. Фулан (2004) атап өткендей, кәсіби қоғамдастықтар «барлық аурулардың жалғыз емі» емес, әрине, және білім беру жүйесіндегі барлық проблемаларды шеше алмайды. Алайда ол барлық балалардың жетістігін құрайтын жоғары стандарттарға және теңдікке қол жеткізу әдістерінің бірі болып табылады.

Кәсіби қоғамдастықты дамыту проблемалары

Қоғамдастық жетістікке жетуі үшін оның шын мәнінде қажет екендігінің анық әрі нақты себебі қажет. Қоғамдастық қандай да бір заттарды қалай істесе, жақсы болатындығының жолдарын ұсынып, сынақтан өткізілген және тексерілген оқыту үдерістерінің құндылықтарын ұлғайтуға тиіс.

Табысқа қол жеткізген білім алушылар қоғамдастықтары туралы деректерді зерделеу оларды

құру идеясы моральдық құндылыққа негізделуі қажеттілігін көрсетті – кәсіби қоғамдастықтың құрамындағы барлық мектептерде бірлесіп жұмыс атқарсақ, балаларға барынша терең білім береміз деген сенім болуға тиіс.

Тиімді білім алушылар қоғамдастықтарының ешбір шаблонуы болған емес. Олардың құрылымы өздері кіретін мектептердің саясатына және оқушыларының қажеттіліктеріне сәйкес келуге тиіс. Білім алушылар қоғамдастықтарына жат құбылыстар бар. Оларды ерекше айтуға болмайды, шын мәнінде олар сан алуан өмірге негізделеді және мезгіл-мезгіл жиналып тұратын директорлар топтары деген сөз емес.

Білім алушылар қоғамдастықтары көлемі жағынан әртүрлі болуы мүмкін, бірақ әдетте кәсіби қоғамдастыққа кіретін мектептер саны басқаруға келетін деңгейден аспайды. Көптеген білім алушылар қоғамдастықтары бір жерде орналасқан мектептерді біріктіреді. Кәсіби қоғамдастықтағы мектептер типі әдетте оларды біріктіретін себептерге тәуелді болады. Мектептен мектепке ауысуға байланысты проблемаларды шешу үшін орта мектеп бастауыш мектеппен бірігуі мүмкін. Оқшауланып қалмау үшін ауылдағы шағын мектептер тобы бірлесіп жұмыс істеуі мүмкін және өз ресурстарын біріктіре алады. Сондай-ақ оқу бағдарламасының белгілі бір саласында кәсіптік дағдыларды дамыту ынтымақтастыққа баруға ықпал ететін орнықты дәлел бола алады. Кедергісіз ауысуға мүмкіндіктің пайда болуы басқа мектептердегі мұғалімдер мен оқушылардың жұмысын біршама жеңілдетеді.

Басқа мектептердің тәжірибесін алуға немесе өзгелердің жиі кездесетін ұқсас проблемаларды қалай шешіп отырғанын білуге ұмтылу кәсіби қоғамдастыққа серіктес-мектептерді іздестіруге түрткі болуы мүмкін, бірақ тиісті құрылымды анықтау кезінде географиялық фактор, мектептердің ортақ талаптары мен мақсаттары шешуші рөл атқаруға тиіс.

Тиімді кәсіби қоғамдастықтың ең басты ерекшелігі сенімділік болып табылады. Бірлесіп жұмыс істеген кезде кәсіби қоғамдастыққа қатысушылар сенімділікке негізделген қарым-қатынас құрудағы мүмкіндіктерін ұлғайтады. Кәсіби қоғамдастыққа қатысушылар бұл болашақ оқыту үшін, өзінің мүддесінде, сондай-ақ кәсіби қоғамдастықтың мүддесінде инновациялық тәсілдерді құру үшін аса қажет деп есептейді. Бастапқы кезеңдердегі іс-әрекеттер неғұрлым көп топтардың қатысуын қамтамасыз ете отырып, ортақ мақсатты дамытуға арналуға тиіс және жай ғана бастамашыл адамдардың шағын тобы болып қана қоймай, қарқын алып дами беруі керек.

Тиімді мектепаралық кәсіби қоғамдастықтар ересек адамдарды оқытуда жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Осы орайда оқушыларды оқыту бағдары кәсіби қоғамдастық ішіндегі мектептерді біріктіретін мақсатты айқындайтын болса, оларға ересек адамдарды тарту кәсіби қоғамдастықты жетілдіру үшін нақты серпін бере алады. Ересек адамдардың оқуы мақсатты, топтық және ақпараттандырушы болуға тиіс. Нәтижесінде сыныпта қандай да бір заттарды басқаша жасайтын (немесе әртүрлі заттарды жасайтын) осындай мұғалімдер мен өзге ересектердің арқасында оқушыларды оқыту үдерісі барынша табысты болмақ.

Кәсіби қоғамдастық ішінде ересек адамдарды оқыту қатысушы мектептердің тәжірибесі мен стратегияларын бірлесіп зерттеу арқылы жүзеге асырылады, бірақ осы орайда ересек адамдардың кәсіби қоғамдастық ішіндегі жұмыс әдістерімен алмасуы, оларды тексеру, талдау және қолдауға қалай мүмкіндік жасау керектігін қарастыру өте маңызды. Табысқа қол жеткізген кәсіби қоғамдастықтар ересек адамдардың бірлесіп оқуына арналған уақыт, мүмкіндіктер мен ресурстарды арнайы жоспарлайды.

Қоғамдастық аясындағы қызмет білім алуға және әртүрлі мектептерде жүріп жатқан үдерістерді біліп отыруға, сондай-ақ оқыту жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді. Мұғалімдер зерттеулерді белсенді жүргізіп, басқа мектептердегі мұғалімдердің тәжірибесіне, үдерістеріне және олардың нәтижелеріне қызығушылық танытқан жағдайда, олар өздерінің сараптамалық ой-өрісін жетілдіріп, тәуекелге баруға дайын болатыны бізге мәлім. Бұл жалғыздан-жалғыз бар күшінді салып істегеннен, бірлесіп оңтайлы жұмыс істеудің, сондай-ақ

бүкіл кәсіби қоғамдастықтың білімін жинақтау тәсілі, ол кәсіби қоғамдастықтағы мектептің әрқайсысында білім алып жатқан балалардың барлығына әсер ете алады.

Егер мектеп директорлары және басқа да жоғары тұрған басшылар бірлесіп оқудың осындай үлгісін құруға әзір болса, онда кәсіби қоғамдастықтың табысты болуы әбден мүмкін.

Кәсіби қоғамдастықты дамыту кезінде жоғары тұрған басшылар оны қалай жүзеге асыра алатынын ескеру қажет. Мүмкін жетекші мұғалімдер белсенділер тобын құрар, болмаса мектеп директорлары кәсіби қоғамдастықтың басқа да ересек қатысушыларымен бірлесіп іс-шараларға белсенді қатысар, мысалы, мектептер бір біріне барып, немесе кәсіптік дамыту бойынша бірлескен іс-шаралар өткізе алады. Кәсіби қоғамдастық табысты болуы мақсатында директорлар бірлесіп оқуға белсенді қатысу үшін өздерінің әкімшілік кездесулері мен бағдарламаларынан тыс шыға алуы тиіс.

Қоғамдастық аясындағы көшбасшылық, команда құру және басты рөлдер

Нәтижесінде, кәсіби қоғамдастықтағы көшбасшылық басқа мектептермен жүргізілген ынтымақтастық оларға пайда әкелетініне сенетін мектеп басшыларына байланысты. Мектеп директоры үнемі көшбасшы бола бермейтінін мойындау маңызды. Бұл жерде басқа адамдардың көшбасшылығына жағдай жасап, серіктестікке сенім білдіру туралы сөз болып отыр. Зерттеу нәтижелері кәсіби қоғамдастықты ұйымдастыруда сәтті құрылған серіктестіктің оң ықпал ететіндігінің көптеген негізгі факторлары бар екенін растады.

Сәтті серіктестік мынадай факторларға байланысты:

- серіктестік пікірлес адамдардың бірлестігі ретінде қаралуға тиіс;
- сәтті серіктестіктер директорлардың толық қолдау көрсетіп, ілтипатты болуын талап етеді;
- серіктестіктің қызметін қадағалайтын жетекші адамның болғаны абзал;
- басқа әріптестер серіктестіктің тиімділігіне сеніп, жоспарлау үдерісіне қатысуға тиіс;
- бастапқы кезеңде серіктестік өлшемдерін айқындап, кез келген қызметті нәтижелі жо-спарлау маңызды;
- серіктестік қағидаттары барлық қатысушыларға түсінікті болуға тиіс;
- өткен тәжірибеге қарағанда, құндылықтар аса маңызды орын алады;
- серіктестік өзара тиімді болған кезде анағұрлым сәтті болады;
- серіктестік мәдениеттің өзгеруіне алып келуі мүмкін, сондықтан әріптестер серіктестік дамуы барысында болатын кез келген өзгеріс туралы жан-жақты хабардар болуға тиіс;
- мәлімделген мақсаттарға және өзара тиімді нәтижелерге қол жеткізуге кепіл беру үшін тұрақты бақылау жүзеге асырылуға тиіс;
- атқарушы билік тарапынан мектептер арасындағы ынтымақтастық идеясын қолдау және оны ескеру аса пайдалы.

Қарым-қатынас орнату мен білімді тарату көшбасшылықтың басты міндеті болып келеді. Көшбасшылық жоғары тұрған лауазымды тұлғалардың ықпалынан тыс барлық деңгейлерде дами алады және кәсіби қоғамдастықтың қызметіне қатыстыру арқылы болашақ көшбасшыларды тәрбиелеуге болады деген пікір бар. Көшбасшылықты дамыту үшін бірлесіп басқару және өкілеттіктерді беру арқылы жаңа мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі, сөйтіп көшбасшылардың жаңа типтері пайда болады. Табысты кәсіби қоғамдастықтар топтың өзге мүшелеріне өкілеттік беру үдерісін дамудың бастапқы кезеңдерінде-ақ жоспарлайды.

Табысты кәсіби қоғамдастықтар реформа жүргізу жөніндегі көптеген жұмыс топтарын құру арқылы жұмыс істейді. Ұлттық мектеп көшбасшылығы колледжінде жүргізілген зерттеу (2006) нәтижесінде анықталғандай, кәсіби қоғамдастықта әдетте жоспарлау және оң өзгерістерді жүзеге асыру функцияларын іске асыратын жұмыс топтарының үш түрі құрылатын болған. Осы командалардың әрқайсысы әртүрлі мүддені көздейтін адамдарды бір топқа біріктіріп,

ортақ мақсат қоя отырып, реформа жүргізу жөніндегі стратегиялық жоспарларды іске асыру үшін ұйытқы болған.

Басшылық етуші топтар реформа жүргізу бағытында орындалатын жұмыстарды бағыттады, басқарады және бақылайды. Басшылық етуші топтар әдетте кәсіби қоғамдастықты жақсарту жөнінде жоспар құру үшін жауапты болады. Сондай-ақ бұл топтар қоғамдастық қорларының бөлінуін және пайдаланылуын бақылайды әрі мүдделі адамдарды тартады.

Үйлестіруші топтар кәсіби қоғамдастықтың әртүрлі бөлімдері арасындағы қызметті реттейді. Үйлестіруші топтар мектептер арасындағы және кәсіби қоғамдастық ішіндегі бірлесіп өткізілетін іс-шараларға қатысты шешім қабылдайды.

Дамытушы топтар кәсіби қоғамдастықтың даму жоспарларында басым сала ретінде белгіленген салаларда оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіру әдістеріне назар аударады. Дамытушы топтар оқу бағдарламаларын әзірлеп, оқытудың жаңа стратегияларының қабылдануына қолдау көрсету арқылы кәсіби қоғамдастықты дамытуға өз үлестерін қосады.

Тиімді кәсіби қоғамдастықтар жоспардың болуын және адал көшбасшылық пен басқаруды талап етеді. Осы зерттеу (NCSL, 2006) кәсіби қоғамдастықтың сәттілігі (әсіресе жаңа құрылған кезде) жетекші рөл атқаратын адамдардың ұстанымдарына, қажырлығы мен күш-жігеріне байланысты болатынын көрсетті.

Кәсіби қоғамдастықтан тыс серіктестік

Білім алушылар қоғамдастығына қатысушы-мектептерден тыс серіктестік іздестіру не үшін керек? Бұның көптеген себептері бар. Атап айтқанда, білім алушылар қоғамдастықтары өздері білім алып, сонымен бірге алған білімдерімен басқа жергілікті кәсіби қоғамдастықтармен бөлісуге тиіс. Білім беру жүйесінің жергілікті басқару органдары бұлардың арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыруға көмектесе алады. Сондай-ақ кәсіби қоғамдастық жергілікті қажеттіліктерді және басымдықтарды біріктіруі мүмкін. Жақсы қарым-қатынас орнатылған жағдайда жергілікті билік органдары мамандандырылған кәсіптік тәжірибеге қол жеткізуді қамтамасыз етіп, басқа да жергілікті органдармен ынтымақтастық орнату арқылы кәсіби қоғамдастық қызметіне қолдау көрсете алады.

Қосымша пайдалы білімді жоғары оқу орындарынан алуға болады, олар зерттеулер мен ғылыми жобаларға қолдау көрсетіп, бағалау мәселелерін шешуге көмектесіп, жеке кәсіби дамуды қамтамасыз етуде қол ұшын созып, тәлімгер/тәуелсіз сарапшы ретінде көмектесе алады.

Кәсіби қоғамдастықтан тыс «тәуелсіз сарапшының» болуы кәсіби қоғамдастықтың дамуына:

- кәсіби қоғамдастық көшбасшыларына кеңес беру және қолдау көрсету;
- міндеттер қою және «топтық ойлаудан» арылуға жәрдемдесу;
- кәсіби қоғамдастық ішінде жүргізілетін зерттеулердің және ғылыми жобалардың бірзділігін (әсіресе жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық) қамтамасыз ету;
- кәсіби қоғамдастық шеңберінен тыс жаңа идеялар мен білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы қолдау көрсете алады.

Білім алушылар қоғамдастықтары ұзақ уақыт бойы бірлесіп жұмыс істеу және ғылыми қызмет арқылы ересек адамдарға толыққанды білім алуға мүмкіндік жасайды және оқуға ынталандырады. Олар практикалық тәжірибеге жекелеген мектептердің аумағынан тыс таралуға мүмкіндік беріп, мұғалімдер мен мектептің өзге қызметкерлеріне оқуға және ынтымақтасуға, инновациялар енгізуге және зерттеу нәтижелерін жұмыс барысында қолдануға септігін тигізеді. Бірлесіп атқарылатын мықты, пәрменді іс-қимылдар:

- бірлескен зерттеу топтары;
- кәсіби даму жөніндегі бірлескен іс-шараларды (мысалы, әртүрлі мектеп қызметкерлерінің кездесулері);

- жоспар бойынша басқа мектептерге жұмыспен баруды (мысалы, кәсіби қоғамдастық ішіндегі «оқыту мақсатындағы сапарлар»);
- бірлескен тренингтер мен тәлімгерлікті (мысалы, Сабақты зерттеу топтары);
- бірлескен жұмыс топтарын (мысалы, жобалау топтарын, жоспарлау топтарын) қамтиды.

Кәсіби қоғамдастық ішінде жүзеге асырылатын барлық оқыту бүкіл қатысушы-мектептердің «атынан» өткізілуге тиіс. Осылайша ересек адамдардың бір тобы жаңа дағдыларды немесе білімді меңгерген жағдайда, аталған топтар алған нәтижелерімен басқа мектептермен бөлісуге тиіс, сол арқылы екіншілер де осы дағдылар мен білімнен пайда алады.

Білім алушылар қоғамдастықтарын басқарудың аса тиімді модельдері қандай?

Тиімді білім алушылар қоғамдастықтарына арнайы құрылған басшылық қажет, олардың қандай да бір жеке мектепке арнап құрылуы міндетті емес. Кәсіби қоғамдастықтың табыстылығы (әсіресе бастапқы кезеңдерде) өзіне басқарушылық рөлді алатын адамдардың ұстанымдарына, қажырлығы мен күш-жігеріне тікелей байланысты болмақ. Өйткені кәсіби қоғамдастықтардың құрылымдары өзгеріп тұрады, әрі жұмысы да бірсарынды жүрмейді, басшылық алдында тұрған міндет оңай емес, олардан жұмысты жоспарлау, нәтижелерді өңдеу және алмасу, мақсат пен басты қызметтің айқын болуын қамтамасыз ету талап етіледі. Жауапкершілікті екі (немесе одан көп) адамдардың арасында бөлу білім алушылар қоғамдастықтары үшін өте пайдалы болмақ. Ол басшылардың арасында жұмыс жүктемесін бөліп, лауазымдардың сабақтастық жоспарын әзірлеуге мүмкіндік береді, бір ғана емес, бірнеше мектептерде басшылардың болуы есебінен бірлескен жұмысты барлық деңгейде жүргізудің маңызы айғақталады.

Білім алушылар қоғамдастықтарының ең маңызды нәтижелерінің бірі басшылықтың иерархиялық емес жүйе бойынша құрылуына байланысты оларға мол мүмкіндік беріледі. Мұғалімдер, әкімшілік-техникалық қызметкерлер мен оқушылар қоғамдастық жобалары бойынша өздеріне жауапкершілік алып, өздерінің мектептерінен тыс жұмыс істей алады, өйткені ондай жұмыстарды жүргізу жекелеген мектептің аясында мүмкін бола бермейді.

Тиімді білім алушылар қоғамдастықтарында басшылыққа берілетін мүмкіндіктер дәл осылай кеңейтілген. Бұл дегеніміз кәсіби қоғамдастықтарда жоғары басшылыққа арналған қандай да бір рөл жоқ деген сөз емес. Іс жүзінде басымдық пен мамандандыру мәселелері бойынша кәсіби қоғамдастықты дамыту үшін басшылықтың жұмысы өте маңызды болып келеді. Аталған мәселелерде басшылар білім алушылар қоғамдастықтарының қызметін бағыттап отырады. Егер мектеп директорлары үдеріске белсенді қатысып, кәсіби қоғамдастықтың қағидаттарын толығымен қолдап жатқан жағдайда, білім алушылар қоғамдастықтары оқушылардың биік жетістіктерге қол жеткізуіне оң әсер тигізетіні ең маңызды айғақ болып табылады.

Жоғарыда аталғаннан басшылықтың мектептегі немесе кәсіби қоғамдастықтағы ресми міндеттерінен басқа, басқару рөлдерін бөлу болашақ көшбасшылардың басшылық ету қабілетін арттырып, олардың өсу стратегиясы бола алады. Білім алушылар қоғамдастығында басталған жобалар мұғалімдерге, орта буын басшыларына, техникалық персоналға және оқушыларға белгіленген қоғамдастықтағы қызмет аясында жұмыс істейтін шағын командалардың көшбасшылары ретінде көшбасшылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік бере алады. Кәсіби қоғамдастықтың жұмысын бір-екі адам ғана ұйымдастыруға тиіс емес, кәсіби қоғамдастық басшылары мен мектеп директорлары үйлестіруді және жауапкершілікті кәсіби қоғамдастыққа кіретін барлық мектептердің бірқатар адамдарына жүктеп, олар қосқан үлестерінің құнын бағалауға тиіс. Кәсіби қоғамдастықта ресми басшылар басқаларға тиімді басқаруға уақыт мен мүмкіндік беріп, жас көшбасшыларға ресурстарды үйлестіру кезінде қолдау көрсетуге тиіс, сондай-ақ қажет болған жағдайға оларға көмектесуге дайын болғаны жөн. Осы жаңа көшбасшыларға жоғары басшылықтың қолдау көрсетуі пайдалы болады.

Бастапқы кезеңде кәсіби қоғамдастықтың жұмысына қатысты құлшынысты кәсіби қоғамдастыққа кіретін мектептердің жоғары басшылығынан көруге болады. Егер білім алушылар қоғамдастығының қызметі адамдардың көптеген топтарына байланысты болса, онда осы бастапқы кезеңде барынша көп қызметкерлер топтарын жұмысқа қатыстыру маңызды болып табылады. Қолданылып жүрген тәжірибеге сәйкес, жұмысына көп адам тартылған кәсіби қоғамдастықтар оқушылардың нәтижелеріне жақсы ықпал ететіндігі дәлелденген.

Кәсіби қоғамдастықты құрудың бастапқы кезеңдерінде мониторинг жүргізіп, бағалауды қарап отыруды естен шығармаған жөн. Егер жетістіктің белгілі бір «көрсеткіштері» алдын ала келісіліп, ал басындағы «негізгі» деректер жинақталып қойылған жағдайда жұмыстың ықпалын өлшеу едәуір жеңіл болады. Іріктелген көрсеткіштер кәсіби қоғамдастықта оқытудың басты мақсатына және бірлесіп жұмыс істеу арқылы сіздердің нені көздегендеріңізге тікелей қатысты болуға тиіс. Бағалау стратегиясын айқындау үшін кәсіби қоғамдастықтың көшбасшылары мектептерде жұмыс істеуге тиіс. Қоғамдастық дами келе әсер етуші іс-қимылдар туралы нақты түсінік пайда болғанда, бұл оларға алдағы қызметке байланысты негізделген шешім қабылдауға көмектеседі.

Жұмыс сапасына қатысты мектеп деректері мен көрсеткіштерін талдау жұмысы жекелеген мектептердің жетістіктерінің өскенін көрсете отырып, мектептер арасындағы жетістіктер алшақтығының қысқаруын бағалауға көмектеседі. Бір мектепте сәтті қолданылған белгілі бір стратегияларды кәсіби қоғамдастықтың сәйкестендіре алатынын ескере келе, басқалар оны қабылдап, жүзеге асыруы мүмкін. Сондай-ақ кейбір мектептер өздерінің білім алушылар қоғамдастығына қатысу арқылы қол жеткізуді жоспарлап отырған нақты мақсаттарын айқындай алады.

Тиімді білім алушылар қоғамдастықтары жаңа білім мен түсініктемелерді өздерінің оқу орындарынан тыс жерлерден іздестіреді, одан кейін осы білімді тәжірибе алмасу және тәжірибені жақсарту үшін пайдаланады. Білім алушылар қоғамдастықтарының басты қағидаты – «зерттеу негізіндегі тәжірибе», яғни деректерге және дәлелдерге негізделген оқыту. Кәсіби қоғамдастықтарда ересектер «бірлескен зерттеу» арқылы білім алуға тиіс, бұл оларға қазіргі заманғы теориялар мен зерттеулер туралы біліп, мамандану саласы бойынша ақпарат жинауға көмектеседі, сөйтіп оларға жинақталған ақпаратқа талдау жүргізу арқылы болашақта тәжірибенің қай бағытын дамыту қажет екендігін анықтауға көмектеседі. Мектептердің кәсіби қоғамдастықтарында бірлескен зерттеуді әртүрлі мектептердің қызметкерлері жүргізеді, әрі ол бүкіл кәсіби қоғамдастықтың жұмысы болып саналады.

Жүйелік көшбасшылық

Жүйе көшбасшылары – өз мектептерінің басшылық әлеуетін арттыратын көшбасшылар, сонымен бірге олар өз мектептерінен тыс, кәсіби қоғамдастыққа кіретін мектептердегі барлық балалардың атынан қызмет атқарады. Олар өз мектептерінің балаларына қамқорлық көрсеткендей, басқа мектептердің балаларын да қамқорлыққа алады. Олар өздерін «мекеме басшысы» ретінде емес, «білім беру саласы басшылығының» өкілі ретінде санайды. Олар өзгеріс енгізуге тиіс, әрі бұны жасағанда, оны жергілікті жүйенің деңгейінде және басқалармен ынтымақтаса отырып жасау керек. Жүйе басшылары өздеріне, басқаларға және «жүйеге» терең мәнді сұрақтар қоя отырып, жергілікті жердегі қиындықтармен күреседі (System leaders – жүйе көшбасшылары – орталық, облыстық, аудандық білім басқармаларында/ департаменттерінде жұмыс істейтін адамдар. Алайда қазіргі кезде бұл сөздің мағынасы кеңейіп, оған кәсіби қоғамдастық аясында өзінің ғана емес, басқа да мектептерді басқаруға араласатын мектеп басшылары да жатқызылуда. Brian J. Caldwell).

Мэтьюз (2009) жүйе көшбасшыларының әріптестерімен жүргізетін жұмысына тар құрсаудан босану сияқты қарайды, ол жүйедегі мектептер арасындағы ішкі мәдениеттен және бәсекелестікке бағдарланудан анағұрлым жоғары тұрады деп болжайды. Басшылар үйренуді бастапқы жағдайдан бастауға өкілеттіміз, бүкіл сұрақтарға ешкім де жауап бере

алмайды, сондықтан барлық басшылар мен басқа да мамандар оқуды жалғастыра алады және жалғастыруға тиіс деп есептейді.

Кәсіби қоғамдастық көшбасшыларға, практиктер мен мектептерге жүйеде бар барлық білімге, тәжірибелер мен идеяларға жол ашады. Сондай-ақ кәсіби қоғамдастықтың жақсы идеяларға кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ететіндігі күмән тудырмайды. Бірақ жүйе көшбасшылары кәсіби қоғамдастықтың жай ғана тәжірибе алмасуға қарағанда, едәуір іргелі үдерістерді ұсынатындығын атап көрсетеді. Кәсіби қоғамдастық адамдарды ынтымақтастырып, жаңа идеялар мен тәжірибелерді шоғырландыру үшін серпінді жағдай жасайды. Қоғамдастық ішінде өзара сенімділік пен сыйластық қарым-қатынастары орнағаннан кейін ізінше ол білім беру мекемелерінің басшылары шығармашылықпен ойлай бастайтын және табанды іс-қимылды жасайтын ортаға айналады. Жүйе көшбасшылары өз қоғамдастықтарын тәуекел түрткісі ретінде сипаттайды, ол адамдарды серпілтеді, өйткені «қандай да бір мақсатты жүзеге асыруға» көмектеседі.

Кәсіби қоғамдастықта қатысушыларға арналған кәсіптік және басқарушылық көмектің мол ресурсы бар. Кәсіби қоғамдастықтардағы мектеп директорлары енді проблемаларды өздері жалғыз шешпейтіндігін айтады. Олар өздерінің әріптестеріне ұсыныс беру, қолдау көрсету жөнінде өтініш жасай алады, әріптестер тарапынан жасалатын қолдау проблеманы шешуге көмектескенімен қатар, ол әріптестердің достық сезімдерін паш етеді. Өз кезегінде бастықтар да қиындық көріп отырған әріптесіне көмек қолын ұсынудың әртүрлі тиімді тетіктерін құрады. Қолда бар ресурстардың барлығын – басшылықты, практиктің құзыретін, уақытты және кейбір жағдайларда ақшаны біріктіре отырып, кәсіби қоғамдастық қиыншылыққа тап болып отырған мектептерге жағдайларын жақсарту үшін көмек береді.

Кәсіби қоғамдастық – ауқымды өзгерткіштік әлеуеті бар ұйымдастырушылық нысан. Мектептерге бір біріне қарсы болу сезімін әлі де таңып келе жатқан жүйелік құрылымдарға қарамастан, жүйе көшбасшылары білім алушылар қоғамдастығында жұмыс істеуді таңдап отыр, өйткені елеулі кәсіби ынтымақтастық балалардың өмірі мен біліміне түрлендіруші өзгеріс енгізудің дара жолы болып табылады деп пайымдайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Ballantyne, P., Jackson, D., Temperley, J., Michael, J. & Lieberman, A. (2006). *Leading networks leading the system. Accounts of practice* [Жүйені басқаратын жетекші кәсіби қоғамдастық. Тәжірибе туралы баяндамалар]. Nottingham: National College for School Leadership.
- Carter, K., & Paterson, F. (2006). *Understanding Learning Networks* [Білім алушылар қоғамдастықтары ұғымы]. Nottingham: National College for School Leadership.
- Charman, J. D., & Aspin, D. N (2004). *Why networks and why now?* [Неге кәсіби қоғамдастық және неге тап қазір? Білім алушылар қоғамдастықтарында оқытудың халықаралық перспективалары]. In *International Perspectives on Networked Learning*, Nottingham: National College for School Leadership.
- Department for Education and Skills. (2004). *Primary Strategy Learning Networks* [Білім алушылар қоғамдастықтарының базалық стратегиясы]. London, DfES.
- Department for Education and Skills. (2006). *Effective Provision for Gifted and Talented Children in Primary Education* [Бастауыш білім беру барысында дарынды және қабілетті балалар үшін жасалған тиімді жағдайлар]. London: DfES.
- Fullan, M. (2004). *Leadership and Sustainability* [Көшбасшылық және тұрақтылық]. Thousand Oaks, CA: Corwin Press.
- Hill, R., & Matthews, P. (2009). *Schools leading schools: The power and potential of National Leaders of Education* [Мектептерді басқарушы мектептер: билік және білім берудің ұлттық көшбасшыларының әлеуеті]. Nottingham: National College for School Leadership.

- Levin, B. (2004). Connecting central policy and learning networks [Орталық саясат және білім алушылар қоғамдастықтары]. In *International Perspectives on Networked Learning*, NCSL: Nottingham.
- Lieberman, A. (2005). Networks [Кәсіби қоғамдастықтар]. Nottingham: National College for School Leadership.
- Leithwood, K., & Levin, B. (2004). *Approaches to The Evaluation Of Leadership* [Көшбасшылықты бағалау тәсілдері]. Programs And Leadership Effects [Көшбасшылық бағдарламалары және нәтижелері]. Paper prepared for the Department for Education and Skills, March.
- NCSL. (2004). *International Perspectives on Networked Learning* [Білім алушылар қоғамдастықтарында оқытудың халықаралық перспективалары]. Nottingham: National College for School Leadership.
- OECD. (1997). *Sustainable Flexibility: A Prospective Study on Work, Family and Society in the Information Age* [Ұтымды мүмкіндіктер: ақпараттық заманда жұмысты, отбасыны және қоғамды перспективалық зерттеу]. Paris: OECD.

МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТЕТІКТЕРІ

Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасын игерген барлық мұғалімдер оқу көшбасшылары деп саналады, яғни олар өзінің оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу және мектептегі әріптестеріне коучинг және тәлімгерлік жүргізумен қатар, оқуды аяқтаған соң озық тәжірибелермен басқа мектеп мұғалімдерімен бөлісу мақсатында өңірлік, республикалық, тіпті халықаралық деңгейде мектептермен ынтымақтастық орнатып, қоғамдастық аясында тәжірибе алмасуды ұйымдастырады деп күтіледі. Осылайша Бағдарлама мақсатына қол жеткізу үшін мұғалімдер өздерінің оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуге назар аудара отырып, коучинг пен тәлімгерліктің көмегімен өз мектептеріндегі әріптестерін оқытып, солардың тәжірибесін өзгертуге күш салады. Сонымен қатар, әріптестерімен қоғамдастық құрып, бірлесіп проблемаларын талқылап, олардың шешімін іздеп, озық тәжірибелерді талдай және бағамдай отырып, өзінің оқыту мен оқу тәжірибесіне енгізу арқылы тәжірибе алмасады. Осының негізінде біз оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізудің өзара тығыз байланысты үш түйінді тетігін атап көрсеткіміз келеді (29-сурет).

Қоғамдастықтағы көшбасшылық арқылы мектептермен байланыс орнату және мектептер арасында кәсіби даму жұмысын ұйымдастыру

Коучинг және тәлімгерлік арқылы әріптестердің тәжірибесін дамыту

Орта мерзімді жоспарлау арқылы оқыту тәжірибесіне жаңа тәсілдерді енгізу

29-сурет: Өзгеріс енгізуге көмектесетін түйінді тетіктер

ЖҰМЫС ӘДІСТЕРІ

Мұғалімнің көшбасшылығы: зерттеулерге шолу

(Мақаланың толық нұсқасын білім беру порталынан (www.cpm.kz) табуға болады)

Альма Харрис пен Дэниел Муйжс
Уорик университеті

1. Кіріспе

Тиімді көшбасшылық мектеп жүйесін жетілдірудің басты элементі болып табылады деген пікір кеңінен тараған. Шетел әдебиетінен алынған деректер табысты көшбасшылар мектеп нәтижесіне және оқушылардың білімді меңгеру деңгейіне тікелей болмаса да, қатты ықпал ететіндігін дәлелдейді. Оқыту сапасы оқушылардың ынтасы мен оқу үлгеріміне қатты әсер етеді десек те, көшбасшылық сапасының мұғалімдердің ынтасы мен балаларды оқыту деңгейіне ықпалы бар ма деген мәселе төңірегінде үнемі пікірталас туындап жатады.

2. Мұғалім көшбасшылығын айқындау Функциялары мен міндеттері

Мұғалім көшбасшылығының негізгі үш бағытын атап өтуге болады:

- Оқушыларға немесе басқа мұғалімдерге көшбасшылық ету: әдіскер, коуч, тәлімгер, тренер, оқу жоспарларын әзірлеуші маман, оқытудағы жаңа тәсілдерді әзірлеуші, зерттеу топтарының басшысы;
- Кезекті тапсырмаларды орындауды басқару: ұйымдастыру іс-шараларын өткізу және оқу бөлімі меңгерушісінің, іс-әрекеттегі зерттеушінің, арнайы жұмыс тобы мүшесінің рөлі арқылы мектепті алға қойылған мақсаттарға қарай ілгерілету үшін тиімді жағдайларды қамтамасыз ету;
- Шешім қабылдау немесе әріптестік арқылы басқару: мектепті жетілдіру тобына мүшелік, комитеттерге мүшелік, іскер адамдармен, жоғары оқу орындарымен, жергілікті білім беруді басқару органдарымен және ата-аналар комитетімен әріптестікті ұйымдастырушы.

Сонымен, көшбасшы-мұғалімдердің функциялары мынадай:

- өзінің мұғалімдік қызметін үздіксіз жетілдіру;
- мектеп тәжірибесіне шолу жасауды ұйымдастыру және жүргізу;
- оқу бағдарламасын әзірлеу/дамыту жөніндегі біліммен қамтамасыз ету;
- мектепті басқаруға қатысты шешім қабылдауға қатысу;
- мектеп ішінде әріптестерінің біліктілігін арттыру;
- басқа мұғалімдердің тиімділігін бағалауға қатысу.

Мұғалім көшбасшылығының айқын көрініс тапқан және оқшауланған төрт сипаттамасы орныққан:

1. Бірінші сипаттама мұғалімдер мектепті жақсарту қағидаттарын жекелеген сыныптардағы тәжірибеге көшіру тәсіліне қатысты. Бұл – **орындаушы** функциясы, ол көшбасшы-мұғалімнің негізгі міндеті. Ол мектеп ішіндегі байланыстардың беріктігіне және мұғалімдерді саналы дамыту үшін барынша мол мүмкіндіктердің ұсынылуына кепілдік береді.
2. Мұғалімнің көшбасшылығының екінші бағыты **қатысушы** көшбасшылық түрінде көрінеді, бұл ретте барлық ұстаздар өздерінің осы үдеріске қатыстылығын сезініп, өзгеріс пен дамудың бір бөлігі болып табылады.
3. Үшіншісі – бұл **делдалдық** функция. Көшбасшы-мұғалімдер – тәжірибе мен ақпараттың маңызды көзі. Қажетті білімді олар сын тұрғысынан ойлау дағдыларын пайдаланып, басқа көздер мен материалдардан ала алады немесе ұйымнан тыс көмек іздей алады.

4. Төртінші сипаттама жекелеген мұғалімдермен тығыз **қарым-қатынас** құруға негізделеді, бұл арқылы олар бір-бірін оқытып, өзара білім алады.

Ынтымақтастық және алқаластық

Мұғалімнің көшбасшылығы жеке дамуға ғана бағытталмаған. Оның негізгі міндеті әріптестеріне жаңа идеяларды сынақтан өткізуге және өздеріне басшы рөлдерін алуға ынталандыруға көмектесуге негізделеді. Ынтымақтастық мұғалім көшбасшылығының «жүрегі» болып табылады, өйткені көшбасшылық ұжым болып енгізілетін өзгерістерге негізделеді. Мұғалімнің көшбасшылығы иерархиялық бақылаудан өзара бақылауға көшіп, мектеп ішіндегі билікті қайта бөлуге негізделеді. Мұғалімнің көшбасшылығы анағұрлым тиімді болу үшін оның барысында өзара сенімділік пен қолдау көрсету орын алуға тиіс.

Көшбасшылыққа деген осы көзқарас иерархиялық емес, федералдық болып отыр. Бұл көзқарас әрі кең, әрі шектеулі: ол құндылықтар тұрғысынан шектелгенімен, эксперимент жасау және тарихи болжамдарға күмәндану құқығы тұрғысынан кең болып келеді.

Мектеп көшбасшылары төмендегідей қызмет түрлері арқылы мұғалімдерге шешім қабылдауға қатысып, мектептің дамуын басқаруға мүмкіндік береді:

- мектеп аясында жауапкершілік алу мен басқару құқығын кеңінен бөлу;
- мұғалімдер арасында шешім қабылдау құқығын бөлу;
- мұғалімдерге шешім қабылдау үшін өз комитеттерін құруға рұқсат беру;
- мұғалімдер ұжымының пікірін назарға алу;
- топ болып кеңесу арқылы проблемалардың тиімді шешімін қабылдауды қамтамасыз ету;
- мұғалімдерге өзін-өзі басқару құқығын беру;
- мұғалімдерде бірлесіп жоспарлауға уақыт болуы үшін жұмыс жағдайын өзгерту;
- мектептегі жаңа бастамаларға қатысты шешім қабылдауға толыққанды тартуды қамтамасыз ету;
- мұғалімдердің кәсіби дамуы үшін мүмкіндік тудыру.

3. Мұғалім көшбасшылығының артықшылықтары

Мектеп тиімділігін арттыру

Мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық – бұл мектепті жетілдіру мен өзгертудің қажетті серігі және оның тиімділігін арттырушы фактор екендігі анықталған. Мұғалім көшбасшылығының негізіндегі жалпы мақсаттар мен құндылықтар да тиімді мектептерді құру үшін елеулі және маңызды шарт болып табылады.

Мұғалімдердің тиімділігін арттыру

Зерттеу тиімді мектептердің оқыту мен оқу үдерісіне үлкен мән беріп, мұғалімдердің дамуына арнайы уақыт бөлетінін көрсетті. Мектеп сипаттамаларының ішінен оқытуға қатыстылары тәжірибе жолымен алынады. Бұл факторлар балаларға анағұрлым жақын, сондықтан оқушылар оларды бірден сезінеді (яғни мұғалімнің сыныптағы мінез-құлқы) және олардың үлгеріміне әсер етеді. Мұғалімдердің көшбасшылығы бірқатар тәсілдермен олардың тиімділігін арттыра алады. Үздіксіз оқуға және оқытуды жетілдіруге ерекше назар аудару жекелеген мұғалімдердің жұмыс сапасын жақсартуы мүмкін, ал сонымен бірге әріптестермен пайдалы тәжірибе алмасуға баса көңіл бөлу мектептегі барлық мұғалімдердің құзыреттілігін арттыруы мүмкін. Мұғалімдерге жүктелген үлкен жауапкершілікпен қатар олардың құзыреттілігі мен сенімін арттыру мұғалімдерді өз еркімен тәуекелге барып, оқыту тиімділігінің деңгейіне тікелей әсер ететін оқытудың инновациялық әдістерін ұсынуға мәжбүр етеді.

Мұғалімдерге көшбасшылық арқылы өкілеттік берілсе, олардың өзінің күшіне деген сенімі арта түседі. Мұғалімдердің келешектегі бағасы оқушылардың жетістіктеріне тікелей байланысты, демек өз-өзінің тиімділігін көтеру көшбасшылықтың маңызды факторы болып табылады.

Мектепті жетілдіруге ықпал ету

Бір ұжым болып жұмыс істеу арқылы басқа мұғалімдер қолдаған жағдайда мұғалімнің жұмысы аса тиімді болмақ. Мектепті жақсарту мүмкіндіктерін дамыту негізінде алқалы қарым-қатынастар және ұжымдық тәжірибе жатыр. Күн сайын бірге жұмыс істейтін адамдардың арасындағы қарым-қатынас деңгейі бұл ұйымның ахуалының ең жақсы көрсеткіші болып табылатыны дәлелдеген.

Бұл тәсіл ынтымақтастық, жәрдемдесу және бірлесіп жұмыс істеуге негізделген кәсіби даму мен оқыту нысанын көздейді. Бұл мектепке мұғалімдер мен оқушылар бірлесіп оқитын оқу қоғамдастығы ретінде қарау дегенді білдіреді.

4. Мұғалім көшбасшылығы жолындағы кедергілер Ұйымдастырушылық кедергілер

Көшбасшылық жекелеген мұғалімдер үшін және тұтастай алғанда мектеп үшін пайдалы. Бірақ мектептерде мұғалімнің нағыз көшбасшылығын орнату үшін еңсеруге тура келетін көптеген кедергілер кездеседі. Мұғалімнің көшбасшылығы жолындағы негізгі тосқауылдардың бірі көптеген мектептерде әлі күнге дейін басым болып отырған басқарудың иерархиялық моделіне қатысты құрылымдық тосқауыл болып отыр.

Мұғалімнің көшбасшылығы басқаруда барынша автономиялық тәсілдің қолданылуын талап ете отырып, әрі жалпы шешім қабылдау үдерісін қажет етеді.

Кәсіптік кедергілер

Өздеріне көшбасшылықты алатын мұғалімдер кейбір жағдайларда әріптестерінің тарапынан қуғынға ұшырауы мүмкін. Зерттеу деректері әріптестердің мықты ынтымақтастығы мұғалімдердің көшбасшылығын қолдау үшін басты негіз болатындығын дәлелдеп отыр.

5. Мұғалімнің көшбасшылығын құру және қолдау

Мұғалімнің көшбасшылығын дамытуда басшылар мен директорлар басты рөл атқарады. Сондықтан мектепте мұғалімдердің көшбасшылығын белгілеудің бірқатар маңызды өлшемдері бар. Біріншіден, кәсіби дамытуға және бірлескен жұмысқа уақыт бөлу керек. Бірлесіп жоспар жасауға, мұғалімдердің қоғамдастықтарын құруға және қадағалаушы ретінде сыныптарға баруға уақыт табу өте маңызды.

Екіншіден көшбасшы-мұғалімдерге өз әлеуеттерін толыққанды ашып, үздіксіз кәсіби өсу үшін мүмкіндік берілуге тиіс.

Мұғалімдер көшбасшылығының жетістігі немесе сәтсіздігі адами факторларға және мектептің басқа мұғалімдерімен, басшыларымен қарым-қатынас деңгейіне тәуелді болады. Демек көшбасшы-мұғалімдерде өздерінің әріптестеріне әсер ету және кейбір жағдайларда мұғалімдер тарапынан өзінің абырой-беделіне қауіп сезінуі мүмкін мектеп басшылығы арасында нәтижелі қарым-қатынасты дамыту қабілетінің болуы аса маңызды болып табылады. Көшбасшы-мұғалімдерге деген өшпенділік әрекетсіздік, аса сескенушілік және тұрақсыздық сияқты факторлар арқылы туындауы мүмкін. Осы қиындықтарды оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізуді және мұғалімнің көшбасшылығын ынталандыратын мектеп мәдениетін дамыту және көшбасшы-мұғалімде адамдармен қатым-қатынас жасау дағдыларының жетік болуы арқылы жеңуге болады.

Көшбасшы-мұғалімдерді дайындаудың үшінші өлшемі – бұл көшбасшы-мұғалімдерді адамдармен қатым-қатынас жасаудың тиімді дағдыларымен қамтамасыз ету қажеттігі. Бұндай дағдылардың негізгі 5 тобы анықталған:

- әріптестер арасында сенімділік пен өзара түсіністікті дамыту;
- деректер жинау арқылы ұйымдастырушылық диагностика жүргізу қабілеті;
- өзгеріс енгізу үдерісін түсіну және оларды басқару;
- ортақ мақсатқа қол жеткізу жолында ресурсты (адамдарды, жабдықтарды) тиімді пайдалана білу;

- әріптестерінің кәсіби дағдылары мен олардың өзіне деген сенімін дамыту.

Соңғы өлшем мұғалімдердің өздеріне көшбасшылық рөлін алуға ынтасының болуына қатысты.

Қорытындылай келе, көшбасшы-мұғалімдер қызметінің 6 бағытын айқындауға болады. Бұл:

- мұғалімдік тәжірибені жалғастыру және оқытудағы өзінің ептілігі мен дағдыларын жақсарту;
- оқыту тәжірибелерін өзара бағалауды ұйымдастыру және оған басшылық ету;
- оқу бағдарламасын әзірлеу/дамыту жөнінде біліммен қамтамасыз ету;
- мектеп деңгейінде шешім қабылдауға қатысу;
- мектеп қызметкерлерін оқыту мен дамыту қызметіне басшылық ету;
- басқа мұғалімдерді іс-қимылдарды бірлесіп жоспарлауға, рефлексияға және зерттеу жұмысына тарту.

6. Мұғалімдер көшбасшылығының салдарлары

Мұғалімнің көшбасшылығы оқытуға байланысты, әрі кәсіби дамудың қуатты тәсілі болып табылады. Мұғалімнің көшбасшылығы ынтымақтастық, кәсіптік оқу мүмкіндіктерін дамытып, мектеп пен сыныпта өзгеріс енгізуге оң әсер етеді. Сондай-ақ мұғалімдер мектепте кәсіби шешім қабылдауға қатыстырылған жағдайда көшбасшылықтың бұл түрі мектеп жүйесін жетілдіруге ықпал ете алатындығы туралы тұжырым жасауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Barth, R. S. (1999). *The Teacher Leader* [Мұғалім-көшбасшы]. Providence, RI, The Rhode Island Foundation.
- Beane, J. A. (1998). Reclaiming a Democratic Purpose for Education [Білім берудегі демократиялық мақсаттарды жандандыру]. *Educational Leadership*, 56 (2), 8-11.
- Gronn, P. (2000). Distributed Properties: A New Architecture for Leadership [Бөлініс сипаттары; көшбасшылықтың жаңа үлгісі]. *Educational Management and Administration*, 28 (3), 317-38.
- Harris, A. (2002). *School Improvement: What's in it for Schools* [Мектептерді жетілдіру: Бұл мектепке не береді]? London: Falmer Press.
- Harris, A., & Chapman, C. (2001). *Democratic Leadership for School Improvement in Challenging Contexts* [Қиын жағдайда мектепті дамытуға арналған демократиялық көшбасшылық]. A paper presented at the International Congress on School Effectiveness and Improvement, Copenhagen.
- Little, J. W. (1995). Contested Ground: The Basis of Teacher Leadership in Two Restructuring High Schools [Қарама-қарсы көзқарастар: қайта құрылатын екі мектептердегі мұғалім көшбасшылығына арналған негіз]. *The Elementary School Journal*, 96 (1), 47-63.
- Silns, H., & Mulford, B. (2002). *Leadership and School Results Second International Handbook of Educational Leadership and Administration* [Білім беру және әкімдеу саласындағы көшбасшылық жөніндегі екінші халықаралық нұсқаулықтағы көшбасшылық және мектеп табыстылығы туралы есеп]. Kluwer Press.

Оқытуды басқару және көшбасшылық

*Дэвид Фрост,
Кембридж университеті, Білім беру факультеті*

Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысы

Бағдарламаның авторлары ұсынып отырған оқытуды басқару және көшбасшылық тұжырымдамасы мұғалімдердің пайдаға асырылмаған зор әлеуеті бар, оларды өзгеріс енгізу тәжірибесіне, бірлескен кәсіби білім құруларына көмектесетін қолдау көрсетілген жағдайда ғана көруге болады деген ұстанымға негізделеді. Ол педагогикалық жүйе сәтті болу үшін, оқыту мектептің барлық деңгейінде қатар жүру керек, яғни оқыту оқушыларды, студенттерді, мұғалімдерді және де мектеп жүйесінде жұмыс істейтін қосымша қызметкерлерді түгел қамту керек деген көзқарасқа сүйенеді. Бағдарлама аясында оқытудағы көшбасшылық тұжырымдамасы Дэвид Фрост пен Кембридж университеті қолдау көрсеткен Хертс Кэм Нетворк қоғамдастығы және «Мұғалім көшбасшылығы» халықаралық жобасы аясындағы қызметке негіз болған мұғалім жүргізетін дамыту жұмысымен тығыз байланысты болып келеді.

Оқу сияқты, көшбасшылық та адамның басты, бірақ аса күрделі әлеуеттерінің бірі болып табылады. Өзгеріс енгізу үдерісін басқару оңай емес әрине, өйткені оның барысында жұмыста әртүрлі қиындықтар мен келіспеушіліктер туындап жатуы ықтимал. Мұғалім ретінде, біз өзімізге әрекет етуге, басқаруға, шешім қабылдауға жеткілікті билік пен өкілеттіктер берілмегендігін түсінеміз, алайда тәжірибе көрсетіп отырғандай, басшы қызметін атқармастан-ақ, біз білікті мұғалім ретінде өзіміздің кәсіби беделімізге және жеке тұлға ретінде моральдық беделімізге сүйене отырып, оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізуге ықпал ете аламыз. Сонымен қатар біз өзіміздің тәжірибелік дағдыларымызды дамытып, стратегиялық тұрғыдан ойлануды меңгере аламыз.

Заманауи түсінік

Тиімділігі жоғары және үнемі жетілдіріліп отыратын мектептер оқушыны оқыту мен оқуының сапасын арттыруға бағытталған көшбасшылық қолданылатындығымен ерекшеленеді. Оқушыларының білім алуына басты назар аударуды басымдық ететін көшбасшы мұғалімдер өздерінің әріптестері мен басқа қызметкерлерге үлгі бола алады.

Оқуға бағытталған көшбасшылық жоғары сапалы білім берілуіне қол жеткізу мақсатында оқу үдерісіне және оқушылардың, сондай-ақ мұғалімдердің, қызметкерлердің нәтижелеріне бағдарланған. Көшбасшы-мұғалімдер оқыту мен оқу үдерісін бақылау, нәтижелерді пайдалану, мұғалімдердің мықты жақтарын анықтап, олардың қажеттіліктерін білу, оқушылар топтары мен мектептің құрылымдық бөлімшелері үшін басымдықтарды белгілеу арқылы сыныптардың және бүкіл мектептің ішінде не болып жатқанын біліп отырады.

Бұндай көшбасшылық барлық деңгейлерде қажет, себебі мектептегі көшбасшылық идеясын іске асыру маңызды екенін естен шығармай, оқуға бағытталған көшбасшылықты тарату және дамытуға басымдық беру қажет.

Бөлінген көшбасшылық дамып келе жатқан құбылыс, оның алты түрін атап көрсетуге болады:

Жай бөлініс: персоналдың олар үшін белгіленген рөлдер/лауазымдық нұсқаулықтар шегінде жұмыс істеуінен күтілетін нәтижені меңзейді. Жай бөлініс үдерісінің барлық қызметкерлер үшін жоғары дәрежелі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде артықшылығы мол. Маңайдағылар өздерінің қайда екенін біледі. Жай бөлініс батыл, түбегейлі өзгеріс енгізу үшін қажетті талап болуы мүмкін.

Прагматикалық бөлініс: Бұл тәсіл болып жатқан оқиғаларға сәйкес әрекет етуді білдіреді және де мектепке сырттан жасалатын, күн сайын күшейіп жатқан қысымға байланысты өзгеріп тұратын жұмыс жүктемесін қамтиды.

Стратегиялық бөлініс: Мектепті жетілдіруге бағытталған нақты мақсатқа ұмтылу – стратегиялық бөліністің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Бұл бөліністі біз, мысалы, мұқият ойластырылған кадрлық тағайындаулардан көре аламыз, ол жағдайда олар жеке дара шеберлігі тұрғысынан емес, негізінен олардың мектептегі көшбасшылықты дамытуға қосқан үлесі тұрғысынан қарастырылады.

Кезеңдік бөлініс: Бұл тәсіл прагматикалық жағдаяттық сипатпен қоса, басым бөлігінде кәсіби дамуға бағдарланған стратегиялық сипатқа да ие. Себебі өздеріне көшбасшылық тән екендігін көрсете алған мұғалімдерге жауапкершілік те көп жүктеледі. Мұғалімдер өздерінің көшбасшылыққа қабілетті екендігін қаншалықты дәлелдей алса, оларға жүктелетін жауапкершіліктің мөлшері де соншалықты арта бермек.

Бастамашылық бөлініс: Бұндай бөлініс кезінде көшбасшылық мұғалімдерге бөлініп берілмейді, яғни көшбасшыны тағайындамайды, мұғалімдер өздері қабылдайды, сондықтан оны жоспарланған тәсілден гөрі, ерікті деп санауға толық негіз бар. Көшбасшылық қабілеттері бар мұғалімдер өз еріктерімен белгілі бір үдерісті жүргізу жауапкершілігін өз мойындарына алып, өздері ықпал ететін аймақ ауқымын кеңейтеді, кейде бұл үдеріс басшылықтың қатысуынсыз да болып жатады.

Мәдени бөлініс: Бұл жағдайда «кім» дегеннен гөрі, «не» дегенге баса назар аударылады. Көшбасшылық нақты қызмет саласында және жекелеген адамдардың бастамасы бойынша жүргізіледі. Мұғалімдер әріптестерімен бірлесе отырып, бастама білдіреді, оларда ешқандай басшы, жетекші деген болмайды. Бұл адам рухының, қайратының көрінісі, мектептің орныққан дәстүрлері, оның жалпы мәдениетінің көрсеткіші десе де болады. Көшбасшылықты бөлудің бұл түрі өзара қарым-қатынастардың төрт түріне байланысты:

Құрметтеу (басқаның пікірін тыңдау және бағалау);

Жеке қарым-қатынас (кәсіби өзара қарым-қатынасты қолдайтын орнықты жеке қарым-қатынас);

Құзыреттілік (басқалармен өзара қарым-қатынас барысында күтілетін нәтижеге қол жеткізе білу);

Адалдық (өзара сенімді және шынайы қарым-қатынас).

Осы Бағдарламада негізінен «мәдени бөлініске» артықшылық беріледі. Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысы (МЖДЖ) көшбасшылықтың бұл түрінің кең тараған нысаны болып табылады. Ол жауапты қызметі бар немесе жоқ мұғалімдердің:

- іс-тәжірибені жетілдіруге бастама жасау және ол үшін өзіне жауапкершілік алу;
- оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу үшін әріптестерімен стратегиялық шешімдерді бірлесіп таңдау;
- деректерді бірлесіп жинау және қолдану;
- кәсіби білімді қалыптастыруға және таратуға атсалысу үшін көшбасшылықты нығайтудың ерекше тәсілі болып табылады.

Мұғалімдер үшін көшбасшылықтың маңызы

Мұғалім үшін оқыту мен оқудағы көшбасшылықтың бірнеше мәні бар:

- мұғалім өзінің оқыту және оқу үдерістерін түсінуін нақтылауға мән беруі;
- оқыту және оқу үдерістерін әріптестерімен талқылауға мүмкіндік беру;
- ересектерді де, балаларды да оқыту үшін барынша қолайлы жағдай жасау арқылы жоғары мәдениетті оқу ортасын орнату;
- оқудың қажетті ауқымын стандартты жетілдірумен шектемей, одан әрі кеңейту;
- оқушылардың оқу үдерісіне тартылуы;
- әріптестерді кәсіби дамыту үшін барлық мұғалімдердің әлеуеттерін бөлуге болатындығына сенімді болу;
- оқыту мен оқу үдерістеріне әлеуметті, ата-аналар мен тиісті мүдделі адамдарды тарту.

Мұғалімдер дамыту жұмыстарын жүргізу барысында рефлексияны, жоспар құруды, кеңес беруді біртіндеп жүзеге асыру арқылы қолдау таба алады. Алғашқы қадам – әрбір ұстаз үшін маңызды шешімдерді талап ететін құндылықтар мен мәселелерді анықтау. Келесі қадам – өзгеріс енгізу туралы әріптестерінің кеңестері. Ол басымдықтарды белгілеп, іс-шараларды келісу бойынша атқарылған жұмыстардан соң мектептегі мәжілісте қаралып, мақұлданыуы мүмкін. Мақұлданған соң мұғалім өзінің мәселесі бойынша нақты жоспар құра бастайды. Бұл жоспар жүзеге асатындай және оның құрамына кіретін әрбір әлеуетті қатысушы оны талқылай алатындай болу керек. Егер бұл келісу мен кеңесу үдерісі тиімді болса, онда дамыту жұмысы да жоспар бойынша жүзеге асырылады. Дегенмен мұндай жұмыс мектеп әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылып, қолдау көрсетілгені маңызды. Ол үшін мектеп әкімшілігі мектеп құрылымы мен дамытудың басымдықтарын қайта қарастыруы қажет, себебі олардың кеңесі мен жетекшілігі өте маңызды.

Бұл үдеріс жалпы түрде төмендегідей **кезеңдерде** айқындалады.

1-кезең. Құндылықтарды анықтау.

2-кезең. Кәсіби міндеттерді анықтау.

3-кезең. Дамыту бағдарламасын құруға арналған келісім мен кеңестер.

4-кезең. Атқарылатын жұмыстардың жоспарын құру.

5-кезең. Атқарылатын жұмыстардың жоспарын құруға арналған келісім мен кеңестер.

6-кезең. Зерттеуге негізделген көшбасшылықты дамыту бойынша жұмыс.

7-кезең. Кәсіби білімдердің дамуына жәрдемдесуге ықпал ететін кәсіби қоғамдастықтағы жұмыс.

Дамытудағы көшбасшылық мектепте жаңа білімді қалыптастырады, дегенмен мектептен тыс жерде алынған жаңа білімдерді беру де мұғалімнің өз мектебіне орасан зор пайдасын тигізеді.

Тәжірибенің өзгеруі, білімнің жинақталуы

Мұғалімнің өз бастамасына негізделген кәсіби даму үдерісінің нәтижесі, ең бірінші кезекте, жоба аяқталған соң емес, оның барысында сезілуі керек. Сапалы даму жұмысына жаңа технологияларды сынақтан өткізу, бағалау, талқылау және шолу жатады. Олардың барлығының өзгертушілік әсері болады. Нәтижелері әрдайым практикалық бағытта болады, олар: тәжірибедегі өзгерістер немесе жақсартулар; оқыту мен оқудың жақсартылған әдістері. Олар сонымен бірге кәсіби өсуде маңызды бола алады, бұл осы Бағдарламаның басында келтірілген оқытудың көп деңгейлі моделінде бейнеленген сыртқы және ішкі өсу.

Көптеген мұғалімдер өз тәжірибесін жетілдіру жұмысы жақсы бастама деп санайды, егер жоба басынан нәтижелі болып, әріптестерін қызықтыра алса, онда бұл өзгерістер мектепте кеңінен қолдау тауып отырады. Басқаша айтқанда, мектеп басқаша жұмыс істеуге үйренеді. Сол себепті әріптестерді қызықтырып, оларды бірлесе жұмыс істеуге шақыру қажет.

Мұғалімге арналған зерттеушілік семинар

Мектеп мұғалімді ынталандыру объектісі де бола алады. Мектепте ұйымдастырылатын ғылыми-зерттеу семинарларының көздеген бірнеше мақсаттары бар: мұғалімдер мен мектептерге шешу қажет болатын проблемалар мен мәселелерді анықтайды; оларды шешудің ұсынымдары мен стратегияларын әзірлейді; мұғалімнің де, мектептің де әлеуетін дамыту мақсатында мұғалімдердің мектепте ортақ білім базасын құруына септігін тигізеді.

Зерттеуші мектеп

Мектепті *зерттеуші мектепке* айналдыру оны қызметтің төмендегідей аспектілері бойынша дамытуға жол ашады:

- оқу сапасын арттыру және қолдау көрсету арқылы оқу үлгерімін арттыру;
- мектептің өзін-өзі бағалау үдерісіне көмек көрсету;
- оқушылардың білімдегі жеке қажеттіліктерін түсіну және шешу арқылы оқуды алға жылжыту;
- жастардан олардың білім алу мәселелері бойынша кеңес алу және оларды ғылыми зерттеулерге тарту;
- рөлі мен мәртебесіне қарамастан мектептің барлық қызметкерлері тартылған мектеп реформаларына атсалысу;
- мектеп проблемаларын шешу үшін өзінің әлеуетін дамыту.

Мектепті *зерттеуші мектеп* етіп түрлендіру мектепке ғылыми дәлелдемелерді енгізу және зерттеу жүргізу жөніндегі міндеттеме алу дегенді білдіреді. Джеймс (2005) оқушы табысты білім алуы үшін мұғалімнің де оқуын жалғастыруы негізгі талап болып табылады деп атап көрсетеді, осыған байланысты мұғалімдер білім алатын кәсіби мәдениетті жүйелі түрде дамыту аса маңызды.

Қорыта келе айтарымыз, Бағдарлама мектеп көшбасшылары мұғалімдерге жақсы оқытуға қалай көмектесе алады, сондай-ақ желілік қоғамдастықта басқа мектептермен бірлесіп жұмыс істеу арқылы тәжірибеге енгізілген өзгерістерді қалай сақтап қала алады деген мәселелерге назар аударатын зерттеу материалдарына негізделетін болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- Elliott, J. (1991). *Action Research for Educational Change* [Білім беру өзгерістеріне арналған қызметті зерделеу]. Milton Keynes: Open University Press.
- Frost, D. (2011). *Supporting teacher leadership in 15 countries: the International Teacher Leadership project* [15 елдегі мұғалімнің жетекшілігінің қолдауы: «Мұғалімнің жетекшілігі» халықаралық жобасы]. Phase 1, A report, Cambridge: LfL at the University of Cambridge Faculty of Education.



- Hoyle, E. (1974). Professionalism, professionalism and control in teaching [Мамандық, кәсібилік және білім берудегі бақылау]. *London Educational Review*, 3 (2), 42–54.
- Katzenmeyer, M., & Moller, G. (2001). *Awakening the Sleeping Giant: Helping Teachers Develop as Leaders (2nd ed.)* [Ұйқыдағы алыптың оянуы: Мұғалімдерге көшбасшылықтың сапаларының дамуына көмек (2-басылым)]. Thousand Oaks, CA: Corwin Press.
- Levin, B. (2012) How to change 5000 schools: A practical and positive approach for leading change at every level [5000 мектепті қалай өзгертуге болады: Әрбір деңгейде өзгеріс енгізушілерге арналған тәжірибелік және ұтымды тәсіл]. Cambridge, Harvard Education Press.
- Lieberman, A., Moore-Johnson, S., Fujita, H., & Starratt, R. (2007). *Where Teachers can lead* [Мұғалімдер неге бастай алады]. Developing teacher leadership, the ILERN Materials. Nottingham: National College for School Leadership.
- McBeath, J. (2004). *Distributed Leadership in Action: A study of current practice in schools* [Іс-әрекеттегі таратылған көшбасшылық: Мектептердегі ағымдағы тәжірибені зерттеу]. Nottingham: National College for School Leadership.
- Ministry of Education. (2007). *Improving School Leadership* [Мектеп көшбасшылығын жетілдіру]. Finland Country Background Report Publications of the Ministry of Education, 2007, 14 (Accessed August 2012).
- OECD Definition and Selection of Key Competencies. [ЕЫДҰ түйінді құзыреттерді анықтауы және іріктеуі]. (Paris, France: OECD, May 27, 2005).
- Schleicher, A. (Ed.) (2012). *Preparing Teachers and Developing School Leaders for the 21st Century: Lessons from around the World* [XXI ғасыр үшін мұғалімдерді даярлау және мектеп көшбасшыларын дамыту: әлем елдерінің сабақтары]. OECD Publishing.

ЖҰМЫС ҚҰРАЛДАРЫ

117

Кәсіби қоғамдастық құру жөніндегі қысқаша нұсқаулық

1. Бұқаралық ақпарат құралдары (вебсайттар, жарнамалық аңдатпалар, ақпараттық бюллетеньдер, хабарландыру тақталары) маңызды рөл атқарады, бірақ олардың көпшілігі, әсіресе, бастапқы кезеңде диалог орнатуға арналған уақыт пен кеңістікке тәуелді келеді. Диалогті:

- жергілікті тұрғындар;
- топтарды конференцияларға тарту (оның ішінде бірлескен сапарлар);
- оқыту мақсатындағы сапарды ұйымдастыру;
- түскі семинарлар;
- әріптестермен (әріптестер арасында) мақсатты диалогтар ұйымдастыру/өткізу арқылы құруға болады.

Бұл орайда біліктілікті арттырудан өту күндерін белгілеу арқылы аталған шараларды қызметкерлер мен директор арасындағы кездесулер сияқты шаралардың орнына өткізуге болады.

Басқа ұсыныстар:

- электрондық жарнамалық аңдатпаларды тарату мен электрондық хат алмасуды ынталандыру;
- телефон байланыстары желілік қоғамдастығын құру;
- бейнеконференцияларды кеңінен пайдалану.

Егер Сіз жаңа коммуникациялық жүйе құрумен айналысып жүрсеңіз, оны кері байланыс тізбектері түрінде құруға тырысыңыз. Егер жүйеде жауап беру тетігі болса, Сіз хабарламаларды жақсырақ қарап, оларды бағалап отыруға мүмкіндік аласыз.

Кейбір идеялар мен үдерістер өте күрделі болып келеді. Модельдер мен графикалық кескіндерді жасау арқылы Сізде ақпаратты түсінікті, қолдануға ыңғайлы түрде ұсынуға, идеяларды зерделеуге және қолжетімді түрде жеткізуге мүмкіндік туады.

2. Тексерістер мен бастапқы іс-шаралардың да пайдасы бар. Олар неден бастау қажеттігін нақты тұжырымдап, кейін қандай жетістікке жететінімізді айқындауға көмектеседі. Қандай сәттер маңызды әрі мағыналы екендігін анықтап алып, оларға тексеру жүргізіңіз. Сіз үшін ненің құнды екенін айқындаңыз.

Басқа ұсыныстар:

- бұқаралық оқу топтары;
- тұрақты түрде өткізілетін таныстырылымдар, ынталандырушы семинарлар;
- зерттеу жүргізу айлары;
- бірлесіп оқу күндері;
- бір-бірінің мектебіне барып таныстырылым өткізу;
- сауалнама нәтижелері бойынша есеп жазу кезінде қолдау көрсету, мысалы, бірлескен жазбаша семинарлар.

Нәтижелер мен бастапқы деректердің сапасы қоғамдастық ішінде және кәсіби қоғамдастықтан тыс та сенімділік болып, орнықты дамуда маңызды рөл атқарады. Нәтижелерді бағалаңыз, бірақ олар бойынша дау туған жағдайда жауап беруге дайын болып, сапасын бақылау мақсатында бұл мәселеге терең ойланып қараңыз. Ынтымақтастық реттеудің тиімді стратегиясы болып табылады. Басқарушы топ немесе мектеп директорының тобына арнап редакциялау рөлін енгізіңіз.

3. Қоғамдастықтар үшін қатысушының пікірі бағаланатын іс-шаралар пайдалы болмақ.

Әртүрлі топтар құру мақсатында бізге түрлі әдістер арқылы адамдарды біріктіру қажет. Шағын топтардың көзқарастары, «ақсүйектік әдеттері» қоғамдастықтың сенімділігін тез арада жоюы мүмкін.

Бастапқы кезеңде қоғамдастықтан шет жүрген, алайда қоғамдастық үшін стратегиялық тұрғыдан маңызды бола алатын және осы қоғамдастықта болғаннан пайда алуы мүмкін адамдарды анықтаңыз. Оларды барлық жағдайлар туралы хабардар етіп отырыңыз. Оларды іс-шаралар мен кездесулерге шақырыңыз.

Оларға қоғамдастық жөніндегі есептерді және басқа нәтижелерді жіберіп отырыңыз. Қоғамдастыққа жетекшілік етумен қатар, демеушілік көмек қажет. Мектеп директорларына қоғамдастықтың белсенді мүшелері болуы міндетті емес, бірақ олар осы қоғамдастықты табысқа жеткізуде шешуші рөл атқарады. Олардың қоғамдастық туралы басынан бастап бәрін білетіндігіне көз жеткізіңіз. Оларды осы үдеріске тартудың әртүрлі тәсілдерін табыңыз. Қоғамдастықта орнатқыңыз келетін мінез-құлық моделін құрыңыз. Тәуекелге бел буыңыз. Сауал жүргізіңіз. Өз жолыңыздағы қиындықтарды алдын ала жойыңыз. Бір-бірлеріңізбен алғашқы рет жұмыс істеп тұрсаңыздар, ақшалай қаражат туралы және кім немен айналысатыны туралы диалог жүргізу қиындық туғызады. Бұл мәселелерді әуел бастан анықтап алмасаңыздар, кейіннен бұның салдарынан бірталай әуре-сарсаң көрулеріңіз әбден мүмкін.

Коучинг – әртүрлі адамдарды бірге қосудың оңтайлы тәсілі. Оқыту мен оқу мәселелеріне арналған коучинг тұтас бөлімдер мен мектептерді қамтуы мүмкін. Көшбасшылық коучинг стратегиялық ынтымақтастықтың дамуына ықпал етеді. Бұл қарым-қатынастар тиімді болуы үшін ерікті болып, қандай да болмасын иерархияның орын алуына жол бермеу керек.

4. Сіз атқара алатын аса маңызды міндеттердің бірі қоғамдастықтың іс-шараларын өткізу кезінде мектептерге қолдау көрсету болып табылады.

Осыдан кейін ресурстарды бөлу және қоғамдастыққа қатысуға шақыру анағұрлым жеңіл болады.

Ұсыныстар:

- қоғамдастықтың көмегімен бұрыннан келе жатқан мәселелер мен проблемаларды шешуге, сондай-ақ жаңа идеялармен алмасуға тырысыңыз;
- автоматты түрде қосымша ресурс іздей бастаудың орнына, қолда бар ресурстарды қайта бөліңіз;
- мектеп атынан белгілі бір мәселе төңірегіне шоғырландыру үшін қоғамдастық ішінде зерттеу топтарын құрыңыз;
- қатысушылардың кәсіптік даму мен оқу туралы пікір білдіруін қолдап, марапаттаңыз – коучинг пен бірлескен зерттеулерді ынталандырыңыз;
- қоғамдастықтың қызметін жоғары оқу орнында аккредиттеу жөнінде келісіңіз.

Есте сақтаңыз:

Тәуелділіктің туындауынан алшақ болыңыз. Қоғамдастық ішінде көшбасшылық рөлін бөліңіз.

Іс-шараның немесе кездесудің алдында өзіңізге «осының бәрі болуы ықтимал – егер мен бармай қалсам, бұл өрескел болмай ма?» деп сұрақ қойыңыз. Егер Сіздің жауабыңыз «жоқ» болса, мүмкін Сіздің бірлескен іске қосып жүрген үлесіңіз жеткіліксіз шығар.

Конференцияларда тұсаукесер өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдарында мақала жариялау арқылы көпшілік қауымды жетістік туралы хабардар ету керек. Бұл басқа адамдардың қатысуға ниет білдіруіне түрткі болады.

Әрбір іс-шара, кездесу мен есеп оқу үдерісіне шоғырлануы тиіс. Өткен материалды қайталау мақсатында «Біз білім алдық па? Біз не үйрендік?» деген сұрақтар ұдайы қойылуға тиіс. Егер іс-шара оқуға бағытталмаса, оған уақыт жұмсаудың не қажеті бар?

Бүкіл адамдар бәріне қызығушылық таныта бермейді, бірақ көптеген адамдардың бір нәрсені білгілері келеді. Әріптестеріңізге бірқатар мүмкіндік берсеңіз, неге қатысу керек екендігін олар өздері таңдап алады.

Қандай да болмасын жобаны ешқашанда бір ғана мұғаліммен бастамаңыз. Қоғамдастық ресурсының қаражатын бірлескен жобаларға ғана жұмсаңыз.

Қоғамдастыққа тартылған мектептер арасында бірлескен тағайындаулар жасаңыз. Оларды қолдаусыз қалдырмау үшін, екі немесе үш жылға шарт жасаңыз. Қаржы мәселесі түбегейлі шешілген ағымдағы кезеңдердің шегінен тыс шығатын жобаларға қаражат бөліңіз.

БАҒАЛАУ ҮДЕРІСІ

Портфолиоға қойылатын талаптар төменде келтірілген. Екінші «Бетпе-бет» кезеңі барысында мұғалімдер бағалауға арналған портфолиосын пысықтап, таныстырылым көрсетеді. Тренерлер мұғалімдердің дамуына қолдау көрсету мақсатында портфолионың мазмұны бойынша да, құрылымы бойынша да тәжірибелік кеңестер береді.

1. Тізбектелген сабақтар топтамасы туралы рефлексиялық есеп. Есепте қамтылатын мәселелер (1500 сөз):

- Тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның жеті модулі қалай және неге енгізілгенін негіздеу;
- Оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізілгенін және ол басқарылғанын растайтын тізбектелген сабақтар топтамасы өткізілгенін және оның тиімділігін талдау.
 - Өзінің оқыту және оқу тәжірибесіне Бағдарламаның жеті модулі қалай енгізілгені көрсетілген тізбектелген сабақтар топтамасының (кем дегенде төрт сабақ) орта мерзімді жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).
 - Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулі қалай енгізілгенін көрсететін тізбектелген сабақтар топтамасынан алынған бір сабақтың жоспары (250 сөзден

тұратын түсініктемесімен қоса).

2. Коучинг сабағы арқылы әріптестердің тәжірибесіне өзгеріс енгізу туралы рефлексиялық есеп (1000 сөз). Есепте қамтылатын мәселелер:

- әдістемелік бірлестік деңгейінде өзгеріс енгізілгенін негіздеу;
- коучинг өткізу үдерісін және өзгеріс енгізудің тиімділігін талдау.
 - Әріптестермен өткізілетін коучинг сабағының жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

3. Бір әріптеске тәлімгерлік ету үдерісі туралы рефлексиялық есеп (1000 сөз). Есепте қамтылатын мәселелер:

- әдістемелік бірлестік деңгейінде өзгеріс енгізу мақсатында тәлімгерліктің жүзеге асырылуын негіздеу;
- тәлімгерлік ету үдерісін және өзгеріс енгізудің тиімділігін талдау.
 - Тәлімгерлік үдерісін жүзеге асыру жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

4. Іске асыру кезеңдерін, мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, табыс критерийлерін мен бұл үдерістің тиімділігін көрсете отырып, мектептің педагогикалық қоғамдастығы аясындағы жұмысты жоспарлау үдерісі туралы рефлексиялық есеп (1500 сөз). Есепте қамтылатын мәселелер:

- Педагогикалық қоғамдастық деңгейінде өзгеріс енгізілгенін негіздеу;
- Педагогикалық қоғамдастықтың жұмысын жоспарлау және оны іске асыруды, бұл үдерістің тиімділігін талдау және қоғамдастық аясындағы жұмысқа басқа мектептерді тарту арқылы оның ауқымын кеңейту туралы ұсыныстар.
 - Педагогикалық қоғамдастықтың жұмыс жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

ЭТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Бұл Бағдарлама Сіздің мектебіңіздің шеңберінде немесе басқа кәсіби қызметте өткізілген тәжірибелік зерттеу болуын көздейді. Мұндай зерттеу сауал және сұхбат сияқты әдістердің көмегімен оқушылардың, әріптестердің немесе ата-аналардың пікірлерін немесе олардың тәжірибелерін жинақтауды қамтуы мүмкін. Зерттеу сыныпта немесе мектептің басқа бөлігінде жүргізілген байқау, бейнежазба немесе фотосуреттерден тұрады. Осылайша деректерді жинау кезінде адамдардың жеке өмір құқығын бұзу немесе оның беделіне, не болмаса кейбір жағдайына зиян келтіру қаупі туындауы мүмкін. Мұндай тәуекелдер адамдарға, атап айтқанда балаларға қауіп тудыруы мүмкін.

Жоғарыда аталған себептер бізді мәселелерді мұқият талдап, хаттамалар мен рәсімдерді іріктегенде саналы таңдау жасауға итермелейді. Төменде қабылдауға қажетті 10 іс-әрекет тізімі келтірілген:

- Сіз зерттеу өткізуді жоспарлаған нақты мекеме өкілдерінен бұл мекемедегі зерттеу жүргізу туралы ережеге қатысты кеңес алу және оны ұстану.
- Зерттеу өткізу туралы ауани оқу кеңістігінде этикалық мәселелер бойынша кеңес алу және олардың Сіздің зерттеуіңізге сәйкестігін ескеру. <http://www.bera.ac.uk/blog/category/publications/guidelines/>
- Сұхбат, есеп жүргізу, оқушылардың бейне және фото түсірілімі туралы мектепте ереже әзірленгендігін анықтау. Саясатта оларды өткізуге рұқсат беру туралы мәселелер қалай баяндалған, құжаттарды қалай сақтауға болады?
- Балаларды эксперименттік тәжірибеге немесе зерттеуге қатыстыру үшін оқушылардың

ата-аналарынан немесе қамқоршыларынан алдын ала рұқсат сұраңыз. Ата-аналарға жіберілген хатта жұмыстың мақсаты мен сипатын толығымен түсіндірілуін қамтамасыз етіңіз және олардың хаты алынғандығына көз жеткізіңіз. Ата-аналардың келісімін жазбаша растауын өтініңіз.

- Өз ниеттеріңізді жоспарда жазбаша түрде жазыңыз және әріптестеріңізбен, атап айтқанда мектеп директорымен өзіңіздің жобаңыздың пайдасы жайлы кеңесіңіз.
- Деректерді жинаудың қандай тәсілін қолдансаңыз да, Сіз жұмыстың мақсаты мен нәтижелерін пайдалану әдістерін толық түсіндіруіңіз керек. Барлық оқушылардың келісім бергеніне қайта көз жеткізіңіз.
- Сұхбат немесе пікірталастың кез келген жағдайында, үшінші тараптың (оқушылардың, әріптестердің) жеке өмірі мен беделін қорғау қалай қамтамасыз етілетіндігі жайында айқын хаттамалар белгіленеді.
- Жасырындылық қағидатына сәйкестікті ескеріңіз. Кей жағдайларда өз жұмысын таныту мақсатында мектеп немесе мұғалімдер бұл қағиданы бұзуы мүмкін.
- Сұхбат беруші (оқушылар, әріптестер, басшылық) Сіздің зерттеуіңіз туралы пікір ала алатындығын қадағалаңыз.
- Зерттеуіңіз оқушылардың қызығушылықтарына мейлінше сай өткізілуін қадағалаңыз.

Бұл ұсыныстарды қоспағанда, Сіз өз зерттеуіңіздің этикасын анағұрлым кең мағынада қарастыра аласыз. Зерттеу өткізу және бағдарлама талаптарын қанағаттандыру мақсатында, Сіз әріптестеріңізді және/немесе оқушыларыңызды өзіңізбен ынтымақтастықта жұмыс істеуге жұмылдыра аласыз, бірақ сіз шақырғыңыз келетіндер үшін де, мектеп үшін де Сіздің жобаңыз тиімді бола ала ма? Мысалы, шешім қабылдауға қолдау көрсету үшін мектеп пайдалы дереккөздермен қамтамасыз етіле ме немесе өз пікірлерін білдіргеннен оқушыларға пайда бола ма.

Сіздің этикалық ұстанымыңызды есепке алу

Сыпайы жұмыс істеу және «сыпайы болып» көріну – екі түрлі нәрсе. Бағдарламаның кез келген тапсырмасында Сіз олардың көмегімен этикалық нормаларға сәйкестікті қарастыратын және бұл үдерістің осы нормаларға сәйкес жүзеге асырылуы үшін шара қабылдайтын әдістерді нақты анықтап алуыңыз керек. Сіз ережеге сәйкестігіңізді және өзіңіз ұстанатын нормалар қажет екендігін анықтау керек. Кез келген жазбаша ұсыныстарда не жасағандығыңыз туралы түсінік беріп қана қоймай, қолданған құралдардың үлгілерін де қосуға тиіссіз, мысалы: ата-анаға баласының сіздің жобаңызға қатысуына рұқсат беруін сұрап жазған хатыңыз.

Плагиат

Плагиат басқа біреудің жұмысының мақсаты мен қолданыс көлеміне қарамастан, дереккөзге сілтеме жасамай, өз жұмысы ретінде ұсыну дегенді білдіреді. Бұл білімсіздікті және академиялық адалдық нормаларын бұзуды көрсетеді.

Плагиат үлгілері:

- көшіріп алу (басқа адамның тілін немесе идеясын өз меншігі ретінде қолдану арқылы);
- дереккөздерге сілтеме жасамай, басқа адамның жұмысынан сөзбе-сөз үзінді алу;
- дереккөздерге сілтеме жасамай, басқа адамның жұмысының жекелеген сөздерін немесе сөздердің орналасу тәртібін өзгерту арқылы басқаша тілмен жазу;
- құраушысына сілтеме жасамай, басқа құжаттан алынған идеяларды қолдану;
- онлайн дереккөздерді стильдеу мақсатында Интернеттен ақпараттарды кесіп алу және қою;
- авторын көрсетпей, өз жұмысының бөлігі ретінде басқа біреудің жұмысын ұсыну. Мысалы, «эссе банкі» немесе «қағаз фабрикасы» сияқты кәсіби агенттіктер арқылы жұмысты сатып алу немесе тапсырыс беру; бірлескен жобада басқа біреулер орындаған зерттеулерді көрсетпеу.

Бірлескен жобаны қоспағанда, басқа тұлғамен *келісімде* жасалған жұмыс плагиат болып танылады (яғни, бірлесіп істеу жасасырылған немесе оған тыйым салынған). Кандидат, мысалы, тіл стилінде және жазбаша жұмыс бөлімінде көмекті қайдан алғандығы жөнінде жалпы сілтемеде көрсетуге тиіс.

Плагиат барлық дереккөз түрлері мен бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты туындауы мүмкін: мәтінде, суретте, музыкалық үзінділерде, математикалық туындыда, компьютер ережелерінде және т.б.; веб-сайттардан алынған материалдарда немесе қолжазбаларда және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында; дәріс және басқа студент жұмыстарының үлестіру материалдарын қоса алғанда, жарияланған және жарияланбаған материалдар.

Жоғарыда жазылғанның негізінде Сіздің зерттеулеріңізде қолданатын сілтемелерден, құжаттардан, мәтіннен және журналдардан, сондай-ақ веб-сайттардан үзінді келтірудің барлық нормаларын сақтау, сонымен қатар тапсырманы орындау кезінде сізге ауызша немесе жазбаша түрде көрсетілген көмекті атап көрсету маңызды. Басқа біреудің жұмысынан алынған көлемді тура үзінділерден аулақ болыңыз.

ГЛОССАРИЙ

Әлеуметтік білім алушы	– субъект бақылау немесе басқа адамдармен бірге әрекет ету барысында өз еркінен тыс білім алатын оқыту түрі. Versin & Associates мамандары әлеуметтік оқыту технологиясының жеті бөлшегін атады: әңгіме (conversation), байланыс (connection), бірлескен жұмыс (collaboration), контент (content), [контентті] пайдалану ыңғайлылығы (consumption), бақылау (control) және тұтынушылар контентін құру мүмкіндігі (contribution).
Әңгіме жүргізудің соқраттық әдісі	– (грек. Μαθητική, сөзбе-сөз аудармасы - босанатын әйелге көмек көрсету) сұрақтарды шеберлікпен қою арқылы адам бойындағы жасырын білімді жарыққа шығару әдісі. Педагогикада Әңгіме жүргізудің соқраттық әдісі бағыттаушы сұрақтар мен пікірталастар орталық орын алатын оқыту түрі деп түсіндіріледі. Сократ, мұғалім ретінде, ең алдымен оқушылардың ақиқат туралы түсінігін бұзып, кейін олар өз ұстанымдарын қорғай отырып, оны қайтадан қалыптастыратындай етіп бір сұрақтан кейін бір сұрақты қоя берген. Әңгіме жүргізудің соқраттық әдісінің мәні – әңгімелесушінің «барлық нәрсе жайлы білемін» деген орныққан пікіріне қарамастан, шындығына келгенде, көп нәрсені білмейтіндігіне көзін жеткізу. «Ізденіссіз өмір сүрудің қажеті жоқ. Мен ешкімге еш нәрсе үйрете алмаймын, мен оларды тек ойлануға ғана мәжбүрлей аламын» – Әңгіме жүргізудің соқраттық әдісін түсіну үшін осы ойды желеу ету қажет болады.
Бағамдау	- (<i>ағылш. evaluation</i>) білім беруді ұйымдастырумен, оқу, тәрбиелеу және даму үдерістерімен байланысты жағдайларды, құбылыстарды және іс-әрекеттерді жүйелі зерттеу және баға беру. Бақылаушы және қадағалаушы сипаты жоқ. Ол ақпаратты жүйелі түрде ашық жинақтау және талдау негізінде, белгіленген мақсаттармен, критерийлермен және құндылықтармен жүйелі түрде салыстыру негізінде ұйымның жұмысының тиімділігін анықтау және жетілдіру мақсатында ұйым ішінде, сондай-ақ сыртқы сарапшыларды тарту арқылы өткізіледі. Бағамдаудың өзіне тән ерекшеліктері: жетілдіруге бағдарлау, диалог түрінде өтуі, жазаның қолданылмауы. Бағамдау мұғалімді «тексеруге» емес, оған қолдау көрсетіп, дамуына көмектесуге бағытталған.
Білім алушылардың кәсіби қоғамдастығы	мектеп қызметкерлерінен, оқушыларынан және ата-аналардан тұратын жалпы мектептік қоғамдастық, оның мақсаты тығыз өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық орнату арқылы өздерінің білімі мен дағдыларын үздіксіз жетілдіру болып табылады.
Бірлескен оқу	- бұл тәсілдің аясында оқыту білім берушілер мен білім алушылар арасындағы тығыз қарым-қатынас негізінде ұйымдастырылып, оқыту үдерісіне қатысушы әрбір жеке тұлғаның жеке үлесі мен қабілеті мойындалады. Үдеріске қатысушылар ақпаратты бірлесіп отырып белсенді іздеу, талқылау, талдау және жинақтау арқылы жаңа білім алады. Жұмыс тиімді болу үшін бірлескен оқу жағдайында өкілеттік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Бірлескен оқудың алғышарты топ мүшелерінің ұжымдасып әрекет етуі арқылы ымыраға, пәтуаға жетуіне негізделген.

Дарындылық	– қабілеттер иерархиясының құрылымдық бөлшегі. Дарындылық – өзіндік ерекшелік, қабілеттер үйлесімі. Қабілеттілік сияқты дарындылық та туа бітпейді, ол дамуда өмір сүреді (Б.М.Теплов). Жалпы дарындылық: салыстырмалы түрде кең және әмбебап психологиялық бөлшектердің (жады, зият) дамуы. Арнайы дарындылық ерекше қызмет түріне жатады. Бұл бөлініс шартты, жалпы, арнайы қабілеттер өзара бірлікте «өмір сүреді». Адамдардың дарындылығы мен қабілеттері <i>сандық емес, сапалық</i> тұрғыдан ерекшеленеді. Дарындылықтың сапалық ерекшеліктері бір адамның бір салада, екіншісінің басқа салада дарынды болуымен ғана емес, дарындылықтың қалыптасқандық деңгейімен де көрінеді. Қабілеттерден сапалық айырмашылықты іздеу – психологияның маңызды міндеті.
Дивергентті ойлау	– бір мәселенің (проблеманың) бірнеше шешімін іздеу мақсатында қолданылатын шығармашылық ойлаудың түрі.
Жиынтық бағалау	– оқытудың нәтижелерін жіктеу, сертификаттау және тіркеу мақсатында оқытудың қорытындыларын шығару. Жиынтық бағалау оқу циклдері мен сатылары аяқталғанда жүзеге асырылып, оқушының белгілі бір кезеңдегі дайындық деңгейінің көрсеткіші болып табылады, біртұтас бағалау критерийлері негізінде іске асырылады.
Жақын арадағы даму аймағы (ЖАДА)	– Л.Выготский енгізген ұғым; оқушының қалыптасқан дағдылары, қабілеттері мен оқушы әзірше өз бетінше орындай алмайтын, орындау үшін скаффолдердің көмегін қажет ететін тапсырмалар ауқымында қалыптасатын дағдылар арасындағы оқу кезеңі. Скаффолдер ролінде мұғалім немесе анағұрлым жақсы оқитын сыныптастары болуы мүмкін.
Инклюзивті оқыту	– білім алу барлығына да қолжетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу.
Конвергентті/репродуктивтік ойлау	– (лат. <i>convergere</i> – қосылу) белгілі бір тапсырманы орындаудың алдын ала игерілген алгоритмдерін нақты пайдалануға негізделген ойлаудың түрі. «Репродуктивті» сөзімен бірге қолданылады, себебі осындай ойлау проблеманы шешуге дәстүрлі тәсілді қолдануды меңзейді, соның нәтижесінде сол тәріздес идеялар туындайды. Бұл ойлау түрі дивергентті ойлауға қарама-қайшы.
Коучинг	- сөзбе-сөз <i>дайындау, жаттықтыру</i> ; әріптестердің құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі. Оның барысында қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялармен алмасу, коуч тарапынан рефлексиялық диалогқа тарту негізінде әріптестер өз жұмысының жекелеген салаларын жетілдіру, оларды тереңірек дамытып, анағұрлым жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске асыру жөнінде шешім қабылдау мақсатында кәсіби білімін, игерген дағдылары мен тәжірибесін жетілдіреді. Коучинг үдерісі тәлімгерлік үдерісімен байланысты: коучинг нақты тақырып бойынша әріптесінің кәсіби мүмкіндіктерін ашуға бағытталса, тәлімгерлік оған жүйелі, жан-жақты кәсіби қолдау көрсетуді көздейді.
Креативтілік	– (ағыл. <i>create</i> – жасау, <i>creative</i> – жасампаз, шығармашыл) индивидтің дәстүрлі немесе көпшілік қабылдаған идеялардан ауытқитын, түбегейлі жана идеяларды қабылдау мен жасауға дайындығымен ерекшеленетін және тәуелсіз фактор ретінде дарындылық құрылымына кіретін шығармашылық қабілеті, сондай-ақ проблемаларға өзгеше қарап, оларды ерекше тәсілдермен шешу қабілеті.
Креативті үдеріс	– негізгі төрт сипаттамасы бар. Біріншіден, фантазияны қолдану арқылы ойлау және әрекет ету. Екіншіден, мақсатты әрекет. Үшіншіден, бұл үдерістің нәтижесі өзіндік ерекшелікке ие. Соңғысы, мақсатқа қатысты алғанда нәтиже құнды болуға тиіс.

Критериалды бағалау	– оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Критериалды бағалаудың екі түрі бар – жиынтық және қалыптастырушы.
Қалыптастырушы бағалау	– мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүзеге асырылып, оқушының ағымдағы оқу үлгерімінің көрсеткіші болып табылады. Оқушы мен мұғалім арасында кері байланысты қамтамасыз етіп, оқу үдерісіне уақтылы өзгеріс енгізіп отыруға мүмкіндік береді.
«Қара жәшік»	– ғылым мен техника саласынан алынған метафора, онда «қара жәшік» оның ішкі құрылымы туралы ештеңе білместен, яғни оның қалай қолданылатыны айқын емес (қара), тек қана енгізу, шығару, беру сипаттамалары тұрғысынан қарастыруға болатын құрылғы, жүйе не объект ретінде қарастырылады. Кез келген затты (құбылысты) «қара жәшік» деп атауға болады: транзистор, алгоритм немесе адам санасы. Ал педагогика ғылымында «қара жәшік ішіндегі жұмыс» деген метафора сыныпқа қатысты қолданылып, білім беру мекемесінің құрылымымен шектелген жағдайды меңзейді.
Құндылықтар	– баянды, мызғымас негізгі ішкі қағидаттар мен стандарттар. Түйінді құндылықтар өте тұрақты болып келеді, ал өзгерсе өте баяу, әрі ұзақ уақыт бойы өзгереді. Түйінді құндылықтар біздің өмір, өзіміз және бізді қоршаған адамдар, жалпы адамдардың әлеуеті және қоршаған адамдардың әлеуеті туралы көзқарасымыздың қалыптасуына негіз болады. Сондай-ақ құндылықтар дегеніміз біздің сенетін дүниеміз, олар біздің қоршаған ортаға деген қарым-қатынасымызды және мінез-құлқымызды анықтайды.
Метатану	– «Таным туралы таным» деп анықталады және өзінің ойлау қабілеттерін түйсінудің айрықша түрі. Мысалы, метатануға оқушылардың өзіндік оқу және проблемаларды шешу стратегияларын түйсінуді жатады. Алғаш рет психология ғылымына бұл ұғымды Джон Флэйвелл енгізген болатын (J.H. Flavell, 1976). Автордың айтуынша метатанудың маңызды қызметінің бірі өздерінің танымдық қызметтерінің ерекшеліктері туралы білімдерінің негізінде оқушыларға танымдық қызметтерін реттеуге мүмкіндік беретін танымдық қызметті рефлексиялық бақылау болып табылады.
Метатану стратегиялары	– білім алушының оқу үдерісін өзіндік бақылауына бағытталған басқару түріндегі әдістер (мысалы, оқу үдерісін өз бетінше жоспарлай білу, мақсат қою, өзінің оқу үдерісін бағалап, оның мониторингін жүргізу қабілеті).
Модельдеу	– 1. Таным объектілерін олардың шартты модельдері негізінде зерттеу. 2. Шын мәнінде бар объектілер, үдерістер немесе құбылыстардың модельдерін құру және зерделеу. Мұндағы мақсат осы құбылыстарды түсіну, сондай-ақ зерттеушіні қызықтыратын құбылыстарды болжау. Модельдеу адамның объектілер туралы білімі мен сол объектілер арасындағы қарым-қатынасты көрсету үшін қолданылады, оқытудағы көрнекі құралдардың бірі.
Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысы (МЖДЖ)	– мектептерде оқыту мен оқуды жетілдіру тәсілі. Бұл үдеріс барысында мұғалімдер жекелеп те, бірлесіп те өз тәжірибесін, сондай-ақ өздері жұмыс істейтін мектеп тәжірибесін жақсарту мақсатында зерттеу қажет болатын мәселелер мен проблемаларды анықтайды. Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысын зерттеумен шатастыруға болмайды. МЖДЖ бағдарламасы «мұғалім зерттеуші ретінде» деген ұстанымға емес, «мұғалім оқыту және оқу іс-тәжірибесін жетілдірудегі көшбасшы ретінде» деген ұстанымға негізделеді.

Мұғалімдер қоғамдастығы	кәсіби даму мақсатында көзбе-көз және сырттай өзара әрекеттесу, жеке кездесу, хат алмасу, бірлескен іс-шаралар өткізу арқылы ортақ мүдде, мақсаттармен байланысқан мектеп, аудан, облыс, аймақ, ел, әлем мұғалімдерінің бірлестігі.
Мұғалімдердің желілік қоғамдастығы	мұғалімдердің Интернет желісі арқылы кәсіби қоғамдастыққа бірігуі, бұл оларға тәжірибе алмасып, өздерінің біліктілік деңгейі мен кәсіби құзыретін арттыруға мүмкіндік береді.
Өзара білім алуға көмектесетін диалогтік оқыту	<p>– мұғалім оқу материалын түсіндіруі, оқушының оны меңгеруі; оқушыларды проблемаларды қоюға және оны шешуге қатысуға түрткі болу; олардың білім алуларын күшейту мақсатында оқу материалын дайындау және хабарлаушы әңгіме өткізудің оқу қағидаттарына негізделген реттеуші ережелері жүйесі.</p> <p><i>Негізгі функциялары:</i> репродуктивтік сұрақтар мен арнайы жасалған проблемалық жағдаяттардың көмегімен оқу қызметінің жаңа ұғымдары мен тәсілдерін ашу; танымдық қарым-қатынасты жандандыру және оқушылардың ойлау және тәжірибелік қызметіне түрткі болу, оларда сөз сөйлей білу және өз бетімен жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру; оларға ұжыммен ойлау қызметінің тәсілдерін үйрету.</p> <p><i>Негізгі белгілері:</i> оқу материалы хабарлаушы әңгіме түрінде баяндалады, онда негізінен оқушыларға белгілі материал бойынша репродуктивтік сұрақтар қолданылады. Мұғалім проблемалық жағдаят тудырып, бірқатар проблемалы сұрақтар қоя алады, бірақ бұл жағдайда жаңа ұғымдар мен әрекет ету жолдарының мәнін мұғалім түсіндіреді.</p>
Рефлексия	– (лат. <i>reflexio</i> – өткенге жүгіну) - субъектінің назарын өзіне, атап айтқанда, оларды қайта ойлап, қорыту мақсатында өз белсенділігінің өніміне аударуы. Философияда рефлексия былай деп түсіндіріледі: 1. Сананың және ойлаудың өзіне жүгіне алу қабілеті. 2. Жаңа білім алу мақсатында білімді талдау. 3. Сана мен жанның күйін өзіндік бақылау. Педагогикада рефлексия сабақтың бір кезеңі ретінде қарастырылады. Ол кезде сабақ барысында алынған білім сын тұрғысынан талданып, меңгерілген біліммен салыстырылып, өзіндік түсінік пайда болады.
Рефлексиялаушы практик (мұғалім)	– өзінің оқыту және оқу тәжірибесін дамыту, өзгерту және жетілдіру әдістерін мұқият және үнемі ойластырып жүретін педагог.
Рефлексиялық есеп	– теориялық материал туралы қажетті біліммен нығайтылған, тәжірибелік іс-әрекетін терең талдаумен бірге жүретін мұғалімнің тәжірибелік іс-әрекетінен алынған мысалдар жазылған құжат. Рефлексиялық есеп өз тәжірибесіне қатысты мынадай сұрақтарға жауап беруді көздейді: <i>Неліктен осындай жағдай орын алды немесе алмады? «Кемшіліктерімді» қалай «жетістікке» айналдырамын? Келешекте іс-тәжірибемді қалай жақсартамын?</i>
Сабақты зерттеу (Lesson Study) тәсілі	<p>- мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Бұл тәсіл XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Жапонияда негізі қаланған.</p> <p>Сабақты зерттеуге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттауды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Сабақты зерттеудің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Сабақты зерттеу, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Қазіргі кезде оқыту әдістемесін жетілдіру, оқушылардың бастауыш және орта мектептегі негізгі пәндер бойынша білім деңгейін арттыру, сондай-ақ тұжырымды педагогикалық тәсілдерді жасау мақсатында Жапониямен қатар Сингапур, Гонконг, Қытай, АҚШ, Ұлыбритания, Швеция және Канадада ойдағыдай қолданылады.</p>

Синхронды емес оқыту	– ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ресурстарды қолдану арқылы оқыту мен оқу нысаны. Бұл үдеріс барысында мұғалім/оқытушы мен білім алушы арасындағы байланыс уақыт жағынан кешеуілдетіп жүреді. Синхронды емес оқыту оқытудың сындарлы теориясына негізделген, ол білім алушыларға өздерінің білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеке оқу бағытын өз бетінше қалыптастыруға мүмкіндік беруді көздейді. Сонымен қатар синхронды емес оқыту білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін, сондай-ақ оларды оқу реттерін таңдауда еркіндік береді.
Сындарлылық теориясы	– <i>lat. constructivus</i> – құрылымына байланысты. Сындарлылық (философия) – таным бейне ретінде емес, субъектінің әлемнің интерпретациясын (моделін) белсенді құруы ретінде қабылданатын тәсіл. Өзінің ой-тұжырымдарын құру немесе іс жүзіндегі әрекеттер арқылы, болмаса әлеуметтік өзара іс-қимыл арқылы ұғынылатын түсіністік. Барлық жаңа оқулар адам бұған дейін білетіннен басталады, адамның бұдан қандай білім алып шығатыны осыған байланысты болады.
Сыни бағамдау	– әрекет, үдеріс не өнімнің нәтижелілігін/құндылығын/негізділігін талдау және бұлардың нәтижелі/құнды/негізді болғанын немесе болмағанын түсіндіру қабілеті.
Сын тұрғысынан ойлау	– қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі. Бұл келесі қабылданатын әрекеттерге негіз болуы мүмкін.
Сыныптағы ахуал	– бірқатар аффекттік, әлеуметтік, танымдық факторлардың, олардың ішінде ең негізгілері – тұлғааралық қатынастар мен оқушыларды оқу-тәрбие үдерісіне тарту негізінде қалыптасатын сыныптағы ахуал.
Талант	– ең алдымен арнайы қабілеттердің жоғары деңгейде дамуы; өзінің сонылығымен, жоғары дәрежеде жетілдірілуімен және қоғамдық мәнімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік беретін қабілеттер жиынтығы. Талантты адамдарға қызметтің белгілі бір түрімен шұғылдану тән, олар таңдап алған ісіне құмар болады. Талантты адамның еңбегінің нәтижелері өздерінің түбегейлі жаңашылдығымен, бірегейлігімен ерекшеленіп тұрады.
Тәлімгерлік	- (<i>mentoring</i>) ұзақ уақытқа созылатын, тәлімгер мен тәліп арасында сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас құру үдерісі. Ол тәліптің педагог ретінде қалыптасуы мақсатында өзінің білімін, ойлауын, тәжірибелік іс-амалдарының тиімділігін жетілдіруде айтарлықтай қарқын алуына көмектеседі. Коучинг үдерісі тәлімгерлік үдерісімен байланысты: коучинг нақты тақырып бойынша әріптесінің кәсіби мүмкіндіктерін ашуға бағытталса, тәлімгерлік оған жүйелі кәсіби қолдау көрсетуді көздейді.
Ұжымдық диалогтік оқыту	– ұжымдық түсінуді қалыптастыру мақсатында оқушылардың сындарлы қарым-қатынас жасауына ықпал ететін оқыту.
Шынайы сынып	– (грек. <i>authentikys</i> – түпнұсқалық) іс жүзінде бар, жұмыс істеп жатқан сынып.
Іс-әрекеттегі зерттеу	- оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында бірізді, тізбектелген, жоспарланған іс-әрекеттерді орындауды, сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүйелі түрде мониторинг жүргізуді көздейтін үдеріс.
Іс-әрекеттегі рефлексия	– алдыңғы қадамдарды жоспарлау және орындау мақсатында іс-әрекет жасау (мысалы, оқыту және оқу), іс-әрекет нәтижелерін сыни талдау және бағалау барысындағы мұқият ойлану үдерісі.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ

1. Андерсон Д. Думай, пытайся, развивайся [Ойлан, ізден, дамыт]. – Ағылшын тілінен аударылған, жалпы редакциясын басқарып, аударғандар: Шлионский А.Л., Шлионский Л.М., Никифорова Н.В. – Санкт-Петербург: Азбука, 1996. – 92 б.
2. Амонашвили Ш.А. Воспитательная образовательная функция оценки учения школьников [Оқушылардың оқуын бағалаудағы тәрбиелік білім беру функциялары]. – М.: 1997. – 296 б.
3. Амонашвили Ш.А. Обучение. Оценка. Отметка [Оқу. Бағалау. Баға]. – М.: 1980.
4. Әубәкірова Р.Ж., Нұрбекова М.А. Педагогикалық зерттеу әдістемесі. Оқу құралы. 2-басылым. - Астана: Фолиант, 2011. - 128 б.
5. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық/ [бас ред. Ж.Қ. Түймебаев]. - Алматы: Таймас. - (Мәдени мұра) 2009.
6. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы – Алматы, 2013. – 448 б.
7. Бабаев С.Б. Жалпы педагогика. – Алматы: 2013.
8. Бахишева С. М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы. – Алматы: Дәуір, 2011. – 336 б.
9. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования [Мектеп білімін ізгілендірудің теориясы мен тәжірибесі]. – Алматы: Ғылым, 1998.
10. Белкин А.С. Ситуация успеха. Как ее создать. Книга для учителя [Табыстың жағдаяттары. Оны қалай құру керек. Мұғалімдерге арналған кітап]. – М.: Просвещение, 1991. – 176 б.
11. Бордовской Н.В. Современные образовательные технологии: учебное пособие – 2-е изд., [Заманауи жалпы білім беру технологиялары: оқу құралы]. 2-бас. – М.: КноРус, 2011. – 432 б.
12. Богоявленская Д.Б. Основные современные концепции творчества и одаренности [Шығармашылық пен дарындылықтың негізгі заманауи тұжырымдамалары]. – М.: Педагогика, 1997. – 286 б.
13. Бутенко А.В., Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика. Учеб.-метод. пособие. [Сын тұрғысынан ойлау: әдіс, теория, практика. Оқу-әдістемелік құрал]. – М.: Мирос, 2002.
14. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз, 2003.
15. Воронцов А.Б. Практика развивающего обучения по системе Эльконина Д.Б., Давыдова В.В. [Эльконин Д.Б., Давыдова В.В. жүйесі бойынша дамыта оқыту практикасы]. – М.: ЦПРО «Развитие личности», 1998.
16. Выготский Л.С. Проблема культурного развития ребенка. Вестник Московского университета [Баланың мәдени дамуының мәселелері. Мәскеу университетінің хабаршысы]. Серия 14, Психология. – 1991. – № 4. – 5–19 б.
17. Выготский Л.С. Проблема обучения и умственного развития в школьном возрасте. Психологическая наука и образование [Мектеп жасында оқу мен ақыл-ойды дамыту мәселелері. Психология ғылымы және білім беру]. – 1996. – №4. 5–18 б.
18. Выготский, Л. С. Психология развития человека (лекции по психологии) [Адамның даму психологиясы (психология бойынша лекциялар)]. – М.: Смысл; Эксмо, 2005. – 1136 б.
19. Генике Е.А., Трифонова Е.А. Учитель и ученик: возможность диалога и понимания. [Мұғалім мен оқушы: диалог пен түсіністіктің мүмкіндіктері]. 1-том, жалпы редакциясын басқарған Семина Л.И. – М.: «Бонфи», 2002. – 239 б.
20. Гуслова М.Н. Инновационные педагогические технологии. Учеб.пособие [Инновациялық педагогикалық технологиялар: оқу құралы]. – М.: Академия, 2010. – 288 б.
21. Губашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі. Оқу әдістемелік құрал. – 2-бас. – Астана: Фолиант, 2011. – 244 б.

22. Гладкая И.В. Оценка образовательных результатов школьников. Учебно-методическое пособие [Оқушылардың жалпы білім алуудағы нәтижелерін бағалау]. Жалпы редакциясын басқарған Тряпицына А.П. – СПб.: КАРО, 2008.
23. Гин А.А. Приёмы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность: Пособие для учителя. [Педагогикалық техникаларды қабылдау: Таңдау еркіндігі. Ашықтық. Іскерлік. Кері байланыс. Идеалдық]. – М.: Вита-Прес, 2006.
24. Гребенюк О.С., Гребенюк Т.Б. Основы педагогики индивидуальности. Учеб. пособие. [Жеке тұлғалық педагогика негіздері]. – Калининград: Калинингр. гос. ун-т., 2000. – 572 б.
25. Давыдов В.В. Деятельностная теория мышления [Ойлаудың іскерлік теориясы]. – М.: Научный мир, 2005. – 240 б.
26. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений [Дамыта оқыту мәселелері: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы]. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 288 б.
27. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения [Дамыта оқыту теориясы]. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 б.
28. Джадрина М.Ж. Дидактические аспекты дифференциации содержания школьного образования [Мектеп білімінің мазмұнын саралаудың дидактикалық аспектілері]. – Алматы: РИК КАО им. И.Алтынсарина, 2000.
29. Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М. Основы современной дидактики [Қазіргі дидактика негіздері]. – Алматы: Ғылым, 1996.
30. Джумагулова Т.Н., Соловьева И.В. Одаренный ребенок: дар или наказание [Дарынды бала: сый ма әлде жаза ма]. – Санкт-Петербург: Речь, 2009. – 160 б.
31. Жексенбаева У.Б. Балалардың дарындылығын диагностикалау. – Алматы: РАДиАЛ баспасы, 2005.
32. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002.
33. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік. – Алматы: Дәуір, 2011.
34. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании. Учеб. пособие [Білім берудегі ақпараттық технология. Оқу құралы]. – 5-басылым. – М.: Академия, 2008. – 192 б.
35. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития [Сын тұрғысынан ойлау: даму технологиясы]. – СПб: Альянс-Дельта, 2003.
36. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Учим детей мыслить критически [Балаларды сын тұрғысынан ойлауға үйретейік]. 2-басылым – СПб: «Альянс «Дельта» және «Речь», 2003.
37. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. Оқулық. Алматы: 2005. – 123 б.
38. Исламгулова С.К. Технологизация процесса обучения в школе: теория и опыт [Мектепте оқу үдерісін технологияландыру: теория мен тәжірибе] //Практикоориентированная монография и методическое пособие. Алматы, 2003. – 208 б.
39. Калюжный А.А. Психология формирования имиджа учителя [Мұғалім имиджін қалыптастыру психологиясы]. М.: Владос: 2004. - 224 б.
40. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры, дискуссии. Анализ зарубежного опыта. [Әлемдік педагогикадағы инновация: зерттеу, ойындар, пікірталастар негізінде оқыту. Шетелдік тәжірибені талдау]. – Рига: НПЦ «Эксперимент», 1995. – 176 б.
41. Көпжасарова М.Д. Психологиялық педагогика. – Алматы: 2010.
42. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе: Учебное пособие [Мектептегі критериалдық бағалау: оқу құралы] – Пермь мемлекеттік педагогикалық университеті – Пермь, 2010. – 84 б.

43. Ксензова Г.Ю. Оценочная деятельность учителя: Учебно-методическое пособие [Мұғалімнің бағалау қызметі: оқу-әдістемелік құрал]. – М.: Педагогическое общество России, 2002. – 128 б.
44. Курганов С.Ю. Ребенок и взрослый в учебном диалоге: Книга для учителя [Оқу диалогындағы бала мен ересек]. – М.: Просвещение, 2005.
45. Курманалина Ш.Х., Муканова Б.Ж., Галымова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика: Учебник. – Астана: Фолиант, 2012. – 656 б.
46. Кусаинов Г.М. Педагогическая технология современной школы [Қазіргі мектептің педагогикалық технологиясы]. – Астана: РНПЦ «Учебник», 2012.
47. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. – Түркістан қ. А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010. – 113 б.
48. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі: дисс. АлМУ. 13.00.02. – Алматы, 2001.
49. Қалиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісінде енгізу жолдары. – Алматы, 2002.
50. Ландау Э. Одаренность требует мужество [Дарындылық ерлікті талап етеді]. – М.: Академия, 2002.
51. Лейтес Н.С. Психология одаренности детей и подростков [Балалар мен жасөспірімдердің дарындылық психологиясы] – М.: Издательский центр «Академия», 1996. – 416 б.
52. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность и индивидуальные различия [Өскемен дарындылық пен жеке айырмашылықтар]. – М.: МПСИ, МОДЭК Серия: Психологи России, 2008.
53. Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте. Пособие для учителя. [Мектеп жасында білім алуға ынталандыруды қалыптастыру]. – М.: Просвещение, 1983. – 96 б.
54. Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов А.Б. Формирование мотивации учения [Білім алуды ынталандыруды қалыптастыру]. – М.:Просвещение, 1990. – 192 б.
55. Мельникова Е.Л. Проблемный урок или Как открывать знания с учениками. Пособие для учителя [Проблемалық сабақ немесе оқушыларға білімді қалай ашу керек: Мұғалімдерге арналған оқу құралы]. – М.: АПКиПРО, 2006. – 168 б.
56. Матюшкин А.М. Что такое одаренность: выявление и развитие одаренных детей: классические тексты [«Дарындылық деген не: дарынды балаларды анықтау және дамыту: классикалық мәтіндер»]. – М.: Омега-Л, 2008. – 368 б.
57. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. – Қарағанды: Жолдақ Е.В. ЖК, 2011. – 201 б.
58. Мирсеитова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. – 1998.
59. Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя [Мұғалімнің еңбегі мен кәсіби дамуының психологиясы]. - М.: Флинта, 2004. – 318 б.
60. Моисеев А.П. Коммуникационный менеджмент: Учебное пособие [Коммуникациялық менеджмент. Оқу құралы]. – Томск: ТПУ, 2008.
61. Мусин К.С. Методология профессиональной подготовки учителей: основные направления и тенденции развития [Мұғалімнің кәсіби дамуының әдіснамасы: негізгі бағыттары мен даму үрдістері]. – Алматы: Абай атындағы ҚМПУ, 1999. – 172 б.
62. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары. – Өскемен, 2004.
63. Мұсаева С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшелік педагогикасы. Оқулық. - Астана: Фолиант, 2006. - 472 б.
64. 44. Мырзабаев А. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. – Алматы: 2005.
65. 45. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. – Өскемен: Медиа Альянс, 2005.

66. 46. Оконь В. Основы проблемного обучения [Проблемалық оқыту негіздері]. – М.: Просвещение, 1968.
67. 47. Оразақынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми әдістемелік негіздері. – Алматы, 2007.
68. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы: 2007.
69. Панюкова С.В. Использование информационных и коммуникативных технологий в образовании. Учебное пособие [Білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану. Оқу құралы]./ Панюкова С.В. – М.: Академия, 2010. – 224 б.
70. Поташник М.М. Управление профессиональным ростом учителя в современной школе [Қазіргі мектепте мұғалімнің кәсіби өсуін басқару]. – М.: «Центр педагогического образования», 2009. – 448 б.
71. Рақышова Г.А., Игибаева А.К. Жаңаша оқыту – жетістік көзі. //Вестник КАСУ. – №1. – 2006. – 121 б.
72. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. Оқу процесін ұйымдастыру. - Алматы, 2004. – 218 б.
73. Сарбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. - Алматы: Атлас баспасы, 2001, 2006. – 176 б.
74. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии ДОС. Учебное пособие [ДОС заманауи білім беру технологиялары. Оқу құралы]. – М.: Народное образование, 1998. – 256 б.
75. Синягина Н.Ю. Личностно-ориентированное развитие одаренных детей [Дарынды балаларды жеке тұлғалық-бағдарлы дамыту]. – М.: АНО ЦНПРО, 2011.
76. Сластенин В., Исаев Е., Шиянов Е. Педагогика: Учебное пособие для пед. вузов. - 9-е изд. -М.: Академия, 2008. – 567 б.
77. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. - Алматы, 2000.
78. Тұрғынбаева Б. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. - Қазақстан мектебі, №4, 2005.
79. Трайнев В.А. Новые информационные коммуникационные технологии в образовании [Білім берудегі жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиялар]. / Трайнев В.А., Теплышев В.Ю., Трайнев И.В.; Университет информатизации и управления. – М.: Дашков и Ко, 2009. – 318 б.
80. Халперн Д. Психология критического мышления [Сын тұрғысынан ойлау психологиясы]. / перевод с англ. Н.Мальгина, С.Рысев, Л.Царук. – СПб.: Питер, 2000. – 512 б.
81. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя [Мұғалімнің кәсіби дайындығының теориялық негіздері]. - Алматы: Ғылым, 1998. – 320 б.
82. Хмель Н.Д., Хайруллин Г.Т., Муканова Б.И. Педагогика: Оқулық/Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогикалық кафедралар авторлар ұжымы. - Алматы, 2005. – 430 б.
83. Хуторской А.В. Развитие одаренности школьников. Методика продуктивного обучения. Пособие для учителя [Оқушылардың дарындылығын дамыту. Табысты оқыту әдістемесі. Мұғалімге арналған құрал]. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000.
84. Цукерман Г.А. Введение в школьную жизнь: Программа адаптации детей к школьной жизни [Мектеп өміріне кіріспе: Балаларды мектеп өміріне бейімдеу бағдарламасы]. – М.: Московский центр качества образования, 2010. – 120 б.
85. Цукерман Г.А. Оценка без отметки [Бағасыз баға қою]. – Москва-Рига: ПЦ Эксперимент, 1999.
86. Шадриков В.Д. Способность, одаренность, талант [Қабілет, дарындылық, талант]. / Развитие и диагностика способностей. – М.: Наука, 1991.
87. Эльконин Д.Б. Развитие личности ребенка-дошкольника [Мектепке дейінгі жастағы баланы дамыту]. – М.: Педагогика, 1966. – 254-292 б.

88. Юркевич В.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность: книга для учителей и родителей [Дарынды бала: қиял ма әлде шынайы ма: мұғалімдер мен ата-аналарға арналған кітап] – М.: Просвещение, 1996. http://www.u-mama.ru/files/books/odar_reb.zip
89. Якиманская И.С. Развивающее обучение [Дамытушы оқыту]. – М.: Педагогика, 1979.
90. Ball, S.J., Maguire, M., & Braun, A. (2011). *How Schools Do Policy* [Мектептер өз саясатын қалай жүргізеді]. London: Routledge.
91. Bates, T., Swennen, A., & Jones, K. (2012). *The Professional Development of Teacher Educators* [Мұғалімдер тренерлерінің кәсіби дамуы]. Abingdon: Routledge.
92. Blankstein, A.M., Houston, P.D., & Cole, R.W. (2010). *Leadership for Family and Community Involvement* [Отбасы мен қоғамды тартуға арналған көшбасшылық]. Thousand Oaks, Calif.: Corwin Press.
93. Brundrett, M., & Crawford, M. (2008). *Developing Schools Leaders. An International Perspective* [Мектеп көшбасшыларын дамыту. Халықаралық ахуал]. London: Routledge.
94. Bush, T. (2011). *Theories of Educational Leadership and Management* (4th ed.) [Оқытуды басқару мен көшбасшылық теориясы]. London: Sage Publication Ltd.
95. Bush, T. (2008). *Leadership and Management Development in Education* [Білім беруді басқару мен көшбасшылықты дамыту]. London: Sage Publication Ltd.
96. Crawford, M. (2009). *Getting to the Heart of Leadership: Emotion and Educational Leadership* [Көшбасшылық мәнін түсіну: эмоциялар және білім берудегі көшбасшылық]. London: Sage Publication Ltd.
97. Crowther, F. (2011). *From School Improvement to Sustained Capacity: The Parallel Leadership Pathway* (2nd ed.) [Мектепті дамытудан әлеуетті тұрақты дамытуға дейін: параллель көшбасшылық бағыттары].
98. Danzig, A.V., Borman, K.M., Jones, B.A., & Wright, W.F. (2006). *Learner-Centered Leadership* [Білім алушыға бағытталған көшбасшылық]. London: Routledge.
99. Davies, B. (2011). *Leading the Strategically Focused School: Success and Sustainability* (2nd) [Стратегиялық бағдарланған мектепті басқару: табыстары және тұрақты даму]. London: Sage Publications Ltd.
100. Davie, B., & Brighouse, T. (2008). *Passionate Leadership in Education* [Білім берудегі жігерлендіруші көшбасшылық]. London: Sage Publication Ltd.
101. Day, C. (2011). *The Routledge International Handbook of Teacher and Schools Development* [Мұғалім мен мектепті дамыту. Рутледждің халықаралық нұсқаулығы]. London: Routledge.
102. Duignan, P. (2012). *Educational leadership: together creating ethical environments* (2nd ed.) [Білім берудегі көшбасшылық: этикалық ортаны бірлесіп құру]. Cambridge: Cambridge University Press.
103. Durrant, J., & Holden, G. (2006). *Teachers Leading Change: Doing Research for School Improvement* [Мұғалімдердің өзгеріс енгізуі: мектепті дамыту мақсатында зерттеу жүргізу]. London: Paul Chapman Publishing.
104. Earley, P., & Weindling, D. (2004). *Understanding School Leadership* [Мектеп көшбасшылығын түсіну]. London: Sage Publications Ltd.
105. English, F.W. (2011). *The Sage Handbook of Educational Leadership* [Білім берудегі көшбасшылық жөніндегі Сейдж нұсқаулығы] (2nd ed.). London: Sage Publications Inc.
106. Fink, S. (2011). *Leading for instructional improvement: how successful leaders develop teaching and learning expertise* [Оқыту мен оқу үдерісін жетілдіруге арналған көшбасшылық: табысты көшбасшылар оқыту мен оқудағы құзыреттерін қалай дамытады]. San Francisco, CA: John Wiley.
107. Frost, D. (2011). Creating participative learning cultures through student leadership. In J. MacBeath & T. Townsend (Eds.), *International Handbook on Leadership for Learning* [Көшбасшылықты үйрету жөніндегі халықаралық нұсқаулық]. New York: Springer Publishing.

108. Fullan, M. (2010). *All system Go: The Change Imperative for Whole Reform* [Жүйені толығымен өзгерту: толық реформа жүргізу үшін өзгеріс енгізу қажеттігі]. Thousand Oaks, CA: Corwin Press.
109. Fullan, M. (2009). *Motion Leadership: The Skinny on Becoming Change Savvy* [Қарқынды көшбасшылық: өзгеріс енгізуші бола білу]. London: Sage Publications Ltd.
110. Gornall, S., & Burn, M. (2013). *Coaching and Learning in Schools: A Practical Guide* [Мектептегі коучинг және оқыту үдерісі: тәжірибелік нұсқаулық]. London: Sage Publication Ltd.
